«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ: 378

Қолжазба құқығында

**ЖАБЫКБАЕВА ДИНАРА МАРАТОВНА**

# «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері

6D010300 – «Педагогика және психология»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы
профессор Ыбыраимжанов Қ.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы
профессор С.Чавдарова-Костова

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2022

**МАЗМҰНЫ**

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**.......................................................................3
**АНЫҚТАМАЛАР**.......................................................................................5
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**........................................................8
**КІРІСПЕ**...................................................................................................9
**1. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫН «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** ...........................18
1.1 Қазақстан жастарының ұлттық құндылық бағдарын «Мәңгілік Ел» идеясы аясында қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері...............18
1.2 «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде Қазақстан жастарын азаматтыққа тәрбиелеудің ерекшеліктері........................................................37
1.3 «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде Қазақстан жастарын патриоттыққа тәрбиелеудің ерекшеліктері........................................................53
1.4 «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі .......................................................................................................69
**2. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІН «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ** ....................................90
2.1 «Мәңгілік Ел» идеясы аясында жастарды азаматтық-патриоттық тәрбиесін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....................................90
2.2 «Мәңгілік Ел» идеясы аясында жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың әдіс-тәсілдері...............................................................105
2.3 Студенттердің азаматтық-патриоттық тәрбие жайындағы түсініктерін анықтау және 10,11- сынып оқушылары мен колледж білімгерлеріне арналған «ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ТАНЫМ» бағдарламасы.....................................................................................................120
2.4 «Мәңгілік Ел» идеясы аясында мектеп оқушылары мен колледждегі білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудағы тәжірибелік-эксперимент жұмыстар.............................................139
**ҚОРЫТЫНДЫ**.........................................................................................159
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**...............................................161

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыс мазмұнында сілтеме жасалынған нормативтік құжаттар:

1 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы N 389-1 "Білім туралы" Заңы;

2 «Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 тамыздағы N 804 Қаулысы;

3 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (28 ақпан, 2007 ж.);

4 Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығы;

5 Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;

6 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан - 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Болашаққа бағдарланған даму бағыттары» (14 желтоқсан, 2012 ж.);

7 «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысы;

8 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17 қаңтар, 2014 ж.);

9 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа жол» (11 қараша, 2014 ж.);

10 «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы;

11 «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту» тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығы;

12 ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы. 5 институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 нақты қадамы (1 қаңтар,2016 ж.);

13 Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» XXIV сессиясындағы «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі (26 сәуір, 2016 ж.).

14 ҚР тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы (12 сәуір 2017 ж.);

# АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

**Рух** (лат.spiritus-леп, дем, иіс) - сөздің кең мағынасында - материалды бастамаға қарағанда идеалдыққа, санаға жетелеуші ұғым. Рухты түсініктердің комбинациясы ғана, жалпы сезім, тұтас алғанда - сезімдік танымның бір түрі деп түсіндіреді.

**Ұлттық рух** - бұл ұлттың өзіндік жаратылыс болмысының сапалық жағдайын көрсететін рухани құндылықтарының жиынтық нәтижесі.

**Идея** - грек сөзі, бейне ұғымы мағынасында қолданылады. Атқаратын міндетіне қарай «идея» - алуан түрлі қырымен ерекшеленеді. Мәселен, бірде ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың болмысын көрсетсе, енді бірде адамның басты сенімінің орнын алады. Шығарманың қорытынды немесе түйіні мағынасын беруге бағытталып, пайдаланылатын кездер де болады.

**Құндылықтар** - ***/values/*** - жеке не қоғамдық тұрғыдан алғанда мінез-құлықтардың белгілі бір түрі немесе тіршіліктің түпнегізі қоғамға қайшы мінез-құлық пен тіршіліктің түпнегізіне қарағанда ***«дұрысырақ»*** деген негізгі наным.

**Материалдық құндылық** – өзінде бар материалдық дүниелерің – мал-мүлкің, үйің, көлігің, жинаған қордағы ақшаң т.б. адамның өмір сүруіне қажетті құралдар.

**Рухани құндылық** – жеке адамның таным болмысындағы санлық әрекеті, тәрбиесі, білімі мен ғылымы, тәртіптік қозғалысы мен қарым-қатынас және сөйлеу өнеріндегі сұлулық этикасы.

**Ұлттық құндылықтар** – қандай да бір ұлт өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы.

**Әлеуметтік құндылықтар** - ұрпақтан-ұрпаққа жинақталған тәжірибелер, өмір шындығы. Мұндай құндылықтар білім, мұрат, адамдар арасындағы қарым-қатынас және мінез-құлық нормалары, адамдардың өмірлік іс-әрекеті.

**Ұлттық сана** - қоғамдық сана түрлерінің бірі. Қоғамдағы ұлттық өмірі көрініс ретінде бейне береді: бұл ұлттық үдерістердің даму ерекшелігін түсінуді қамтитын сол ұлтқа тән сипаттағы теориялық және күнделікті көзқарастар деп есептелінеді

**Ұлттық дүниетаным** - ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, ізгілік, діл мен діни наным-сенім, тәрбие, тарихи сана, әдеп-ғұрып, дәстүрлі мәдени-рухани танымдық жүйесі

**Ұлттық тәрбие** - жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі, намысы, мінез-құлқы дүниетанымындағы ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізін қалыптастырып, дамытады, жастардың бойына сіңіреді.

**Патриотизм** – Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім

**Ұлттық-этикалық құрылым** - ұлттық мақтаныш сезімі, Отанға, ұлттық болмыстағы рухани және материалдық құндылықтар мен мәдениетке, ұлттық тілге, ұлттық сана мен түсінікке, әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрге және т.б. құндылықтар мен мұраларға жанашырлық пен сүйіспеншілік.

**Мәңгілік Ел** – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы.

**Мәңгілік Ел ұлттық идеясы** - өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз.

**Рухани жаңғыру** – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш.

**Ұлттық идея** - ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар. Зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса маңыз береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуі, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы жалпақ әлемге жар салуы.

**Мәдени құндылықтар**-мәдени құндылықтарға құлықтылық және

эстетикалық идеалдар, өзін ұстаудың нормалары мен үлгілері, тілдер, жергілікті тіл ерекшеліктері мен сөйленістер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарихи жер аттары, ауыз әдебиеті, көркемдік кәсіп пен қолөнер, мәдениет пен өнер шығармалары,тарихи-мәдени маңызы зор мәдениет қызметінің ғылыми зерттеу тәсілдері мен нәтижелері, аумақтың тарихи-мәдени қатынасында ғажайып болып табылатын ғимараттар, құрылыстар кіреді.

**Ұлттық бірегейлік** — күрделі де жан-жақты құбылыстардың бірі. Ұлт табиғатын тану, оның тарихи тағдыры мен болмысын анықтау — қоғамдық ғылымдар үшін қиын да күрделі мәселе. Бір қарағанда, ұлт деп тегі бір, тілі, мәдениеті, дәстүрлері ортақ адамдардың қауымдастығын айтуға болады.

**Ұлттық мәдениет** - саяси проблемалардың немесе саясаттың әсерінсіз қалыптасатын тарихи процесс саласы.

**Идеология** (гр. идса – ой, пікір, идея + логос – сөз) – ілім, қоғамдық сана.

**Азаматтық тәрбие** - азаматтықты адамға өзін-өзі заңды, әлеуметтік, ізгі және саяси әрекетке қабілетті сезіну мүмкіндігін беретін тұлғалық интегративтік қасиет ретінде қалыптастыру. Азаматтық тәрбие негізгі мақсаты - адамда қоғамдық ізгі мұраттарды, отансүйгіштік сезімін бейбітшілікке ұмтылысын, қоғам игілігіне еңбек ету қажеттілігін тәрбиелеу.

**Патриоттық тәрбие** - адамдар санасына патриоттық іс-әрекетке құштарлық сезімін оятатын моральдық-саяси кәсіби және мінез-құлық қасиеттерін сіңіру.

**Отансүйгіштік**- отаншылдық, отан сүйгіштік, патриотизм (грек, patris - Отан) - адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі.

**Әдет-ғұрып** - белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада пайда болып, оның мүшелерінің мінез-құлқының, тұрмыс-тіршілігінің бұлжылмас қағидаларына айналған жөн-жосық, жол-жоралғы.

**Салт-дәстүр** - әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен

айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ЖОО – Жоғары оқу орны
КЕ АҚ – Коммерциялық емес акционерлік Қоғамы
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
PhD – Философия ғылымдарының докторы
ЭТ – Эксперименттік топ
БТ – Бақылау тобы

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Бүгінде Қазақстан - қалыптасқан мемлекет, геосаяси маңызы зор, жетістіктері мен бастамаларын әлемдік қоғамдастық мойындап отырған ел. Ең бастысы, еліміздің зор әлеуеті мен даму болашағы бар.

Қазақ ұлтының сан ғасырлық тарихы топтастырушы қоғамды қалыптастырудағы бетбұрыс кезеңдерімен бірге ұлттың санасында да, оның өмір салтында да, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған бай тәжірибесінде және болашаққа деген тәлім-тәрбиеге негізделген тәжірибелік танымдық білім жиынтығын әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлер негізінде тұрақты және бағдарлы бағытын берік ұстай алды.

Өз уақытысында Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында қойған негізгі мақсаты 2050 жылға қарай еліміз әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуы тиіс. Жолдауда жаһандық көзқарасты, терең ойлау мен саяси көрегендікті тағы да көрсете отырып, «Біздің ұмтылыстарымыз бен күш – жігерімізді, тынымсыз еңбегімізді шоғырландырудың негізгі идеясы - «Мәңгілік Ел» деп негіздеді [1]. «Мәңгілік Ел» – Қазақстан халқының ұрпақтары алдындағы жауапкершілігіміз, Отан, туған жер мен ел алдындағы азаматтығымыз және Ұлы Қазақстанның Даму стратегиясы. Ал, бұл еліміздің бірінші кезекте білім, ғылым, денсаулық сақтау және қазақстандықтарды әлеуметтік қорғаудың ең өзекті мәселелерін қойып қарастырады, жастарды азаматтық бірегейлікке тәрбиелеу, «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін қабылдау мәселелерін қойды.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде аға ұрпақ өкілдері мен ата-бабаларымыз негізін қалаған рухани құндылықтарға бағдарланған ұлттық идея беріледі. Келешек жастардың алдында ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарымызды сақтап, ел болашағын құрудағы өзекті мәселесі ретінде басшылыққа ұстану міндеті тұр. Қазақстандық азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу халықтың руханилығы мен мәдениетін сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Қандай кезең болмасын, қандай өзгермелі қоғам мен дүние орын алмасын, қазақ ұлты мен оның болашағы үшін осы тарихи жолмен тарқатылып келе жатқан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын басшылықта ұстап, өмірлік тәжірибеде жүзеге асуына өз үлесімізді қосып, азаматтық пен патриоттық сана, түсінік, сезімізді берік ту ретінде ұстауымыз керек. Ұлттық тәрбие мәселелері қазіргі қоғам үшін өзекті болып табылады. Қоғамдағы жастарды накты өмірлік тәжірибеге баулып, бейімдеу барысында нақты бағдардың болмауы, ұлттық тәрбие жүйесінің дұрыс құрылмауы мемлекеттік қоғамдық құрылымда және әлеуметтік ортада күрделі қарама-қайшылық тудыратын өзекті мәселеге әкелуі мүмкін.

Қазіргі жағдайдағы саяси-экономикалық және әлеуметтік орта жағдайының тұрақсыздығы, ұлтаралық қатынастардың шиеленісе түсуіне себеп болып, мемлекеттік, қоғамдық және рухани-адамгершілік құндылықтардың өз мәнінен айырыла бастауы, білімге, еңбекке адал қатынас деген ынтаның төмендеуі, адамдарға деген қатынаста ізгілік түсінігі мен жауапкершілік

тұрғыдағы белсенділіктің төмендеуі, қатыгездік пен жанашырлықтың болмауы, түрлі күш көрсету мен зорлық-зомбылықтың белең алуы Қазақстандық жастардың тәрбиесін ұлттық идеология негізінде жаңаша қарауды талап ететіндігін 2022 жылғы «Қаңтар оқиғасы» нақты дәлелдеп берді. Сондықтан қазақ халқының байырғы кезеңнен келе жатқан ұлттық мәдениетін, материалдық және рухани құндылықтары мен тәжірибелік білім, тәлім-тәрбие беру жүйесінің негіздерін беретін мұраларды жан-жақты түсіну мен бүгінгі күннің жастар тәрбиесіне оңтайлы қолданудың бағытты бағдары ретінде алу қажеттілік.

Ұлттық тәрбие - Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайларында сұранысқа ие жеке адамның, азамат пен патриоттың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың нысаналы үдерісі. Ұлттық тәрбие үш құрылымдық жүйеден тұрады. Олар:

- ұлттық қадір-қасиет;
- ұлттық мақтаныш;
- ұлттық ар-ождан қалыптастыру мен дамыту.

«Ұлт жоспары - бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамның», 85 және 89 қадамдары патриоттық акт жобасын құру және «Мәңгілік Ел» құндылықтарын мектептегі білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына енгізу міндеттер ретінде беріліп, оны жүзеге асыруда басымдыққа ие болатын қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің үлесінде болып, оқушы жастар арасында ұлттық идеяны дамытуға жауапты.

Қазіргі білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде патриоттық акт жобасын педагогикалық үдерісте жүзеге асыру, әсіресе, қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер мен оқу бағдарламаларының мазмұнына енгізу міндетті. Нақтырақ айтсақ:

- Отан тарихына, оның мәдени мұрасына, халықтың салт-дәстүрлеріне, туған жеріне, еліне деген азаматтық парызын арттырып, сүйіспеншілік көзқарасының тұрақты болуын дағдыландыру;
- Отанды қорғауға дайындыққа тәрбиелеу, түрлі ұлттардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сыйлау;
- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізінде өз Отанының азаматын және нағыз патриоттарын ұлттық тәрбиелеудің басты құралы - зияткерлік болмысын тәлім-тәрбиелік мұралар арқылы қалыптастырып, дамытуды іске асыру.

Оқушы жастардың азаматтық болмысы мен патриоттық мінез-құлық қасиеттерін қалыптастырудың барлық кезеңдерінде педагогикалық басқару басты әрекет болып табылады. Демек, азаматтық пен патриоттық тәрбиенің бағдарлы мақсаты – бейбітшілікті тұрақты ету. Педагогикалық үдерістегі тәрбие беру барысында ізденушілік пен шығармашылық және үлгі-өнегелік әрекеттер басты қызметтер атқарады. Мемлекеттің азаматы болу, Отанын жақсы көретін, туған елінің мәдениеті мен салт-дәстүр, әдеп-ғұрпы мен құндылық идеяларды, қағидаттар мен дүниетанымды қалыптастыруға ықпал ететін білім мен дағдыларды меңгерту ғана емес, сонымен қатар оқушы

жастардың азаматтығы мен патриоттығының өзегі болатын қажетті жеке қасиеттерін, рухани әлемін дамыту басты мәселе болып табылады.

Білім беру жүйесі оқушы жастарды қоғамдық сананы қалыптастыру жайындағы саяси танымдыққа оқытады. Сонымен қатар саяси жүйе, саяси институттар және саяси қатынастар туралы нақты білімдер мен идеялар береді. Білім беру мекемелері оқушы жастарға қоғамдағы саяси құндылықтар мен көзқарастарды тасымалдаулар арқылы қалыптастырады. Сондай - ақ саяси жүйеге /Мемлекеттік немесе ұлттық идеялар/ және оның рәміздеріне /Ту, Елтаңба, Әнұран/ құрмет пен сенімділік көзқарас қалыптастыруға және нығайтуға қабілетті. Көбінесе бұл оқушы жастарға «өзінің» саяси жүйесіне эмоционалды көңіл-күй, сана, түсінікпен берілген азаматтық көрініс пен патриоттық сезімді қалыптастыратын мектеп.

Қосымша түрде, білім беру жүйесі оқушы жастарды саяси емес біліммен, дағдылармен және азаматтық болмысты беретін түрлі қасиеттерді қалыптастыру арқылы қоғамдық сана негізінде әлеуметтендіруді жүзеге асырады. Білім адамды тұтастай ақпараттандырады, белсенді және жауапты етеді. Сонымен қатар қоғамда, әлеуметтік ортада өзінің қатысуының маңыздылығын арттырады. Оқушы жастардың қоғамда және өзін қоршаған ортада әлеуметтенуіндегі білім беру жүйесінің рөлі көбінесе қоғамның саяси жүйесінің сипатымен және елдің саяси өмір тәртібінің ерекшеліктерімен анықталады. Біздің елде оқушы жастардың болмысындағы азаматтық саяси – құқықтық, мәдениет пен патриотизмнің қасиеттерін қалыптастыру бағытындағы бағдарлы жұмыстардың жүйелілігі айқын көрінбейді.

Қазақстанда жетілген азаматтық қоғамның қалыптасуы қоғамдық сананың мемлекеттік идеология бағытында ұстанымдық жүйеде жеке тұлғаның әлеуметтену саласындағы бірқатар мәселелерді шешуді талап етеді. Мәселен, оқушы жастардың азаматтық қоғамның әрбір мүшесіне қажет саяси мінез-құлық пен қоғамдағы және әлеуметтік ортадағы қылықтық қатынастарын, білімі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында келешек ұрпақтың саяси сауаттылығына мән беру мен білім беру стандарттары және қоғамдық-гуманитарлық пәндері курстарының мазмұны азаматтық пен патриоттық тәрбие беру жүйесі мен жетілдірілу жұмысын жандандыру.

Осы азаматтық пен патриоттық тәрбие мәселесіне қатысты Ресейлік ғалымдар Котруца Л. И. [2], Быков А. К. [3], Наумов С. Ю., Чернышкина Н. Я. [4], Молокова М.А. [5], Белошапка Г.И. [6], Петрич О. И. [7], т.б. өздерінің ғылыми зерттеулерінде кейінгі уақыттағы жастардың қозғалыстары мен олардың азаматтық пен отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру және дамыту мәселелерінің өзектілігі жайында айтады.

Ал біздегі, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясы негізінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен патриоттық тәрбиені дамыту мәселелері жайында отандық философ-саясаткер ғалымдарымыз Нысанбаев А. [8], Кадыржанов Р. [9], Асланова Р.А. [10], Молдабеков Ж. [11], Назарбаев Н.А. [12] қоғамда және әлеуметтік ортада өзіндік ғылыми көзқарастары мен пікірлері негізінде ғылыми еңбектер жазды. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында оқушы жастарды азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі бойынша

тұжырымдамалық ой жетістіктерді өмірлік тәжірибеде енгізу мәселесі бойынша отандық авторлар: Пралиев С.Ж., Нарибаев К.Н., К.К.Жампеисова, С.Т.Иманбаева, Хан Н.Н., Молдабеков Ж.Ж., М.К. Койгельдиев, Г.В.Кан, Калиева С.И. [13]. Қазақстандық ЖОО-да педагогикалық үдерісін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының идеологиялық мазмұнын шоғырландыра отырып, жүзеге асыру жайында озық ойлы пікірлерінде айтқан болатын. Сонымен бірге, азаматтық және патриоттық тәрбие жайында педагог-психологтар Муналбаева У.Д. [14], Тесленко А.Н. [15], Калимолдаева А.К. [16], Бейсенбаева А.А. [17], Дүйсенбаев А.Қ. [18], Джанабаева Р.А. [19], Карпыкбаева А. О. [20] ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырып, еңбектер жазды.

Жоғарыдағы педагогикалық, психологиялық және оқу - әдістемелік бағыттағы әдебиеттерге жасалған ғылыми шолулар мен талдауларды назарға ала отырып, арнайы бағытты зерттеулерді «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен отансүйгіштікке баулу және оқушы жастардың сана түсініктерінің берік болып, дамуына бағытталған мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушылар үшін арнайы ізденушіліктің қажет екендігі анық. Оған негіз болатын төмендегідей қарама-қайшылықтар бар екендігі анықталды:

- Қазақстандық «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қазіргі оқушы жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыра отырып, олардың патриоттық тәрбиесін дамытуға негіз болатын өзек ретінде қоғамда, әлеуметтік ортада және тәжірибелік өмірде өз деңгейінде қолданылмай отырғандығы;

- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының Қазақстандық жастар арасында кеңінен түсіндірілуі мен дәріптелуінің жоқтығы, соның негізінде олардың азаматтық пен патриоттық түсініктерінің қоғамдық сана тұрғысынан әлі де болса толық еместігі;

- мектептің 10,11-сынып пен колледжде білім алушы жастарға арнайы бағытталған азаматтық пен патриоттық тәрбие беру барысын ұйымдастырудың педагогикалық және әдістемелік ғылыми жұмыстарының педагогикалық тәжірибе де жоқтығы әсерінен қарама-қайшылықтар орын алып отыр.

Сондықтан, диссертациялық зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері»** деп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты -** мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» идеясы аясында дамытуды теориялық тұрғыда негіздеп, педагогикалық шарттарын анықтап, моделін ұсыну арқылы әдістемелік ұсыныс жасау.

**Зерттеу нысанасы** – мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде оқушы жастарды тәрбиелеу үдерісі.

**Зерттеу пәні** – мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде оқушы жастардың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясындағы азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту.

**Зерттеудің болжамы - *егер,*** мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасын арнайы енгізу арқылы оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» идеясы аясында дамытуға мүмкіндік берсе, ***онда*** оқушы жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мен патриоттық сезім мен түсініктерін қоғамдық сана болмысы тұрғысынан дамытуда мемлекеттік идеологияның бағдарлығы мен мазмұнының тиімділігі жүзеге асырылады. ***Өйткені*** бұл 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастарға ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістегі азаматтық пен патриоттық тәрбие бағытында білім мазмұнын толықтырып, олардың білік, іскерлік және дағдыларын дамыта отырып, оқу және өмірлік жағдаяттарда өздерінің мемлекетке, қоғамға, ұлтқа деген жауапкершілігін арттыра отырып, «Мәңгілік Ел» идеологиясына қайшы келетін түрлі қиындықтарды шешудегі іс-әрекет тәсілдерін меңгеру жолындағы бағдарлылық кешені болып табылады.

**Зерттеудің міндеттері:**

- 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» идеясы аясында дамытудың жолдарын теориялық тұрғыдан негіздеу;

- 10,11- сынып пен колледж оқу-тәрбие мекемелерінің педагогикалық тәжірибесінде «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасын қолдану арқылы оқушы жастарды азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесін дамытуда мүмкіндіктерін ашу;

- мектептің жоғары 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде дамытудың педагогикалық шарттарын анықтап, құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну;

- «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасын 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқытуда оқушы жастардың азаматтық пен патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» идеясы аясында дамытудың тиімділігін анықтаудағы жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізіп, тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы** - «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде мектептің 10,11- сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілген «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы Қазақстандық оқушы жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуда берілетін білім мазмұнын жалпы тәрбие берудің нәтижесі ретінде қалыптасуына негіз болады.

**Зерттеудің әдіснамалық негіздері -** ұлттық таным мен ғылым теориясы, білім философиясы, педагогикалық парадигмалар, білім мен тәрбие мазмұны мен түрлері, құбылыстар мен үдерістердің өзара байланысы жайындағы теориялар. Оқушы жастардың қоғамдық санасын қалыптастырудағы азаматтық пен патриоттық тәрбиенің біртұтастығы және олардың жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі ретінде «Мәңгілік Ел» мемлекеттік ұлттық идеологиясы мазмұнын басшылыққа ала отырып, авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы және қоғамдық, ұлттық мәдениет пен материалдық-рухани құндылықтар, т.б. жайындағы білім жиынтығы педагогика ғылымының

заңдылықтары мен принциптері әдіснамалық тұрғыдан зерделенді және теориялық және әдістемелік тұрғыдан қарастырылды.

**Зерттеудің дереккөздері:**

-философтар, саясаткерлер, тарихшылар, педагогтер, психологтар т.б. зерттеушілердің еңбектері;

- әр кезеңдегі жеке тұлғалар мен ойшыл-ғұламалардың тәрбие жайындағы ой-пікірлері, педагогика ғылымындағы патриоттық тәрбие мәселелері мен жастардың азаматтық болмысы жайындағы ой- пікірлері;

-«Мәңгілік Ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға негіз болатын заңды құқықтық, ережелік талаптар жүйесіндегі құжаттар;

- оқушы жастарға арналған авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарлама, оқу - әдістемелік құралдар, тәрбие жоспарлары;

- оқушы жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мен патриоттық тәрбиесін дамытудағы педагогикалық тәжірибе.

**Зерттеу әдістері:**

-зерттеу тақырыбына қатысты философиялық, әлеуметтану, тарихи, психологиялық, педагогикалық, т.б. ғылыми бағыттағы әдебиеттерге теориялық мазмұндық талдау жасау;

- жинақтау, модель жасау және қорыту;

-сауалнама, бақылау, сұрақ-жауап, әңгіме, диагностикалық байқау жүргізу;

-эксперименттік-тәжірибе жұмысын өткізу. Зерттеу соңында қорытындыларды жинақтау және математикалық өңдеу әдістері негізінде тұжырымдар жасалынды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуды жолдары теориялық жүйесі айқындалды;

- авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың педагогикалық тәжірибесінде қолдану арқылы олардың азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесін дамытуда мүмкіндіктерін анықталды;

- «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде дамытуды педагогикалық шарттарын анықталып, мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды;

- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың азаматтық пен патриоттық тәрбиесін дамытуға бағытталған авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасының тиімділігі жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік арқылы іс жүзінде дәлелденді.

**Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы** – зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін мектептің бастауыш, орта білім беретін, жоғары сыныптарында, колледждерде және ЖОО-да болашақ педагог мамандарды

даярлауда Қазақстандық жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мен патриоттық тәрбиесін дамытудағы педагогикалық үрдістерде пайдаланылуға болады. Сондай-ақ, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында қолданысқа енгізуге болады.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

-мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде дамытудың жолдары, теориялық және әдіснамалық негіздері;

- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында 10,11- сынып оқушылары мен колледждегі білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға бағдарланған «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламаны педагогикалық тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері;

- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мазмұнында 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесінің педагогикалық шарттарының негізінде құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну;

- оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде жасалған «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламаның 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісіне жүргізілген тәжірибелік-эксперименттің тиімділігі мен дұрыстығы.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі** -зерттеу нәтижелері әдіснамалық және ғылыми - әдістемелік негіздерді басшылыққа ала отырып айқындалған теориялық дәйектілігімен, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданылуымен, зерттеу жұмысының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде дамытуды педагогикалық шарттарына негізделген модельдің жасалып, «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламаның педагогикалық тәжірибеде пайдалану әдістемесінің тиімділігінің тәжірибелік -эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруінің нәтижесінің жалпы тәрбие үрдістеріне енгізілуімен қамтамасыз етілуі негізделіп, дәлдігін береді.

**Зерттеу жүргізілген базалық оқу-тәрбие мекемелері.** Талдықорған қаласының № 18 Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектеп, № 19 М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептері мен **КЕАҚ** І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті және «Zhansugurov college» .

**Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу:**

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 11 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 2 Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 6 мақала ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрді:

1. Teachers’ views on the level of cultural heritage that can be improved through innovative technologies // World Journal on Educational Technology: Current Issues, Volume 13, Issue 4, (2021) – P. 1073 -1087
2. Patriotic upbringing as a defining factor of Personality formation // Opción,: ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385, No.89, Año 35, (2019) - P.756-772
3. Общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік Ел» как фактор становления национального самосознания // Международный научный журнал «НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА», №1 (74), Астана, 2019. – С. 208-213.
4. Қазақстандық патриотизмнің жаңаша дамуы // Международный научный журнал «НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА», №1 (74), Астана, 2019. – Б. 21-26.
5. Халықтық тәлім-тәрбиелік мұралар арқылы жастарға азаматтық тәрбие беру // Вестник КазНПУ им. Абая, №4(60), Алматы, 2018. – Б. 304-310.
6. Роль субъектов образовательного процесса при построении образовательной траектории обучения в вузе в контексте модернизации общественного сознания // Сборник международной научной конференции «Взаимодействие на преподавателя и студента в условията на университетското образование: Теории, технологии,управление», Трета книга, Болгария 2019. –С. 65-70.
7. Гражданская идентичность молодежи в контексте модернизации общественного сознания казахстанцев // Materials of the IV International Scientific –Practical Conference «Membership in the WTO: Prospects of Scientific Researchers and International Technology Market»,Volume II, Vancouver, Canada, 2019. –С. 116-127.
8. Мәңгілік Ел» идеясы негізінде жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықты қалыптастыру // Материалы Международной научно-практической конференции «Инновационной потенциал науки и образования Казахстана в условиях современных вызовов и глобализации общества», г. Талдыкорган, 2016.
9. Халық мұрасы-ұлттық тәрбиенің өзегі // Материалы Международной научно-практической конференции «Приоритеты современной науки: от теории к практике», посвященная 45-летнему юбилею Жетысуского государственного университета имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган, 2017. -Б. 386-389.
10. Халық мұрасы арқылы ұлттық тәрбие берудің андрагогикалық аспектілері // Сборник международного научного семинара «Андрагогическое образование в XXI веке: проблемы и пути решения», ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, 2018. – Б. 97-102.
11. Национальная идея «Мәңгілік Ел» как вектор развития казахстанского общества // «Жансүгіров тағылымы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, Талдықорған қ., 2017. –С.90-92.

**Зерттеу үш кезеңде жүргізілді:**

**Бірінші кезеңде -** 2018-2019 жж.– «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мазмұнына қатысты философиялық, тарихи, саясаттану, әлеуметтану,

психология, педагогикалық т.б. ғылым бағытындағы еңбектерге және ондағы Қазақстан жастарын азаматтық пен патриоттық тәрбиесін дамытуға бағытталған ой-пікірлер мен тұжырымдарға ғылыми теориялық талдаулар жасалды. Сондай-ақ, жоғары оқу орындары студенттеріне азаматтық пен патриоттық тәрбие бағытындағы түсініктерін анықтауға арналған сауалнамалар жүргізіліп, өңделді және осының негізінде мектептің жоғары сыпып оқушылары мен колледжде білім алушы жастарға азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен Отансүйгіштікке баулудың бағыттық-бағдарын анықтап, арнайы бағдарлама жасаудың мазмұндық мүмкіндігін анықтадық.

**Екінші кезеңде -** 2019-2020 ж.ж.– оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде жасалған «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламаны 10,11- сынып пен колледждің педагогикалық үдерісіне енгізу және осы бағыттағы жасалған модельдің дұрыстығын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеулер жүргізіліп, осы бағытта ғылыми зерттеушілік жұмыстардың мазмұндық жүйесіне байланысты мақалаларды жариялау іске асырылды. Сондай-ақ, тәжірибелік–эксперименттік жұмыстары барысында тексерілді.

**Үшінші кезеңде -** 2020-2021 жж. – зерттеу жұмысының нәтижелілігі тексерілді, тұжырымдар жасалып, зерттеу жұмысына қойылған талаптық ережелерге сәйкес отандық және шетелдік журналдарда мақалалар жарияланып, диссертациялық жұмыстың теориялық бөлімі мен әдістемелік бөлімдердің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделуі өзара үйлесімді және бірін-бірі толықтырушы, әрі, ғылымилығы, ақиқат пен шындығы дәлелденіп, қорытындылар жасалынды.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы:** кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшадан тұрады, кестелермен, суреттермен рәсімделген.

Кіріспеде диссертациялық жұмыстың өзектілігі анықталып, ғылыми-зерттеу жұмысының ғылыми аппараты құрылды, онда: зерттеудің мақсаты, міндеттері, зерттеудің пәні мен нысаны, зерттеудің болжамы, зерттеу базасы мен зерттеу кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы мен қорғауға ұсынылған қағидалар берілген.

**1. «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде қазақстандық жастарды тәрбиелеудің теориялық негіздері»** бөлімінде – жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері, патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері айқындалды.

2.«**Мәңгілік Ел» идеясы негізінде қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың жолдары»** бөлімінде – қазақстандық жастардың патриоттық-азаматтық тәрбиесін дамыту бойынша эксперимент нәтижелерін қамтиды; оқу процесінде студенттер мен тәрбиеленушілердің патриоттық сезімін дамытудың негізделген педагогикалық шарттары мен әдістері анықталған.

**Қорытындыда** жұмыстың нәтижелері негізінде ғылыми ұсыныстар берілді және жалпы тұжырымдар жасалды.

# 1. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫН «Мәңгілік Ел» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Қазақстан жастарының ұлттық құндылық бағдарын «Мәңгілік Ел» идеясы аясында қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері

Мемлекетіміздегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер адам болмысындағы күрделі рухани жаңғыру үдерісімен үйлесімділікте орын алуда. Бұл әлемдік білім беруге ықпалдастықта болу және озық ғылыми жаңалықтарды меңгерумен шектеліп қоймай, мемлекеттік құрылымның өзіндік даму жолындағы саяси-идеологиялық негіздегі қоғамдық сананы заманауи талаптарға сәйкес дамыту жолын қарастыру болып табылатын күрделі үдеріс болып отыр. Себебі, түрлі ақпараттардың жиілілігі мен жылдамдық легі – жастарды өмірге бейімдеу барысындағы ұлттық болмыстың өзегі болып табылатын тәлім-тәрбиелік мұралардың құндылық реттілігін өз деңгейінде сақтай отырып, оларды тәрбие құралы тұрғысында қазіргі жағдайда пайдалана білу - күн тәртібінде орын алып отырған басты мәселеге айналды. Сондықтан Елбасы айтқандай: «... тәуелсіз елде ұлттық мұраттар бағытында Отанын сүйетін, Отанына адал қызмет ететін ізгі ниетті азаматтар тәрбиеленуі тиіс және олар ұлттық дәстүрді берік сақтау бағдарын көздеуі қажет» [21].

Қазақстан тәуелсіздікке ие болған күннен бастап халықтың өмірлік болашағын, ұлттық және саяси тұрақтылықтың болуын басты мақсат тұтып ұстанып келеді. Осының негізінде, мемлекеттік тұтастық пен өзара түсінушіліктегі бірлікті сақтау - республиканың әлеуметтік-экономикалық және бір бүтін ағза ретінде өмір сүріп, ұлттың және қоғамдағы ішкі әрі сыртқы тұрақтылықты сақтау мен нығайту міндеті басты мәселеге алынып, мемлекетіміздегі жеке адамдардың амандық-саулығы және қоғамдық-әлеуметтік қауіпсіздікті жүзеге асырып келеді. Азаматтық және рухани, ұлттық әлеуметтік-мәдени және ұлттар мен ұлыстар арасындағы әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастағы өзара түсінушілік пен төзімділік, татулық, белсенділікті арттыру Қазақстандық қоғамның даму барысындағы басымдықтар ретінде орын алып келеді.

«Қазақстан – 2050» «Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» бағдарламасында ұрпақтардың рухани бірлігі мен сабақтастығы, олардың ұлттық сана-сезіміне сүйене отырып заманауи талаптарға үйлесімді, әрі сәйкес келетін жаңа сана-сезімін қалыптастырудағы көкейкесті мәселелеріне байланысты - Елбасы, Ұлт көшбасшысы Н. Ә. Назарбаев: «Қазақстандық патриотизм бар және ол келешекті өркениетті жолмен құрудың шарты ретінде болуы керек», - деп атап өткен болатын.

Сондай-ақ, қазіргі уақыттағы сырттан және іштен келетін сын-қатерлерге тек мәдени құндылықтар сақталған кезде ғана тұрақты және салмақты жауап беруге өзек болатын нәрсе ол - ұлттың коды /тілі, ділі, тарихы, ұлттық мұралардағы рухани құндылықтар, ұлттық салт-дәстүрі/. «Егер ұлт мәдени кодын жоғалтса, бұл ұлттың өзі де жойылады. Тек лайықты тарих, даңқты ата-бабаларды еске алу бізге алдағы уақыттың қиындықтарын жеңуге

көмектеседі»[1]. Яғни, ұлттық идеология ұзақ өмір сүреді – егер, сол ұлт немесе оның өкілі болып табылатын адамдар өз ұлтының тілі мен ділін, тарихын, салт-дәстүрін және жалпы сол ұлтқа тән өзіндік белгілерін айшықтап беретін болмыстық белгілерін сақтап, құрмет тұтып, ұрпақтан - ұрпаққа рухани құндылық ретінде жетікізіп отыруы керек. Бұл мемлекет құрушы ұлт үшін өздерінің «Мен» ретінде күресуінің өзегі болып табылады. Ал, егерде біздердің жоғарыда айтылған ұсынымдар болмаса, ол туралы айтуға мүлдем құқығымыз жоқ.

Бұны табиғи заңдылық ретінде түсіну қажет. Өйткені ұлттық құрылымды құраушы құрамалардың ажырамас бөлігі - ол қазіргі адамның санасының бір бөлігі, өзінің ұлттық сана-сезімін жан-жақты қалыптастыру мен дамытудағы көкейкесті мәселесін жеткілікті түрде айқындау, ол қанша уақыттан бері келе жатқан тарихи сананы жаңғыртудан бастау алады.

Барлық дамыған елдерде заманауи білім беру мен қазіргі уақыт талабына сәйкес жеке тұлғаға ұлттық құндылықтарды сіңіру - өз ұлтының мәдениетіне тәрбиелеудегі басты құралының бірі болып табылады. Бұл ұлттық тәрбие жеке тұлғаның жаратылыс болмысында өз ұлтына тиесілі дүниетанымдық сана және ұлтқа тиесілі сезім, өз халқының өткен тарихи жолы, оның бүгіні мен болашағына деген көзқарасын, бабалар мен ата-анадан мұра ретінде келе жатқан туған тілін меңгеруі мен оны білім мен ғылымның өзегіне айналдыра отырып, ұлттық мұрат пен мүдделер және оның құндылық мазмұнын түсіну мен қабылдауда негізге алу керек екендігін түсіндіреді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихын, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын, әрі түсінікті болуы тиіс. Әрбір адам бала кезінен «Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істеген жөн» - дей келе, «Мәңгілік Ел» ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары - «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», - деп негіздеді [1,22,23].

Заманауи талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңғыртылуда. Білім мен тәрбие беру ұйымдарында Қазақстандық жастарды ұйымдастырудың басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құрайтын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын жүзеге асыру.

2014 жылдың тамыз айының 24 жұлдызында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлытау тауының бөктеріндегі бас қосуда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жайында – «Менің арманым, ойым да мәңгі өмір сүрді. Сондықтан мен «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынамын. «Біз осылай болу үшін бәрін жасаймыз. Біз - көпұлтты елміз. Бұл тарихи жолмен болды. Біздің міндетіміз - қоғамның бірлігін сақтау. Қазақстанның бірлігі - біздің көпұлтты

халқымыздың бірлігі, ескі еменнің тамыры терең емес, дауылға қарсы тұрмаңыз»- деген болатын [24].

Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеяны мемлекеттік құрылымдар мен әлеуметтік өмірлік тәжірибеге ендіру және оны қоғамның келешек дамуында басшылыққа алу керек. Осы мәселе жайындағы айтқан ойлары отандық саясаттанушылар, философтар, тарихшылар т.б. ғылым саласындағы ғалымдар мен білімпаздар арасында үлкен пікір-таластар туғызып, ауқымды талқылауға ие болып, мазмұндылық жағынан кең көрініске ие болды.

Саясаттанушы Құбаш Сағидоллұлы: «Мәңгілік Ел» идеясы ұлы көшпелі империялардың даңқты тарихында бүкіл әлемдік өркениетпен байланыстыратын көпірі ретінде әрқашан болған. Бұл идеяға қызмет етудегі басты мақсатқа және оған байланысты мәселеге мән берсек, ол - біздің жерімізді әр кезеңде барлық жағынан басқыншылардан құтқарды және бұл кезеңдер мен тарихтағы байланыс сабақтастығын табуы - табиғи заңдылық деп түсіну керек.

Қазіргі жаһандану кезеңі дәуірінде бұл идея - біздің еліміздің, мемлекетіміздің өркендеуінің кепілі деп түсінуіміз керек және оны жүзеге асыру барысында тарихи мүмкіндігімізді жіберіп алмауымыз қажет. Бұл әлемдік қоғамдастыққа ынтымақтастық пен татулықта болу мен көршілікке ұмтылатын бейбіт өмір сүйгіш мемлекет ретінде танытатын тәуелсіз Қазақстанның әлі де толық көлемде пайдаланылмаған зор әлеуеті бар екенін білдіреді. Бұл, «Мәңгілік Ел» - идеясы біздің ұлттық кодымыздың кілті – деген ой түйіндеген болатын [25].

Ал, профессор Г.Сұлтанбаеваның пікірінше: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идея, ол - қазақ халқының келешек болашағын айқындауға және Қазақстанды әлемнің дамыған елдерімен бір қатарға тұруы үшін ұмтылыс жасауына серпін береді. Бұл Қазақстан мемлекетінің даму жолындағы жаңа кезеңі деп түсіну керек және оның негізі ұлттық біртұтастықты құрауы тиіс. Бірлік пен татулық, халықты әлеуметтік қорғау, қауіпсіздік, мәдениетті, тілді дамыту ел дамуының бүгінгі кезеңінде – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын болашаққа жасалған батыл қадам деп бағалауға болады. Бұнда қоғамдық құрылымдарда және әлеуметтік ортада орын алып отырған барлық көкейтесті мәселелердің түйінін шешудегі міндеттерді бүкіл қазақстандықтардың ұмтылыстары күштерін біріктіруге тиіс. «Мәңгілік Ел» идеясы Қазақстанды ел ретінде ғана емес, ұлт ретінде, біртұтас мемлекет ретінде көрсетеді. Біз тек біржақты экономикалық тұрғыдан ғана емес, руханилылық тұрғыдан да дамуымыз қажет. «Мәңгілік Ел» - заманауи мемлекеттік идеология – оның дамуының мазмұндық мәні – яғни, Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңі [26].

Тарихи сананы тек зерттеу керек және оны зерттеудің нәтижесі арқылы ғана қайта жаңғыртуға немесе жандандыруға болады. Себебі, бұл тарихи сананы зерттеушілік ұлтты, болмысты құрайтын озық құндылықтарды игеру арқылы өзіндік ұлттық мәдениеттің негізін тану болып табылады. Яғни, жеке адамдардың жаратылыстық болмысын ана тілінде ояту және сонымен қатар ұлттың рухани құндылықтары мен дәстүрлерді жаңғырту, халықтың жүріп өткен жолындағы қалыптасқан тарихын толық қалпына келтіруді басшылыққа

алу - бұл «Тәуелсіздіктің рухани тұғырын құрайтын тарихи өзіндік сана-сезімді қалыптастыру жолы», - деп негіздейді философ Б.Сатершинов [25].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мазмұндық мәніне талдау жасау барысында бұл мемлекет құраушы ұлт болып табылатын қазақ халқының тарихын, қазақтың тілі мен діліне және оның өміру сүрудегі дүниетанымдық болмыс нышанындағы сал-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптар белгілеріне негізделе отырып жасалғандығын анық түсінеміз. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қайта жаңғырып, құрылуы мен дамуы кезеңіндегі тарихында әлемдік қоғамдастықта өзінің орнын иеленіп және Қазақ елін тең дәрежеде тануы - бұл Қазақ елінің тарихы.

Бұл «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстанның және оның бүкіл халқының нақты белгілеген мақсаттарға бағытталған біртұтастықтағы қозғалуы үшін қуатты серпін беретін жетекші күш болып табылады және туындайтын түрлі қиындықтарды шешудегі міндеттерді орындау үшін әркімнің және бүтін елдің бірігуі негізіндегі әрекеттері мен күш-жігерін бір мүддеге тоғыстыратын ішкі өзек ретінде мәнге ие. Белгіленген міндеттерді шешуге барлығының және әркімнің күш-жігері бағытталуы керек.

Ұсынылған ұлттық идея - құндылықтар кешені және халықтың бірігуіне бағытталған дүниетанымдық сипаттағы мәнге ие бола отырып, қоғамның қалыпты саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуын, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайтуға негізделген бағдар деп түсінуге болады. Ұлттық идеясыз мемлекеттің және қоғамдық құрылымның түрлі салаларының дамуын елестету мүмкін емес. Оның басты құраушы құрылымы - ұлттық болмыстың бейнесін беретін ұлттық сана-сезімнің беріктігі. Ұлттық болмыс философияда, тарих, ғылым, поэзия, әдебиет, музыка, кескіндеме, би, өнер, халық тілінде өз көрінісін табады [8,9].

Ұлттық сана-сезімнің қалыптасып, дамуының ерекше өзегі бола отырып, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қоғамның рухани өмірінің мағыналық кейпін қалыптастырушы, этноқұрушы, құндылықты бағдарлаушы және қоғамдық бірігу мен халықтың бірігуіндегі біртектілік қызметін атқарады. Оның негізі - ұлттық құндылықтар мен руханилық, өз халқының тарихи жүріп өткен жолы және оған азаматтық, патриоттық сезімдері негізіндегі сүйіспеншіліктері мен мақтаныш сезімдері арқылы пайда болатын, оған ішкі серпінін беретін өзек күшіне айналып, қоғамдық өмірдің берік әрі тереңдігі мен тарихи жадына сүйене отырып, келешек бейнесінің бірлігін сомдап, қалыптастырады деуге болады.

Осы негізде отандық ғалымдар ұлттық идеологияның ұзақ өмір сүруінің негізі ол – мемлекет құрушы ұлт өкілдері өздерінің «Мен» деген бейнесін өз халқының құндылықтарын бойына жетік сіңірген азамат әрі патриоттық сезімі басым тұлғалардың ықпалымен орын алады. Сонымен қатар көрініс беретіндігін табиғи заңдылық ретінде түсіндіреді. Егер де, бұндай құбылыстық бейне болмаса, онда – ол ұлт туралы немесе оның өмірлік идеясының жарқын болашағы туралы айтудың керегі жоқ. Себебі, ол іске аспаған немесе жарамсыз идея ретінде мәнге ие болады. Яғни, ұлттық идеяның өміршең болуы - оның жүзеге асырылу жолдары мен тәсілдері және құралдары мен тетіктеріне де

тікелей байланысты болады. Ал бұл, ең біріншіден, «ұлттық рух» мәселесімен тығыз байланысты болатынын басшылыққа алу қажет. Ұлттық рухтың - берік бекуі ұлттық сана және қоғамдық санамен тығыз байланысты болып, оның өміршеңдігі де осы байланыстық негізде анықталады.

«Рух (лат.spiritus-леп, дем, иіс) - сөздің кең мағынасында - материалды бастамаға қарағанда идеалдыққа, санаға жетелеуші ұғым. Рухты түсініктердің комбинациясы ғана, жалпы сезім, тұтас алғанда - сезімдік танымның бір түрі деп түсіндіреді. Диалектикалық материализм руханилықты түйсіктердің қарапайым қосындысына теңгермейді, оны адам қызметінің процестерімен, рухани өмірмен байланыстырады. Руханилық адам өмірінің қоғамдық-тарихи практикасының жоғары нәтижесі. Энгельстің сөзімен айтқанда, ойшыл рух - материяның «жоғарғы көркі». Қоғамның рухани өмірі - қоғамдық сана - қоғамдық болмыстың бейнесі болып табылады. Сонымен қатар, ол қоғамдық болмысқа, адамзаттық практикалық қызметіне өзінің белсенді ықпалын тигізеді», - деп түсіндіріледі [27].

Ұлттық рух - «Жалпыұлттық идея» біртұтас халықтың табиғатына жақын келіп, оның болмысына тартымды әрі үйлесімді болып шықса, ол ұлттық рухтың бейнелік көрінісіне ие болады. Ұлттық рух - бұл ұлттың өзіндік жаратылыс болмысының сапалық жағдайын көрсететін рухани құндылықтарының жиынтық нәтижесі. Үнемі тәуелділік пен мойынұсынушылықта, қорлануда жүрген адамдардың рухы ешқашанда жоғары болмайды, жігерсіз болып келеді. Рухтың жоғары, асқақ сезімді жігерлік – Отанды сүюмен, туған елін қорғаумен, ұлттың, мемлекеттің тағдыры үшін қаһармандық күресімен байланысты. Ал, төтенше жағдайларда - ұлттық рух теңдессіз әрі таза алапат күшке айналады».

Ұлттық идея – «ұлттық рух», «ұлттық идеал» ұғымдарымен тығыз өзара ішкі мазмұнда байланысты болып келетіні анық. Ұлттық идеал түсінігін жеке адамның өмірлік бағдары мен бағытын құрудың жоғары үлгісі, негізі ретінде «идея ережелері» идеал ретінде бастапқы бейнесін береді, қызмет жасайды және жеке адамды жан-жақты еліктеуші» - дей келе, идеалдардың тәжірибелік күші: «біз өзімізді идеалмен салыстырамыз, бағалаймыз және жақсарамыз, бірақ ешқашан онымен бір деңгейге көтеріле алмаймыз» -деп тұжырымдады грек философы И. Кант [28].

«Идея» - грек сөзі, бейне ұғымы мағынасында қолданылады. Атқаратын міндетіне қарай «идея» - алуан түрлі қырымен ерекшеленеді. Мәселен, бірде ол сырт дүниені бейнелейтін қоғамдық сананың болмысын көрсетсе, енді бірде адамның басты сенімінің орнын алады. Шығарманың қорытынды немесе түйіні мағынасын беруге бағытталып, пайдаланылатын кездер де болады. Біз қарастырғалы отырған ұлттық идея мәселесінің мәні ұлттық арман, тілек, ниет, ойы және оның келешек дамудағы болашаққа бағдарлану бағыты деген түсінік береді. Сондықтан да ұлттық идеяны - ұлт мұраты мен құндылық деп қабылдасақ, мәселенің нақты мәні мен бастау бұлағын тапқанымыз.

Бұндай ұлттық идеялар әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елдерде бар және олардың негізгі идеясы сақтала отырып, заман талаптарына сәйкес қоғамды даму бағытын анықтау мен жетілдіру мақсатында жетілдіріліп

отырады (Кесте 1). Ол сол мемлекеттік қоғамның даму бағыты мен ұстанатын қағидаларының негізі болып табылады.

Кесте 1 – дамыған мемлекеттердің ұлттық идеяларына көзқарастар

| № | Мемлекет атауы | Ұлттық идеялардың атауы | Ұлттық идеялардың мазмұны |
|---|---|---|---|
| 1 | АҚШ | Американдық арман | Негізі: Джеймс Труслоу Адамс 1931ж. «Эпикалық Америка» кітабынан алынған. Американдық арман - саяси және экономикалық еркіндік, сонымен қатар заң ережелері мен жеке меншік құқықтары.<br>Артықшылықтары: Американдық арман еркіндік пен теңдікті уәде етеді. Американдық арманның идеалдары ынталандырады, соның ішінде өз өміріне өзі жауап беру еркіндігі.<br>Кемшілігі: Американдық арманның шындығы идеяның өзінен жиі түсіп қалады. Табыс теңсіздігі артқан сайын американдық арманға қол жеткізу қиындайды.<br>Американдық арманның таралуын Эмили С.Розенберг (1890-1945жж.) «Американдық экономикалық және мәдени экспансия» еңбегінде идеяның бес құрамалық бағытын атап көрсетті:<br>- басқа халықтар Американың дамуын қайталауы керек деген сенім;<br>- еркін нарықтық экономикаға деген сенім;<br>-қолдау және тікелей шетелдік инвестициялардың келуі;<br>- ақпарат пен мәдениеттің еркін ағымын ілгерілету;<br>- жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қорғауды қабылдау.<br>Осы тұрғыда өзіңді «melting pot» деп атап, Америкаға келсең өз дәстүрлеріңді ұмытып, американдық болыңыз. |

Кесте 1-дің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Канада | Ұлттық идеясы-мультикуль-турализм | Мультикультурализм тұжырымдамасы Канада қоғамының әртүрлі топтарын біріктіретін ұлттық идеяның бөлігі болып табылады, бұл Канаданың мемлекеттік саясаты. |
| 3 | Ресей | Орыс идеясы | Негізін қалаушылар: Достоевский, Ф. М, Бердяев Н.А. т.б. Алғашқы таратушы В.Соловьев (1888 ж.) «Орыс идеясы» шындық, ізгілік және сұлулық идеалдарына негізделген өмірді христиан түрлендіру идеясымен сәйкес келеді. Орыс идеясы үшін кез - келген біржақты этникалық бағыт бөтен, атап айтқанда панславизмнен туындайды діни және ұлттық жақындасу, бірігу» деп тұжырымдаған. |
| 4 | Франция | Француздық ұлттық идея | Негізін қалаушылар: француз тарихшысы Жюль Мишель мен Виктор Гюго.<br>Француз ұлттық идеясы романтизм арқылы көркемдік идеяны таңдады. Францияның патриотизмі мен ұлттық құндылықтарын 1870 жылы өмір сүрген француз Коммунарлары басшылыққа алған. Халыққа құндылық бағдарлары ретінде үлгі-өнеге - ұлт тарихында орны бар ұлттық батырлар пантеонын құрды. Мысалы, Жанна д'Арк және т.б. Ұлттық кейіпкердің бейнесі француз халқының бірігуінде құндылық бағдарын белгіледі. Ол кейіннен патриоттық насихаттың ажырамас атрибуты болды. Қазіргі жаһандану бірігу құндылығына қарсы тұратын француздардың ұлттық бірегейлігінің символы ретінде қарастырылады. Шарль де Голльдің ойы бойынша: «Француздардың ұлттық бірегейлігіне егеменді мемлекет пен өзіндік мәдениетті сақтау, үміт естеліктерінде өзінің құндылық таңдауын және кешегі мұрасын, бүгінгі мүдделері мен |

Кесте 1-дің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | болашаққа деген үміттерін сақтауға арналған». |
| 5 | Сингапур | «Алға, Сингапур!» | Жаңа елдің ұлттық идеясы әдемі патриоттық ұрандар емес, заң бойынша және әділдікпен молшылықта өмір сүруге деген ортақ тілекке негізделген ұтымды прагматизм болды. Ұлттық идея - мультикультурализмге бағытталған. |
| 6 | Ұлыбритания | «Дұрыс, Ұлыбрита-ния!» | Англияның ұлттық идеясы: «Ұлыбритания! Сенікі дұрыс» мазмұнына құрылған. Бұл идея әлемдік үстемдікке ұмтылуға негізделген. |
| 7 | Норвегия | Норвегиялық ұлттық идея | Норвегияның ұлттық идеясы - адам факторына инвестиция салу. Әркімнің жоғары өмір сүру деңгейі, қоғамдық игіліктерге тең қол жеткізу - ел дамуының басты мақсаты. Теңдік - ер адам мен әйелдің бала алдындағы жауапкершілікке тең болуы. Ешкім кедей болмауы керек. Мұның нақты дәлелі - әлеуметтік қамсыздандыру саясаты. Табиғатпен үйлесімділікте өмір сүру. |
| 8 | Швейцария | Швейцария-лық ұлттық идея | Швейцарияның ұлттық идеясы - еркін адамдар Одағының идеясы. Шешімдер әрдайым референдумдар арқылы қабылданды, бәрін халық шешті. Швейцария Президенті жыл сайын өзгеріп отырады. Бұл жерде толық демократия орнағанының көрсеткіші. Бұл тілге немесе этникалық топқа негізделмеген ұлттық идея. |
| 9 | Жапония | Жапондық ұлттық идея | Идея «Бәрімен бірге» мазмұнына негізделген өзара байланыстық және жан-жақты тәуелділіктің синтоистік дүниетанымдық көзқарасты береді. Ұлттық-мемлекеттік құрылым үш деңгейлі құндылық - онтологиялық иерархия бейнесінде: 1-ші деңгей – «Трансцендент» - құдайлар мен император; 2 - ші деңгей – |

Кесте 1-дің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | «Жапондар», құдайлардың ұрпағы ретінде анықталған; 3 - ші деңгей – «Жапон аралдары» - территория-құдайлардың жаратылысы ретінде анықталған. Демек, үштік сакрализация-император /«билік» қағидаты/, халық /«қан» қағидаты/ және ел /«топырақ» қағидаты/. Жапондық ұлттық идеологияның мазмұны - мемлекетті тірі ағза ретінде қабылдау. |
| 10 | Түркия | Түркиялық ұлттық идея | Негізі: Түрік ұлтшылдық ерекшелігі - ислам діннің әсерінен ұлттық түрік идеологиясының қалыптасу және пайда болған жағдайлар Осман мемлекетін құрушы ақсүйектер тобынан бастау алып этномәдени ұлтшылдық идеясын Түркияның зияткерлік кеңістігіне бейімдеу кезеңінде жалғасын тауып Түркияның ұлттық батыры-Мұстафа Кемал Ататүрік басқару кезеңінде өмірлік тәжірибеге ендірілді. Кемализм идеологиясын қалыптастыру және нығайту кезінде ұлтқа тән бірқатар мағыналық сипаттамаларды бөліп көрсету, соның ішінде патриотизм - Түркияның ұлттық идеясының өзегі ретінде бекітілді. |
| 11 | Қытай Халық Республикасы ҚХР | «Мемлекеттік ұлт» ұлттық идея | Негізі: Конфуций ілімінен бастау алады. 1924 ж. Сун Ятсеннің «Үш халықтық принципі» ұлтшылдыққа немесе ұлт принципіне сүйенеді. «Ұлт принципі - «гуоцзя минцзу» - «мемлекеттік ұлт» түсінігіндегі ұлтшылдық (минцзу чжуи) - ол мемлекеттік ұлттың ұлтшылдығы. Қытай мемлекетін құрушы, қытай мемлекеттілігін алып жүруші хань ұлты мемлекеттік ұлт болып есептеледі. Сун Ятсеннің пікірі бойынша, «мемлекеттік ұлт» тұжырымдамасы адамдардың жаңа бір жиынтығын құруды көздемейді. Өйткені Қытай мемлекетін құрған |

Кесте 1-дің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | этноұлт ретіндегі /ханьдықтар/ қытай ұлт болып табылады және соның төңірегіне шоғырландыра отырып, барлық халықтарды біріктіріп, оларды ассимиляция жасау арқылы бір халық жасау. |

Жоғарыдағы кестеде көрсетіліп, берілген мәліметтер бойынша салыстырмалы талдаулардың нәтижесінде дамыған елдердің барлықтарында олар дамудағы үдерістерінде өз алдарына үлкен мақсаттар қойып, болашаққа жетелейтін және бағыт-бағдар беретін ішкі күштері - ұлттық идея бағытының мазмұндық жүйесі мен сол қоғамға қажетті құрылуы. Сонымен қатар, оны жүзеге асырудың жолдары мен құралдарын анықтай отырып, мемлекеттік дамудағы қозғаушы күшке негіз болатын тетіктерін анық тауып, пайдалана білулерінде.

Осындай әлемдік тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы да өз дамуының өзекті күші болатын ұлттық идеясын қабылдауды жүзеге асырды.

2014 жылдың қаңтар айының 17-ші жұлдызында елбасы «Мәңгілік Ел» идеясын жариялады. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясынан келген түйін – Қазақстандықтардың келешек дамуға бағытталған бірегей тарихи мақсаты мен ұлттық және мемлекеттік мүддені басшылыққа алуды негіздейді. Ұсынылған ұлттық идея қазақ елінің ғасырлар бойы жүріп өткен тарихи жолы және онда қалыптасып, дамыған ұлттық сана мен салт-дәстүр, әдеп-ғұрып пен халықтың рухани құндылық мұраларының негізін басшылыққа алу арқылы, сананы қайта жаңғырту, Тәуелсіз Республиканың болашағын нақты анықтап, бағыт-бағдарын негіздеуге мүмкіндік алу. «Мәңгілік Ел» ұғымын кеңінен түсіндіру мен тереңнен талдау жасап таркату арқылы тарихи негізін ашу мәселелері маңызды. Мәселен, түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші Сартқожаұлы Қаржаубай: «Мәңгілік Ел» - түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоникөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...» - деп жазып келтіреді [29].

Құқықтық-ережелік құжаттар мен нұсқауларға сүйенсек, *жастар* – өзіндік жас және топтық ерекшеліктері жақын келетін және әлеуметтік ортада өзіндік орны бар және өздеріне тиесілі мүдделері мен құндылықтарымен ерекшеленетін әлеуметтік орта құрайтын, орта жасты құрайтын топ. Бұл топқа 15-17; 18-30 және кей кезде 39 жастағы адамдар да құрамына енеді.

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мәселесінде 9-11-сынып оқушылары мен ЖОО студенттеріне тобына мән беру - жеке тұлғаның болмыстық бейнесінде азаматтық өзін-өзі тұрақтандыруын қалыптастыру үшін бұл кезеңдік жас өте ыңғайлы. Бірақ бұл кезеңде тәрбие мықты және берік бола отырып, олардың «Мен» деген сенімдік түсінігі мен қоғамның қатынасын анықтау, қажетті жағдайларды жасап, психологиялық және педагогикалық ықпал жасауды олардың жеке болмыстық ерекшелігін ескере отырып жасауды қажет ететін ауқымды тәрбиелік жұмыстарды жүргізуді талап етеді. Себебі, бұл

кездер ерте - ересектік шақ, бойжеткен және бозбалалық шақ. Бұл кезеңде жастардың жеке тұлғалық болмысының түрлі қырларының қалыптасуы - сатылардың өзгеруі деп түсініледі, олардың әрқайсысында адамның ішкі әлемінің сапалы өзгеруі және оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасының түбегейлі өзгеруі орын алады. Яғни, бірегейліктің қалыптасу деңгейі және оның қарым-қатынастық жасау көрсеткішімен сипатталады және өзін-өзі тану мен өзін-өзі танудың тұрақты кеңеюіне негіз болады [30,31,32].

XIII ғасыр бұрын түркі қағанатын қалаушы Тоныкөк «Мәңгілік Ел» идеясының алғашқы негіздерінің қалыптасуын басшылыққа алған. Ондағы басты мәселелердің бірі сол кездегі елдің қауіпсіздігін сақтап, жүзеге асыруда геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс аумағын анықтап, идеялық саясат аясында Түркі елінің бірлігі мен билігін берік ұстау. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің басты ұлттық идеялық ұстанымына айналды. Тәуелсіз мемлекетіміздің бірлігі мен біртұтастығын сақтаудағы ұлттық сананы жаңғыртып, ұлттық болмысты сақтай отырып әлемдік кеңістікте өзіндік орнымызды анықтап, болашаққа даму бағдарының жүйесін негіздедік. Сол кездегі «Күлтегін» жазуының қазіргі мағынасын түркітанушы ғалым Ғ.Айдаров зерттеулерінде Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы: «Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...», - деп келтіреді [33]. Бұл идея елдің тарих сахнасынан жоғалып кетпей, сақталып келе жатқан «Мәңгілік Ел» идеясы. Ол мемлекеттің өзіндік мақсатты бағдарымен дамыған және ірі мемлекеттер арасында бәсекеге төтеп беретін жеке қорғаныс саясатын ұстанады.

Мәселен, қобызшы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуын «Мәңгілік Ел» идеясының негізіне жатқызуға болады. Онда адамдардың өлмей, ұзақ өмір сүруі үшін өлімге қарсы тұру немесе оның құпиясын тауып өлімді жеңу, мәңгі өмір сүру Қорқыт бабамыздың ғана арман-тілегі емес, сол кезеңдегі ел билеуші – хандар мен бектер, сұлтандар т.б. халық билігінің тізгінін ұстанған жеке тұлғалар елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын көрсетеді. Қорқыт бабамыздың мәңгілік өмірді іздеу туралы философиялық ой-пікірлерінің түйіні - келешек ұрпақтың ұлттық сана мен дүниетанымдық болмысы үшін мәні ерекше мәңгілік мұра және рухани құндылықтың негізін қалаушы деп түсінген жөн. Себебі, адамдардың мәңгі өмір сүруін аңсап, армандаған және сол үшін Қорқыт бабамыз өлім атаулыны жеңетін, оған қарсы шара іздестірген қамқоршы болып табылады. Қорқыт о дүниелік болмай мәңгі өмірдің жолын іздеуі мен туған еліне Жерұйықты іздеген Асан Қайғы мен арасындағы байланыстарға мән беріп қарасақ, екі данамыздың да түпкі ой-түсініктері мәңгілік идеясына келіп тіреледі. Мәселен, Қорқытта мәңгілік өмір сүру идеясы болса, Асан Қайғы туған еліне қолайлы, құнарлы және жайлы болатын жерге қоныстанып, келешекте мәңгі ел болып дамуын аңсаған. Осы негіздегі «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасып, даму кезеңдері және олардың түрлі кезеңдердегі қоғамдық формациялардың идеологиялық бағытқа қарай түрленуі мен жетілдірілуі немесе түрлену жолдарының Еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойы, көне түріктерден бастау алатын тарихи көрінісі көне түркі мен Еуразия аумағын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде орын

алған. Жазушы Л.Н.Гумилев «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды» - депті [34]. Еуразиялық кеңістік идеясы негізінде Ресейлік емес, түркілік ынтымақтастықты жүзеге асырып, көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясының мазмұнының өміршеңдігін арқау ету арқылы ел азаматтары мен Қазақстанның саяси билік топтарын ұлттық идеологияны қалыптастырылды. «Қазақстандық ұлт идеясы», «Жерұйық», «Атамекен», «Қазақ Елі идеясы» атаудағы ұғымдар негізінде мемлекет құрушы қазақ халқының өзіндік жаратылыс болмысын өзек ете отырып, тарихи жолда тағдырлары тоғысқан Қазақстандық өзге ұлттарға ортақ мемлекеттік мәнге ие болатын «Мәңгілік Ел» идеологиясын өмірлік тәжірибеге енгізу қарастырылды [35]. «Мәңгілік Ел» идеясы - қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және Қазақстанды мекен еткен ұлттар мен ұлыстардың қазақ ұлттық идеясына негізделген идеология ретінде Тәуелсіз мемлекетіміздің өркендеуі мен дамуына өзінің жеке азаматтық міндетін орындай отырып, париотттық сезімдерін танытады деп үміт артуға болады. Сондай-ақ, бұл идеяда Т. Рысқұлов пен М.К. Ататүріктен бастау алатын түркі халықтарының өзара ықпалдасуы мен ынтымақтастық мәселелер қарастырылып, оның нақты өмірлік тәжірибеге ену жолындағы іс-шаралар осы «Мәңгілік Ел» идеологиясында түрік халықтарының бірлігін нығайтуда олардың тарихи рөлінің маңызды болғанын білуге болады. «Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы - әрбір түрік еліне әртүрлі салада: саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жаппай-тұрмай іздестіруді міндеттейді, Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы және ықпалдастықтағы қарым-қатынастың тиімді жолдарын табу қажеттілігін Н.Назарбаев айтады [36]. Өткен тарихқа көз жүгіртсек, көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясына берік болған тұғырлар үш негізден тұрады:

- көне түркі жазба ескерткішінде ойылып жазылған «Мәңгілік Ел» идеясы. Мемлекеттің тұрақтылығын сақтап қалу үшін биліктегі қаған мен уәзір кеңесшілері мен дана-парасатты адамдардың бір болуы және сөз бен істің біртұтастығы, елдің беріктігі мен ынтымағы үшін және жалпы барлық күштердің ұйытқысы болуда ішкі өзек ретінде мәнге ие болу керектігі жайында сөз болады. Түркілер елдігінен айырылып, қағансыз қалып, өзге халыққа бағынып, одан кейін бодандықтан босап қайта көтеріліп, жаңа қаған келгеннен бастап халықты біріктіру барысында «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» баяндалады. Бұл айтылғандар өскелең ұрпаққа да үндеу ретінде мәнге ие болып, сонымен қатар «Мәңгілік Ел» түсінігі, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үйлесімділікте сабақтастықты көрсетіп тұр [37,38,39,40].

- Әл-Фарабидің философиялық іліміндегі қоғам, мемлекет, адамдар және олардың өзара қатынасы мәселесіндегі терең ойлы философиялық тұжырымдары, әсіресе, бұл идеяны теориялық-әдіснамалық тұрғыдан жүйелейді. Әл-Фараби еңбектерінде түркі дүниесіне қатысты «Мәңгілік Ел» идеясының қалыптасуы мен дамуына қосқан философиялық түйіндер жасаудың негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы»,

«Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» еңбектерінде баяндалады. Бақытқа жету жолында адамдардың бір-біріне деген қайырымдылық пен түсінушілік, қолдау көрсетушілік, достық пен татулық, тәрбие мен тәлім және де тұтас алғанда әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас құрамын береді. Мемлекет пен қоғамның руханиат тұрғысынан жетілуі туралы әлеуметтік-саяси тұжымдауларында мемлекетті басқарушылар мен сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың өзара түсінушілік пен бірлескен мүдде мен мақсатты ұстануы жайындағы мәселені баяндайды. Сол кезеңде ел татулығын басшылыққа алған мәселелердің барлығын қазіргі таңда түркі тектес елдердің ата жұрты болып табылатын Қазақстан мемлекетінің ұлттық мұрасы және құндылықтары ретінде қабылдауымыз тиіс. Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылық еңбектерінде мемлекеттік және қоғамдық міндеттердің ішкі және сыртқы қызметтерін ашып береді. Сыртқы міндеттік қызмет ретінде мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастыру мәнісін қарастырған. Ішкі міндеттік қызмет ретінде қоғамдағы түрлі салалары бойынша халықтың сұранысын қанағаттандырып, оларды бақытты ету шараларын іске асыру болып табылған. Әділеттілік, халыққа берілетін білім, түрлі ғылым салаларын меңгеру, рухани-адамгершілікке баулитын ізгілік тәрбиесін беру, қамқорлық пен қайырымдылықты жасауға баулу, тарату және бақытты өмір сүруге жетелейтін әдеттерге үйрету, яғни адамдардың бақытты өмір сүруге жетуде олардың рухани құндылықтарының дамуына тәуелдігі айтылады [41,42,43].

- Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты білік» дастанындағы тәлімдік мазмұндағы негізгі ойлары - адамның азаматтық-рухани болмысының жетілуі мен «жеке тұлға» ретінде толығып, кемелденуі арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты жасап, дамыту бағытында өркениетке жеткізуі және құтты мекен ету. Онда Жетісу жеріндегі тайпалардың дүниетанымдық болмыс санасы мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері кең жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдерінде тәңірлік танымдық наным-сенімдермен байланыстылығы анық байқалады. Басты бейне Күнтуды бек - әділ ел басшысының бейнесінің суреттелуі. Бұл бейне «Күлтегін» /«Түркі қағанаты туралы сөз»/ жазуларынан басталып, Әбу Насыр әл-Фараби армандаған түрік мәдениетіндегі озық, мұрат тұлғаның бастысы. Басты кейіпкер ретінде Күлтегінді бейнелеп беруінің себебі - түркі мәдениетін жалғастырушы, «Мәңгілік Ел» бағдарының бастаушысы екендігін анықтап бергендігі [44].

Қазақ халқының кейінгі кезеңдердегі басынан өткізген түрлі қиындықтары мен зобалаң жылдарында да елдің қамын ойлаған ерлердің әрекеттерінде де осы «Мәңгілік Ел» идеясы орын алып тұрғандығын анық көре аламыз. Мәселен, Абылай ханның саясаты түркілік «Мәңгілік Ел» идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Кенесары ханның ресейлік отарлаушылық билігіне халықты біріктіру. Өткен ғасырлардағы қазақ ұлтының оқымысты, білімпаз-ғалымдары мен ағартушы ойшылдары қазақ елінің өз алдына тәуелсіз және дамыған мемлекет болып қалыптасып, дамуында ұлттық идеяның негіздерін жүзеге асырып отырды десек қателеспейміз. Қазақ елін біріктіруге өздерінің өмірлік тәжірибелері мен білімдерін, ой - санлық ғұмырларын арнаған

ұлы тұлғалардың «Мәңгілік Ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады. «Мәңгілік Ел» - жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Осы ұлттық идеяның бастауы негізінде - Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен Елорда қайта жаңғырып, асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды көпшілікке танытып тұрған «Мәңгілік Ел» қақпасы тұрғызылды. Бұл «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеология ретінде орын алғандығына дәлел бола алады. «Мәңгілік Ел» ұғымының тарихи тамыры терең және кең мағыналы мәні бар. Түркілік түсінікте «Мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Жаратушы» сөздерімен мазмұны жағынан жақын болып келеді. «Мәңгілік Ел» идеялық идеологиясын мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген қасиетті мұралық рухани құндылығы деп түсінуіміз керек.

Құндылық дегеніміз – танымның, белгілі бір нысаннан адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Құндылық – философиялық-әлеуметтік ұғым. Құндылық нысанның адам үшін қаншалықты маңыздылығын айқындайды. Құндылыққа ешқандай күмән келтіруге болмайды. Ол барлық адамдар үшін идеал, өзек /эталон/ қызметін атқарады. Құндылық қоғамдық - саяси, рухани жағымды түрде көрініс табуы мүмкін. Қазіргі кезеңде ұлттық, таптық, топтық құндылықтарға қарағанда, жалпы адамзаттық құндылықтар приоритетті /өмір сүру құқығы,еңбек ету, білім алу, теңдік, еркіндік, меншік, балаларға деген махаббат, үлкенді сыйлау, жақынына жан ашу, Отансүйгіштік, кәсіпкерлік, қауіпсіздік, адалдық, т.б./ маңызға ие болып табылады [45].

Құндылықтар - ***/values/*** - жеке не қоғамдық тұрғыдан алғанда мінез-құлықтардың белгілі бір түрі немесе тіршіліктің түпнегізі қоғамға қайшы мінез-құлық пен тіршіліктің түпнегізіне қарағанда ***«дұрысырақ»*** деген негізгі наным [46].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәні - болашақтағы өмірлік мақсат - мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген. Мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың түсінік идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қазақтың ұлттық мемлекетін өркениетке жеткізу. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы дегеніміз - өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы құндылығымыз деп танып, оны жетілдіру мен дамыту және берік сақтап, тамырын тереңге жайып, әрқайсымыздың парыз-міндетіміз деп түсінуіміз керек.

Біздің айтып отырған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мазмұнына негізделе отырып және оны Қазақстан жастарының өмірлік бағдарлы құндылығы ретінде олардың бойына сіңіру және оның өмірлік тәжірибеде жүзеге асырылуын басшылыққа алу қажет.

Осы ұлттық идея негізінде құндылық ұғымының мән-мазмұнын ашу барысында «құндылық» ұғымына талдау жасаймыз.

Құндылықтарды негізінен басты үшке бөліп топтастырып қарастыруға болады. Біріншісі - табиғи құндылықтар, тіршілік иелерінің өмір сүруіне қажетті, адам қолымен жасалған емес, табиғаттың жаратылыс дүниесінде бар және тіршілік жасау көзіне қажетті табиғи жағдайлар – күн, ауа, су, ылғал, жылу т.б. Екіншісі - рухани құндылықтар және үшіншісі - материалдық құндылықтар.

Дегенмен де, құндылық мәселесі саяси, экономикалық, еңбектік, өндірістік, рухани т.б. деп қажеттілікті талап немесе сұранысы артқан кезеңдерде пайдалану жолына байланысты да «құндылық» ретінде аталуы мүмкін.

Материалдық құндылық – өзіңде бар материалдық дүниелерің: мал-мүлкің, үйің, көлігің, жинаған қордағы ақшаң т.б. адамның өмір сүруіне қажетті құралдар. Біздің мән беріп қарастыруға алған құндылығымыз - рухани құндылық.

Рухани құндылық – жеке адамның таным болмысындағы санлық әрекеті, тәрбиесі, білімі мен ғылымы, тәртіптік қозғалысы мен қарым-қатынас және сөйлеу өнеріндегі сұлулық этикасы. Өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын берік меңгерген ұлт азаматы. Өзінің шыққан тегі мен шежірелік /гендік/ тарихын, ұлтының тарихын, ата-баба жолындағы дәстүрлі мұрадағы рухани тәлім-тәрбиелік жолдарды жетік білетін және оны сақтай отырып қарым-қатынас үлгісі мен өмірлік ұстанымын басшылыққа алатын, жеке тұлғалық бойында адами-ізгілік пен рухани байлықты жетік сіңірген, әділетті, қамқоршыл, ізгі-ниетті, елі мен жерінің қорғаны бола алатын патриоттық сезімі басымдылық орын алатын және мінез-құлықтағы көріністерді айтамыз.

Яғни, біздің қарастырып отырған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының шығу тарихы мен қалыптасу, даму жолына мән бере қарағанда ол біздің бабалардың жалғасып, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықта болып келе жатқан рухани мұра құндылығымыз болып табылады.

Жеке адамға қатысты ***құндылық*** ұғымының мазмұнына келесі түсініктерді атап айтуға болады: туған еліне, жеріне, ұлтына, жеке адамның өмір сүруі мен өмір салты және олардың өзара араласуындағы ізгілік-рухани мейірімділік пен қайырымдылық, әділдік пен шынайылылық жалпы алғанда адами қатынастары. Сондай - ақ, жеке адамның саналы тәртіп пен сапалы білім алып, ғылымды игеруі арқылы өзінің өмір сүруіне қажетті материалдық жағдайларын жасауы болып табылады.

Ал ұлттық құндылықтар – қандай да бір ұлт өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар бір ұлтқа тиесілі адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы рөлін атқарады. Ұлттық *құндылықтар* деген ұғымның мазмұнын ашуда – өзі туған ұлттың өкілі ретінде ата-бабасы мен әке-анасынан келе жатқан шежірелік тарихи дамудың жолынан өткен саналық болмыс пен әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлер мен ұлттық мәдениеттің озық үлгілерімен берік бекіген жеке бітім-болмысы. Сондай-ақ, өз ұлтын мақтаныш сезіммен дәріптеп, паш ететін, өзін сол ұлттың өкілі ретінде мәдениетімен мақтан тұтатын, әрі оның келешекте өркениетке жетуіне, дамуына үлес қосуда ұлттық сана мен болмыс аясында қызмет жасайтын жеке адамның тұлғалық бейнесінің көрінісі деп түсінеміз.

Біздің мемлекетімізді өзінің Отаны ретінде қоныс тепкен түрлі ұлттар мен ұлыстардың бар екендігін ескеру және жаһандану жағдайында әлемдік өркениетпен ықпалдасу жағдайында Абай Құнанбайұлының сөзімен айтқанда: «Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан», - деген терең ойлы

философиялық түсінікпен *жалпыадамзаттық құндылықтар* мәселесіне соқпай өту мүмкін емес. Сондықтан жалпыадамзаттық құндылық - халықтық салт-дәстүрлерде, адамгершілік қағидаттарында, діни мәдениетте жақсы жазылған және әлеуметтік ойдың озық белгілері, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталған күйде, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс.

Әлеуметтік орта мен қоғамда жастардың жеке тұлғалық болмысындағы азаматтық пен патриоттық сезімдерін дамыта отырып, «Мәңгілік Ел» ұлттық идея идеологиясы негізінде қазіргі заманғы танымдық дүниесінде құндылық негіздерін өмірлік тәжірибеде жүзеге асырудың маңызды міндеттерін шешуге арналған басты жұмыс - ол жан-жақты тәрбиелеу болып табылады.

Бүгінгі қоғамда қойылған міндеттердің бірі - жоғары сынып оқушылары мен студент жастардың арасында азаматтық-патриоттық тәрбиесін ұлттық идея негізінде жетілдіру міндеті бар.

Қазақстан жастарының азаматтық бірегейлігін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі және олар сыртқы және ішкі ықпал жасаушы жағдайларға да байланысты екендігі анық. Қазақстандағы сыртқы жағдайлар қоғамдағы әлеуметтік - мәдени, экономикалық және білім берудің мазмұндық ерекшеліктеріне және азаматтық қоғам құру қажеттілігімен байланысты. Жастардың жеке болмыстық бітімін заманауи талаптарға байланысты қалыптастырудың ішкі жағдайы жеке тұлғаның өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі тану, өзіне тиесілі меншігі, осы мемлекеттің қоғамдағы бірлігіне, яғни, Қазақстан азаматы ретінде басшылыққа алған идеологияны, саяси және діни танымдық-сенімдерді таңдау, мамандық таңдау және орта кезеңдік дамудың болашағын қалыптастыру [47,48,49].

Бұл заңнамалық құжаттар «Қазақстан мемлекеті азаматтарының адамгершілік, жауапкершілік, белсенді және көшбасшылыққа ие құзыретті азаматын» тәрбиелеуден тұратын заманауи білім берудің басым мақсатын іске асыруға бағытталған. Анықталған мақсаттар білім беру үдерісіне ықпал жасайды. Сондықтан ол мектептегі жоғары 10,11-сынып оқушылары мен ЖОО-да білім алушы студенттердің ғана құзыреттілігін қалыптастыруға ғана емес, жалпы үздіксіз білім жүйесін қамтуы керек. Үздіксіз білім беру барыстары жеке тұлғаның дамуын, білім алушылардың ізгілік, рухани-адамгершілік, әлеуметтік, отбасылық және т.б. құндылықтар жүйесін меңгеруін қамтамасыз етуі қажет. Яғни, білім, білік және дағдыларды меңгеру үдерісінде бүтін ағза ретінде, соның ішінде әлеуметтік мәдениет ерекше мән-мағынаға ие болуын басшылыққа алуымыз керек.

Себебі, мектептің жоғары сыныбы болып аталатын 10,11-сынып оқушылары, колледждегі білім алушылар мен ЖОО-ның студенттерінің жеке басының қасиеттері қамтылып, қарастырылады. Мәселен:

- жалпы ұлттық рухани және адамгершілік құндылықтарды қабылдау негізінде Қазақстан азаматының өзін-өзі тануы;

- Қазақстанға деген сенім, өскелең жастардың бойында Отан үшін жеке жауапкершілік сезімнің орнығуы;

- қоғам құндылықтарын өздеріне сәйкес, үйлесімді қабылдау. Адам құқықтары, заң үстемдігі, отбасы құндылықтары, заңдық құқықтық ережелер мен талаптар адалдығы және биліктің жауапкершілігі, азаматтық қоғам;

- бүгінгі жаһандық кезеңдегі сын-қатерлеріне қарсы тұруға дайын болу;

- патриотизм мен азаматтық бірегейлігінің негізіндегі ынтымақтастық сезімін дамыту;

- отбасы, ұлт, халық, Отан, туған ел мен жер, ата-ана, болашақ ұрпақтар, біртұтас және көпұлтты Қазақстан халқының дамуына қызмет жасау, ұлтаралық келісім мен бейбітшілік өзара төзімділікті сақтау - басты парыз міндетіміз және құндылықтарымыз болып табылады.

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының және «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» құжатының мазмұнына мән берсек, онда - Қазақстандық Ұлттық мемлекеттік сәйкестіліктің негізгі құрамдас бөлігі ретінде азаматтық сәйкестілік қарастырылып және оның қалыптасуы бүкіл қоғамдық құрылымдағы әлеуметтік жүйесінің, ең алдымен азаматтық - патриоттық тәрбиенің маңызды бағыты екендігіне ерекше мән берілгендігін байқауға болады. Сондай-ақ, мемлекеттік құрылымдағы азаматтық бірегейліктің басты құндылықтары:

- азаматтық қоғамның мұраттары мен құндылықтары, оның ішінде адам өмірінің құндылықтары, отбасылық құндылықтар, жаңашылдық еңбек тәртібі;

- азаматтық жауапкершілік қағидаттары мен мәдениеттер және ұлттар арасындағы келісімділікке негізделген патриотизм;

- жеке, әлеуметтік және мемлекеттік құндылықтар айқындалған [50,51].

Қазақстандық заманауи білім беру жүйесінде азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың жаңашыл тәсілдері мен іске асыру жолындағы түрлі тетіктерін анықтау үшін оның бағыттық жүйесіндегі мазмұндық сипаты мен құрылымын түсіну басты мәселе болып табылады. Азаматтық сәйкестік жайындағы мәселені ашуда американың танымал психологы Э. Эриксонның жеке адам болмысына арналған тұжырымдамасын басшылыққа алғанды қажет деп түсіндік. Себебі, бұл тұжырымдамалық ой түйіндеуде жеке тұлғаның көп деңгейлі құрылымы бар құбылыс ретінде және оның күрделі үдеріс тұрғысынан жүретіндігі басшылыққа алынған, сондай-ақ бұл құбылыстың өзіне тән үш деңгейі анықталып, талдауға алынған, бұнда:

- жеке тұлға адамның өзін-өзі тануы, сыртқы келбеті, темпераменті, бейімділігі нәтижесінде жеке тұлға;

- жеке тұлға адамның өзіндік бірегейлігін, даралығын тануы ретінде жеке тұлға;

- әлеуметтік жеке тұлға адамның маңызды әлеуметтік топтарға жататындығын түсінуі ретінде анықталады [52].

Яғни, қоғамдағы азаматтық бірегейлік - бұл әлеуметтік сәйкестілік пен өзара ішкі үйлесімділікті беретін құрамдас бөлік. Бұл «жеке адамдардың» бірігуіндегі пайда болатын топ мүшеліктерінің жағымды көңіл-күй сезімдері және құнды жеке мағынасымен белгілі бір әлеуметтік топқа жататындар– мектеп оқушылары, колледждегі білім алушылар мен ЖОО-ның студенттері және Қазақстан жастары межесіне енетін түрлі мамандықтар бойынша жұмыс

жасайтындар. Бұнда азаматтық бірегейлік Қазақстан жастарының жас, ұлттық, діни-нанымдық, ер азамат пен қыз балалар т.б. тұрғысындағы ерекшеліктерімен қатар көптеген санаттардың бірі ретінде әрекет жасайды. Азаматтық бірегейліктің қызметі – арнайы топқа жататын адамдардың сұраныстары мен негізгі қажеттілігін жүзеге асыру болып табылады. Бір қоғамдағы адамдардың қауымдастыққа бірігулері, олардың «біз» деген түсінік сезімі, алдынан кездесетін қиыншылықтар мен қарама-қайшылықтар келеңсіз кездейсоқтарды жеңуге және жаңа әлеуметтік ортада өзіне деген сенімінің берік болуына мүмкіндік береді, осы әлеуметтік бірлестікпен жеке адам мүдделерінің біртұтастығын белгілейді [53,54].

Осы көзқарасқа сүйенсек, азаматтық сәйкестік қорғаныс қызметін де, өзін-өзі тану және өзін-өзі көрсету қызметін де орындайды, саяси және азаматтық белсенділікті көрсететін азаматтық қоғамға ықпал жасауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты жастарды жас ерекшелігіне қарай және түрлі топқа жатқыза отырып, оларды санаттарға бөлу сапалы жүргізілсе, онда олардың өздерінің ішкі жағдайында өздерін санаттарға бөлу үдерістері орын алатындығы анық. Осының негізінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында олардың мінез-құлық нормалары мен бағдарлы көзқарасында өмірлік жүру тәжірибесі қалыптасып және оған мойынсұнып, азаматтық бірегейлік құндылығы ретінде орын алып, сонымен қатар топты, мінез-құлық болмыстық көрінісі мен бірге жалпы өмір сүру салтын таңдап алу мен даму да өріс алады. Азаматтық бірегейліктің қалыптасуына әсер жасайтын жағдайларды зерттеп қарастырудың басты мақсаты – біртұтастықтағы бірегейлікке ықпал ететін жағдайларды талдау, яғни әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды сіңіру мен мақұлдау және өз өмірінің өзекті құрылымы ретінде басшылыққа алуы мен оған толық сеніммен берілуін бекіту жолдарын іздестіру болып табылады. Бұл жаңа бағыттық қарым-қатынастар мен түсінік ұғымдар жаңа білімдерге өзі қол жеткізеді және жеке дамуын басшылыққа алып ынталандыру жүзеге асырылады, ал оның нық және берік орналасуы негізінде жаңа мінез-құлық бейнесі көрініс табады. Сыртқы талаптық ережелер, құндылықтар мен стандарттарды өмірлік тәжірибеге енгізу тетіктері жайындағы мәселе - көкейкестіліктің бірі болып табылады [48,55].

Қоғамдағы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру Қазақстандық білім беру саясаты мен «Білім туралы» заң және оны жүзеге асырудағы қабылданған құқықтық ережелер мен қаулылардың міндеттері - білім берудің ізгіліктік сипаты, жеке адамның құқықтары мен еркіндіктері, жеке тұлғаның еркін дамуы, азаматтыққа, патриотизмге, жауапкершілікке, құқықтық мәдениетке тәрбиелеу мәселелерін қамтиды[198]. Ал білім алушылардың азаматтық ұстанымы мен мемлекет жайындағы жағымды және тұрақты көзқарасын қалыптастыру педагог қызметкерлердің міндетіне жүктеледі. Қазақстандағы білім беруді дамытудың мемлекеттік деңгейдегі қабылданған тұжырымдамалар мен арнайы жылдарға бағытталған бағдарламалардың мазмұндық жүйесінде азаматтық және патриоттық тәрбиенің, жастардың Қазақстандық бірегейлік сәйкестігін қалыптастырудың негізгі бағыттары қарастырылған. Басым бағыттарға қоғамдағы және әлеуметтік ортадағы біртұтастық дүниетанымдық

көзқарасты, Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, жеке отбасына, қоғамға, мемлекетке, рухани-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени құндылықтарға, ұлттық мәдени және тарихи мұраға құрметпен қарау, оны сақтау мен дамыту үдерістері жатады. Қазақстан қоғамының дәстүрлі мәдени, рухани және адамгершілік құндылықтарына негізделген белсенді азаматтық-көзқарастық ұстаным мен азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуге жағдай жасау, білімін арттыру және оны Конституциялық заңды-құқықтық міндеттер аясында жауапкершілікпен жүзеге асыру мәселесі бекітілген [30,56,57,58].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде идеологиялық бағытты ұстай отырып, Қазақстан жастарын әлеуметтендіру үдерісінде саяси мәселелер де қамтылатыны анық. Бұл саяси-әлеуметтендіру болып табылады. Яғни, жастар өз мемлекетінің заңдарын меңгеру, қажетті әлеуметтік дағдыларды игеру, өздерінің құқықтарын білу және оларды жүзеге асыру тәсілдерін түсіну, жекелеген адамдар мен әлеуметтік институттар арасындағы қатынастық байланыстар үдерісін түсінеді. Нәтижесінде, жастар саяси-әлеуметтік жүйе тәжірибесімен үйлесімділікке ие болады және қоғамдағы орын алған мемлекеттік саяси-әлеуметтік мәдениетте араласады. Яғни, бұл жеке тұлға мен әлеуметтік және саяси жүйенің өзара әрекеттесу үдерісі  мақсатты идеяға бейімделеді.

Психологиялық-теориялық ілімдерде жастар санасының идеология негізінде өзгеріске ұшырауы саяси теориялармен байланыс тауып, олардың байланыс шеңберінің жаңа бағдарының негізі қаланады. Әлеуметтенудегі саяси жүйеге қатысты ұстанымдар мен сенім-нанымдарды қалыптастыру және дамыту тетіктерін түсіндірудің мақсаттары бойынша жұмыстардың жүргізілуі - ұзақ және тұрақты үдеріс ретінде орын алады. Ол жастардың және ересек адамдар қатарына өтуі мен қартайғанға дейін бүкіл өмір бойы дамиды. Саяси әлеуметтенудегі мәселелермен араласу бұл табиғи заңдылық және оның саяси бағдар алатын даму үдерісі деп табылады.

Әлеуметтену - саяси сауаттылықтың бөлшегі болып табылады, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері бар. Сонымен, әлеуметтену барысында саяси сауаттылық орын алуы керек, яғни, бұл саяси жүйеге бейімделу,  қызметтің әртүрлі түрлерін орындау үшін қажетті қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін саяси мемлекеттік құқықтық қатынастардың ережелерін және мәдениеттің талаптары мен құндылықтарын жеке адамдардың меңгеру үдерісі [59,60].

Әлеуметтену үдерісі жеке тұлғаның саналық болмысына ықпал жасап және өзіндік жеке көзқарастық пікір мен ойының қалыптасуын жүзеге асырады. Бұл түрлі жастағы және топқа енетін жастардың әлеуметтену деңгейінде олардың сана-сезімін, сындарлы ойлауы мен адами болмысындағы өзіне тән қадір-қасиеттерінің дамуына әсерін тигізетіні анық. Әлеуметтенудің белсенді әдісі жоғары саяси түсініктегі азаматтық және саяси мәдениеттілік пен азаматтың құқықтары мен міндеттер жүйесін меңгеруді және Заң аясында қажетті әрекет жасауды қарастырады. Жастардың әлеуметтенудегі бұндай түсініктерінің болуы мінез-құлқының негізгі анықтаушысы болып табылады. Осы тұрғыдағы берілген түсініктер арқылы ұлттық идеологияда қабылдаған

ұзақ мерзімді талаптар мен көзқарастар аясында әлеуметтік ортаның бағдары мен болашақ даму бағытындағы тұрақтандыруды әлеуметтік құндылық ретінде мойындап, қабылдауға ықпал жасайды [54,58]. Осы негізде әлеуметтік құндылық түсінігі орын алады.

Әлеуметтік құндылық дегеніміз - ұрпақтан-ұрпаққа жинақталған тәжірибелер, өмір шындығы. Мұндай құндылықтар білім, мұрат, адамдар арасындағы қарым- қатынас және мінез-құлық нормалары, адамдардың өмірлік іс-әрекетінен көрінеді. Жастардың әлеуметтенуінің деңгейлік көрсеткіші жеке дүниетаным, оның мүдделері, мақсаттары, құндылықтары және бағдарларымен сипатталады.

Дегенмен де, жастар қандай құндылықтарды бойына сіңіріп, меңгерсе де, олардың жаратылыстық табиғи болмысында адамға тән мәдениеттіліктің берік орнауы басты міндет және қажеттілік болып табылады. Себебі, мәдениет - тұлғаның бойындағы рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы ретінде беріледі.

## 1.2 «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде Қазақстан жастарын азаматтыққа тәрбиелеудің ерекшеліктері

Қазақстандағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясын тұжырымдау қоғам мен оның азаматтарының өмірінде рухани-адамгершілік және ұлттық болмыстың басым ұстанымдары, талаптық ережелер мен қағидаттарының жүйесін өмірлік тәжірибеге бекітуді білдіреді. Қазақстан насихаттайтын идеологияның басымдығы азаматтық бірегейлік пен ана тілі, мемлекет құрушы қазақ елінің салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпы және мәдениеті беретін құндылықтарды жүйелі түрде насихаттау арқылы азаматтық қоғамды құру мен жеке адамдардың азаматтық жауапкершілігін арттырудағы сенім беретін талаптық-құқықтық ережелердің әлеуметтік ортада бекітілуі мен іске асуы [61].

Бұндағы басшылыққа алатын «Мәңгілік Ел» идеясы - мәңгілік халық, ел дамуының накты нәтижелеріне негізделген және оның көрсеткіштері: ізгілік пен әділеттілік, әлеуметтік-адамгершілік бағыттағы азаматтық қасиеттердің дамуы. Ал оның жұмылдырушы күші:

- өзінің бірегейлігін, өз тамырларын, өзінің ұлттық рухын және өзінің бірегей даму жолын сақтау;
- өз рөлін бекіту;
- тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау қажеттілігіне қарай;
- көкейтесті міндеттерді ірі және шын мәнінде ауқымды түрде шешуге ұмтылуды жүзеге асыру.

Басымдықтары ретінде орын алатын құрылымдар:

- ұлттық және қазақстандық дәстүрлі құндылықтарды қолдау;
- адамгершілік негіздегі азаматтық бағдарларды қалыптастыру және дамыту, сәйкестендіру;
- қоғам азаматтарының зияткерлік әлеуетін жетілдіру.

Ұсынылған мемлекеттік идеология Қазақстанның барлық азаматтар қатысатын біртұтас қазақстандық ұлтты қалыптастыру мақсатын көздейді.

Жаңа тұжырымдама ұлттық бірегейлікті жүзеге асыруда ұлттың шығу тегі сақтала отырып, Қазақстан азаматтарының бірегейлігін қалыптастыру және ол үшін азаматтық сезімдерін дамыту керек. 2017 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы негізіндегі «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты – «күшті және жауапты адамдардың біртұтас ұлтына айналу үшін қоғамдық сананы өзгерту» [62].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы іске асыру жастарға бағытталған, себебі, бұған дейінгі қалыптасқан түсініктердің орнына жаңа бағыттағы ұғымдар мен наным-сенімдегі түсініктерді қалыптастыруды жүзеге асыру. Сондықтан Қазақстанда 2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланды. Себебі, жастар кез келген қоғамның жаңашылдық әлеуетін білдіреді. Сондықтан оның азаматтық бірегейлігі мен патриотизмі қазіргі мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болып табылады [63].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын теория тұрғысынан қарастыру - ол Қазақстанның үш маңызды құрамдас бөлігінің бірлігінде:

- ұлттық құрылымдық;
- азаматтық;
- жалпыұлттық құрылым.

Қазіргі заманда ұлттық идея негізгі ұғымдық түсінік болып саналады. Себебі, ол үдемелі дамудың құралдары ретінде мәнге ие және қоғамдағы жаңалықтар мен өзгерістердің өзегі ретіндегі күшке ие. Ұлттық идея - ұлттық сана-сезімнің дамуын жүзеге асырады. Ұлттық идея мемлекетті кемелдендіріп, нығайтуға және табысты дамуға ықпал жасайтын бірегей ұлттық бірігу. Өйткені мемлекеттік құрылымның үдемелі дамуының өлшемімен, заманауи дамудың ақиқаттық жетекші бағыттық ағымдарын түсінуімен тығыз байланысты. Қоғамдағы адамдардың мемлекеттік идеология бағытына топтасуы және әлеуметтік бірлікті нығайту, жалпыға бірдей танылған ұлттық идеяның негізі - ұлтаралық және халықаралық қатынастар кез келген көпұлтты мемлекеттің қоғамдық өмірінің күрделі жақтарына әсер етеді [9].

Ұлттық идеяның тасымалдаушысы және өмірлік тәжірибеде белсенді субъектісі ретінде жүзеге асырушы жеке адам, ұлт, жалпы қоғам.

Ғылыми-философиялық еңбектерде ұлттық идеяны өзгертетін қозғаушы күш ретінде ұлттық болмыс пен сол ұлттың жүріп өткен тарихи жолындағы бастан кешкен тағдыры да басты жағдай ретінде орын алады. Мәселен, «Тек тарихи тұлға ғана белгілі бір жиынтықтың бейнесі ретінде әрекет ете алатын ұлттың негізгі құндылықтары, сондай-ақ стандартты емес саяси шешімдердің күшті және ерікті көзі ретінде мемлекетті толық күйреуден немесе бөлшектенуден сақтауда, тек ірі мемлекет қайраткерлері ғана ұлтты құтқара алады және олардың идеяларын жүзеге асыру керек». Бұнда ұлттық идеяны іске асыру жолындағы халық игілігіндегі іргелі-қолданбалы құндылықтар мәселесіндегі бірлік және өткір сезімталдық саяси және әлеуметтік болып табылады. Бұл бейбіт және тұрақтылық жолмен дамудағы мемлекеттің өркендеуіне алып келеді [10].

Осы тұрғыда ұлттық болмыс, ұлттық сана-сезім жайындағы түсінік, ұғымдардың орын алуы заңдылық болып табылады.

«Ұлттық сана-сезім» ұғымы өткен ғасырдағы 60-шы жылдардан этнографиялық, философиялық бағыттағы ғылыми зерттеу еңбектерінде қарастырылып, ал 80-ші жылдар аралығында Ю. В. Бромлей, Л.М.Дробижева, Р. Г. Абдулатипов, М. С. Джунусов, Д. Қадыржанова және т. б. ғалымдардың еңбектерінде «ұлттық сана» мәселесі қарастырыла бастады.

Философия ғылымдарының докторы П. И. Гнатенко: «... егер, ұлттық сана жеке адам деңгейінде де, ұлт деңгейінде де болса, онда ұлттық сана бұл тек ұлт деңгейінде болады» деген. Әрбір жеке ұлттың өзінің болмысында қалыптасқан ұлттық сана-сезімі болады. Ол теориялық әрі күнделікті деңгейде ұлттың өнімі және оның пайда болу жолындағы ұзақ тарихи дамуы болып табылады.

Ұлттық сана - қоғамдық сана түрлерінің бірі. Қоғамдағы ұлттық өмірі көрініс ретінде бейне береді: бұл ұлттық үдерістердің даму ерекшелігін түсінуді қамтитын сол ұлтқа тән сипаттағы теориялық және күнделікті көзқарастарын есептеу қажет деп В.Г.Крисько тұжырымдайды.

Әрбір жеке ұлтқа тән сана - күрделі әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани-адамгершілік, құлықтық-құқық, философиялық, сенім-наным мен құндылық және мәдени т.б. көзқарастар мен түсініктердің жиынтығы. Ұлттың дамуының көрсеткіш деңгейі ұлттық сана, ұзақ тарихи дамудың жемісі, ал оның орталық құрылымын құраушы - ұлттық сана-сезім. Ұлттық сана құрылымына ұлттың өз мүдделерін жүзеге асыру үшін бірлігі және тұтастығының қажеттілігін түсінуі, өзге ұлттар мен ұлыстар арасындағы қарым-қатынаста татулықты қамтамасыз ету арқылы ұлтаралық қауымдастықтар, ұлттың рухани және материалдық құндылықтарын енгізуге болады. Егер, ұлттық сананың қалыптасу жолының теориялық деңгейі ғылыми тұрғыдан және идеологиялық тұрғыдан негізделген, жүйеленген, бекіген болса, онда ұлттың өмірлік тәжірибесі ғасырлар бойы ой елегінен өткізіліп жасалған деуге болады.Ұлттық сананың даму стратегиясын анықтайтын көзқарастар, идеялар, бағдарламалар, талаптық ережелер, құндылықтар және т. б. ұлттық сананың деңгейіне қажеттіліктер, мүдделер, құндылық бағдарлары, көзқарастар, стереотиптер, сезімдер, көңіл-күйлер, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді, ұлтқа тән мәдениетті қамтыған болып саналады. Бұл қауымдастықтың мүшелері күнделікті өмірде және қызметте көрінеді. Олар барлық құраушы құрылымдардың бір-бірімен тығыз бірлігі мен байланыстылығын білдіреді. Мән берілетін нәрсе, кез келген қарапайым ұлттық сана - түрлі ұлтаралық келіспеушілік пен қақтығыстардың психологиялық негізі, өйткені онда ұлттық наным-сенімдер, теріс көзқарастар, басқа қауымдастықтарға төзбеушілік түсінігін туғызады.

Ұлттық сана сана-сезімнің өзегі, адамдардың өзінің белгілі бір санаға жататындығын ұғынудың нәтижесі болады. Бұл ұлттық қауымдастық және қоғамдық құрылымдардағы қатынастарын көрсетеді. Ұлттық болмыс тұрғысынан өзін-өзі тану ұлттың жеке тобын және тұтастай бір ұлттың мүдделерін білдіре алады. Ұлттық өзін-өзі танудың көрінісі - ұлттық

сәйкестендірудегі өзіне тән ерекшелік көрінісіне негізделген, яғни, белгілі бір ұлтқа жататын топтың мүшесі ретінде адамның өзі туралы тұрақты идеяларын қалыптастырады. Ұлттық сана-сезімнің өзегі - ұлттық тіл және оның қолданылуынсыз ұлттық сана іс жүзіне асуы мүмкін емес, өйткені, тіл - танытатын және қалыптастыру құралы ретінде қызмет атқарады. Осының барлығы кез келген ұлттың материалдық және рухани мәдени мұрасы мен құндылығын құрайды және дамудың бастауы болып табылады [65].

Ұлттық сана-сезім көрініс беретін идеялары, көзқарастары, пікірлері, көңіл-күйлер, әдеп-ғұрып, дәстүр мен мәдениетін және әрекеттер мазмұнын, деңгейін білдіретін ұлт мүшелерінің идеяларының ерекшеліктері:

-өзара сәйкестігі туралы ұлттық құндылықтар мен мүдделер;

-ұлт тарихының бүгіні мен даму болашағы;

-мемлекетаралық және ұлтаралық қатынастардағы әлеуметтік-ұлттық қауымдастықтағы ішкі және сыртқы орны.

Ұлттық сананы жүзеге асырушы жеке адам санасы. Бұл тұрғыда субьекті өзінің таным логикасынын үдерісі кезінде нысанды бағалауы орындалады. Яғни, нысанның сезімдік көрініс бейнеленуі кезінде салыстыру, белгілеу немесе керісінше ұқсамайтын нышандар, қасиеттерді айқындайды. Құндылықтарды бағалаудың негізі «бағалау» мен «құндылық» ұғым түсініктерінің өзара байланысында. Ұлттық сана үшін құндылықтың мәнін айқындаушы ұлттық сананың бағалануы. Бұл орайда егемендік алған алғашқы кездерден бастап біздің елде де өзіндік бір ұлттық «Ренессанс» басталғаны белгілі. Соның нәтижесінде ұлттық сананы жаңа көзқарас негізінде қайта бағалаушылық жүріп, өмірлік құндылықтармен қатар, тәуелсіздік, бостандық, дәстүрлі мәдениет, әдебиет, тіл, тарих, атамекен, діл, дін, мемлекет, ұлттық рух, ұлттық мұра, ұлттық болмыс секілді ұлттық құндылықтары айқындалды [66].

Мұндай құндылықтар адамзаттың мәдени әлеуметтенуінің көрсеткішіне айналып, даму идеясын дүниеге әкеледі. Даму идеясы құндылық ретінде дүниеге көзқарастың өзегі болады. Бұл орайда ұлттық сананы жүзеге асырушы жеке адам санасы даму үдерісі кезінде ең алдымен өзі үшін не пайдалы, не пайдасыз екенін анықтайды. Өйткені, біздің ұлттық идеалдар (оны мойындауымыз қажет ) шетелдік идеалдарға ұласып, әлемдік жаһандану өз әсерін ұлттық санаға тигізуде. Сондықтан ұлттық санада келесі құндылықтарға мән беру қажет:

- тарихи үдеріс;
- сананың тұрақтылығы;
- тұрақтылық /әлеуметтік, саяси-экономикалық/;
- ұжымдық.

Нәтижесінде ұлттық мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, дами түседі. Ұлттың рухани мәдениеті - бағалы, құнды, өзіндік қайталанбас феномен.

Қазіргі өмірдің талап-тілегіне орай жастарды тәрбиелеуде туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдарын басшылыққа алуды негізгі қағидалық ұстанымдар ретінде түсінуіміз қажет. Себебі, «Ұлт тәрбиесі баяғыда сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиісті» - деп қазақ

халқының рухани құндылықтарына жататын әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар, қанатты сөздердің және т.б. тәлімдік бағыттағы мазмұндық сипаттарына көптеген ғалымдар ерекше мән беріп, пікір айтқан [67].

Яғни, бүгінгі мемлекетіміздің жастарының жан дүниесін ұлттық құндылықтар негізінде жаңғыртып, жаңарту басты бағытқа айналуы тиіс. Білімнің рухани және ғылыми мазмұнын түгелдей өзгертіп, оқу-тәрбие тақырыбын ұлттық рухқа негіздеуіміз қажет. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу, отаншылдыққа баулу, мәдениетіміз бен тілімізді дамыту, нарықтық экономиканы, осы заманғы озық технологияны игеру ата-бабамыздың дәстүрлі құндылықтарын тәлім-тәрбие ісіне пайдалану, осының нәтижесінде ұлттық тұлға қалыптастыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесінің бірі.

Сол себептен:

- ұлттық дүниетаным - ұлттық болмыс көрінісі, саяси, адамгершілік, ізгілік, діл мен діни наным-сенім, тәрбие, тарихи сана, әдеп-ғұрып, дәстүрлі мәдени-рухани танымдық жүйесі;

- ұлттық идея - ұлттық болмыс қасиеттерінің бейнесі. Ұлттың мұрат-мүддесі, ұлт тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері мен ертеңгі арманы ұлттық идеядан көрініс;

- ұлттық сана – ұлтты сипаттайтын кез келген ұлттың тарихи себептердің ықпалымен қалыптасқан субъективті құбылыс;

- ұлттық тіл - ұлттың төл болмысының маңызды объективтік белгісі, ұлтты бірлікке ұйытатын қасиеттердің бірі. Ұлттың тілі болмаса, мәдениеті, салт-дәстүрі, санасы болуы мүмкін емес;

- ұлттық тәрбие - жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі, намысы, мінез-құлқы дүниетанымындағы ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізін қалыптастырып дамытады және жастардың бойына сіңіреді.

Тәрбие өмір бойы үздіксіз жүретін үрдіс болғандықтан, қазақ халқы өзінің тәлім-тәрбиелік мұраларында ер жігіттің немесе азаматтың бітім-болмысына енетін түрлі өнегелік қырлардың жиынтығын «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген қанатты сөздің мазмұнына енгізген.

Адам баласының түсінік-ой жүйесінің құрылымдықтары: ақыл-ой, сезім, зейін-ерікті қамтыса, онда оның санасында адам жаратылысының қай сипаты басым болса, оның өмірдегі ізденісі мен ұмтылысы да соны бейнелейді. Ал, оның барлық жиынтығын түрлі әрекетте дұрыс, орынды пайдалана білу – адамның рухани жан дүниесінің толық және бүтін болуының негізі болмақ. Яғни, жастардың рухани жан дүниесі мен дене бітімінің денсаулығын нығайту, рухани-адамгершілік пен құлқын ізгілендіруді дамыту мәселелеріне жаңа көзқарастардың қажеттігі туындайды. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіндегі түйінді шешімін табуға бағытталған күрделі психологиялық-педагогикалық мәселелер – жетілген, бітім болмысы берік тұлға тәрбиелеу басты шарт болып отыр [68,69].

-ұлттық психология - ұлттың рухани жай-күйі, оның астарындағы адамзатқа тән құбылыстар. Ұлттың психологиясы - оның басқалардан бөлек

қайталанбайтын ерекшелігі өзіндік жеке дәстүрлері мен мінез-құлықтарының екінші ұлттың бойында қайталанбайтын құбылыстық көрініс [15,66].

«Мәңгілік Ел» идеясын бекіту құндылығы:

- жүйелі ұғынуда ұлт пен ұлыстың қалыптасуы контексінде қазақ халқының тарихи жолы;

- тарихи және әлеуметтік-мәдени контексте қазақ мәдениетінің кезеңдері мен эволюциясын әдіснамалық жинақтауында;

- қазақ халқының орны мен рөлін айқындауда қоғамда және адамзат өркениетінде.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы - жастарға халық дәстүрлері мен Отанымыздың мүдделері туралы тұтас түсінік беру, мәнін ашу, әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі қазақ болмысының ашық, тең жүйеге негізделген адамның ішкі өмірі, белгілі бір тұрғылықты жердегі адамдар қауымдастығының өзара қарым-қатынасы мен бірлігі олардың атамекенінде. Ал, ұлттық идеяны нығайту қажеттілігін ғалымдар А.Нысанбаев және Р. Қадыржанов «Азаматтық ұлттық бірегейлік - ұлтаралық татулық және бірлігінің болуына тікелей байланысты» деп атап өткен.

Қазақстанның жалпыұлттық идеясына азаматтық ұлт идеясын енгізу - қоғамның ішкі қауіпсіздігі мен тұрақтылығына ықпал етеді. Азаматтық ұлтты адамдардың ұлтаралық қауымдастығы ретінде қалыптастыру - ұлттық топтардың мүдделері мен құндылықтарының қайшылықтары мен жанжалдарын реттеуге, бөліну сызықтарын, олардың арасындағы шекаралар мен қашықтықтарды еңсеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, Қазақстанда азаматтық ұлттың қалыптасуы барлық қазақстандықтардың бірегейлігіне оң әсерін тигізеді (ұлты - қазақ, өз елі – қазақ). Біртұтас ұлт, Қазақстан халқы «Қазақстан - біздің ортақ үйіміз» ұранының нақты іске асуына ықпал етеді. Жаңа қазақстандық патриотизм, жоғары адамгершілік рух, ұлт рухы азаматтық сәйкестендірудің нақты атрибуттарына айналады, яғни, олар жақсы тілектер мен армандар емес, нақты әлеуметтік және саяси күш бола алады.

«Қазақстанда азаматтық ұлтты қалыптастыру нақты азаматтық қоғам болуының маңызды нәтижесі. Азаматтық ұлт және азаматтық қоғам бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірін өзара болжайды және бір-бірінсіз өмір сүруі мүмкін емес. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, бұл азаматтық ұлт пен азаматтық қоғамның көлденең байланыстары мен тік байланыстары қоғамда бар» деген [8,52].

Мұндай байланысқан және өзара біріктірілген идеологияның құраушыларын жетілдіру қажет. Сондықтан патриотизмнің үстемдігіне және қазақстандық азаматтық бірегейлікке сүйене отырып, қоғамдық келісім идеологиясына, ұлтаралық татулық пен ізгілікке жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде пайдаланып, өмірлік тәжірибеде бекуіне келесі авторлардың: Қ.Н.Меңлібаев, Ахметова Л. С., Бектұров А., Бижанов А., Қасенов У., Жүсіпов С., Дьяченко С., Адығалиев Б., Ешанов Д., Мусин О., Қарымсақов Е. пікірлері негіз болады.

Әлеуметтік бірегейлікті, ең алдымен, мемлекеттік-азаматтық бірегейлікті қалыптастыру тетіктерінің мәселелері әлі де болса кенжелеп келеді. Соңғы

кезеңдерде елімізде қазақстандық жастар арасында ұлттық бірегейлікке тарту мен сәйкестендірулердің таралуының өсуі байқалуда. Қазақстандық қоғамға сыртқы ықпал жасаушы жалпыадамзаттық мәдени және діни мәдени дүниетанымдық ағымдармен бетпе-бет келуі - бұл өзіндік даму бағытындағы ұлттық тәрбие және ұлттық болмысқа /қазаққа/ тән мұраларды жоғалтып алу қаупіне айналуы мүмкін көкейкесті мәселелер бар, бұнда ұлттық және мәдени сәйкестілікке жұтылуы.

Бұл - елдегі біріздікті, тұтастықты және бірлік пен қоғамдық келісімді сақтауды талап ететін айтарлықтай күрделі міндет. Сонымен қатар, қазақстандық мемлекетте өмір сүруі қажет қазіргі геосаяси жағдайлар жеке тұлғаның азаматтық бірегейлігі мен патриотизм мәселесі өзекті болып отыр. Осыған байланысты, мемлекет дамуының қазіргі кезеңінде қалыптастыру және нығайту бойынша белсенді іс-шаралар қабылдануда, азаматтық қағидатына негізделген қазақстандық бірегейлік. Елдің барлық негізгі бағдарламалық құжаттарында қоғамдық сананы трансформациялаудың өзекті идеясы алдағы онжылдықтарда, яғни, қоғамдық сананы қалыптастыру дәйекті және табанды түрде жүргізілуде. Қазақстандық бірегейлікті XXI ғасырда дамудың және әлемнің өркениетті елдерінің қатарына енудің қажетті шарты ретінде қарастыру керек [71,72].

Бұл жерде келешекте білім беру мен тәрбие саласындағы өзекті мәселелерді шешу, өскелең ұрпақтың маргиналдануы мен радикалдануы алдын алу ерекше маңызға ие болады. Бұдан басқа, ұлттың өзіндік санасының күшеюі- жалпыұлттық мемлекеттік-азаматтық бірегейлікті табысты қалыптастыру мен нығайту үшін көкейкестілікке айналып отыр. Алайда, халықаралық тәжірибені зерделеу - қазіргі әлемде азаматтық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамыту саласында бірыңғай стандарттардың жоқ екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жаһандану дәуірінде ұлтаралық ерекшеліктердің (ана тілі, мәдениеті, ділі және т.б.) сақталуы маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Ал, Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, ел азаматтарының қандай ұлттық топқа жатпаса да, қандай діни сенім мен идеялық нанымға сүйенсе де және өздерін осы қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуінің маңызы зор, елімізде болып жатқан оқиғаларға өз қатыстылықтарын сезініп, олар белсенді азаматтық ұстанымға ие бола алады. Зерттеумен айналысатын қазіргі зерттеушілер азаматтық бірегейліктің және жеке тұлғаның әлеуметтік сәйкестілігінің құрамдас бөлігі деп пайымдайды. Мысалы, этникалық және саяси ерекшеліктерге бөлу [73].

Осы мән-мәтінде ұлттық құрылыс үдерісінде «Қазақстандық бірегейлік» деген сөз тіркесін пайдалану, біздің ойымызша, неғұрлым дұрыс және айқын болып көрінеді. Сонымен бірге, бірқатар еңбектерде мемлекеттік және азаматтық ұқсастықтарды ажырату қажеттілігі баса айтылған, бұл ретте географиялық /аумақтық/ аспект және жеке адам мен мемлекеттің тұрақты саяси-құқықтық байланысы ретінде азаматтықты қазіргі заманғы түсіну ажыратудың өлшемдері болып табылады. Белгілі ресейлік ғалым В. А. Тишковтың пікірінше «Мемлекеттік сәйкестік азаматтық өзін-өзі танудан гөрі қарапайым және жылдам дамиды» [74].

Азаматтық тәрбие мен білім берудің көкейкесті мәселелері көптеген зерттеушілердің назарында болғанына қарамастан, жастардың, оның ішінде мектептің жоғары сыныбы 10, 11-сынып пен колледж және ЖОО студенттерінің бойында азаматтық бірегейлік сезімін қалыптастыру және даму мәселелері іс жүзінде дамымаған. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесі мектептің жоғары сыныбы мен студент жастардың өзін азаматтық қоғаммен, оның талаптық ережелері мен құндылықтарымен байланыстыру қабілетін қалыптастыру міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл жастарға өздерін өз елінің толыққанды азаматтары ретінде және белгілі бір азаматтық қоғамдастыққа жататындығын сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге кез келген қоғамның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруын кейде ұзақ тарихи уақытты алатын күрделі үдеріс екенін есте ұстаған жөн.

Бұл тұрғыда білім беру мен тәрбиелеу басқа мәдениеттерге жататын адамдармен «бірге өмір сүруге», әртүрлі көзқарастар мен сенімдерге ие болуға, осы мәдениеттер мен оның жақтаушылары арасында әділ ымыраға келуге үйретеді. Алайда, білім алушыларда азаматтық қауымдастық, бірегейлік, жомарттық пен тектілік, төзімділік пен татулық және т.б. туралы дұрыс түсінік қалыптастыруға бағытталған ең тәжірибелі педагогтер де, сонымен қатар осы қоғамда өзін-өзі ұстай білу және басқа адамдармен ынтымақтастық жасау әрдайым дұрыс әдістерді қолдана бермейді. Оларды іс жүзінде жүзеге асыру мектептің жоғары сынып оқушылары мен студенттердің қажетті нәтижеге қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Сондықтан жастардың бойында азаматтық бірегейлік сезімін жеке білім беру нысаны ретінде қалыптастыру және нығайту жоғарыда аталған қайшылықтарды шешудің нақты тәсілдерінің бірі болып табылады [75].

Азаматтық оқыту бойынша жақында жүргізілген зерттеулер мектептің жоғары сынып оқушылары мен студенттердің азаматтық сәйкестігі олардың кім екендігі туралы түсінігін көрсетеді, ұлтқа қатысты олардың өмірлік тәжірибесімен анықталады. Алайда, азаматтық оқытуды әлеуметтік ғылымдар бойынша оқу бағдарламасына біріктіруге күш салу, әдетте, бұл ұғымға негізделмейді. Бұл идеяны тексеру үшін орта мектепке арналған АҚШ тарихы курсы жасалды. Бұл жобада оқытушылар мен зерттеушілер тобы АҚШ тарихының мемлекеттік курсын тиімді азаматтық оқыту және американдық мектеп оқушыларының азаматтық тұлғасын қалыптастыру мүмкіндігіне қалай айналдыруға болатындығы туралы мәселені қарастырды [76].

Осыған байланысты азаматтық сәйкестілік бірнеше қызметтерді атқаратындығын атап өткен жөн. Олардың ішінде:

-адамды белгілі бір қауымдастықпен біріктіретін «Біз» сезімін қалыптастырудан тұратын өзара байланыс пен әсерінің қызметі;

- әлеуметтік маңызы бар және әлеуметтік бағаланатын қызмет түрлерінде жеке тұлғаның өзін-өзі тану қызметі;

- адамның топқа мүшелікке деген аффилиирленген қажеттілігі жүзеге асырылатын қорғаныс қызметі, бұл адамға қорқынышты жеңуге мүмкіндік береді және алаңдаушылық өзгермелі жағдайларда, осылайша сенімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді [77].

Зерттеу мәселесі бойынша жұмыстарды талдау ғылымда түсінуге қатысты бірнеше негізгі бағыттар бар екенін көрсетті. Олар: жеке тұлғаның азаматтық сәйкестігінің мәні мен құрылымы. Зерттеуде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үш аспект бойынша жүреді: құндылық, танымдық және белсенділік, мінез-құлық. Көптеген дереккөздерді талдау негізінде «Азаматтық бірегейлік» ұғымы адамның белгілі бір мемлекетке, оның әлеуметтік-құқықтық жүйесі мен мәдениетіне жататындығын саналы түрде қабылдауында, өзін белгілі бір дүниетанымның тасымалдаушыларымен өзін-өзі тануында көрінетін моральдық қағидалық ұстанымдар, ойлау және мінез-құлық, негізгі әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық тұлға ретінде анықталады [73].

Психологиядағы өзін-өзі тану дегеніміз жеке тұлғаның әртүрлі ерекшеліктері, оның мәні, өзін-өзі тану, көптеген қоғамдық байланыстар жүйесіндегі орындар туралы процесі деп түсініледі [78].

Қазіргі уақыттағы Қазақстан жастарының жеке тұлғалық болмысында азаматтылығы мен бірегейлігінің қалыптасуы үшін әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының иделогиялық бағытын әлеуметтік тәжірибеге енгізудің қажеттілігі орын алуда. Зерттеу аясында мектептің жоғары сынып 10,11-сынып оқушылары, колледж бен ЖОО-ның студенттерінің түсініктерін анықтау мен олардың жеке азаматтық ұстанымының бекуі және оның тұрақтылығы басты мәселе болып табылады. Мәселен, жастардың өзін-өзі анықтауға ықпал ету және болашақта оған өз елінің қабілетті азаматы ретінде сезінуге көмектесу. Біз жастардың жас ерекшеліктері арасында азаматтықты тәрбиелеуді қоғамдық-саяси және құқықтық білім жүйесін, мемлекетке құрмет көрсетуді, жауапкершілікті, белсенділікті, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасайтын нысаналы әлеуметтік маңызы бар қызметте азаматтық ұстанымды қалыптастыруды қамтитын үдеріс ретінде қарастырамыз. Жастарды азаматтыққа тәрбиелеу жөніндегі негізгі міндеті тікелей қызметті жүзеге асыруға, бұрын қалыптасқан дағдылар мен қабілеттерді нығайту мақсатында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясы аясында бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін тәжірибелік дайындық бағдарламаларға қатысуға болады. Тікелей тәжірибелік іс-әрекет барысында тірек білімді өзектендіру, танымдық мүмкіндіктерді дамыту, қалыптастыру, жұмысқа шығармашылық көзқарас, әлеуметтік маңызды іс-әрекетке эмоционалды және құндылық қатынасы жүреді [79].

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды әртүрлі әлеуметтендіру институттары жүзеге асырады, оның ішінде мектеп, ЖОО мен кәсіптік білім беру мекемелері, БАҚ және қоғамдық ұйымдар. Қазақстандық жастардың жеке тұлғалық азаматтығының бірегейлігі мен сәйкестігін қалыптастыру - бұл Қазақстанның білім беру жүйесінің басты міндеті. Өйткені, жоғары сынып оқушысы мен кәсіптік білім беретін колледждер және ЖОО-да мамандықтар бойынша білім алатын студенттердің зияткерлік, азаматтық, рухани және мәдени өмірі оқу-тәрбие беретін мекемелермен тікелей байланысты. Бұндағы ең бастысы, жалпы білім беретін мектептердің жоғары 10, 11-сынып оқушыларының әлеуметтік тәжірибесін жинақтау, құндылық ұстанымдарын

трансформациялауды «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде жүзеге асыру ұзақ мерзімді және тұрақты түсінік ұғымдарын қалыптастыруда шешуші мәнге ие болады деп айтуға болады. Себебі, бұл кезең сол жастағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріндегі мәселен, олар өздерінің өмірлік тәжірибелерінің аздығына қарамастан ересек адамдар ретінде санап, өзіндік көзқарастарының қалыптасуы мен дамуына жеке өзіндік пікірлер мен дәлелдемелер келтіре отырып, өздерінің «Мен» деген сенімдері басымдау болады.

Қазақстандық жастардың ұлттық сана-сезімінің жоғары деңгейін қалыптастыру - ұлттық тәрбие мен білім берудің мақсаты болғандықтан, ол «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының ұлт-қалыптастырушы, азаматтық және жалпыұлттық құрамдастары контексінде жүзеге асырылуы тиіс [80].

Аталған пікірлерге сәйкес, төмендегідей түйіндеуге болады:

- қазіргі жағдайда ұлттық тәрбиенің өзекті міндеттерінің бірі Қазақстан жастарының бойында ұлттық сана-сезімнің жоғары деңгейін қалыптастыру болып табылады;

- жастардың ұлттық сана-сезімінің жоғары деңгейін қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының аса маңызды үш құрамдас бөлігі тұрғысынан жүзеге асырылуға тиіс. Олар:

а) ұлттық сәйкестендіру мен ұлтаралық әлеуметтенуді дамытуға бағытталған ұлттық идеология негізіндегі тәрбиені жүзеге асыру;

б) азаматтық сәйкестендіруді дамытуға бағытталған көпмәдениетті тәрбиені жүзеге асыру;

в) жалпыұлттық, жастардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған зияткерлік тәрбиені жүзеге асыру.

Қазақстандық жастарда көпмәдениетті тәрбиелеу азаматтық сана-сезімді, азаматтық әлеуметтенуді, азаматтық сәйкестендіруді дамытуға бағытталуы керек. Сонымен қатар, зияткерлік тәрбие болашақ ұрпақтың дамуына бағытталуы тиіс. Осылайша, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жалпыұлттық құрамдас бөлігінің іске асырылуына ықпал ете отырып, жалпыұлттық сана-сезімнің, жалпыұлттық әлеуметтенудің, жалпыұлттық сәйкестендірудің бірыңғай жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді [13,80].

Сондықтан:

- байырғы заманнан жерді мекен етіп келе жатқан мемлекет құрушы тұрғылықты ұлттың өкілдері өзін-өзі тану бейнесін қалыптастыруға бағытталуында, «Мен қазақпын, мен қазақ халқының өкілімін», «Бұл жер – Отаным және ата-бабадан маған мұра болып жеткен құндылық» деген түсінік берік қалыптасуы керек;

- Қазақстанды мекен ететін бірыңғай мемлекеттік азаматтығына ие басқа ұлт өкілдері Қазақстандық бірегейлік ұлт пен сәйкестілікті негізге ала отырып өзін-өзі тануда «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын» бейнесін қалыптастыруы керек және осы құндылықты меңгеріп мақұлдауын жүзеге асыруы тиіс;

- бүкіл Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегейлігі мен сәйкестік құндылығындағы сана-сезімі «Мен - Біз - біргеміз - зияткерлік» бейнесін беретін құндылықты бірлесе қабылдап, дамытуға бағытталуы тиіс.

Қазақстан жастарының ұлттық сана-сезімін қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының азаматтық құрамдас бөлігінің мәтіндік мазмұнында мемлекет құраушы ұлттың өкілдері мен басқа ұлт өкілдері үшін болуы тиіс бейнені қалыптастыруға бағытталған: Мәселен, «Мен-Қазақстан Республикасының өкілімін», «Мен - Қазақстан Республикасының азаматымын», «Тек қазақ тілін -мемлекеттік тіл ретінде мойындаймын және меңгеремін, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді білемін, қазақтың ұлттық мәдениетінің, рухани құнды мұраларының қалыптасуы мен даму тарихын жетік білуге тиіспін». Қазақстан халқының бейбітшілігі, тыныштығы, өзара татулығы мен бірлігінің сақталуы үшін жауаптымын. Бұл мен меңгерген ұлттық сана-сезімнің, халқымның ділінің өркениетті даму жолы екенін түсінемін. Бұл мен азаматы болып табылатын Қазақстанның қуатты және өркениеттікке ұмтылысындағы дамыған мемлекеттің қалыптасу жолы деп түсінемін.

Ғылыми әдебиеттерде азаматтық және мемлекеттік сәйкестілікте қарама-қайшылық бар. Сонымен бірге, біздің ойымызша, мемлекеттік сәйкестікте субъектінің өзінің географиялық /аумақтық/ қабылдауын азайтуға болмайды. Азаматтық бөліністен туындайтын керек-жарақтар және мемлекеттік сәйкестілік, өйткені ол - күрделі кешенді танымдық-құндылық білім болып табылады. Құндылықтар, нормалар, идеялар және идеялдар енгізілген жеке тұлға өзінің әлеуметтік мәртебесі, құқықтары мен міндеттері және осы қауымдастыққа тиесілі басқа да белгілері жатады.

Сондықтан азаматтық бірегейлікті интегративті сапа ретінде анықтауға болады. Бұл адамның кез келген мемлекеттің азаматтары қауымдастығына саяси және құқықтық жататындығын түсінуінің нәтижесі және құндылыққа бағытталған әлеуметтік қызметте көрінеді. Азаматтық және азаматтық сәйкестік ұғымдары саяси теория мен саяси психологияда басты орын алады. Бірқатар американдық зерттеушілердің пікірінше, азаматтық сәйкестіліктің әртүрлі мағыналары бар және оның тұжырымдамасы субъективті, этникалық және саяси аспектілері бар деп жақсы түсініледі. Азаматтық сәйкестікті олар жаһандану мен иммиграцияға қатысты қазіргі пікірталастарды түсіну үшін азаматтық құрылымдарда қарастырды [81].

Еліміздегі қоғамдық құрылымның жедел түрлену барыстары және жалпы адамзаттық құндылықтар басымдығының күшеюі, жаңа типті ойлауды қалыптастыруды, ел тарихы туралы білімдер мен ондағы азаматтық құндылықтардың негізінде жеке тұлғаны бағдарлы дамытудың орны мен рөлін анықтау және жастарға азаматтық тәрбие беру мәселелері қажеттілікті арттырып отыр. Жастарға азаматтық тәрбие беру, осы бағытта халықтық тәлімдік мұралардың тәрбиелік мүмкіндіктерін ұштастыру, жетілдіру - өзекті мәселелердің бірі екендігі анық.

Азаматтық тәрбие берудің түрлері мен бағыт-бағдарлары алуан түрлі (Сурет 1).




Сурет 1 – Азаматтық тәрбие

Сурет 1-дің жалғасы




Азаматтық тәрбие де, тәрбие берудің өзге түрлері сияқты, жеке тұлғаға нақты адамға бағытталатыны белгілі. Осы тұжырымнан шыға отырып, азаматтыққа тәрбиелеуде ұлттық тарих пен халықтық рухани құндылық мұраларындағы қалыптасқан жолдар және осы саладағы бүгінгі ізденістер, ғалымдардың осы бағыттағы ой-пікірлері, ғылыми қорытындылары мен байламдары Қазақстан жастарының бірегейлік және азаматтық сәйкестендіру бағытындағы жүргізілетін тәрбие жұмыстарына қолдануды кеңінен қарастырып, зерттеулер жүргізуде [82].

Жастардың дүниетанымдық сана-сезімін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде бекіту жалпыұлттық құрамдас бөлігі ретінде зияткерлік тәрбиені қалыптастыруға бағдарлануы керек. Қазақстандағы жалпыұлттық бірегейлік пен сәйкестендіруді өмірлік тәжірибеге ендірудегі басты мақсат - «Мен - біз-бәріміз - бірге – зияткерлігі жоғары-бәсекеге қабілетті ұлтпыз» деген түсініктегі бейнені жүзеге асыру.

Осы негізде түркі әлемінің данышпаны Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат» - деген даналық ой-тұжырымдары бүгінгі күнмен де астасып жатқандығын ескеріп, бүгінгі жастарды тәрбиелеп, өмір жолына баулу барыстарында озық ғылым мен білімді меңгерте отырып, ұлттық тәлім-тәрбие мұраларындағы құндылықтардың олардың танымдық және тәрбиелік болмыстарының өзегі ретінде басты шарт болу керек екендігін естен шығармау қажет [83].

Осы тұрғыдағы тәсілдерді қолдану ұлттық сана дамуын жүзеге асыруға ықпал жасайды және ұлттық рух, патриотизм, азаматтық және әлеуметтік белсенділік Қазақстан мемлекетінің жастарының тұлғалық болмысында «Мен» және азаматтық бірегейлік пен сәйкестендіруде «Біз» жалпыұлттық, зияткерлік және бәсекеге қабілетті ұлтты дамытуға бағытталған «Біргеміз» түсінігінің айналысына шоғырланған қозғалысқа айналады.

ЖОО-да білім алушы студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының аса маңызды үш бөлігін басшылыққа алу керек. Қазақ жастарының мемлекет құрушы ұлт өкілдерінің ұлттық сана-сезімі дамуының жоғары деңгейі айқындалуы тиіс:

- ұлттық бірегейлік пен сәйкестендіру деңгейінде «Мен-қазақ халқының өкілімін» бейнесін қалыптастыру;

- тұлғалық бейнені қалыптастыруда азаматтық бірегейлікпен сәйкестендіру «Мен - Қазақстан Республикасының өкілімін», «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын»;

- жеке ұлттың тегін білу мен түсіну, қоғамдық сана мен әлеуметтік жадыны дамытудың өзегі ретінде өз халқының тарихи даму жолын білу;

- мемлекеттік тіл - қазақ тілін меңгеру;

-өз халқының ұлттық салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпын және рухани мәдениетін жетік және терең меңгеруі және оларды өмірлік тәжірибеде пайдалану.

Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық және педагогикалық ой-пікірлік тұжырымдарында жастардың азаматтық тұлға болмысында адами түсінікті жоғары ұстанатын дүниетаным басым болатындығын негіздейді. Оның жастардың бойына азаматтық қасиеттерді сіңіру жолы білім мен тәрбие туралы идеяларында «Тәрбие - халықты білімге негізделген ізгіліктік-этикалық өлшемдермен қамтамасыз ету тәсілі», - деп адамдық қасиеттерді қалыптастыру және оларға ғылым, өнер, кәсіптерді меңгерту қызметін атқару қажеттігіне мән берген. Әбу Насыр әл-Фараби жастардың бойында азаматтық бейнені беретін ұлттық тәлім-тәрбие мұраларының құндылықтарын бала туғаннан бастап сіңіру мен өмірдің өзгермелі жағдайында тәрбиені заман үйлесіміне орай

оңтайлы жетілдіру. Оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін, сондай-ақ ол адамның жоғары жетістіктерге жетуіне және бақытты болуына кепілдік бере алады. Ал азаматтың рухани болмысындағы адамгершілік пен ізгілік қасиеттері орта және тәрбие ықпалымен қалыптасады. Бұндай қасиеттердің қалыптасу мен дамуына кедергі жасайтын төрт түрі бар:

- тәртіпсіздік;
- қатігездік-адамгершілік түсініктің болмауы;
- құбылмалылық;
- адасу.

Азамат болу және аталған кедергілерді жеңу үшін адам алдымен өзін-өзі танып білуі тиіс. Жеке басындағы кемістіктерін және жағымсыз қылық-әрекеттерін тәрбие арқылы ғана түзете алады, жағымды қасиеттерді жетілдіреді, әдеттерді қалыптастыруға болатынын негіздейді.

Тәрбиедегі өлшемді және тәжірибедегі көрсеткішті сақтауды басшылыққа алу қажеттігін ескертеді. Өйткені, «өлшемнен ауытқу - не артықшылық, не кемшілік» - өмірлік тәжірибе жағдайында нақты көрінісін беріп, адам өзінің немесе өзге бір адамның әрбір әрекетті талдауға мүмкіндік алатынын айтады [84]. Бұл тұрғыдағы ой-тұжырымдар қазақтың ойшыл және ақыны Аронұлы Сүйінбай шығармасындағы: «Халықтың қалаулысы өзінің жылуымен өзгені де жылытады» - деген пікірі ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын жете сіңірген, халқына қызмет жасаушы адал азамат, ел-жұртының қамын ойлайтын ұлтжанды, жеке тұлға болмысын бейнелейді [85].

Педагог-ғалым К.Қожахметованың «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі» атты құралында: «Қазіргі мектептің ұлттық тәрбие жүйесінің мақсаттары – біртұтас әлем туралы ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру, оқушыларды жалпы азаматтық құндылықтарға тарту, сол құндылықтарға сәйкес мінез-құлық қалыптастыру» деген. Сондықтан мектептің ұлттық тәрбие жүйесіндегі ең негізгі орын алатынын, оның мазмұнының өзегі, түп қазығы ретінде: туған жер, Отан, отбасы, еңбек, ұлттық мәдениет, ана тілі, ұлттық өнер, ғылым, ұлт тарихы, діл мен дін, білім, бейбітшілік, біртұтас әлем, адам, азамат, ұлттық дәстүр, салт сияқты құндылықтарды алу керектігін айтады.

К.Қожахметова «Мектеп қабырғасынан бастап, оқушылардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиені ұлттық салт пен дәстүрге негіздеп, оларға ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру» керектігін айтты. Туысқандық қарым-қатынастардың әлеуметтік рөлдерімен тығыз байланыста екендігін түсіндіру барысында, қазақтың «Үш жұрты» туралы ұғымға баса назар аудару қажеттілігін көрсетті. «...Қазақ зиялыларының ұлттық мектеп туралы ой-пікірлеріне берген талдаудан мынандай тұжырым туындайды: ұлт мектептерінің қайсыбірінде болмасын (қазақ, орыс, ұйғыр, т.б.) ана тілімен қатар сол халықтың рухы, оның өсіп-өну тарихы, географиясы мен экологиясы, әдет-ғұрпы, тұрмыс салты, елдік білім берілуі қажет» [67].

Мектептегі 10,11-ші жоғары сынып оқушыларын әлеуметтендіру арқылы патриоттық ұстанымның және азаматтық бірегейлік тәрбиесінің берік болуына педагогтер олардың жас ерекшеліктерін есепке алуы мен оқытудың түрлі нысандарын, әдістері мен жаңашыл тәсілдерін шеберлікпен пайдалануға

бағыттайды. Азаматтық бірегейлік пен сәйкестіктің идеологиялық мән-мәтіні өзгеріске ұшырауы мүмкін. Бірақ педагогикалық идеяларды, қағидаттық ұстанымдары мен міндеттерді іске асырудың жаңашылдық тәсілдерінің қолданылуы мен ұйымдастырушылардың педагогикалық біліктілігі мен шеберлігінің негізгі талабы сол қалпында қалады. Оқушыларда азаматтық бірегейлікті қалыптастыру әдістері:

- тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған педагог пен оқушының өзара белсенді әрекет байланыс қызметінің тәсілдері;

- нақты педагогикалық міндеттерді шешудегі жүретін тәрбие үдерісінің жаңашыл тәсілдерінің бірліктері;

Осы өзара іс-қимыл субъектілерін тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге бағытталған педагог пен шәкірттің, оның ата-анасының, педагог пен ұжымның өзара іс-қимылының шарттары мен құралдары ретінде қарастыруға болады [14,86]. Патриоттық тәрбиенің азаматтық ұстанымдарын адам өмірінің адамгершілік мағыналарынан, оның құндылықтары мен ынталарын бөліп қарауға болмайды. Заманауи білім беру кеңістігіндегі түрлі білім беретін мекемелерде оқитын шәкірттердің жеке тұлғалық болмысын рухани-адамгершілік дамыту және тәрбиелеу, білім алушылардың басты ұлттық құндылықтарды меңгеруі мен бойларына сіңіруді педагогикалық үдеріс ретінде қарастыру маңызды. Кез келген өзінің педагогикалық қызметінің мазмұны мен ерекшелігіне қарамастан, педагогикалық іс - әрекетінің негізі ретінде озық үлгідегі құндылықтар жүйесін басшылыққа алуы қажет. Дегенмен де, оларды қалыптастыру көздері оқытылатын пәннің оқу материалдарының мазмұнымен үйлесімділік табуы керек. Білім алушыларға меңгертетін құндылықтар анықталған міндеттер арқылы сыныпта немесе аудиторияда жүргізілетін оқыту түрлерінде және мектептегі сабақтан тыс немесе аудиториядан тыс студенттердің өзіндік жұмыстарында жүзеге асырылуы мүмкін. Бұнда азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мүмкіндіктері оқытылатын оқу пәнінің материалдарының мазмұнымен және оны зерттеудің әдістемелік тәсілдерімен айқындалады. Білім алушылардың рухани-адамгершілік болмысының дамуы мен тәрбиесінің басты өзегі - білімнің мазмұндық, эмоционалды құндылық және белсенділік құрылымдары екенін басшылықта ұстау керек.

Қазіргі заманда қазақстандық қоғам үшін әрбір адам өз тарихын есте сақтап, өз елін мақтан тұтып және әрбір адамның бақыты елдің табысына байланысты екенін түсініп қоймай, сонымен қатар мемлекетте болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамауы маңызды. Жастар - белгілі бір түзетулермен қоғамдық сананың жай-күйін болжауға мүмкіндік беретін топ. Жастардың азаматтық бірегейлігіндегі нақты трендтерді анықтау үшін сәйкестілік мазмұнының үрдістерін бағалау ғана емес, сонымен қатар олардың өздері болашақ ұрпақтың өзіндік сана-сезімін қалыптастыруы да маңызды.

Қазақстандық жастардың, мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледж білім алушылары және ЖОО студенттердің жеке тұлғалық болмысын қалыптастыру мен дамыту барысындағы тәрбиелеуде қоғамда ұсынылған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда олардың бірегейлік

сәйкестіктегі азаматтық бітім-болмысын жетілдіру басты мәселе болып табылады. Ол қазақ қоғамының қазіргі және болашақта дамуының өзегі ретінде болуы керектігі негізделген.

### 1.3 «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде Қазақстан жастарын патриоттыққа тәрбиелеудің ерекшеліктері

Бүгінгі уақыттағы елімізде түрлі қоғамдық өзгерістер мен түрленулер кезеңінде тәрбиелеу және білім беру саласын реформалауда. Атап өтсек, мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны, колледждердің академиялық ұтқырлық мәселелері, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды сапалы даярлау және жастарды азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отыр. Елімізде жаңа ғасырдың білімдік және өркениеттік кеңістігіне ену мүмкіндігін қамтамасыз ету барысында жалпы білім мен бағытталған ұлттық мазмұнды қамтитын тәрбие беру жүйесін реформалаудың жаңа парадигмасы қалыптасты. Оның басты өзегі болып табылатын құрылымы білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясат тұжырымдамасында білім, ғылым және мәдениет туралы басшылыққа алынатын ұстанымдары арқылы көрсетілген. Мемлекетімізде идеологиялық бағыттағы орын алып отырған қоғамдық және әлеуметтік саясатқа байланысты мектеп, колледж және жоғары оқу орындарында білім алушы жастарды азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеу мен оқыту арасында өзара ішкі байланысы мен үйлесімділіктің әлі де жүйе түрінде қарастырылмаған. Мұндағы басты мәселе - «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында Қазақстандық жастармен жүргізілетін идеологиялық жұмыстардың мазмұнын толық ашып жеткізу мен олардың өмірлік тәжірибесінде мәні мен маңыздылығында азаматтық пен патриоттыққа байланысты үгіт-насихат пен қоғамдық сананы қалыптастыру, педагогикалық және психологиялық жолындағы әдіс-тәсілдер мен оны жүзеге асырушы тетіктердің жүйеленгендігі анық. Яғни, бұнда сапалы білім мен саналы тәрбие беру үдерістері мектеп, колледж және ЖОО-да білім алушы жастарға азаматтық пен патриоттыққа бағытталған арнайы білім, білік және дағдыларды меңгерту. Сонымен бірге жастардың азаматтық-патриоттық, тұлғалық дүниетанымын, туған еліне, Отанына жаңашылдық көзқарасын қалыптастыру қажет. Мемлекетіміз егемендік бағыттағы даму жолында білім беру саясатының өзгеруіне сәйкес жастар тәрбиесінің мазмұны да жетілдіріліп, қазіргі заман талабына сай үйлесімді жүзеге асыру іс жүзінде өмірлік тәжірибеде орын алды. Мәселен, «Қазақстан» деп аталатын Отанын сүйетін патриот тәрбиелеу қажеттілігі басты міндет болып табылады. Бүгінгі уақыттағы әлемдік мәдениеттің түрлі ағымдары тоғысып, өкінішке орай бүкіладамзаттық құндылықтардың өлшемдері мен мән - мағынасы туралы түрлі жағымсыз түсініктер мен ұғымдар ене бастады. Осы кезеңде әрбір ұлт, халық, жастарының болашақтағы тәрбиесін дұрыс жолға қоюды қамтамасыз етеді және олардың тиімді мазмұны мен жүзеге асыру жолдарының түрлерін айқындауды міндеттейді.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасыр табалдырығында» атты еңбегінде: «Ең маңыздысы – өз-өзіңді тану, жас ұрпақты Отанға деген шынайы сезімге тәрбиелеу, жалпы адамзаттық құндылық демократияландыру мен тәуелсіздік әкелген бостандық, едәуір дәрежеде тұлғаның құқықтары мен бостандығын көтеріп, бір құнды бағытқа біріктірді. Ол - еркіндік пен жауапкершілік». Тұлғаның азаматтық жауапкершілік сезімі рухында Қазақстандық патриотизмнің дамуына көңіл бөлу қажет. Сондықтан, «Егер әр адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, ол мен үшін жауапты, мен ол үшін жауаптымын», осы бағыттағы таным-түсінікті жастардың бойына берік сіңіру, біздің басты мақсатты идеямыз болуы қажет екендігін негіздеді [87,88].

Қазақстанның жаңа даму жолына түсуі қоғамның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылыққа бағдарлаған жаңа идеологиясын қалыптастыруды қажет етеді. Бұған патриотизмді де енгізуге болады.

«Патриотизм» ұғымына ғылыми еңбектерде көптеген түсініктемелер мен анықтамалар берілген. Мәселен, философиялық түсіндірме сөздікте «Патриотизм деген – Отанға сүйіспеншілік, оған шынайы берілгендік, оның өткені мен бүгінгісі үшін мақтаныш, Отан мүдделерін қорғауға ұмтылу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім» делінген. Ал, лексикалық мағынада «Патриотизм - Отанға сүйіспеншілік, өз Отанына, өз халқына берілгендік », - деп келтіріледі [89]. Ұлттық энциклопедиялық сөздікте «Патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезім» деп түсіндіріледі [90].

Келтірілген түсіндірмелік анықтамалар адамгершілік қасиет ретінде патриотизмнің мәнін неғұрлым анық ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары екендігіне тоқталған болатын. Сонымен қатар, «Біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды» деген. Бұл жалпыұлттық және жаңа қазақстандық патриотизмнің іргетасының негізін қалап, Отанымыздың барша көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, болашақ жастарымыздың келешек өмірінің жарқын екеніне мақтаныш пен сенімдікті туындатады [91].

Кеңес Одағының батыры, жазушы Б.Момышұлы: «Патриотизм - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман – саулығы, мемлекеттік қауіпсіздікке байланыстығын сезіну, әр адам өзінің мемлекетке тәуелді, олай болса мемлекетті нығайту жеке адамдарды күшейту екендігін мойындау» деген [92,93].

Қазіргі уақытта жастардың тұлғалық болмыс-бітіміне патриоттық сананы қалыптастыру үшін патриоттық іс-әрекет ұйымдастыру қажет. Бұл шараны іске асыру үшін оқу-тәрбие үдерісінде отансүйгіштік тәрбие беруді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Білім беру жүйесінің барлық сатыларында қазақстандық жастардың отансүйгіштік сезімдерін дамыту және жаңа сапалық деңгейге көтеру - Қазақстан Республикасының даму болашағының көздеген

ұлы мақсаттары мен мұраттарын іске асырудың жолы болып табылады. Яғни, патриоттық тәрбие беру мәселесін мемлекеттік, қоғамдық-әлеуметтік ортада өзіндік мәні бар және оны педагогикалық тұрғыдан зерттеуді маңызды іс ретінде қарауды қажет етеді. Патриотизм – жаңа түсінік емес, қоғамдық сана нысандарының бірі, бұл тарихи санаты қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отырады.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихын, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де, барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс» [93].

«Патриотизм» ұғымы азаматтардың қоғамдық өмірдің саяси құрылымына және басқа да жүйесіне деген идеологиялық қарым-қатынасын білдіреді. Патриоттық тәрбие – әрбір жеке адамның таным-түсінігіндегі жоғары сезімге баулитын әр түрлі түсіндірмелік белгілермен, мәселен, жеке отбасы, істеп жүрген жұмысы, туып-өскен және мекен ететін жерімен байланыстырса онда, мемлекет, ел, қоғам, қоршаған ортаның тұтастығын қамтитын ауқымы кең мағыналы ұғым. Патриотизм жалпы алғанда ұлттық мәдениеттің, ал жекелей алып қарағанда саяси мәдениеттің элементі болып табылады. Патриотизмнің мазмұнына мыналарды жатқызған жөн:

- адамның өзі туып – өскен жеріне сүйіспеншілік сезіммен қарау;
- ана тіліне құрметпен қарау;
- Отан мүдделеріне қамқорлық жасау;
-азаматтық сезімдердің көрініс беруі және Отанға адалдықты сақтау, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау;
- әлеуметтік және мәдени жетістіктерге мақтанышпен қарау;
-Отанның өткен тарихына және одан қалған мұраларға, дәстүрлерге құрметпен қарау;
- өз еңбегін, күш-жігері мен қабілеттерін Отанның гүлденуіне арнауға ұмтылу [94,95].

Патриотизм тәрбиесінің бейнесі жеке тұлғаның Отанына деген сүйіспеншілігі мен қызмет жасау әрекетінен көрінеді. Қазақ халқы - рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың қалған рухани құнды мұраларымызда Отан, туған жер мен туған халқының қамын ойлаған жеке тұлғалардың жасаған ерлік істері мен өне бойды шымырлатар даналық өсиеті, нақыл сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, кейінгі жастардың бойына патриоттық пен азаматтық сезімдерін оятып, нық бекуінің құралы ретінде орын алып келеді. Жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандар ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де, өнерлі, адамгершілік ар – ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелегені тарихи шындық. Олай болса, тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ патриот ұрпағын тәрбиелеуде Қазақстандық жастардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, отансүйгіштік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде осы ата-бабамыздың салт - дәстүрін негізге ұстансақ, өте ұғымды болады [96,97,98].

Туған елге, жерге, Отанға деген ыстық сезім мен құрмет және оны қадір-қасиет тұту да дала ойшылдарының: «Отан - дәстүр мен ұлттық мәдениеттен тұрады. Отаннан күдер үзу болғанмен, дәстүр-салтты аттап кетуге жол жоқ» – деген мақалдары ұлттық дәстүр мен ұлттық мәдениеттің, патриоттық тәрбиенің негізгі құралы. Ол әрбір ұлттың одан бөлінбес құндылығы болып табылатындығын түсіндіреді. Яғни, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптар сақталып, онда азаматтық пен патриоттық сезімінің де қайта жанданып, өркендеуі болады деп ой салуы, ұлттық сананың қайта жаңғыру кезеңіне алып келуі – отансүйгіштікті, елдікті сақтаудағы сезімнің оянуының өзекті мәселесі болады [98].

Өткен заманнан бізге жеткен «Қорқыт ата» кітабында тәлім-тәрбиелік мазмұны күшті қанатты сөздер мен ұстаздық-ұлағаттық ұсыныстары бар. Мысалы: «Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшіңді сарп етпе. Батыр болып туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік өрге баспайды, өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық»,– деп келтіреді [99].

Әбу Насыр әл-Фараби: «Бақытқа жол сілтеу», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелермен бірге көркемдік, сұлулық, мейірбандық, білім, ұғым, түсініктерінің мазмұнын ашып, олардың негізін дәлелдеп берген. Мәселен:

«Кеткенім жоқ, елім, сенен атақ, бақыт, тақ іздеп,
Шықтым, жұртым, шалғай жаққа ғылым атты шам іздеп.
Ақтадым мен ақ сүтіңді келгенімше шамамның,
Ассам-дағы сексен жастан сәбиіңмін, балаңмын...
Айналайын атам – қыпшақ, туған жерім, сағындым.
Өз атыңа, құрметіңе қайда жүрсем табындым!» -деп өлең сөздермен туған жеріне деген сағыныш-сезімі мен туған елінің өркендеп өсуіне ықпал жасайтын ғылымның негіздерін іздеуі мен мақтаныш көңіл-күйдің орын алуы «Мен Отаныма, туған еліме, жеріме не бере аламын, не жақсылық жасай аламын» деген ой арқылы азаматтық және патриоттық сезімдерін білдіреді [100].

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері М.Шоқай: «Қазақтар патриотизмі өз еліне, осы жердің негізгі қожасы, елді – мемлекет құраушы қазақ халқына сүйіспеншілік жолына қолда барын, өмірін аямайтын адам», - деп түсіндіреді [101].

Қазақстанның жаңа даму жолына түсуі - тәуелсіз қоғамның жалпыадамзаттық құндылыққа бағдарлаған жаңа ұлттық идеологиясын қалыптастыруды қажет етеді. Бұған Қазақстан жастарының «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуды жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «...Еліне, туған жеріне, атамекен Отаны болып табылатын Қазақстанға сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі басым және оның тағдырына аландайтын

жастардың бойында азаматтық және патриоттық түсініктерінің бекем қалыптасып, дамуы үшін «Мәңгілік Ел» идеологиясы ұлтымыздың ұлы бағдары ретінде қарастырып - «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым», - деген болатын [1,22,23].

Бұл өз кезегінде әрбір қазақстандықты туған ел, туған жер, Отан мен мемлекеттің жеке мүддесінен жоғары тұруын және де «Отаным, мемлекетім маған не береді емес, Мен Отаным мен мемлекетіме не беремін?» деген қағиданы ұстанатын жастар қажет. Сондай-ақ елжанды, азаматтық-патриоттық құндылықтарды жете меңгерген, білімді, әрі өзгермелі дүниеге бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті, ұлттық болмысты толық сіңірген, қай жерде жүрмесе де «Менің Отаным – Қазақстан» түсінігін бекем ұстайтын қазақстандық патриотизмге берік жастарды тәрбиелеу. Бұл қазіргі жаһандану жағдайында қазақстандық бола отырып, әлемдік аренада өз орнымыздың бар екендігін дәлелдеу және берік ұстанудың өзегі болып, мемлекетіміздің алдыңғы қатарлы дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылуына жол ашатын негізгі міндеттердің бірі деп қарастырамыз. Идеологиясы жастарға берік қалыптасқан елдің болашағы жарқын әрі баянды болатындығын өмірлік тәжірибе дәлелдеп келеді.

Мемлекетіміздегі жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту мәселесі қоғамдық институттардың, ғалымдар мен саясаткерлердің, тәрбие мен білім беру жүйесі саласындағы педагогтердің кәсіби жұмыстарындағы өзекті тақырыптың бірі болып отыр. Бүгінгі қоғамда жастардың саяси-идеологиялық саналылығын көтеруде азаматтық-патриотизмді дамыту мәселесі қысқа мерзімде іске асатын немесе саяси-жарнамалық науқандық шара іспеттес ұрандата жасалатын іс-шаралардың қатарына жатпайды. Бұл өз кезегінде руханилылыққа бағытталған тәрбие. Бұнда ұлттық құндылықтар, азаматтық, бірегейлік пен сәйкестілік, мәдени-әлеуметтік, саяси-экономикалық көзқарас пен дүниетаным сияқты атаулы ұғымдардың мазмұндары ашылып, үндесетін және жастарға рухани байлық ретінде сіңірілетін құнды нәрсе. Бүгінгі күнде Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық құндылықтарын дамытудың өзегі ретінде «Мәңгілік Ел» идеясын басшылыққа алып, соның аясында тоғысуы қажет.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының аясында патриоттық актісін ұйымдастыруда педагогикалық үдерістегі әдіс-тәсілдерін аныктап, Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесінің теориясын негіздеп, әдістемесін әзірлеу және жастардың азаматтық жауапкершіліктерін арттырып, патриоттық сезімдерін бекіту мен дамытуда тәрбиелеудің технологиясын өмірлік тәжірибеге кеңінен қолдану арқылы қоғам мен әлеуметтік ортаға әсер ету. Сондай-ақ, қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың жолдары тәрбиелеудің әдіс және технологиялары арқылы жүйелі жүргізіліп, жалпыұлттық құндылыққа ортақ, қоғамдық-саяси, экономикалық-әлеуметтік, этностық, ділдегі бірегейлікті қамтамасыз ететін негізгі қағидалық ұстаным ретінде өмірлік тәжірибеге енгізіп, мемлекетіміздің даму жолындағы идеологияның басты өзегі етіп қарастыруға болады.

Қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға

бағытталған білімдік ортаны құрып, мүмкіндігін жүзеге асыру керек. Бұл педагогикалық тәсілдерді, оқыту технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асады және жастарды Қазақстанның патриоты - жалпыұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал жасайды.

Біздің диссертациялық зерттеу жұмысымызда патриоттық тәрбиеге қатысты жақын және шет елдердегі осы бағыттағы жұмыстарға шолу жасап өтейік. Мысалы, Беларусь мемлекетінде - «Біз – Беларусь жастарымыз!», «Я гражданин Республики Беларусь», «За честь Отчизны» патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылуда. «Беларусь жастар одағы» қоғамдық бірлестігі жастарды жан-жақты дамыту, оның шығармашылық әлеуетін ашу, жастарды әлеуметтік саланың түрлі жұмыстарына араластыру мен қоғамдық маңызы бар міндеттерді шешуге араластыру, өздерін патриоттық қозғалыстың өзегі ретінде санайды. Беларусь халқы мен мемлекетіне деген мақтаныштарын ояту мақсатында түрлі іс-шаралар жоспарланып, ресми құжаттар аясында Беларусь ғалымдарының еңбектерінде мазмұндалып беріледі [102,103,104].

Тәжікстанда «Тәжікстан азаматының патриоттық тәрбиесі» жастарға патриоттық тәрбие беру мемлекеттік деңгейде басшылыққа алынған [105,106].

Өзбекстанда «Өзбекстанда Ұлттық тәуелсіздік идеясына» негізделген патриоттыққа тәрбиелей оқыту басшылыққа алынып, «Өзбекстан Ұлттық тәуелсіздік идеясына» көп көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, заманауи озық дамудың өзіндік заңдылығын ұғынып, ұлттық тәуелсіздік идеясына негізделген оқыту жүйесі енгізілген [107].

Ресейде «Ресей ұлттық идеясының» бағдарламасының негізінде «Патриотическое воспитание граждан Российской Федерации на 2016-2020 годы», «Юность России», «России верные сыны» т.б. тақырыптық мазмұнындағы әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы қоғамдық сананы қалыптастыруда жастарды патриотизмге тәрбиелеудің өзегі ретінде жұмыстар жасалуда. Бұл айтылған іс-шаралар көбіне мемлекеттер тарапынан арнайы қаржыландыруда. «Ресей ұлттық идеясының» мазмұны жастарды патриотизм мәнінде олар қай мемлекетте болмасын Ресей азаматының, кез келген жасампаз ұжымының болмысы, Ресей қоғамы өмірі негізінің ажырамас және маңызды сипаттамасының бірі ретінде тәрбиелеу болып табылады. Ресейде жастарды патриоттыққа тәрбиелеу жолдарында көптеген баламалы бағдарламалар педагогикалық үдеріс тәжірибелеріне ендірілген. Бұл бағытта Ресей ғалымдарының ғылыми негіздемелік еңбектері баршылық [108,109,110,111,112].

Ресей, т.б.мемлекеттер байырғы тарихи және терең ұлттық, мәдени ерекшеліктерін басшылыққа алып қарастырады [109,110]. Әлемнің алдыңғы қатарлы озық елдерінде патриоттықтың негізі ретінде көпмәдениетті тәрбие басшылыққа алынады. Оның бағыттары өзіндік ерекшелігі бар оқу бағдарламаларында көрініс тапқан. Шетелдік мемлекеттерде Австралия, Испания, Канада, Ресей, АҚШ-та патриоттық тәрбиеге ресми деңгейде ерекше көңіл бөлініп, мемлекеттік саясат жүйесімен көпмәдениетті тәрбиенің

патриоттық негізі ретінде қарастырады. Сонымен қатар, көпмәдениетті білім беру мен тәрбиені күшейту басым орын алған.

Патриоттық тәрбие беру аясында қоғамдық құрылымның өзіндік ерекшеліктерін басшылыққа алатын елдер :

- ерікті жаппай көші-қон нәтижесінде көпмәдениетті басшылыққа алатын АҚШ, Канада, т.б. [113,114,115,116,117,118].

- өз өткенінің көпмәдениеттілік салдарын әлеуметтік ортаның өзегі ретінде басшылыққа алатын Ұлыбритания, Голландия, Франция т.б. [120,121,122].

Қазақстандық жастардың қоғамдық санасын бекітуде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті тұғырына сәйкес, мектеп және ЖОО-да «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі негізінде білім беру үдерісін ұйымдастырып, алыс және шетелдердегі осы бағытта жүргізіп жатқан жұмыстары мен қазіргі әлемдегі патриоттық тәрбие жүйесін қарастырады. Біздің мемлекетіміз бен қоғамдағы әлеуметтік жағдайға үйлесімді келетін, яғни, халықтың жанына жақын, сондай-ақ, қазіргі қазақстандық жастарда азаматтық-патриоттық тәрбие, ұлттық идеяны қалыптастыру және дамыту тәжірибесінің негізінде жүзеге асырылуы қажеттілік және оның бағдарлы жолы болып табылады [123].

Қазақстанда болып жатқан саяси әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жүйесімен тәуелсіздігімізді одан әрі дамыту үшін, еліміздің тізгінін берік ұстауға қабілетті, парасатты, отансүйгіш ұрпақты тәрбиелеп шығаруды талап етеді. Ғасырлар бойы жинақталған халықтың бай рухани қазынасын және ғұлама ғалымдардың патриоттық тақырыптағы еңбектерін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық ой-пікірлері мен отансүйгіштікке баулитын тәрбие мұраларын зерттеу - бүгінгі жастардың тұлғалық болмыс-бітімін қалыптастыруда қажеттілігі артып отыр. Бұл қазіргі кезеңдегі жалпы ғылымаралық көкейкесті мәселе болып табылады.

Әлемде орын алып отырған әскери қақтығыстар мен терроризмнің белең алу себептерін елімізде болдырмау және мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап, қоғамдағы тұрақтылықты, ғылым мен техниканы, жаңа технологияларды дамыту арқылы экономикалық өсімді көбейтіп, бейбіт өмір кешу үшін жаһандану кеңістігінде өз орнымызды берік ұстануымыз керек. Қазақстандықтардың жалпыұлттық бірігуін, азаматтық жауапкершілігін арттыру мен патриоттық құндылықтарын дамыту «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде қазіргі уақытта өмірлік тәжірибеде іске асырылуы қажет.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің «Мәңгілік Ел» идеясын басшылыққа алып, қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі негізінде елбасының бес институционалдық реформасын жүзеге асырудағы 100 қадам – «Ұлт жоспары» ретінде біздің өмірлік тәжірибелерімізде орын алуда. Ұлттық жоспардың: 85-қадамында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі жобасын, 89-қадамында «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, жалпы білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу мәселесі қарастырылған.

Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық

тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында тарату өзекті мәселе болып табылады.

Н.Назарбаев: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – деп атап көрсетті. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» – ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. «Мәңгілік Ел» идеясының аясында жалпыұлттық азаматтық-патриоттық құндылықтарды қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде бекуін қамтамасыз ету керек [1,22,50,124,125]. Яғни, Отанға деген патриоттық сана мен сезімдік қасиетті қалыптастыруға ықпал жасайтын жағдаяттар:

- ұлттық сезім;
- ұлттық мақтаныш;
- ұлттық сана;
- ұлттық дәстүрлер;
- ұлттық парыз;
- бірлік және міндет.

Кеңес одағының батыры, жазушы Б.Момышұлының «Соғыс психологиясы» атты еңбегінде отансүйгіштік, патриоттық сезімдік қасиеттерге кеңінен сипаттама береді. Б.Момышұлы «ұлттық парыз» түсінігіне ерекше мән беріп, оның мағынасын әрбір азаматтың Отанға деген сүйіспеншілігі, сыртқы жаулардан туған елін, жерін сақтап қалуы мен ата-баба дәстүрін бағалап, үлкен құрметпен және жауапкершілікпен қарау деп ой түйіндеу арқылы ашады. Парыз сезімі Отанға, ел басына күн туған уақытта қиындыққа мойымай, қарсы келген дұшпанмен қайсарлық көрсетіп шайқасып, Отан үшін соңғы демі біткенше қызмет жасауға дайын болу сезімінен туады. Нәтижесінде бұл тікелей ерлік істер жасауға алып келетін азаматтық саналы және белсенді әрекет болып көрініс табады. «Ерлік - табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзіңнің ар-намысыңды және азаматтық абыройыңды ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін, азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас ұжым өмірінің игілігін ғана емес, қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жан, қанға-қан деп аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу», - деп негіздейді Б.Момышұлы [16,126]. Яғни, Қазақстанның қазіргі жастарының ұлттық сана-сезімінің, ділінің, азаматтық пен патриотизм жайындағы түсініктерінің беріктігі төмендегідей көрсеткіштен орын алуы керек:

- қазаққа қатысты тарихты, қазақ тілін, қазақи салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, ежелден келе жатқан мұраларды, атап айтсақ, материалдық және рухани құндылықтарды, ұлттық болмысқа тән адамдармен /ата-ана, тамырлас болып келетін ағайын-туыс, жекжат, жолдастық және т.б. үлкен кіші адамдармен/ қарым-қатынас этикасы мен мәдениетін т.б. білуі;

- жастар арасында қазақи түсінік пен нанымдағы дүниетаным мен ділдік көзқарастардың берік болуы, яғни, ұлттық таным болмысқа және өмір сүру салтына жат қылықтардан алшақ болуы;

-азаматтық болмыс-бітімінде білімді болып, ғылымды игеру арқылы өз Отанына қызмет жасау «Мен туған еліме, жеріме, Отаныма не бере аламын» деген ойды өз өмірінің қағидалық ұстанымы ретінде ұдайы басшылықта ұстайтын адами-рухани түсінігі басым – өз Отанына нақ берілген патриоттық сезім мен сенімі жоғары жастар қауымы.

Ал бұлар төмендегідей мәселелерге әсер етеді:
- ұлттың салауатты өмір салты мен денсаулығына;
- ұлттың болмысының зияткерлік әлеуетіне;
- заманауи жағдайда ұлттың бәсекеге қабілеттілігіне;
- Отанның қауіпсіздігі мен ұлттың тұтастығына.

Жоғарыда баяндалып өтілген мәселелер - бүгінгі күннің талабы және бұл дәлелдеуді қажет етпейді. Мемлекеттің берік және қуатты болып, біртұтастықта өркениетке даму жолында адам капиталын дамыту, яғни жастардың бәсекеге қабілеттіліктерін дамыту арқылы қоғамдағы өмір сапасын ұлттық рухани жаңғыру арқылы іске асыру деген түсінікті береді.

Сондықтан баяндалғандардың мәні мен маңыздылығын арттыру үшін төмендегі мәселелерді есепке алған дұрыс:

- қазіргі жаһандану мен әлемдік қатынастарға Қазақстанның ықпалдасуы мен өзара байланыста болу үдерісіне енуі жағдайында жастарды ұлттық идеологиясы негізінде қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелері ретінде баулып, тәрбиесін және жауапты азаматтылығы мен зияткерлік әлеуеттің жоғары деңгейімен дамытуда ұлттық рухани мәдениет құндылықтарын сақтау, ұлттық сана-сезімнің берік бекуіне және өзге ұлт өкілдерімен мазмұнды өзара келісім қарым-қатынас құруға қабілетті, ұлтаралық қарым-қатынасты жасай алу мәдениеті мен жалпыадамзаттық құндылық мәдениеттерінен білім түсінігі қажетті деңгейде болуы;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымдарындағы қоғам және әлеуметтік құрылым ортасын дамытуға арналған заңдар мен құқықтық ережелік талаптар, тұжырымдамалар, қысқа және ұзақ мерзімге арналған арнайы стратегиялық бағдарламалар т.б. заңнамалық құжаттар міндеттерін орындауда жастардың құқықтарын сақтай отырып, оларды азаматтық пен патриоттық құндылықтарға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге белсенділік таныту керектігін басшылыққа алып және іс жүзінде жүзеге асырылуын қадағалауы.

«Білімді, сауатты адамдар – бұл XXI ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші...». Мектептегі білім беруде қолданыста жүрген оқу бағдарламаларының мазмұнына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу» – қажеттілігін Н.Ә.Назарбаев айтқан болатын. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» – ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

Идея аясында азаматтық-патриоттық құндылықтарды ұлттық қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде бекуін қамтамасыз ету керектігі осымен негізделеді.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – қазақстандықтардың біртектілігі мен бірлігінің ауқымды да бірегей генетикалық бағдарламасы. Біздің рухани құндылықтарымыз бен ұмтылыстарымыздың негізгі форматын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуі тиіс. Онда экономика мен саясаттың, мораль мен діл мәселелері, Қазақстанның жаһандық әлемдегі орны жөніндегі көзқарастарымыз бір арнаға тоғыстырылған. Патриоттық акті, біріншіден, халқымыз қалыптастырған және өз жан-дүниесінен өткерген басты жалпыұлттық құндылықтар, екіншіден, мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың тағдыры мен оны дамыту, өркендету жолындағы өзара жауапкершілігінің өзегі. Біз жаңа белестерге қарай ілгері басқан қадамымыздың дұрыстығын компаспен тексергендей, патриоттық акт арқылы анықтайтын боламыз» [1,22,93,123].

Қазақстан халқының тарихи тағдыры мен жалпы мүдделері, елімізді дамытудың базалық құндылықтары көрінетін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жеті мызғымас тұғыры, жеті принциптері ұсынылған:

- Тәуелсіздік және Астана;
- жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім;
- зайырлы мемлекет және жоғары руханият;
- инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім;
- тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы;
- ұлттық қауіпсіздік;
- Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Белгіленген құндылықтарды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мәңгілік Ел» патриотттық актісін түсіндіру бойынша жұмыстарды қамтиды. Базалық құндылықтар негізінде тұлғаға тәрбие мен білім беру міндеттерін шешуде әлемдік және қазақстандық оңтайлы тәжірибелерге сүйенбеу мүмкін емес. Осы негізде 2016 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» IV сессиясында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі әзірленіп, қабылданды [50].

Патриотизм туралы түсінікті сана тұрғысынан алғанда, қоғамдық санадағы идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, құқықтық пен мәдениеттік және т.б. тәрбие түрлерінің мәні ашылмайтындығы шындық. Патриоттық сана Отанды өркендету мен қорғауға, ішкі даярлық пен қабілетті қалыптастыруға белгілі бір әлеуметтік-саяси бағыт береді. Яғни, патриоттық тәрбие өзге тәрбие түрлерінің құрылымдарымен өзара астасып жататын жүйе ретінде орын алады да, олармен біртұтастықта өмірлік тәжірибеде жүзеге асырылады. Патриоттық тәрбиенің қорытынды нәтижесі - «патриоттық сана» және оның берік бекуі. Жастардың өз Отанын дамыту мен нығайту жолындағы күресте және туған елін, жерін, сыртқы және ішкі жағымсыз Конституция мен қоғамдық заңнамалық жүйелеріне қайшы келетін әрекеттерден қорғау жолындағы іс-әрекеттерімен өлшенеді. Бейбіт өмір мен ел басына күн туған шақтағы ерен еңбек пен жауынгерлік ерліктері арқылы тарихи кезеңге лайықты ұлттық

дәстүрлер жасалады және олар тәрбие факторы ретіндегі мәнге ие болады.Патриоттық тәрбиенің мазмұндық құрылымы:

- тәрбие объектісі-жеке тұлғаның /жастардың/ болмыстық бітімінен яғни, бұрынғы шежірелік және өмірлік тәжірибеде қалыптасқан дүниетанымдық болмысы мен адами қасиеттері;

- отбасында, ұжымда және ықпал жасаушы әлеуметтік орта түсінігінде орын алған патриоттық тәрбиенің сабақтастығы мен бағыттылығын талап ететін қоғамдық өмірдің барлық салаларының өзара байланысы;

- тәрбиенің өзіне тән принциптері мен заңдылықтары;

-тәрбиенің барлық түрлері мен табиғи байланыстылығы, өзара ықпалдасуы;

- аға ұрпақтың тарихи кезеңдердегі Отан, ел, халық үшін жасаған өнегелік үлгі істері , ұлттық дәстүрі мен құндылықтары.

Қазіргі жағдайда ұлттық болмыс пен дәстүрге берік, елін, жерін құрметтейтін, сақтайтын және оны өркендетіп, дамытуға үлес қосатын азамат тәрбиелеу, жастардың бойына қазақстандық отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру - өмір талабы [127,128].

Бұл өзгерістер, бұрынғы идеологиялық бағдарлардың жаңа көзқараспен алмасуы патриоттық тәрбиенің мәнін, оның қоғамдық өмірдегі орнын, жастарды Отанына қызмет ету, жауапкершілікті болуға, елі мен жерін қорғау үшін әртүрлі қиындықтарды жеңуге және өзінің атқаратын міндетіне дайын болуға тәрбиелеу жұмысының мазмұнын қайта қарап шығуды талап етуде. Бүгінде қоғамымызда рухани адамгершілігі басым азаматтыққа және әлеуметтік құндылық ретінде шынайы патриоттық сезімін қайта жаңғырту, жастардың бойында жеке тұлғалық белсенділікті, әлеуметтік маңызды қасиеттерді қалыптастыру басты мәселенің біріне айналып, өзектілігі артып келеді. Сонымен қатар бірқатар міндеттерді шешуді қажет етеді. Мәселен, жастардың философиялық-дүниетанымдық көзқарасын жаңаша орнықтыру, оларға өмірдің бағдарлы бағытын анықтай алуына көмек беру, қоғамдық сана болмысын қалыптастыру мен дамыту, заңды, ұжымдық өмір ережелерін құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігін дамыту жұмыстарын жүйелі жолға қою керектігі анықталып отыр. Жастардың болмыс-бітімінде мұндай қасиеттердің бекуі өз Отанының дамуы мен өркендеуін және оның іргесінің берік болуындағы қорғаныс қабілетінің артуына жеке тұлға ретінде қамқорлық танытуынан көрінеді. Патриоттық тәрбиенің қазіргі міндеті оның тиімділігін арттыру, жастарды саналы азаматтық пен әлеуметтік белсенділік рухы жоғары мақсатта тәрбиелеуді жүйелі түрде жолға қою болып табылады [129,130,131].

Патриоттық тәрбие негіздері – халықтық тәлім-тәрбиелік рухани және материалдық мұралары, ұлттық психология және дәстүрлі қалыптасқан педагогика мен психология, тарих және әлеуметтік ғылымдар мен әскери ғылымдардың ғылыми теориясы мен тәжірибесін басшылыққа алады. Түрлі ғылым саласы жастарды патриоттық тәрбиеге баулудағы өнегелік-үлгісінің басты құралы болып қызмет атқарады. Сондай-ақ, жастардың азаматтық тұлғалық болмысындағы тиісті қасиеттерді қалыптастырудағы ұстанымдық

идеяларды басшылыққа алып,пайдалануға боларлық әдіс-тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Патриоттық тәрбиенің құралдарына халықтың мәдениеті, ұлттың жастарды тәрбиелеудегі құралдары, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, өнегелік мазмұндағы қанатты нақыл сөздер, аға ұрпақтың үлгілі өмір тәжірибесі жатады. Сонымен қатар, мемлекеттік қоғамдық құрылымның заңнамалық құқықтық ережелері, қоғамдағы азаматтарының бейбіт өміріндегі ерен еңбектері мен мемлекетке қауіп төндірген қарулы қақтығыстар орын алған жағдайында жасаған ерліктері және туған Отанына сезім сүйіспеншілігі мен өз ұлтының болмысы мен дәстүрлері. Патриоттық тәрбие үдерісінде басты орын алатын мәселе - идеялық сенімділік, Отанына, ана тіліне, еліне, жеріне, ұлттық рухани және материалдық мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік сезімдері (Сурет 2). Патриоттық тәрбие




Сурет 2- Патриоттық тәрбие

Сурет 2-нің жалғасы




Жалпы ұлттық және мемлекеттік мақтаныш, қоғамдық құрылымдағы халық тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарау, мемлекеттің ішкі, сыртқы саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ғылыми, саналы-құқықтық және әскери әлеуеттерін дамытуға ықпал жасау, оны саяси- идеологиялық жағынан қорғауға, қолдауға дайын болуы – яғни, патриоттық түсінік пен сана-сезімнің берік екендігін көрсетеді [128].

Патриоттық сана белсенділігінің субъектісі ретінде жастардың бойына бекіту және дамыту үдерісі екі жақты жүреді. Біріншісі, қоғамдық сананың дұрыс қалыптасуы, екіншісі, жастардың қоғамдағы идеологиялық негіздегі әлеуметтену үдерісі мемлекеттік жүйемен үйлесімді бірлік байланысы тығыз болуы керек. Жастардың әлеуметтену әрекетіндегі белсенділіктері саналы түсінік деңгейімен, олардың меңгеруіндегі құнды идеялық мұралары, нұсқауларымен, көзқарас және мүдделерімен анықталады.

Патриоттық сана түсінігінің берік болуы - Отан атрибуттарының санада бейнеленуінің нәтижесі ретінде қалыптасады. Отан және жеке тұлға, адамдардың біріккен тобы немесе қауымы, жалпы алғанда халық үшін олардың әлеуметтік және жеке өмір сүрудегі қажеттілігі мен мүдделері тұрғысынан қоғамдық құрылымдағы тұрмыстың өзіндік мәні бар құрылымдық тетіктерін қамтиды. Сондай-ақ, патриоттық сана түсінігі - Отанға деген сүйіспеншілік қарым-қатынасты жүзеге асыруда идеядағы бағдарлы көзқарастардың мақсаттық бағыттағы жүйеленуі, жеке тұлға мен адамдардың, әлеуметтік топтардың, ұлттық бірлестіктердің туған елін, жерін, Отандық қоғамдағы мемлекеттік құрылымның түрлі саласын дамыту және оны қорғауға бағытталған сезімі мен көңіл-күйінің түсініктерімен анықталады.

Жастардың тұлғалық болмысына сіңіретін рухани құндылық, байлық, белсенді азаматтық ұстаным қағидаттары, патриоттық санадағы түсінік сезімінің артуы Қазақстанның жаңа түрленіп дамуына, оның қазіргі қиыншылықтарын жеңуге бағытталған міндеттерді шешудегі әрекеттерді орындауға барынша мүмкіндік береді. Патриоттық сана мен сезімдері басымдықпен тәрбиеленген жастар бүгінгі қоғамымызды заманауи құнды жасампаздық әлеуетке апаратын күш және оған жеткізетіндігі анық. Ең басты мәселе - Қазақстан жастарының болашақ өмірге деген жауапкершілікті өз мойындарына алуға дайындығы мен өздеріне деген азаматтық және патриоттық сезімдерімен айқындалады. Жастарға Қазақ мемлекетінің тарихи жолындағы өткені мен бүгінгі тарихи мұралық тәлім-тәрбиелік бағытындағы құндылық тағылымдар рухында қоғамдық-патриоттық тәрбие беру идеясын ұлттық тұрғыдан қолдаушылардың санын арттыруды күннен-күнге арнайы бағытталған іс-шара мен түрлі жұмыстар арқылы жүзеге асыруы керек. Сонда ғана біздің қоғамымызда мемлекетке және ұлттық болмысқа қарсы немесе қайшы келетін жағымсыз әрекеттер мен түрлі іс-қимылдардың болмайтынына сеніміміз арта түседі.

Бүгінгі күнде қоғамда, әлеуметтік ортада және білім мекемелерінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымына ерекше мән берілуі керек. Көптеген ұлттар мен ұлыстар Қазақстан халқының отансүйгіштік түсінік сана мен сенім, сезімін арттыратын азаматтық сәйкестік, ұлттық бірегейлік пен бірлік және татулық. Егеменді мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтау - ұлттық бірегейлік пен азаматтық келісім, ішкі бірлігі Қазақстан халқының ынтымағы мен өзара татулығында [132].

Ғылыми теориялық негіздемелерге сүйене отырып, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде «Қазақстандық патриотизм» түсінік сезімін саналы түрде жастарға бекітуде орын алатын әлеуметтік және мемлекеттік институттар,

қоғамдық бірлестіктер мен азаматтық бірегейлік пен сәйкестік бірлестіктерінің мүмкіндіктеріне мән берсек, онда, Қазақстан жастарына патриоттық тәрбие берудегі санлық түсінік пен сезімдерін өмірлік тәжірибеде бекіту жағдайы қалай жүзеге асуы мүмкін? Онда бұл мәселеге жүйелі түрде топтастырылған бұл шарттардың негізгі ғылыми-тәжірибелік мазмұны бойынша төмендегідей тұжырымдауға болады:

- патриоттық тәрбиені дамытуда мемлекеттік арнайы бағдарламасының негізінде институттық және ақпараттық тұрғыда қолдау жасау, Қазақстан жастарының түсінік сана-сезімінде басты құндылық ретінде «Қазақстандық патриотизмді» және «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін бекіту. Мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның және жалпы адамдардың мүддесі мен өзара ішкі байланысын есепке ала отырып, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында патриоттық түсінік пен сананы қайта жаңғырту және нақты жетілдіріп дамыту. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу бағытындағы жұмыстар мен арнайы ұйымдастырылатын іс-шараларға бұқаралық ақпарат құралдарын қатыстыру мен тарту және олардың насихаттық жұмыстағы белсенділіктерін арттыру арқылы кері ықпал жасайтын әрекеттер мен түрлі қарама-қайшылық тудыратын жағдайлардың алдын алу, болдырмау және жою. Кейбір жеке адамдар мен мемлекеттік қоғамдық құрылымда, түрлі мекемелерде және әлеуметтік ортада «Қазақстандық патриотизм» жайындағы ұғымдарын жоққа шығару, арнайы жасалған кері әрекеттерді болдырмау бағытындағы сақтық шараларды заңды-құқықтық талаптық ережелер және қоғамдық саналы түсінік тұрғысынан да жүзеге асырып отыру керек. Бұған бүкіл қоғам және оқыту мен тәрбие жұмыстарымен айналысатын білім беру мекемелері және мемлекеттік институттардың белсенді әрекеттер жасауы арқылы Қазақстандық жастарды барлық деңгейде патриоттыққа тәрбиелеу жұмыстарын ізденушілік пен шығармашылық тұрғыда мақсатты түрде жүзеге асырулары керек;

- патриоттық тәрбиені, заңды-құқықтық талаптық ережелер негіздерін жүзеге асыру. Қоғамдағы әрбір жеке мекемелердің, бірлестіктер мен ұйымдардың ерекшелігіне қарай патриоттық тәрбиені жүзеге асыру бағытының жүйесін белгілеп және бекітіп әлеуметтік-құқықтық рөлі мен ортадағы деңгейлік орнын анықтау. Әлеуметтік маңызды қызметтің бұл бағытындағы субъектілердің өзара байланысын және әрекеттесулерін іске асыратын заңды-құқықтық негіздегі талаптық ережелік құралдар мен жүзеге асыру тетіктерін «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін дамыту арқылы әзірлеу;

- «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі бағытында патриоттық тәрбиені дамытудың ғылыми-теориялық негізін дайындау. Ұлттық тарих, тіл мен қазақи болмыстағы діл, руханилық бағыттағы тәлім-тәрбиелік және материалдық құндылықтар мен ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып сияқты бағыттағы түсініктер, батырлық-сарбаздық, әскери-танымдық білім мен тәрбие, рухани-адамгершілік, ұлттық сана мен мінез-құлықтық т.б. мәселелерді қамтитын әлеуметтік идеологиялық бағыттағы жұмыстардың құрылымына қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар арқылы қоғамдық сананы қалыптастыру мен дамытудағы мәні мен мазмұнын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде «Қазақстандық патриотизм» түсінігін бекіту және жетілдіру;

- патриоттық тәрбиені жүзеге асыруды педагогикалық және әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету. Мемлекеттік түрлі министрліктер және қоғамдық құрылымдар, әлеуметтік ортадағы қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың патриоттық тәрбиені жүзеге асырудағы қолданылатын тәрбие әдістері мен жаңашыл педагогикалық технологияларды жетілдіру мен дамыту. Бүгінгі «Қазақстандық патриотизм» түсінігін қалыптастыру мен осы бағыттағы тәрбиені жүзеге асырудың міндеттерін орындауда қазіргі заман талабына үйлесімді келетін тәрбиелілігі мен білімі және кәсіби білігі жоғары, ұлттық дүниетанымы, түсінігі терең педагог мамандарын даярлау қажеттілігі күн сайын артып келеді. Оны жүзеге асыру жолдарын қарастыруды басшылыққа алу қажет. Қоғамдағы оқу-тәрбие мекемелерінің сатылық деңгейі мен мазмұндық құрылымдарының ерекшеліктеріне қарамастан «Қазақстандық патриотизм» түсінігі мен тәрбиесін берік қалыптастырып, дамыту бағытында арнайы білими-танымдық және өмірлік тәжірибеге жақын келетін «Патриоттық түсінік» пен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын дәріптейтін арнайы «танымдық орта» құру;

- Қазақстанның аймақтарында, ірі қалалар мен облыс, аудандарында жердің ерекшелігі мен мекен ететін ұлттар мен ұлыстардың және қазақ жастарының азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесінің модельдерін жасап, олардың арасында өзара әлеуметтік педагогикалық тұрғыдағы байланыстар негізінде тәжірибеде қолдану мен алмастыру жұмыстарын жүзеге асыру қажет. Қоғамдық және әлеуметтік институттар мен ұйымдық қоғамдар патриоттық түсінік сана мен тәрбиені дамытуда түрлі іс-шаралар мен бас қосу семинарларын, аймақтық, республикалық және қажет болған жағдайда шетелдік әріптестермен бірлескен конференциялар ұйымдастыру мен өткізуді басшылыққа алулары керек;

- Қазақстан мемлекеті қоғамының құрылымындағы барлық деңгейінде ұйымдар мен бірлестіктерде және тәрбие мен білім беру мекемелерінде – балабақша, мектеп, колледж, ЖОО-да және т.б. патриоттық тәрбие берудің мақсатты жүзеге асырылу жолдарын арнайы қалыптастыру, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделе отырып, орындалуын баса қадағалап, бақылауда ұстау және БАҚ арқылы тәжірибелік тұрғыдан дәріптеу және таратуды іске асыру;

- патриоттық тәрбиені мақсатты түрде жүзеге асыру барысындағы іс-шара мен атқарылатын жұмыстар немесе осы бағытты зерттеуге арналған жобаларды қаржыландыруды үздіксіз қамтамасыз ету жолын қарастырып, іске асыру. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде «Қазақстандық патриотизм» түсінігін жастардың саналық болмысында нық бекіту мақсаттарына бағытталған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асыратын бөлімдерінің құрылуы маңызды. Ал, бұларды қаржыландыру мемлекеттік, сондай-ақ өндірістік, сауда, коммерциялық және жеке кәсіпкерлік құрылымдар тарапынан жүзеге асырылуын заңдастырып, міндеттеу қажет деп ойлаймыз.

Қазақстан жастарының саналық болмыс сезімдік түсініктерінде «Патриотизм», «Отансүйгіштік», «Қазақстандық патриотизм» туған елге, туған жерге таза пиғыл мен ниетте, жанашырлық пен әділеттілік тұрғыда қызмет

жасауда патриоттық тәрбиенің шешімдерін іздеп табу мен өмірлік тәжірибеде нақты қолдану қажет. Теориялық және тәжірибелік тұрғыда орындалатын міндеттері мен кешенді және орта әрі ұзақ мерзімді жоспарлар арқылы жүзеге асырылуы тиісті жұмыстарды талқылап, талдауды ұйымдастыру керек [133,134].

Қойылған міндеттерді орындауды шешу үшін төмендегі мәселелерді басшылыққа алу керек:

- жастарды әлеуметтік, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар негізінде жан-тәнін дамытуға мүмкіндік жасайтын мемлекеттік тұрғыдан жоспарлы жұмыстар жүргізу;

- жастарды қоғамның түрлі саласындағы қызметтерге /әлеуметтік-экономикалық, мәдени, ғылыми, зияткерлік азаматтық белсенділіктері және т.б./ мәселелерді шешуге белсенді қатыстыру;

- қоғамда жастардың санасында ұлттық-патриоттық құндылықтарды, көзқарастар мен сенімдерді, халқымыздың мәдениеті мен тарихи мұраларына, елімізде дәстүрлеріне құрмет сезімін орнықтыру /азаматтық бірегейлік пен сәйкестік/;

- оқу-тәрбиені жүзеге асыратын түрлі деңгейдегі мекемелерде азаматтық сана мен патриоттық сезімді қалыптастырып, дамытуға бағытталған жұмыстарды үздіксіз жүргізу.

### 1.4 «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі

Қазақстандық жастарды «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде патриоттық актісін жүзеге асырудың мақсаты – Қазақстан қоғамында әлеуметтік белсенділігі жоғары, жеке азаматтық жауапкершілігі басым, рухани құндылықтар мен қасиеттерді бойына сіңіре отырып, оларды ізгілік бағытта дамыту. Мемлекетті мекен ететін ұлттар мен ұлыстар өкілінің, жастарының бірлігі мен бірегейлік сәйкестіктерін жетілдіру Отан мүддесі үшін адал қызмет жасайтын және мемлекетті нығайтуға үлес қосып, олардың жеке өмірлік мүдделерін байланыстыра отырып, қамтамасыз ету арқылы тұрақты дамуға қабілеттік таныту патриотизмнің бейнесі ретінде танытады [80]. Патриоттық сана мен сезім табиғатта немесе өмірде өздігінен пайда болмайды. Оның қалыптасуы мен дамуына отбасы, балабақша, мектеп, түрлі сатыдағы, орта және жоғары оқу орындары мен әлеуметтік орта, қоғамдық бірлескен ұйымдар т.б. арқылы жеке адамға немесе топтасқан, ұжымдық ұйым адамдарына ұзақ мерзімді ұлттық сана мен қоғам негізіндегі білімдерді тәжірибелік өмірмен байланыстырып, өзінің тиімді әсерін береді.

«Патриоттық тәрбие» және «Азаматтық тәрбие» түсініктерін өзара байланыстыру және олардың бір-бірімен тығыз байланыста екендігін «тәрбие және оны қалыптастыру мен дамыту» ұғымын түсіндіру арқылы жүзеге асыру қажет. «Тәрбие» ұғымының ауқымдылық мазмұны әлеуметтік құбылыс ретінде көрініс береді, қоғамның дамуына, өркендеуіне, жеке адамға ықпал жасауы

тұрғысынан қарастырылады. Бұнда азаматтық пен патриоттық негізіндегі білім жүйесінің мазмұнының бағдарын іс жүзінде әлеуметтендірудің негізімен анықталады. Ал «Тәрбие» ұғымының мазмұны шектеулі шеңбер нұсқасында қарастырылған жағдайда білім беру мен оқытудағы педагогикалық үдеріс жағдайында мақсатты жүзеге асыру, тәрбиелеу барысы ретінде мұғалімдер мен оқушылардың немесе білім алушылар мен оқытушылардың арнайы ұйымдастырылған қызметі ретінде мәнге ие болады. Бұл жағдайда педагогтердің кәсіби қызметіндегі тәрбие беру жұмысы деп түсіндіріледі [135,136].

Қазақстанның өткен кезеңдерін, қазақ халқының көптеген тәлім-тәрбиелік, рухани және өмір сүру салтындағы материалдық құралдарын зерттеп, оларды ұлттың құндылықтары ретінде бағалап, мақтаныш сезіммен қолдап, жоғалып кетпес үшін сақтап қалу керек. Оны өзінің жеке өмірінің болмысындағы рухани өзек ретінде азық ету және әлемге мақтанышпен дәріптеу азаматтық және патриоттық сана сезімнің басымдылығын көрсетеді. Яғни, бұл ұлттық сана-сезімнің берік екенін дәлелдейді және жеке адамның бойындағы рухани-адамгершілік және азаматтық құндылықтардың бар екендігін, оның әлеуметтік белсенділігінің жоғары, патриотизм мен азаматтық тәрбиенің дұрыс қалыптасқандығын көрсетеді.

Жеке тұлғаның белгілі бір ұлттың өкілі ретінде өзін-өзі тануы оның жеке тұлғалық болмысының адами-руханилық тұрғыда, қоғамда, көпшілік ортада дамуы оның әлеуметтік-психологиялық өсуінің белгілі бір деңгейіне көтерілуінің маңызды өлшемі болып табылады. Ұлттық өзін-өзі танудың даму мәселесі «сана» және «өзін-өзі тану және дамыту » ұғымдарының байланысын ескерген жөн [66]. Сана - бұл жеке адамның өзге тіршілік иелерінен басты айырмашылығын көрсетеді. Бұл бағыттағы ой-тұжырымдамаларға түрлі анықтамалар берілген, бірақ оларды бір ортаға шоғырландыратын нәрсе «сана» және ол туралы түсініктер. Саналы адамның сипаттары:

- өзі объективті шындық пен ақиқатқа сүйене отырып әрекет жасауы, өзін және өзінің әрекеттері арқылы өзге жаратылыс иелерінен адами қатынас, таным-түсініктерімен және жеке болмыстық дүниетанымдық жаратылыстарымен де адамдардың өзара бір-бірінен ерекшеленуі арқылы қоршаған орта мен әлемге қатынасы;
- өзін қоршаған әлемдегі табиғат пен адамдарға белгілі бір қатынасты қалыптастырады, олармен өзара әрекеттеседі және мақсатты бағдарға ықпал жасай отырып, өзгерістер жасауға әсері;
- өмірлік әрекеттерде дүнинтанымдық болмыс пен түсінігінің шеңбері аумағында мақсаттар қойып және оларға қол жеткізуге, мінез-құлқын, іс - әрекетін бағдарлы жоспарлау, нәтижелерді талдаулар арқылы болжамдар жасауға және олардың салдарын бағалауға қабілеттілігі;
- эмоцияларды, сезімдерді, тәжірибелерді білдіреді, өз сезімдеріне, ойларына, тәжірибелеріне, ниеттеріне, қалауларына есеп беруі;
- жеке болмыстық жаратылысының даралығының ерекшеліктеріне және дүниетанымдық түсінігіне қарай санаға ие әрі саналық болмысының дамуына мүмкіндігі бар тіршілік иесі бола алуы.

Жеке адамдағы сана – бұл ерекше түсінік пен танымды беретін өзіндік табиғаттық бейнелік көрінісін адамның мінез-құлық пен әрекет қозғалысында, тілдік қарым-қатынастағы түсінік пен ой-тұжырымдарының берілуі арқылы сол адамның айнадағы бейнесі ретінде беріледі. Әрине, бұл жерде адамның терең ойлылығы мен түсінік, танымдарындағы «ақылдылық» немесе «қулық» мінездік көріністері де адамдардың мінез-құлқының жасырындық және жасандылық бейнесін беретіні анық. Бірақ, олар ұзақ және тұрақты емес. Яғни, жеке адам егер сана арқылы өз айналасындағы әлемді жасандылық тұрғыдан емес ақиқат пен шындық тұрғысынан қабылдап және оны белгілі бір жүйемен басшылыққа алса, онда өзін-өзі тану адамның өзіне бағытталғандығы болып саналады. Бұл өзін-өзі тану объектісі адамның өзінің және жеке ойлары, сезімдері, қажеттіліктері және бүкіл ішкі әлемі. Сана – ішкі болмыс пен жаратылыстағы сезім, түйсік, зейін, қабылдау мен түсіну т.б. адамның жан дүниесінде орын алатын және жүретін үдеріс ретінде психология ғылымының негіздемелері басқа да ғылыми салаларының әдіснамалық жүйесі мен әдістемелік заңдылықтарымен байланыстырыла отырып, кешенділік тұрғыдағы көзқарас арқылы түсіндіріледі. Бұнда тұлғаның өзіне тән барлық жағынан жеке ерекшеліктерін, өзінің мәні мен орны жүйесінде көптеген қоғамдық байланыстарда басты жағдаяттар ретінде орын алады. Яғни, «Ұлттық сана-сезім» түсінігі түрлі ғылым саласындағы еңбектерде де кешенді қарастырылып, ғалымдардың ұлттық сана-сезім мәселесіне арналған ғылыми еңбектерінде орын алып келеді. Мәселен, осы көкейкестілікке қоғамдық, гуманитарлық, саясаттану, мәдениеттану, тарих, әлеуметтік психология және философия т.б. ғылымдар саласында тұжырымдалған ой түйіндеулерінде және ұлттық сана тек ұлт деңгейінде болады. Әрбір ұлттың өзіндік ұлттық санасы бар, ол ұзақ тарихи дамудың жемісі болып табылады, теориялық және күнделікті деңгейде өмір сүреді. Ұлттық сана - ұлттық болмыстық өмірінде көрініс табатын қоғамдық сана нысандарының бірі. Өзін-өзі тану арқылы ұлт өзінің ортақ, түпкі мүдделерін, мақсаттары мен мұраттарын, көпұлтты әлемдегі өзінің «бет-бейнесін», сондай-ақ басқа ұлттар мен мемлекеттерге деген көзқарасын анықтайды деп түсіндіріледі. Сондықтан бірқатар ғалымдар А.Н. Нысанбаев, А.Ф.Дашдамиров, Н.Н. Целищев ұлттық өзін-өзі тану халықтың ұлттық рухани мәдениетінің өзегі деп санайды. Тарихи тұрғыдан алғанда, халықтың ұлттық сана-сезімі ұлттық әлемдік мәдениеттің құндылықтары мен даму бағыттары негізінде қалыптасады. Оған аумақ, мәдениеті, тілі, тарихы, өткені туралы ұлттық стереотиптер мен идеялар кіреді. Жалпы, ұлттық өзін-өзі тануды халықтың өзінің әлеуметтік-этникалық мәнін түсінуі, адамзат тарихында қандай нақты рөл атқарғанын немесе ойнай алатындығын, оның жалпы адамзаттық өркениеттің дамуына қосқан үлесі қандай екенін түсіну керек. Әлемнің кез келген халқының өзіндік тарихы, ұлттық-этникалық ерекшеліктері, өзіндік дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, ұлттық қазынасы, ұлттың негізгі тұрғылықты жері ретінде аумағы бар. Оның «Ұлттық өзін-өзі тануы идеяларда, көзқарастарда, пікірлерде, сезімдерде, эмоцияларда, көңіл-күйлерде көрінеді. Ұлт мүшелерінің өздерінің белгілі бір сәйкестігі мен басқа қауымдастықтардың өкілдерінен айырмашылығы туралы идеяларының мазмұнын, деңгейі мен

ерекшеліктерін және ұлттық құндылықтар мен мүдделер, ұлт тарихы, оның қазіргі жағдайы және даму перспективаларын» білдіреді [8,79,137]

Қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің жоғары деңгейін қалыптастыру ұлттық мәдениеттің мәнін терең зерделеуді талап етеді. Оның маңызды құрамдас бөліктері қазақ халқының тарихы, тілі, салт-дәстүрлері, өзіндік ерекшелігі, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық мүдделерін, ұлттық құндылықтары мен құндылық бағдарларын саналы түрде қабылдауы қажет. Қазақ тілін ұлттық сана-сезімнің базалық элементі, бүкіл Қазақстан халқының руханияты мен бірлігінің өзегі ретінде белсенді зерделеуі бүкіл Қазақстан халқын құрайтын ұлттар мен ұлыстардың тіліне, тарихына, дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына, ұлттық мәдениетіне құрметпен қарау және ұлттық қадір-қасиеттің, патриотизм мен азаматтықтың, төзімділік пен өзара сыйласымдық көзқарас негізіндегі адами-ізгіліктің жоғары деңгейін дамыту болып табылады. Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайларында өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тануға, өзін-өзі жүзеге асыруға, жаңа білімді игеруге, жаңа идеяларды өз Отанының игілігі мен құндылығы ретінде түсініп, өмірлік тәжірибеде іске асыруға дайын болуы. Ұлттық ерекшелік белгілері:

- тіл;
- өмірдің рухани және материалдық жағдайлары;
- аумақ пен экономика;
- оның мәдениетінің ұлттық ерекшелігінде көрінетін мінез белгілері.

Әр ұлттың өзіндік ұлттық сана-сезімі бар. Сондықтан «өз ұлтына» жататын санадан тыс және одан тыс ұлттық сана жоқ. Қазақтардың ұлттық сана-сезімінің мәні, кез келген басқа ұлт сияқты, халықтың өзінің топтық ерекшелігіне деген сенімі болып табылады. Ол тілде, мәдениетте, рухани және материалдық құндылықтарда, әдет-ғұрыптарда, дәстүрлерде, тарихи жолдағы тағдырлық, ділі мен дінде көрініс береді. Ұлттық сана ұғымдық түсініктері рухани және материалдық, мәдени құндылық қорлары мен ұлттық өмір сүру ұстанымдарының белгілі бір жиынтығы ретінде ұлттың, халықтың және жеке адамның дүниетанымының негізі бола отырып, нақты тарихи сипатқа ие болады [138]. Осының негізінде патриоттық тәрбие «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясына және қоғамдық жүйеде іске асырылатын патриоттық тәрбие актісіне сәйкес. Бұл мемлекеттік басқару мекемелері мен қоғамдық ұйымдардың Қазақстан жастарында жоғары азаматтық пен патриоттық сананы дамытуының көрсеткіші. Отанына, туған елі мен жеріне деген адалдық сенім түсінігі, Отан мүдделерін қорғау мен азаматтық парыз, борыш және Конституциялық заңды-құқықтық міндеттерді жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру бағытындағы жүйелі және мақсатты атқарылатын қызметі.

Азаматтық тәрбиенің басым бағыты-жастардың қоғам мен халықпен біртұтас байланыс сезімін арттыру, мемлекетіміздің қауіпсіздігіне және өркендеуіне үлес қосып оған жауапкершілік сана-сезімі, оның үдемелі даму жолында алға басуына әсер етуші күш жұмсау. Азаматтық тәрбие - қоғамдағы еркіндік пен жариялылық, рухани-адамгершіліктің және қоғам мүшелерінің жақсы немесе үлгілі азаматтық қасиет қырларының қажеттік деңгейімен

анықталады. Жеке тұлғаның азаматтық қасиеттерінің бірі – жауапкершілік. Ол өз Отанының, халқының нақты мәселелерін түсінуі мен білуі және Отан мен елдің мүдделерін қорғауға дайын болуындағы патриоттық сезімге берілгендігінде. Бұдан азаматтық-патриоттық тәрбие барыстарын жеке тұлғаның әлеуметтік, заңды-құқықтық және адами – руханилық болмысының біртұтастығының берік көрінісін беретін азаматтық және патриоттық қасиеттерді қалыптастырудың бағытын мақсатты үдерісі ретінде қабылдауға болады.

Сонымен, Қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға бағытталған ой тұжырымдарымыз:

- азаматтық-патриоттық тәрбиені дамыту бағытындағы заңды-құқықтық талаптық ережелік құжаттардың мемлекеттік мүддеге үйлесімді болуын басшылыққа алу;

- жастардың қоғамдағы, өмірдегі азаматтық ұстанымын қалыптастыру мен дамыту барысындағы жаңа бағыттағы көзқарасты жүзеге асыруға және жастардың өзін - өзі тануы мен жеке дамуындағы тәрбиеленуі үшін қолайлы мүмкіндіктерді жасауды басты міндеттер ретінде негізге алу;

- жеке азаматтық белсенділігі мен саналық жауапкершілігін арттыру, өз болмысындағы білім мен тәрбиесін танытуға ұмтылыс жасауы, тұнық ойлау мен шыдамдылығы, тәртіптік қарым-қатынас ережелерін ұстауы мен қоғамдағы азаматтық үлесін дамыту;

- Отанға, туған жері мен халқына деген асқақ сүйіспеншілік, оның тарихын, рухани және материалдық мәдениетін, дәстүрлерін, ұлттық құндылықтар мен қоғамдық өмірдің нышандарын құрметтеу сезімін арттыру;

- жастардың азаматтық - патриоттық қасиеттерін дамыту және жетілдіру көрсеткішін жүзеге асыру;

- әлеуметтік ортадағы аға ұрпақ өкілдерін және ата-аналарды жастарға патриоттық тәрбие беру жұмыстарына белсенді қатыстыру, бұндай көкейкесті мәселені мүмкіндігінше ұтымды шешуге ықпал ету;

- азаматтық - патриоттық тәрбиені дамытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру барысында тәрбие жұмысы жастардың жас және топтық ерекшеліктеріне қарай нысандардың мазмұндық үйлесімділігі мен әдістерін сұрыптап алу [134,139].

Азаматтыққа және патриотизмге тәрбиелеу ең алдымен, оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде қол жеткізу қолайлы және тиімдірек болып табылады. Себебі, оқытылатын пәннің оқу материалындағы берілетін білімнің мазмұнын таңдау, туған өлкенің табиғатын, өткен тарихын зерттеу, жастардың ішкі сезімдік көңіл-күй тұрғысын бастан кешіреді. Отанға, туған жер мен туған халыққа деген санлық сезімін, сүйіспеншілігін бекітеді және дамытады. Ұлтаралық қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру арқылы азаматтық бірегейлік пен сәйкестікке жақындай түсіп, отандық мүдде мен ұлттық және халықтық құндылықтарды сақтауға, құрметпен қарауға, мәдениетті қорғауға және дамытуға деген саналық сезімдері беки түседі.

Яғни, патриоттық тәрбие беру жүйесіндегі барыстарда - тұтас тәрбие үдерісінің санаға, сезімге, түсінікке біртіндеп және үздіксіз сабақтастық пен

тұрақты әсер ете отырып, белсенді ұйымдастырылған ықпалын қамтамасыз ететін мақсаттар мен міндеттердің, мазмұны мен қағидалық ұстанымдардың, әдістері мен құралдарының, ұйымдастыру түрлерінің тұтастығы мен жиынтығы жастардың мінез-құлқын қалыптастырады [140,141].

Қазіргі жағдайда қазақстандық патриотизмнің жаңаша қалыптасуы заңды құбылыс, тәуелсіз Қазақстанның идеологиясы мен мемлекеттік саясатының жаңа бағыттылығын ендіру мен бекітуді басшылыққа алады. Сол себепті, «Қазақстандық патриотизм» – бұрынғы, яғни өткен қоғамдық құрылымдағы патриотизм мен интернационализм негізінде бекіген, татулық пен азаматтық сезімді өзара тығыз байланыстырған, жаңа қоғамның дамуындағы саналық болмысты ұлттық бірегейлік пен сәйкестік бағыттағы таным-бітімге негіздеу арқылы рухани-адамгершілігі жоғары тұлғаның өмірлік өзегі деп түсінуіміз керек. «Қазақстандық патриотизм» нышандары:

- Қазақстан халықтарын құрайтын ұлттардың тарихи тағдырының ортақтастығы;

- қазақстандықтардың ділдік таным-түсініктерінің ортақ белгілері;

- республиканың экономикалық мүмкіндігі;

- табиғи ортаның ортақтығы [142].

Бұл бүкіл халықтың мемлекетпен біртұтас ынтымақтастық жолындағы ұстанымдары - Қазақстанның тұтастығын сақтау мен нығайту, оның экономикалық қуатын және халықаралық қауымдастықта беделін арттыру мен өзіндік орнын белгілеп алуына үлес қосу болып табылады. «Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық міндет, оны біздің көп ұлтты қоғам шешеді». Қазақстан халқы өзіне лайық мұрагерлікте жастардың патриоттық сана-сезімдерін дамытуды ұтымды жалғастыруға, қоғамның рухани және материалдық байлығын арттыруға, ғылымды, ұлтаралық мәдениетті және өзара қарым-қатынас дәстүрлерін жетілдіруге қабілетті өскелең ұрпақ өкілдерін даярлауға мүдделі. Жеке тұлғаның, жастардың азаматтық жауапкершілігін дамыту жайындағы «Өзіңді тәуелсіз қоғамның азаматы сезіну үшін, аса өнегелі азаматтық, патриоттық және интернационалдық тұрғыдан дамыған балаларда, жеткіншектерде патриоттық сезімдердің қалыптасуына ар-намыс, ұят, абырой, азаматтық борыш, адамгершілік міндет пен жауапкершілік сезімдерінің қалыптасуына ерекше көңіл бөлу керек», – деген бағыттағы ой-түйіндеулердің айтылуы орынды [143].

«Қазақстандық патриотизм жаратылысында патриотизм сезімі, толеранттық және ұлттық келісім жатыр» [144].

Әскери-патриоттық тәрбие беру негіздерін зерттеген Е.Утегенов: «Қазақстандық патриотизм тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің азаматтарының Отанға деген сүйіспеншілігін және Отан қорғаушыларының азаматтық жауапкершілігі арқылы рухани күш – қуатын көтеруі мүмкін»,- дейді [145].

«Қазақстандық патриотизм» негізі жеке тұлғаның оң өнегелі рухани қасиеттерінің дамуында жатыр, олар адамда жаңа қасиеттерді дамытатын тәрбиелеуші ортада белсенді болады» – деп, Д.М.Жусубалиева ойласа [146], Б.Абуова: «Патриоттық тәрбие жүйесін құруда ұлттық менталитет, ұлттық

мәдени құндылықтарға, халықтық тәрбие дәстүрлеріне сүйену керек», – дейді [147].

Қазіргі кезеңдегі қарастырып отырған мәселеге қатысты атаулы ұғымның мазмұндық жүйесі жөніндегі ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, біздер де өз тарапымыздан: «Қазақстандық патриотизм – ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, ұлттық тәрбие негізінде дүниетанымы берік қалыптасқан және халықтық сана тұрмысында өзіндік сезім, нанымы жоғары, әрі осы құрылымдықтарды сақтауға, дамытуға және оның жоғалып кетпеуіне ұрпақ өкілі ретінде өзінің рухани күш-жігерін сарп ететін адал, жанашыр жеке танымдығы басым» деген түсінікті береміз. Біздің ой-тұжырымдауларымыз бойынша жастарды қазақстандық патриотизмге баулу мен тәрбиелеу – бүгінгі күндегі ең өзекті мәселе болса, қоғамдық санада Отанға деген оттай жалындаған күшті сезім мен оның мүддесі үшін пайдалы іс-әрекет жасау және осы бағытта өзін-өзі тәрбиелеу олардың басты ұстанымдық қағидасын құрайтын құндылыққа айналу керек. Патриоттық тәрбие мәселесі өзекті және оны қазіргі заман талабына сай бүгінгі таным-түсінік тұрғысынан тереңдете зерттеуді талап етеді. Өйткені, бүгінгі жастардың рухани болмыс-бітімі мен сезімдерін қалыптастыру және дамытуда оларға ерлік, батырлық, қайырымдылық, мейірімділік секілді ізгі қасиеттермен көрініс бермек және өте маңызды мәнге ие. Яғни, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, қоғамдық сананы жаңарту тұрғысынан қайтадан дамыту заманауи талап пен қажеттілік болып отыр [88].

Осы кезекте «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде патриоттық актісін жүзеге асыру мақсатында, Қазақстандық жастардың азаматтық және патриоттық сана-сезімдеріне негізделген тәрбие жұмыстарын өмірлік тәжірибеде іске асыру жолдарының көрініс табуы мен олардың мазмұндық құрылымдық жүйесіне негіз болатын құралдар мен пайдаланылатын әдіс-тәсілдер жиынтығын т.б. құраушылық бөліктерін анықтап және оны жүйелеу барысындағы жинақтылық көріністі беретін моделін құрайтын басты мәселе болып табылады. Сондықтан біз, зерттеушілік диссертациялық жұмысымызда «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың құрылымдық мазмұндық моделін жасап, зерттеу жұмысымыздың өзегі ретінде береміз.

Модельдегі Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту жүзеге асырудың мазмұнды білімдер жүйесіне біріншіден Мемлекеттік заңды-құқықтық ережелер мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, патриоттық тәрбие актісіне негізделді.

Сурет 3 - «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделі

**«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде Қазақстан жастарының азаматтық бірегейлігі мен патриоттық сана-сезімдерін дамытудың идеологиялык өзегі**

↓

Сурет 3-тің жалғасы

Мақсаты: «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту

↓

Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуды жүзеге асырудағы топтастырылған білімнің мазмұндық жүйесі

↓

| Мемлекеттік заңды-құқықтық ережелер мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы, патриоттық тәрбие актісі | Азаматтық бірегейлік және «Қазақстандық патриотизм» жайындағы білімі түсініктер | Ұлттық сана, қоғамдық, әлеуметтік және ұлтаралық қатынас | Жеке тұлғалардың өнегелік өмір үлгісі, халықтық және ұлттық рухани және материалдық құндылықтар |
|---|---|---|---|

«Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарлама

↓

**Мазмұндық құрылымы**

| Тұлғалық - мотивациялық | Танымдық - құндылық | Рефлексия - кері байланыс, түзету |
|---|---|---|
| Жастардың Қазақстан азаматтылығының бірегейлік тұрғысындағы сана - сезім мен түсініктегі патриотизм құндылықтарының көрініс беруі; азаматтық-патриоттық бағыттағы білім негізінде мемлекеттік заңды-құқықтық ережелер мен рәміздерге деген қатынасын белгілейді; | Жастардың азаматтық бірегейлігі мен патриоттық сана түсінігіндегі субъектілік мазмұндағы білімдерін анықтайды; ұлттық сана, рухани-материалдық құндылықтар мен мәдениет, салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, ұлттық өмір сүру болмысын беретін білімдер жиынтығы; азаматтық | Ұлттық сана мен мінездің бірлігін құрастырушы мектеп, колледждің оқу-тәрбие үдерісінде азаматтық пен патриотизмді қалыптастырудың тәжірибелік нәтижесі, қоғамда, әлеуметтік ортада азаматтық пен патриоттық тәрбие қызметінің тәсілдерін меңгеру, |

Сурет 3-тің жалғасы

| жеке азаматтық түсінігіндегі Отандық патриотизмге өмірлік тәжірибедегі қатынасы, белсенділігі мен ұстанымындағы мақсатты әрекеттерін анықтайды. | және патриоттық сана белсенділігі бағытындағы ұстанымдардың мәні мен мазмұны жайлы білімдерді меңгеруі, өзін-өзі дамытуы, тәрбиелеуі. | өмірлік тәжірибе дағдылары мен саналылық қарым-қатынас жасауды игеру дәрежесі, субъектік қызмет әдіс-тәсілдерін әлеуметтік ортада, жеке тәжірибеде қолдана алу білігі. |
|---|---|---|

| **КӨРСЕТКІШТЕР** | | |
|---|---|---|
| Көрсеткіштері /критерийлері/ ретінде азаматтық бірегейлік пен патриоттық сана-сезім мазмұндағы құндылықтарына жағымды қатынастарды, мемлекет саясаты аясындағы конституциялық, заңдық-құқықтық ережелер аясында азаматтық-патриоттық ұстанымдарына жеке тұлғалық мақсатты әрекет қатынастарын анықтаудағы түсінік жиынтықтарының топтарын қамтиды. | Көрсеткіштері /критерийлері/ азаматтық бірегейлік пен сәйкестік және патриоттық мазмұндағы білімдер жүйесіне ұлттық сана, құндылықтар мен мәдениет, ұлттық өмір сүру болмысын беретін білімдер жиынтығы мен азаматтық-патриоттық белсенділік өмірлік ұстанымын қалыптастырушы мазмұндағы білімдердің берілуі және болуының жиынтық топтамасын қамтиды. | Көрсеткіштері /критерийлері/ қоғамдық-саяси және әлеуметтік ортадағы азаматтық-патриоттық тәрбиенің тәжірибелік қызметтің тәсілдерін меңгеру; өмірлік тәжірибе дағдылар мен машықтануларды игеру деңгейі; субъектік қызмет тәсілдерін білу бағытындағы тәжірибелік әрекеттер жиынтығының топтамасын құрайды. |

**Әдістері:** Қоғамдық сана қалыптастыру, өнегелік, сауалнама, сұрақ-жауап, әңгіме, жинақтау, талдау, сұрыптау, тәжірибелік-эксперименттік, статистикалық талдау және т.б. әдістер

**Нәтиже:** Азаматтық және патриоттық тәрбиесі толық жетілген Қазақстан жастары

- Қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін таңдау;

- азаматтық бірегейлік пен сәйкестік және мемлекет, қоғам, құрылым, әлеуметтік орта, татулық пен ынтымақтастық сезімдер, нанымдарды қалыптастыру мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясы бағдарындағы көзқарастарды дамыту жайындағы жеке тұлғаға бағдарланған әрекеттердің болуы;

- ұлттық идея құндылық және Қазақстандық жастарға азаматтық-патриоттық тәрбиенің мазмұнын түсінуде қиындықтар тудыруы мүмкін ұғымдық, түсінік атауларының тіркестерінің, мәселен, азаматтық бірегейлік пен сәйкестік, ұлттық рухани және мәдени құндылықтар, ұлттық болмыс пен сана, ұлтаралық татулық қатынастар, Отанға сүйіспеншілік, туған жерге, елге қорған болуы мен қамқорлық жасау, ұлтын мақтаныш сезіммен дәріптеу, мемлекетті құрушы ұлттың тілі, ділі және т.б., яғни, «азаматтық» және «патриот» ұғымдық түсініктерімен байланыстылығы мен оларға құндылықтар тұрғысынан қарау;

- азаматтық пен патриоттық мазмұндағы іс-шаралық жұмыстарға тұлғалық мақсатты әрекетімен араласуымен азаматтық-патриоттық тәрбиелеу үдерісін одан әрі ұйымдастыру үшін белгілі бір қызмет жүйесін әзірлеуде белсенділік танытып, ынталылық жігермен орындауға ішкі болмыстық талпынысынан орын алу;

- мемлекеттік заңды-құқықтың ережелік талаптар жүйесімен қоғамдағы азаматтық пен патриоттық тәрбиеге бағытталған қағидаттық ұстанымдарды ұдайы басшылыққа алу тұрғысындағы көзқарастың берік болуы;

Тәрбие үдерісі тұрғысынан тұлғалық-мотивациялық құрылым - бұл Қазақстан жастарының азаматтық - патриоттық тәрбие бағытындағы субъективті тәжірибе алуға деген ішкі ұмтылысы.

2. Танымдық-құндылық құрылым белсенді Қазақстан жастарын азаматтық-патриоттық тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға дайындауда:

- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде ұсынылған патриоттық тәрбие актісі азаматтық және патриоттық тәрбиенің әртүрлі формаларын, бастысы қоғам, әлеуметтік орта, ұлтаралық татулық қатынас, ұлттық идеядағы азаматтық-патриоттық мазмұндағы білімді құндылық тұрғысынан меңгеру, ұлттық сана, ұлттық мәдениет пен дәстүрлер, ұлттық тарих, ұлттық тіл мен ділді жастардың бойына сіңіру бағытында іс-шаралық жұмыстың негізгі түрлері ретінде пайдалану мазмұны, қатысушылардың құрамы, өткізілетін орны, өткізу тәсілі бойынша білімдер жиынтығы;

- азаматтық-патриоттық тәрбие мазмұнындағы ұстанымдарын іске асыру үшін педагогикалық жағдайлар жасау мен білімнің жүйелілігі;

- азаматтық және патриоттық сана белсенділігі бағытындағы «Қазақстан Республикасының өкілімін», «Мен Қазақстан Республикасының азаматымын», «Менің Отаным-Қазақстан», «Менің бір ғана Отаным бар, ол-Қазақстан», «Мен қазақ ұлтының өкілімін» бағытындағы өмірлік ұстанымдардың мәні мен мазмұны жайлы білімді меңгеруі, дамытуы және өзін-өзі тәрбиелеу;

- қоғамдық және ұлттық руханилық пен материалдық құндылықтар, ұлттық сана-сезім, мәдени және дәстүрлер жайлы түсініктердің өзара байланысы жайындағы әдіснамалық ілімдерді көздейді.

3. Рефлексия - кері байланыс, түзету құрылымы жастардың тиісті тұлғалық болмысындағы түрлі қасиеттердің өмірлік тәжірибемен байланыса отырып қалыптасу деңгейін анықтау үшін зерттеушінің көрсеткіш деңгейлерін бағалау қызметі жүзеге асырылады. Атап айтсақ:

- азаматтық-патриоттық тәрбиесінің жүргізілуі мен оны басқару үдерісінің тиімділігін бағалау. Оның тиімділігін анықтау барысында жүргізіліп жатқан үдеріске әсер ететін жағдаяттарды таңдау, талдау, есепке алу және бағалау, олардың тұрақтылығын, жиілігін анықтау жұмыстары жүргізіліп, қажетті мәселелер ескеріледі. Сондай-ақ басшылыққа алынған ақпараттық мәліметтердегі дерек көздеріне сүйене отырып, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан түсіндіру, оның толықтығы мен дәлдігін тексеру, алдын-ала тұжырымдарға түзетулер енгізу. Бұл бағыттағы жұмыстарда құралдар азаматтық-патриоттық тәрбиенің қалыптасуы мен даму үдерісінің өлшемдік бағалаулары мен деңгейлері жайындағы әрекеттер орын алады;

- Қазақстандық жастарды азаматтық-патриоттық тәрбиеге даярлау үдерісін жетілдіру бойынша педагогикалық қызметті болжау және келешек даму бағытының жоспарын жүйелеп жасау мен қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлерін анықтап, топтастыру. Азаматтық пен патриоттық тәрбиенің даму барыстарын болжау оқу-тәрбиедегі педагогикалық үдерістің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырады. Бұл бағыттағы жұмыстарға болжамдар жасау ең жақын және ақиқат пен шындыққа негізделген көкейкесті мәселе ретінде орын алады және есептелінеді.

Қазіргі кезеңде Қазақстандық жастардың тұлғалық болмыстарына азаматтық пен патриотизмді қалыптастыру мен дамытуды ұйымдастыратын педагогикалық үдерістегі тәрбиенің қазіргі бағыттық ағымдарын ізгілендіруді басшылыққа алу - басты талаптардың бірі болып табылады. Ол кез келген оқу-тәрбие жұмысымен айналысатын түрлі сатылық деңгейдегі мекемелердің қазіргі даму жағдайына жаңа көзқарастық түсінікті қалыптастыра отырып, азаматтық бірегейлік пен сәйкестікті жүзеге асыруда патриоттық тәрбие мәселелерін шешу бағытындағы педагогикалық ойдың үдемелі дамуын қамтамасыз етеді. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде ұсынылған патриоттық тәрбие актісін өмірлік тәжірибеде танымал жасау әрекетін іске асырады. Дегенмен, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеология негізінде ұсынылған патриоттық тәрбие актісін ізгілендіру идеясын жүзеге асыру белгілі бір қиындықтарға тап болатынын атап өткен жөн:

- қазақ ділindегі гуманистік тәрбиені қолдануда ұлттық тәлім-тәрбиелік мұраларды ауқымды және жетік қолдаудағы ғылыми-әдістемелік жүйенің дидактикалық талаптары негізінде оқу-тәрбие мекемелерінде ұйымдастыру мәселелерінің жоқтығы;

- ұрпақ тәрбиесі жөніндегі ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралардың заманауи талаптарға үйлесімділігін негіздеудегі тәжірибелік білімдердің аздығының әсерінен халықтық рухани және материалдық құндылықтардың бағаланбауы;

- сырттан келетін ұлттық болмыстағы ділге үйлеспейтін жат мәдениеттің кері әсерлері және жалпыадамзаттық құндылықтарды түсініп, қабылдауға бағытталған ұлттық – рухани-ізгіліктегі ойлау тәсілін дамытумен азаматтық-патриоттық тәрбие мен түсінік жайлы білімдердің аздығы.

Аталған қиындықтар қоғамда және әлеуметтік ортада қарама-қайшылықтар туғызуда.

Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылығы Қазақстан жастарының азаматтық бірегейлігі мен отансүйгіштік сана-сезімдерін дамытудың идеологиялық өзегі. Олардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін ұйымдастыру мәселесі, «Мәңгілік Ел» патриоттық тәрбие актісі негізгі ұстанымдарын басшылыққа алу мен соңғы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты. Тұжырымдамалық ойларды талдау негізінде зерттелетін мәселенің ұғымдары мен атаулық түсініктердің жиынтығы құралды. Олар:

- азаматтық;
- азаматтық бірегейлік пен сәйкестік;
- ұлттық идея;
- ұлттық құндылықтар;
- ұлтаралық қатынас;
- патриоттық сана мен сезім.

Қазақстан жастарының азаматтық - патриоттық тәрбиесін ұйымдастыру мен өмірлік тәжірибеде жүзеге асырудың мақсаты оларды белсенді болуға дайындау. Мектептің 10,11 - сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылар және ЖОО-ның білімгерлеріне азаматтық-патриоттық тәрбиесін ұйымдастыруға дайындау үдерісін түсінудің диссертанттың зерттеушілік жұмыстарын орындаудағы ұстанымдарын талдау негізінде оның негізгі сипаттамалары анықталды. Модельде Қазақстан жастарының жас және топтық құрамына ену ерекшеліктеріне азаматтық-патриоттық тәрбиесін жүзеге асырудың біріктірілген нұсқадағы үлгісі ретінде беріліп, ондағы теориялық, әдістемелік және тәжірибелік құрылымдарын мүмкіндігінше қамту қарастырылды. Диссертациялық жұмыстың зерттелу үдерісінде, теориялық түсіну нәтижесінде жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін ұйымдастыруға дайындаудың теориялық, әдістемелік және тәжірибелік жаңашыл тәсілдерге сүйене отырып жасалған моделі ұсынылды. Бұл зерттеуге алынған тақырыптық мәселенің мәні модель арқылы жүргізілген жұмыстардың көрсеткіштерін сипаттап береді. «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың мазмұндық құрылымдық моделі - тұлғалық-мотивациялық, танымдық -құндылық және рефлексия - кері байланыс, түзету кезеңдерінен тұрады. (Кесте 2).

Кесте 2- Азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың мазмұндық құрылымдық моделі

| **Құрылымдық жүйелері** | | |
|---|---|---|
| Тұлғалық-мотивациялық | Танымдық-құндылық | Рефлексия - кері байланыс, түзету |

Кесте 2-нің жалғасы

| Көрсеткіштер | | |
|---|---|---|
| 1. Қазақстан қоғамында азаматтық бірегейлік пен сәйкестікті міндет, өмірлік қажеттілік тұрғысынан қабылдау;<br>2. Ұлттық тарихты, тіл мен мәдени құндылық болатын дәстүрлерді сақтау азаматтық парыз бен борышы тұрғысынан түсіну;<br>3. Қазақстан Республикасын туған Отаным деп сүйіспеншілікпен қарау және оның заңдары мен құқықтық талаптық ережелерін берік ұстаудағы азаматтық жауапкершілігі;<br>4. Қазақстан Республикасы рәміздерін /Елтаңба, Гимн, Ту және Конституциясы/ білу, қоғамдық, әлеуметтік мәнін түсіну;<br>5. Отандық саяси, заңды- құқықтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайы мен Қазақстан Республикасы даму стратегиясына және бағдарлы үрдісіне өзіндік үлесін қосуы;<br>6. «Қазақстан- менің Отаным», «Мен қазақ ұлтының өкілімін», «Мен - Қазақстандықпын» деген түсінікте мемлекет қауіпсіздігіне | 1. Қазақстандық азаматтық бірегейлік пен патриотизмнің мәнін, маңызын, қажеттілігін білу және түсіну;<br>2. Қазақ ұлтының тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін білу, Қазақстанда тұратын өзге халықтармен татулық қатынас жасаудың қажеттілігін түсіну;<br>3. Қазақ ұлтының – рухани-материалдық құндылықтары жайындағы білімдерді жетік меңгеру және қоғам мен әлеуметтік ортада қажеттілігін білу және түсіну;<br>4. Қазақстан азаматы ретінде жеке бәсекеге қабілетті, үнемі білім алудың қажеттігін білу, Отанға деген азаматтық-патриоттық сезім-түсінігін осы бағытта ұстау түсінігі;<br>5. Жеке танымдық зияткерлігін дамыту әдіс-тәсілдерін білу;<br>6. Қоғамдағы азаматтық белсенді ұстанымының мәні, патриоттық сезімін ұштастырудағы білім мен білігі;<br>7. Қоғамдық және ұлттық құндылықтар, мәдениет жайында білімдерді жетік меңгерудің патриоттық сана-сезімімен өзара байланысы. | 1. Қазақстан азаматының бірегейлігі мен патриотизм жайындағы түсінік, білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана алуы;<br>2. Азаматтық-патриотизм құндылықтарын қоғамда, әлеуметтік ортада басшылықта ұстануы;<br>3. Қазақ тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлері, әдеп-ғұрпы, рухани мәдениеті мен құндылықтары негізінде Қазақстан халқының өзара ынтымақтастығын қарым-қатынас жасау барысында тәжірибеде көрсетуі;<br>4. Қазақстанды мекендеген өзге халыққа қазақтар мемлекет құрушы ұлт ретінде өмірлік тәжірибеде достық және өзара келісім жағдайында құрмет көрсетуі;<br>5. Жастардың азаматтық бірегейлігі мен сәйкестікте-ріндегі патриоттық сана-сезім, өзіндік іс-әрекетінде Отан тағдырына байланыстылығын үнемі сезінуі, жауапкершілікте болуы;<br>6. Жастардың |

Кесте 2-нің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| жауапкершілікпен қарау;<br>7. Жастардың азаматтық-патриоттық түсініктері арқылы Қазақстан Республикасының даму мақсаттарына өз үлестерін қосу қажеттіліктерін ұғыну;<br>8. Қоғам өмірінде азаматтық бірегейлік пен патриоттық белсенді субъектілік өмірлік ұстанымына ие болуды саналық түсіну және оған ұмтылу. | 8. Ұлттық сана-сезім, материалдық және рухани ұлттық құндылықтарды, ұлтаралық қатынастарды құрметтеу, меңгеру; | азаматтық белсенділіктері мен пат-риоттық саналық түсінікте-рінің ұлттық бірегейлікте болуына жеке үлестерін қосуы;<br>7. Азаматтық мінез-құлық пен белсенділік іс-әрекетте патриоттық сезім сапаларын көрсетуі;<br>Өмірлік іс-әрекетте азаматтық мінез-құлық пен патриоттық сезімдері арқы-лы Отанның дамуына қызмет жасауы. |

Тұлғалық-мотивациялық құрылымы жастардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің ішкі, жеке тұлғалық болмысындағы мақсатты әрекет жасау көңіл-күй көрінісінің бағытын анықтайтын педагогикалық және ұлттық, қоғамдық құндылықтарды қабылдауды қамтамасыз ететін жеке әрекеттік қызметті анықтайды. Танымдық-құндылық құрылымы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін ұйымдастыруға дайындау үдерісінің ерекшеліктері мен берілетін біліми-танымдық мүмкіндіктерін көрсетеді. Рефлексия - кері байланыс, түзету құрылымында азаматтық-патриоттық тәрбиеге негізделген тәжірибелік әрекеттерге сыни ойлау тұрғысынан қарау мен түрлендіру және оның қызметін түсіну қабілетінде кері байланыс, түзету құрылымын сипаттайды. Зерттелетін деңгейлік сипаттамалары жүйелік, белсенді және құндылық теория ілімі /аксиологиялық/ әдіс-тәсілдерді жүйелеуге мүмкіндік берді.

Қазақстан жастарының, мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылардың азаматтық және патриоттық сезім-түсініктерінің қалыптасу деңгейлерін анықтау және оларды салыстырмалы бағалау көрсеткіштерін білуге бағытталған әдіс-тәсілдерін нақтылау мен оның тиімділігін негіздеу ерекше орын алады. Тәрбиелеу барысының нәтижелерін өлшеу және тәрбиелік деңгейлерін анықтау мәселелеріне арналған жұмыстарды талдау арқылы зерттеуге алынған мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылардың іс-әрекеті мен мінез-құлықтарының мүмкін болған үш деңгейін қарастырдық. Олардың азаматтық және патриоттық сана-сезімдерінің «Таным мен тәрбие» атты арнайы бағдарлама негізінде оқыту мен тәрбиелеудегі қалыптасқан үш деңгейі /жоғары, орта, төменгі/ олардың тұлғалық болмысындағы мінез-құлықтары, осы бағыттағы түсінік-танымдары негізінде қаншалықты көрініс тапқандығын диагностикалауға негіз болды.

Жоғарыда анықталған өлшемдік көрсеткіштер /критерийлер/ және мінез-құлықтың көрініс табуының ықтималды үш деңгейі туралы тұжырымға сәйкес,

оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жастардың азаматтылығы мен отансүйгіштік сезімдерін қалыптастырудың деңгейлері берілді.

Жастардың Отансүйгіштік сезімдерінің қалыптасқан деңгейлерінің сипаттамасы /тұлғалық-мотивациялық құрылым/ кестеде берілген (Кесте 3).

Кесте 3 - Мектептің жоғары 10,11 - сынып оқушылары мен колледжде білім алушылардың азаматтық және патриоттық сана-сезімдерінің қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасы /тұлғалық-мотивациялық құрылым бойынша/

| Деңгейлік көрсеткіш | Деңгейлердің сипаттамасы |
|---|---|
| Жоғары. 1-ші деңгей | Қазақстан жастары, мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылары Отанның барлық саладан дамуын шын ықыласпен қалайды және оған үлес қосу өзінің міндеті, өмірлік қажеттілігі ретінде жоғары саналықпен қабылдайды. Қазақстанның өркендеуіне қызмет жасау, дамуына үлес қосуды Отанның патриоты және азаматы ретіндегі борышы деген жоғары сезімдегі ниетте. Отанға деген жоғары саналық көзқарас пен сезім-сүйіспеншілік, мемлекеттік тіл мен тарихын, дәстүрлерін бағалау аса қажет деп біледі. Қазақ ұлтының тілі, салт-дәстүрлері мен рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын құрметтеуге, білуге белсенді жоғары ықыластық танытады. Отанның тағдырына, қауіпсіздігіне азамат және патриот ретінде жеке жауапкершілігін жоғары түсінікте сезінеді. Жастар жеке зияткерлік және азаматтық-патриоттық білімге, іскерлік пен дағдыларды меңгеруге қызығушылық танытады. Қоғам және әлеуметтік өмірінде азаматтық белсенділік пен патриоттық түсініктегі субъектілік ұстанымын көрсетеді. Оған ықыласы мен ниеттілік қажеттілігі жоғары. Қазақстан Республикасына жоғары патриоттық сезіммен берілуі және оның заңдары мен құқықтық талаптық ережелерін берік ұстаудағы азаматтық жауапкершілігінің жоғары болуы. Қазақстан Республикасының даму стратегиясы мен тактикасын жеке танымдық тұрғысынан жетік түсініп, қабылдайды. |
| Орта. 2-ші деңгей | Қазақстан жастары, мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылары Отанның барлық саладан дамуын дұрыс деп санайды және оған үлес қосу өзінің міндеті, өмірлік қажеттілігі ретінде ықыласы бар. Қазақстанның өркендеуіне қызмет жасау, дамуына үлес қосуды Отанның патриоты және азаматы ретіндегі борыш сезімі тұрақты. Отанға деген жоғары саналық көзқарасы пен сезім-сүйіспеншілігі, мемлекеттік тілі мен тарихын, дәстүрлерін бағалайды, қажет деп түсінеді. Қазақ ұлтының тілі, салт-дәстүрлері мен рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын құрметтеуге тұрақты ықыласы бар. Отанның |

Кесте 3-тің жалғасы

| | |
|---|---|
| | тағдырына, қауіпсіздігіне азамат және патриот ретінде жеке жауапкершілігін түсінеді. Жастардың жеке зияткерлік және азаматтық-патриоттық білімге, іскерлік пен дағдыларды меңгеруге қызығушылығы бар. Қоғам және әлеуметтік өмірінде азаматтық белсенділік пен патриоттық түсініктегі субъектілік ұстанымын көрсетеді, оған ықылас пен ниеттілік қажеттілігі жоғары. Қазақстан Республикасына патриоттық сезімі бар және оның заңдары мен құқықтық талаптық ережелерін берік ұстаудағы азаматтық жауапкершілігі тұрақты. Қазақстан Республикасының даму стратегиясы мен тактикасын жеке танымдық тұрғысынан түсіну қажет. |
| Төмен. 3-ші деңгей | Қазақстан жастары, мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылары Отанның барлық саладан дамуына және оған үлес қосуды өзінің міндеті, өмірлік қажеттілігі ретінде түсінікке енжарлық білдіру. Қазақстанның өркендеуіне қызмет жасау, дамуына үлес қосуды Отанның патриоты және азаматы ретіндегі борышы деген түсінікке немқұрайлық. Отанға деген жеке өзіндік көзқарасы бар, бірақ, мемлекеттік тіл мен тарихқа, дәстүрлерін қажетсіну түсінігі төмен. Қазақ ұлтының тілі, салт-дәстүрлері мен рухани-материалдық, мәдени құндылықтары жайындағы мәселеге жалпылама самарқау түсінікпен қарайды. Отанның тағдырын, қауіпсіздігін азамат және патриот ретінде жалпы түсінеді, бірақ әрекеттігі төмен. Жастардың жеке зияткерлік және азаматтық-патриоттық білімге, іскерлік пен дағдыларды меңгеру қажеттілігі төмен. Қоғам және әлеуметтік өмірінде азаматтық белсенділік пен патриоттық түсініктегі субъектілік ұстанымы мен ықылас пен ниеттілігі төмен. Қазақстан Республикасына патриоттық сезімі бар, бірақ, оның заңдары мен құқықтық талаптық ережелерін жетік түсінудегі азаматтық жаупкершілігіне салғырт қарайды. Қазақстан Республикасының даму стратегиясы мен тактикасын жеке танымдық тұрғысынан түсінігі ортадан төмен қабылдайды. |

Тақырыпты зерттеу бойынша ғылыми әдістемелік әдебиеттерді талдау [16,19,132] негізінде жастарда азаматтық-патриоттық білім жүйесінің болуын және азаматтық белсенді ұстанымдарының мәні туралы түсініктердің болуын бағалауға мүмкіндік беретін танымдық-құндылық құрылым бойынша Отанға деген жауапкершілік және отансүйгіштік сезімдерінің қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасын береміз (Кесте 4).

Кесте 4 - Мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылардың азаматтық және патриоттық сана-сезімдерінің қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасы /танымдық-құндылық құрылым/

| Деңгейлік | Деңгейлердің сипаттамасы |
|---|---|

Кесте 4-тің жалғасы

| көрсеткіш | |
|---|---|
| Жоғары 1-ші деңгей | Қазақстан жастары, мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылары қазақстандық азаматтық бірегейлік пен патриотизмнің мәнін, маңызын, қажеттілік жағдайын жоғары дәрежеде түсінеді.Қазақ ұлтының тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін меңгеруі мен білігі жоғары. Қазақстанда тұратын өзге халықтармен татулық қатынас жасаудың қажеттілігін жоғары ықыласпен қабылдайды.Қазақ ұлтының рухани-материалдық құндылықтары жайындағы білімді жетік меңгеру, қоғам мен әлеуметтік ортада қажеттілігін түсіну білігі өте жақсы. Қазақстан азаматы ретінде жеке бәсекеге қабілетті, үнемі білім алудың қажеттігін өте дұрыс деп бағалайды. Отанға деген азаматтық-патриоттық сезім-түсінік бағдарлы бағытын ұстауы өте белсенді. Жеке танымдық зияткерлігін дамыту, әдіс-тәсілдерін білуді аса қажетті деп түсінеді. Қоғамдағы азаматтық белсенді ұстанымының мәнін, патриоттық сезіміне ұштастырудағы білім мен білігі басым қажеттілік деп бағалайды. Қоғамдық және ұлттық құндылықтар, мәдениет жайында білімдерді жетік меңгерудің азаматтық-патриоттық сана-сезім, түсінік пен өзара байланысының жоғары болуы керектігін сезінеді. Ұлттық сана-сезімді, материалдық және рухани ұлттық құндылықтарды, ұлтаралық қатынастарды құрметтеу, меңгеруге байланысты түсінігі жоғары дәрежеде. |
| Орта 2-ші деңгей | Қазақстан жастары, мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылары қазақстандық азаматтық бірегейлік пен патриотизмнің мәнін, маңызын, қажеттілік жағдайын қанағаттанарлық жағдайда түсінеді. Қазақ ұлтының тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін меңгеруі мен білігі қалыпты, орта. Қазақстанда тұратын өзге халықтармен татулық қатынас жасаудың қажеттілігін дұрыс деп түсінеді. Қазақ ұлтының рухани-материалдық құндылықтары жайындағы білімді жетік меңгереді, қоғам мен әлеуметтік ортада қажеттілігін қабылдайды.Қазақстан азаматы ретінде жеке бәсекеге қабілетті, үнемі білім алудың қажеттігін керек деп түсінеді. Отанға деген азаматтық-патриоттық сезім-түсінік бағдарлы бағытын ұстауы қалыпты. Жеке танымдық зияткерлігін дамыту, әдіс-тәсілдерін білуді қажеттілік деп қабылдайды. Қоғамдағы азаматтық белсенді ұстанымының мәнін, патриоттық сезіміне ұштастырудағы білім мен білігі ұштасуы керек деп түсінеді. Қоғамдық және ұлттық құндылықтар, мәдениет жайында білімдерді жетік меңгерудің азаматтық-патриоттық сана-сезім, түсінік пен өзара байланысу керектігін түсінеді.Ұлттық сана-сезім, материалдық және рухани ұлттық құндылықтарды, ұлтаралық қатынастарды құрметтеу, меңгеру түсінігі қалыпты дәрежеде. |

Кесте 4-тің жалғасы

| | |
|---|---|
| Төменгі 3-ші деңгей | Қазақстан жастары, мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылары қазақстандық азаматтылық бірегейлік пен патриотизмнің мәнін, маңызын, қажеттілігін түсіну жағдайы қанағаттанарлықсыз. Қазақ ұлтының тілін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін меңгеруі, білігі мен түсінігі төмен. Қазақстанда тұратын өзге халықтармен татулық қатынас жасаудың қажеттілігін жетік түсінбейді. Қазақ ұлтының рухани-материалдық құндылықтары жайындағы білімдерді жетік меңгеру, қоғам мен әлеуметтік ортада қажеттілігі жайындағы түсінігі төмен. Қазақстан азаматы ретінде жеке бәсекеге қабілетті, үнемі білім алудың қажеттігіне енжарлықпен қарауы. Отанға деген азаматтық-патриоттық сезім-түсінік бағдарлы бағытын ұстауы бар, бірақ, қалыпты көрсеткіштен төмен. Жеке танымдық зияткерлігін дамыту, әдіс-тәсілдерін меңгеруге немқұрайлық басым. Қоғамдағы азаматтық белсенді ұстанымының мәні , патриоттық сезіміне ұштастырудағы білім мен білігі төмен. Қоғамдық және ұлттық құндылықтар, мәдениет жайында білімді жетік меңгерудің азаматтық-патриоттық сана-сезім, түсінікпен өзара байланыстылығын түсінбейді. Ұлттық сана-сезім, материалдық және рухани, ұлттық құндылықтарды, ұлтаралық қатынастарды құрметтеу, меңгеру түсінігі төмен. |

Кесте 5 - Мектептің жоғары сынып оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледжде білім алушылардың азаматтық және патриоттық сана-сезімдерінің қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасы.
/Рефлексия - кері байланыс, түзету құрылымында/

| Деңгейлік көрсеткіш | Деңгейлердің сипаттамасы |
|---|---|
| Жоғары 1-ші деңгей | Қазақстан жастары, мектептің жоғары сынып оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледжде білім алушылары Қазақстан азаматының бірегейлігі мен патриотизм жайындағы түсінік, білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдануы сапалы, жақсы көрсеткіште. Қазақстандық азаматтылық пен патриотизм құндылықтарын қоғамда, әлеуметтік ортада басшылықта ұстану тәжірибесін қажетті деңгейде жүзеге асыра алады. Қазақ тілін, салт-дәстүрлері, әдеп-ғұрпы, рухани мәдениеті мен құндылықтары негізінде Қазақстан халқының өзара ынтымақтастық қарым-қатынас жасауын тәжірибе барысында кеңінен қолданады. Қазақстанды мекендеген өзге халыққа қазақтар мемлекет құрушы ұлт тұрғысынан достық және өзара келісім жағдайында өмірлік тәжірибеде құрмет көрсету, терең ықыластық пен жоғары сезімдікте іске асуын қабылдайды. Жастардың азаматтық бірегейлігі мен сәйкестіктеріндегі |

Кесте 5-тің жалғасы

| | |
|---|---|
| | патриоттық сана-сезім, түсініктегі мінез-құлықтық өзіндік іс-әрекетінде Отан тағдырына байланыстылығын үнемі сезіну, жауапкершілікте болуының жоғары деңгейін тәжірибеде көрсете алды. Жастардың азаматтық белсенділіктері мен патриоттық саналық түсініктерінің ұлттық бірегейлікте болуына жеке үлестерін қосуға жоғары ынта-жігермен іс-әрекетке дайын. Азаматтық мінез-құлық пен белсенділік іс-әрекетте патриоттық сезім сапаларын өмірлік және педагогикалық тәжірибеде қолдану өте жақсы. Өмірлік іс-әрекетте азаматтық мінез-құлық пен патриоттық сезімдері арқылы Отанның даму міндеттеріне қызмет жасауды тәжірибеде көрсете алу қабілеттілігіне бейімділігі өте жақсы. |
| Орта 2-ші деңгей | Қазақстан жастары, мектептің жоғары сынып оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледжде білім алушылары Қазақстан азаматының бірегейлігі мен патриотизм жайындағы түсінік, білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана алады. Қазақстандық азаматтылық пен патриотизм құндылықтарын қоғамда, әлеуметтік ортада басшылықта ұстануды тәжірибеде ниеті, әрекеті бар. Қазақ тілін, салт-дәстүрлері, әдеп-ғұрпы, рухани мәдениеті мен құндылықтары негізінде Қазақстан халқының өзара ынтымақтастық қарым-қатынас жасап, тәжірибеде жүзеге асыруға орташа мүмкіндігі бар. Қазақстанды мекендеген өзге халыққа қазақтар мемлекет құрушы ұлт тұрғысынан достық және өзара келісім жағдайында өмірлік тәжірибеде құрмет көрсету ықыластық іске асуын түсінеді. Жастардың азаматтық бірегейлігі мен сәйкестіктеріндегі патриоттық сана-сезім, түсініктегі мінез-құлықтық өзіндік іс-әрекетінде Отан тағдырына байланыстылығын үнемі сезіну, жауапкершіліктер болуын тәжірибеде аша білді. Жастардың азаматтық белсенділіктері мен патриоттық саналық түсініктерінің ұлттық бірегейлікте болуына жеке үлестерін қосуға ынта-жігерлігін тәжірибеде жақсы деңгейде көрсете алды. Азаматтық мінез-құлық пен белсенділік іс-әрекетте патриоттық сезім сапаларын өмірлік және педагогикалық тәжірибеде қолдануы бар. Өмірлік іс-әрекетте азаматтық мінез-құлық пен патриоттық сезімдері арқылы Отанның даму міндеттеріне қызмет жасауды тәжірибеде көрсете алу қабілеттілігіне бейімділігі бар. |
| Төмен 3-ші деңгей | Қазақстан жастары , мектептің жоғары сынып оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледжде білім алушылары Қазақстан азаматының бірегейлігі мен патриотизм жайындағы түсінік, білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана алуы төмен, үйлесімділігі нашар. Қазақстандық азаматтылық пен патриотизм құндылықтарын қоғамда, әлеуметтік ортада, басшылықта |

Кесте 4-тің жалғасы

| | |
|---|---|
| | ұстануды тәжірибеде жүзеге асыра алмады. Қазақ тілін, салт-дәстүрлері, әдеп-ғұрпы мен рухани мәдениеті мен құндылықтары негізінде Қазақстан халқының өзара ынтымақтастық қарым-қатынас жасауын тәжірибеде жүзеге асыру мүмкіндігі мен түсініктері қанағаттанарлықсыз. Қазақстанды мекендеген өзге халыққа қазақтар мемлекет құрушы ұлт тұрғысынан достық және өзара келісім жағдайында өмірлік тәжірибеде құрмет көрсету, ықылас таныту төмен. Жастардың азаматтық бірегейлігі мен сәйкестіктеріндегі патриоттық сана-сезім, түсініктегі мінез-құлықтық өзіндік іс-әрекетінде Отан тағдырына байланыстылығын үнемі сезіну, жауапкершіліктер болуын тәжірибеде мысалмен келтіріп аша алмайды. Жастардың азаматтық белсенділіктері мен патриоттық саналық түсініктерінің ұлттық бірегейлікте болуына жеке үлестерін қосуға ынта-жігерлігінің тәжірибедегі көрінісі нашар. Азаматтық мінез-құлық пен белсенділік іс-әрекетте патриоттық сезім сапаларын өмірлік және педагогикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігі төмен. Өмірлік іс-әрекетте азаматтық мінез-құлық пен патриоттық сезімдері арқылы Отанның даму міндеттеріне қызмет жасауды тәжірибеде көрсете алу қабілеттілігінің төмен болуы орын алып отырды. |

Азаматтық пен патриотизм – қоғамның, әлеуметтік ортаның саяси өмірінің қуатты өзара байланыстық пен кіріктірілу заңдылығына жататын жағдаят, азаматтардың патриоттық сана мен сезімнің жоғары деңгейі бірлік пен татулықта мемлекеттің өмір сүруінің кепілі. Қазіргі Қазақстан қоғамының басты және маңызды мәселелерінің бірі ел азаматтарының бірегейлігі мен сәйкестілігін арттыру арқылы патриоттық білімді мазмұнды әрі сапалы түрде жүзеге асыру. Бұл қазіргі Қазақстан жастарына қатысты күрделі және көкейкесті мәселе:

- XX ғасырдың соңындағы тәуелсіздікке ие болудағы ескі идеологиялық бағыттағы сана дағдарысы, XXI ғасырдың бас кезіндегі қазақтардың жаңа қоғамдық санасында бірқатар жағымсыз құбылыстар мен тұрақсыздықтардың орын алуы – оның негізі ұлттық идеологияның мемлекеттік бағдарламасының болмауы;

- сырттан ұлттық болмысқа қайшы келетін түрлі мәдениеттің Қазақстан қоғамына енуі мен оның зиянды ықпалдары азаматтық және патриоттық тәрбие жүйесінің жаңа бағытта дамуына қиындықтар туғызып, оған кері әсерлерін тигізуі;

- қазіргі қоғам жағдайында азаматтық-патриоттық тәрбие бағытындағы санасын қалыптастыру үдерістері жаңартылып, күрделене түседі. Жаңа тетіктер мен ықпал ету жағдаяттары пайда болады. Тәуелсіздікке дейінгі өмір сүрген /кеңестік жүйе/ қоғамдағы патриоттық тәрбие беру жүйесі мен оны жүзеге асыру тәжірибесі қазіргі қоғамдық құрылыстың мазмұнынан әлдеқайда алшақ жатыр, дегенмен де, кезеңдегі озық әдіс-тәсілдер мен атқарылған

жұмыстарды бүгінгі Қазақстан қоғамына түзетулермен икемдеп, оңтайлы және сұрыптап пайдалануды қажет етеді. Ол жаңа көзқарастағы ғылыми педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан негізделуі керек. Бірақ, сол кезеңдегі азаматтық-патриоттық тәрбие беру жұмыстарын негіздеуге бағытталған модельдер бүгінгі Қазақстанның заманауи талаптарымен үйлеспеуі;

- қазіргі жаһандық жағдайда жастардың азаматтық пен патриоттық бағыттағы түсінік, нанымдары мен саналық болмысының қоғамның әлеуметтік - саяси өмірдегі мәніне ерекше қарау қажет. Себебі, жастардың жас ерекшеліктері және олардың түрлі топтық құрылымдарының мүшелігіне қарай олардың қоғамдық-саяси бас қосу бірлестіктері мен қозғалыстары саяси тәртіпті тұрақсыздандыруға ықпал жасап, әсер етуде кейбір ішкі және сыртқы күштердің құралына айналуы мүмкін. Сондықтан жастарды өз мемлекетінің біртұтастығы мен тұрақтылығына үлес қосудағы азаматтық және патриоттық түсінікті берік сақтауға және әсер ететін әлеуметтік-саяси саналық болмысты қалыптастырудың қажетті құралы бола алатындығын ескеріп отырған дұрыс;

- азаматтық бірегейлік пен сәйкестік және патриоттық сана, түсінікті, сезімдерді қалыптастыру жұмыстарында жастардың саяси әлеуметтену үдерістерімен өзара байланыстылығын негізге ұстап, қазіргі қоғамдағы әлеуметтенудің дәстүрлі институттарының ықпалын көтеру жастардың жас ерекшеліктері және олардың түрлі топтық құрылымдық бірлестіктері мен қозғалыстары қоғамдық және әлеуметтік /мектеп, колледждер, ЖОО т.б. оқу-тәрбие мекемелері/ ортадағы даму үдерісте өзіндік маңызға иелігімен қызмет атқарады. Яғни, оған қатысушы жастар азаматтық және патриоттық тәрбиенің объектісі және субъектісі болып табылады. Жастардың құрылымдық бірлестіктері мен қозғалыстары қоғамдық және әлеуметтік ортадағы өнімі бола отырып, азаматтық-патриоттық тәрбиенің субъектісі ретінде қоғамдық-саяси және әлеуметтік жағдайға «іштен» ықпал жасауға мүмкіндігі бар күш болып табылады;

- мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушылары бағыттағы теориялық - әдіснамалық және тәрбие әдістемесіне қатысты ғылыми негізделген ұсыныстарды даярлап және арнайы зерттеулерді жүргізу. Бүгінгі жастардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік ұйымдары мен қозғалыстарда азаматтық бірегейлігі мен сәйкестігі, әрі патриоттық сана мен түсінік сезімдерін қалыптастыру үдерісіне әсерін ішкі саяси және әлеуметтік, қоғамдық құрылымдар тұрғысынан талдауды, ықпал жасаушы тетіктер мен жолдарын жүйелеп, нақтылаудың қажеттілігі сұранысқа ие [148,149].

Азаматтық және патриоттық сана Отанға, туған жерге және елге деген жастардың топтық немесе жеке бас түсінігіндегі деңгейлік көрінісі. Азаматтық және патриотизм - мемлекеттік құрылымдармен байланысты қоғамның және әлеуметтік, халықтық, ұлттық құндылықтар мен ақиқаттық мәдени-тарихи және рухани-адамгершіліктің жағдайын көрсететін қоғамдық сананың күрделі, әрі ауқымы кең құбылысы ретінде қалыптасқан ұғымдық түсінік. Азаматтық және патриотизм түсініктерінің мазмұнына: азаматтық және патриоттық білім жиынтығын меңгеру, азаматтық және патриоттық сана-сезімдегі Отанға, жерге, елге қатынас, жастардың азаматтық және патриоттық сана тұрғысындағы

әрекеттері жатады. Яғни, азаматтық және патриоттық түсінік, сезімдерді жоғары саналық деңгейде жастардың қабылдауына ықпал жасайтын мектеп, колледждер, ЖОО оқу-тәрбие мекемелерінің тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы тәжірибелік-әдістемелік қызметтерінің жүйелілігі мен өзара сабақтастықтарына байланысты болады. Азаматтық сана мен патриоттық сана екеуі өзара тығыз байланыстық құрылым жасайды да, қоғамдағы саяси және әлеуметтік жағдайлармен өзара ішкі бірлікте ықпалдаса отырып, ізгілік негіздегі рухани адамгершілік нысан ретінде қоғамдық сананы береді. Бұлардың жекелік көріністері, яғни, азаматтық пен патриоттық бағыттағы түсініктер мен сана қоғамдық деңгейінде қалыптасқан мемлекеттік, халықтық, ұлттық және жастардың жеке құндылықтар жүйесінің өзара үйлесімділіктері негізінде идеологиялық кешен түрлерінің көрінісін береді. Азаматтық және патриоттық сана түсінігінің мазмұнында Отан алдындағы жауапкершілікті сезіну, тағдырына алаңдаушылық білдіріп, туған жерге, елге, халыққа, ұлтқа қызмет жасау мен оны қорғау ең жоғарғы борыш пен парыз тұрғысынан қабылдауы. Ұлттың, халықтың тарихы мен мәдениеті және оның құндылықтары мен аға ұрпақ өкілдерінің үлгілі істері , өнегелік өмірлері үшін мақтаныш сезімнен қуат алып, азаматтық-патриоттық идеологиялық кешенінің көрінісін өмірлік тәжірибеде негізделуіне тұлғалық мотивациялық, танымдық-құндылық және олардың тәжірибелік іс-әрекеттегі көрінісі мен оның кері байланысы /рефлексия/, толықтырулар мен түзету іс-шаралар жүйесімен қарастыру ақиқат пен шындыққа жақын келетін нәтижелер беретіндігі анық.

## 2. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІН «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

### 2.1 «Мәңгілік Ел» идеясы аясында жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

«Мәңгілік Ел» идеясын қазақстандық қазіргі жастардың құндылығы ретінде негіздеп, азаматтық және патриоттық түсінік, сана-сезімдерін тұрақтандырып, мақсатты даму бағдары ретінде сипатталуы мен патриоттық актісі аясында жүйеленуі басты мәселе ретінде негіздеуімізді басшылыққа ала отырып, осыған байланысты азаматтық-патриоттық тәрбиенің біртұтастықтағы бейнесінің өріс алуына байланысты оның педагогикалық шарттары жайлы мәселені қарастыру қажет болып отыр. Бұл мәселе түрлі қоғамдық және әлеуметтік жағдаяттардың әсерінен және жастардың өмір сүру деңгейіне тікелей байланысты болатыны анық.

Қазақстандағы «Мәңгілік Ел» идеясы және оған жастардың белсенді қатысу дәрежесі көбінесе оның құндылықтарына, қажеттіліктері мен өмірлік ұмтылыстарына байланысты және оларды жаңа идеологиялық бағдарға айналатыны анық. Бұл өте маңызды мәселе, себебі, қоғамдағы әлеуметтік ортаның осы тобының қажеттіліктері туралы ақпаратты білу және оны талдап, түсіну мен ой санадан өткізу жұмыстарының нәтижесі арқылы оларды осы бағыттағы іс-шараларға тарту мен қатыстыру жүргізілмек. Өйткені, бұл жастар

/мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылар және ЖОО-ның білімгерлері/ әлеуметтену және өзін-өзі дамыту үдерісіне қатысушы ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің болашағы қаншалықты өркениетті болатынына тікелей жауап беретін әлеуметтік субъект ретінде орын алатын, өзіндік ерекшелікке ие әлеуметтік - демографиялық топ. Сондықтан олардың қоғамға оң көзқарасын қалыптастыру мен әлеуметтік ортада мемлекет жайындағы саяси саналық түсініктерінің дұрыс өрбуіне ықпал жасау барысында белсенді жастармен арнайы бағдарлы жоспарлар бойынша жұмыстар жүргізіп, жастар өкілдерінің сенімдерінің берік болуына және олар өз кезегінде осы бағыттағы іс-шараларға қатысып жастар арасындағы үгіт-насихаттарын дәлелді мәліметтер арқылы жеткізе білуге үйрету мен тұрақты қоғамдық санасын бекітуге бейімдеп, баулуды жүзеге асыру қажет.

Қазақстан қоғамының әлеуметтік-саяси жүйесін жаңа белеске көтеру нәтижесінде жастарды осы бағыттағы өмірлік тәжірибеге араластыру тетіктері, сондай-ақ оның ішкі саяси және қоғамдық санасын қалыптастыру жолдары жаңа сипатқа ие болады. Бұнда жастардың әлеуметтенуі мен азаматтық-патриоттық бағыттағы тәрбиелеудің педагогикалық шарттары ғана емес, сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік институттардың, БАҚ-дың және белсенді әрі көшбасшы жастар жұмыс әрекеттеріне ықпал жасап, жаңаша мазмұнға ие болады. Бұл бағыттағы жұмыстар жастардың әлеуметтік бағыт бағдарындағы белгісіздіктің өсуіне тосқауыл болады және еркін өзін - өзі танып-білуінде жастардың қоғамдық саяси түсінік санасын қалыптастыру үдерісіне қатысу барысы анық, мақсатты, яғни, кенеттен ішкі қопарылыс, ескертусіз /стихиялық сипатта/ емес бағдарлы стратегияларды құру әрекетіне итермелейді. Арнайы бағдарсыз немесе бақылаусыз әрекеттерге бару, ең алдымен, БАҚ-нан қайшы келетін бағыттағы көзқарастардан, негізсіз бағалаулар жастарды басты мемлекеттік идея жүйесіндегі құндылықтардан алшақтатады және оларды өмірлік тәжірибеде кездесетін жағдайларда оң шешім табудағы тұнық ойлау мүмкіндіктеріне тосқауыл қойылады.

Қазақстандағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясындағы азаматтық бірегейлік пен сәйкестік және патриоттық актісі негізінде қазақстандық жастардың сенім, түсініктері мен саналылығын жетілдіру барысындағы ой-пікірлердің жиынтығы тәжірибелік өмір салтына үйлесімді және ғылыми тұрғыда дұрыс бағдарлы идея деп айтуға болады. Дегенмен де, шындық өмірде жастардың жеке тәжірибелерінен ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдану мәселесі толық және жан-жақты орындалмай қалып отырғандығын мойындауымыз керек. Бұл бағыттағы жұмыстар мазмұн жағынан сәйкес келмесе де, әйтеуір бір ұйымдастырылған шараларды қағаз бетіне түсіріп, құрғақ есеп беру үрдісі орын алып отырғандығы анық. Ал, кейінгі уақытта ұлттық болмысты дамыту мен мемлекеттік тұтастықты сақтау және ұлттық бірегейлікті жүзеге асырудағы жастармен жүргізіліп жатқан жұмыстар жайында ешбір қозғалыстардың бар немесе жоғы білінбей де қалды. Бұндай ұлтқа қатысты жақсы идеяларды қалтарыста қалдыру өте қауіпті нәрсе екенін естен шығармауымыз керек. Ғасырлар бойы келе жатқан идеологиялық құндылықты жаңғыртуды басшылықта ұстамау үдерісі әр салада кері көрініс беріп және қазақ қоғамының

азаматтық бірегейлігі мен патриоттық сана, түсінік негіздерінің дамуын тежейді және оның салдары орны толмас қайғы-қасіретке алып келетіні анық. Сондықтан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясында берілген мазмұнға сүйене отырып, азаматтық бірегейлік пен патриоттық тәрбие түсініктерін дамытуды басшылыққа алу басты мәселе болып табылады. Азаматтық пен патриотизм түсінігін біртұтастықта қарау - бұл туған елге, жерге, өлкеге және Отанға, оның рухани, материалдық және табиғи байлықтарына, халықтық құндылықтар мен мәдениетіне, адамдарына және жеке отбасына деген сүйіспеншілік пен қамқорлық және оларды қорғау мен дамуына жеке үлес қосу болып табылады. Қазіргі уақытта азаматтық пен патриотизм түсінігі рухани-адамгершілік, ізгілік, әділдік пен қамқорлық және т.б. түрлі түсінік атаумен берілетін мінез-құлық бейнесін беретін қасиеттік құрылымдарды меңгертетін құндылық мәртебесіне ие болып отыр. Жеке адамның қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы ұстанымы мен халқына қызмет жасауы және т.б. жағымды әрекеттері негізінде жеке жаратылыс болмыс-бітіміндегі жақсы қасиеттердің көрініс беруі азаматтық тұлғасының бейнесін береді. Ал, патриотизм түсінігінде ел мен жерге, Отанға деген сүйіспеншілік қатынасы, ұлттың тілі мен тарихы және мәдениетіне, оның жетістіктері мен сәтсіздіктері жайындағы көрсеткіштермен тығыз байланыста болуы - адамның рухани-адамгершілігіндегі ізгіліктік мәселенің өзегін құрайды. Бұл азаматтың ұстанымын және өз Отанының өмірі мен тағдырына араласу қажеттілігін туындатады және игілік істерін дамытады.

Ал осы жоғарыда баяндалған мәселелерге педагогика ғылымы тұрғысынан келсек, онда «Патриоттық тәрбиені педагогикалық ықпал жасаудағы мақсатты үдеріс ретінде біле отырып, оның мақсатын жастардың Отан жайында білімдерін кеңейту, патриоттық сезімдерін жетілдіру, адамгершілік сана-сезімдік сенім мен мінез-құлық талаптық ережелерін заман талабына сай үйлесімді қалыптастыру, халық пен Отанға пайда әкелу мен оны жан-жақты дамыту қажеттілігіне жұмыс жасауға бағдарлы түрде бейімдеу мен үйрету» болып табылады [132,150].

Азаматтық және патриоттық тәрбиенің берілуін ұйымдастыруда кешенділік қағидаттар болуы керек. Бұл тұрғыдағы тұтастық жүйедегі азаматтық пен патриоттық тәрбиені басқару мен ұйымдастыруға қойылатын талаптық ережелер қазіргі жастардың таным-түсінік болмысындағы қажеттілікті әлеуметтік жүйе секілді басқаруды және бағыттауды қажет етеді.

Яғни, басқарудың құрылым бөлімдері мен ұйымдардың жүргізетін жұмыстары жоспарлы және бағыт-бағдарлары айқын, олардың қызметінің мазмұны мен мақсаты белгілі, құқықтық ережелері мен міндеттері азаматтық-патриоттық тәрбие барысын жастар үшін жүзеге асырудың басым бағыттарымен айқындалады.

Азаматтық және патриоттық тәрбиенің жүйелілігі, оның құрылымдығы, өзара ішкі байланыстылығының біртұтастық сипатта болуы барлық деңгейде және түрлі сатылық бөлімдерде ұтымды басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және бұл өз кезегінде бүкіл тәрбиеге ықпал етуші жағдаяттарды ескеруді басшылыққа алуға негіздейді. Бұнда объект және субъектінің, макро-микро ортаның өзара үйлесімді қатынастарын сақтаудағы басқаруды

ұйымдастыру мен жүргізу қажеттілігін айқындау арқылы іске асыруға болады [147,151].

Азаматтық және патриоттық тәрбие беру түрлерінің біртұтастық өзара байланыс жүйесін негізге ала отырып, басқаруды ұйымдастыру қызметтерін:

- жоспарлау – нақты кезеңдік, орта және алыс мерзімдік жоспарлау және ондағы азаматтық пен патриоттық тәрбиенің тепе-теңдік әрі біртұтастық құрылымын ұстаудағы байланысты заңдылығын басшылықта ұстау керек;

- педагогтер мен тәрбиешілер және осы бағытта жұмыс жасайтын ішкі саясат немесе жастарға бағытталған қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметіндегі ішкі жүйесіндегі мазмұндық құрылымдары мен міндеттерінде азаматтық және патриоттық тәрбиеге басымдық рөлін бекітуі басшылыққа алынып отыруы қажет;

- осы бағыттағы бағдарлық жұмыстарға негізделген шешімдердің орындалуын бақылап, тексеру және оларға тек бір жақты «жақсы» деген баға беруден емес, ақиқат пен шындыққа негізделген бағалау әрі жетілдіру мен толықтырулар және түзетулер жағдайын үнемі басшылыққа ұстануы керек;

- азаматтық және патриоттық тәрбиенің өзіндік құрылымдарының ерекшеліктерін жете түсініп, оларды кіріктіру немесе өзара іштей мазмұндық жағынан байланыстыру заңдылығын басшылыққа ала отырып, тәрбиелердің жеке дербестік бейнесін түсініп, сақтау мен оларды біртұтастықта іске асыру жолдарын дамыту мен педагогикалық және өмірлік тәжірибеде пайдалану керек;

- азаматтық және патриоттық тәрбие негізінде қоғамдағы және әлеуметтік орта мен педагогикалық тәжірибеде жастардың идеологиялық бағыттағы сенім, түсінігін дамытып, белсенді өмірге даярлау керек;

- педагогикалық тәжірибедегі, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардағы азаматтық және патриоттық тәрбие бағытында ұйымдастырылып өтілетін іс-шараларды көрсетіп, насихаттау барысын жүзеге асыруда БАҚ-мен қамтамасыз етуді, ұйымдастырушылар мен белсенді көшбасшылар және басшылық ұйымдарды алдын ала жоспарлап, қарастыру қажет;

-гуманитарлық пәндер саласындағы ғалым-ұстаздар мен идеология саласында жұмыс жасайтын қызметкерлер азаматтық және патриоттық тәрбиенің нақты кезеңдік, орта және ұзақ мерзімді жолдарында қол жеткізген нәтижелері мен орын алған олқылық тұстары жайында зерттеулік талдаулар жүргізіп, түзетулер енгізу қажет [16,19].

Жоғарыдағы баяндап, қарастырып отырған «Тәрбие түрлеріндегі патриоттық тәрбиені жеке қарастырудың мақсаты не?» деген сұраққа жауап беретін болсақ, онда – ол жеке адамның адамгершілік тұрғысынан патриотизм негіздерін қалыптастыру мен оны қоғамның және әлеуметтік ортаның белсенді мүшесі ретінде дамыту, жеке адамның тұлғалық болмысын жетілдіру, жаратылыс дүниесіндегі рухани-адамгершілігінің негізінде азаматтық жауапкершілікке бейімдеу мен баулу, Отанға, туған жері мен елі, халқының мүдделерін сақтап, қорғауға дайын патриоттық сана мен сенім-түсінік бейнесін қалыптастыру және адал қызмет жасау.

Патриотизм - өзінің туып-өскен жерін аялауға; ұлттық тіліне және мемлекеттік тілге құрметпен карауға; Отан және Тәуелсіздік мүдделерін, Конституциялық талаптық ережелерді сақтау мен орындау, қорғауға; азаматтық түсінік, сезімдердің болуына; Отанға адалдық; мәдени және әлеуметтік жетістіктерді мақтан тұтуға; елдің тарихы жайлы берік білімнің болуына; дәстүрлерді сақтауға; өз қызметін Отанның игілігіне және дамуына бағыттау [152].

Ал, ендігі кезекте азаматтық тәрбиенің әлеуметтік ортадағы мақсаты мен қызметі жайын қарастырсақ, онда бағытты басқару қызметтерін орындау барысында жеке және топтасқан адамдардың өзара қарым-қатынасы мен қызметінде көрініс беретін субъективті тұлғалық болмыстың жеке қасиеттерінің топтастырылған кешені ретінде түсінуге болады. Ол - еңбек, отбасы, тұрмыстық және түрлі мекемелердегі ұжымдық, ұлтаралық және жеке адамдар арасындағы қатынастар бағыттарын бірге қосқанда, жалпыға арналған талаптық ережелер мен рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарлануы шынайы еркін және таза, әрі тұнық ойлы, Отанға қызмет жасау және халықтың, елдің, туған жердің, мемлекеттің мүдделерін сақтау мен қорғауда саналы әрекеттері заңдық талаптық ережелерге бағыну және оны берік ұстау мен шынайы патриоттық сезімді ұстануы [3].

Азаматтық және патриоттық тәрбиенің объектілеріне – педагогтер, тәрбиешілер, осы бағытта жұмыс жасайтын қоғамдық ұйымдар мен бөлімдер және Қазақстан жастары /тәрбиеленушілер/, негізгі мазмұндық құрылымы мен басым бағыты қызметін және оның құралдары, түрлері, әдістері мен қазіргі уақыттағы технологиялық жүйесі енеді. Сондықтан бұл тұрғыдағы тәрбие түрлеріне кешенді көзқарас тұрғысынан келу мен ұйымдастыруды жүзеге асыру және жаңа мазмұнда қалыптастыру мен дамыту, яғни, оның тиімділігін қоғам және әлеуметтік орта үшін арттыру маңызды жағдаят екенін үнемі есте ұстау керек.

Азаматтық және патриоттық тәрбиені өмірлік тәжірибеде жүзеге асыруды жоспарлаудағы нысаналы көзқарастық ұстаным қағидаты «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және соның негізіндегі патриоттық тәрбие актісі және т.б. мемлекеттік стратегия негізіндегі бағдарлама, тұжырымдамалар мен заңды талаптық ережелерге негізделуі, қазіргі кезеңдік және орта мен ұзақ мерзімді даму болашақты жоспарлау мен оны жүзеге асыруды тиімді етудің құралы болып табылатын қажеттіліктерін, жолдарын, тетіктерін сұрыптап алу, қолдану.

Жастардың азаматтық және патриоттық тәрбиесін жаңа мазмұнда қалыптастыру мен дамыту бағытындағы ұйымдастыру мен жоспарлаудағы кешенділіктің басты мәселелері – жастарға берілетін тәрбие ықпалын дұрыс бағдарлауға, тәрбиенің барлық қажеттіліктерін, жолдарын, тетіктері әсер жасаушы күштері мен құралдары. Сонымен бірге, қазіргі нақты кезеңдік, орта және ұзақ мерзімді даму бағыттарын, нысандары мен әдістерін, технологияларын ұтымды қолдануға бағыттау. Яғни, бұл тәрбие түрлеріне біртұтастық пен ішкі өзара байланыстарын негізге ала отырып, жастарды тәрбиелеуде кешенділік жүйеде ықпал жасау дегеніміз – олардың өзара байланыстағы мазмұндық үйлесімдігі мен біртұтастықты құрайтын

қажеттіліктерін, жолдарын, тетіктері және әсер етуші күштері мен құралдарына қолданылатын технологиялық белгілердің т.б. топтамасын жүйелілік тұрғыдан білдіреді.

Азаматтық және патриоттық тәрбиенің міндеттері мен мақсаты, мазмұны, ауқымдық шеңбері жастардың жас және әлеуметтік топтық құрылымға жатқызудағы таным деңгейлік көрсеткішімен негізделеді. Сондай-ақ оның әдістері мен технологиялары және біртұтастықты құрайтын қажеттіліктері, жолдары, тетіктері және әсер етуші күштерге қолданылатын құралдары, орындалу мерзімі қазіргі нақты кезеңдік, орта және ұзақ мерзімді даму бағыттары көрсетілді және анықталды. Жоспарланған іс-шараларды жүзеге асырудың белгіленген уақыты мен тәртібін негіздей отырып, белсенділік және қызығушылық танытуын іске асыру.

Осы тәрбие аясында жастарға бағытталған нысаналы көзқарас бағдарларында азаматтық пен патриоттық тәрбие бірлігін, жалпы мазмұны, бағдарлы бағыттарының іштей байланысы ғана емес, сонымен қатар олардың нақты қажеттілігіне, мақсатқа қол жеткізу барысында ұйымдастырылғандағы міндеттерді шешу мәселесі өмірлік тәжірибеде көрініс табуы тиіс.

Біздің еліміздегі жалпы білім беретін мектеп және колледж «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде азаматтық бірегейлік пен патриоттық тәрбие беру жұмыстарын жүзеге асырудағы болашақ жоспарларын жүйелеп, педагогикалық үдерістермен байланыстыра отырып, өмірлік тәжірибемен үйлестіру арқылы мақсатты және бағыт-бағдарды жүзеге асыруын тәрбие мәселесіне қажеттілік артып отыр дегеніміз ақиқат пен шындыққа сай келеді. Бүгінгі күндегі жастардың жеке болмыстық жаратылысындағы сезім, түсініктерін ұлтқа, қоғамға, елге, туған жерге деген жауапкершілігі мен қамқорлығын арттырады. Сондай-ақ, қоғамдық сана түсінігінің бекуіне негіз болады. Бұндай жоспарлаудың нысаналы сипатын, қажеттілігін анықтау барыстары қазіргі оқу-тәрбие мекемелерінің көпшілігінде идеялық-тәрбие жұмысының кешенді бағдарламаларымен танысу кезінде олардың мазмұндық құрылымдарының қазіргі жастарды азаматтық бірегейлік пен патриоттық тәрбие беру бағыттарын талдау кезіндегі олқылықтары айқын көрінді. Осы бағыттағы тәрбие жұмыстарын педагогикалық үдерістермен байланыстырып өткізу мәселелері де көңілге қонарлықтай емес. Сондай-ақ, осы бағытқа негізделген тәрбиелік іс-шараларға арналған арнайы бағдарламалардың /авторлық/ болмауы да орын алып отыр.

Қазіргі әлемдегі түрлі мемлекеттік құрылымдарда азаматтық түсінік негізінде патриоттық тәрбиені әлеуметтік ортада қалыптастыру мен жүзеге асырудың негізінен үш үлгі, нұсқасы немесе нобайы /моделі/ бар екендігі айтылады. Олардың біріншісі «бағыну» үлгісі деп аталады. Мәселен, бұл «бағыну» нұсқасы саяси әлеуметтену жағдайында орын алатын нобай. Бұл мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық құрылыс жеке адамға, тұлғаға билік, үстемдік жасау барысында орын алатын құбылыс болып табылады. Мемлекет жастарды және ересек адамдарды саяси әлеуметтенудің көрсеткішін, әдіс-тәсілдерін, қажетті құралдарын және бағыт-бағдарын белгілей отырып, қоғамдық құрылымының барлық салаларына әкімшілік-әмірлік жолменен

қатаң түрде жүргізіп, бақылауда болады. Сондай-ақ, басшылыққа алынған идеологияда мемлекет құрамындағы өзге ұлттар мен ұлыстардың халықтық таным-түсінігі және мәдениеті мен дәстүрлері ескерілмейді, тек жасалған идеологияның берік орнауы мен жүзеге асыру мақсаты көзделеді. Бұл мемлекеттер тәжірибесінде бұрынғы Кеңес үкіметінің патриоттық тәрбие беру жүйесінің үлгісін айтуға болады. «Бағыну» үлгісінде басым көпшілігі сырттан келетін күшке бағытталып, ондағы басымдық әскери-патриоттық тәрбиеге беріліп, жастардың осы бағыттағы түсінік, санасын қалыптастыру үдерістері орын алады. Азаматтық мәселедегі жеке құқықтар мен талаптық ережелерді сақтау мен адамдар бостандығындағы еркін пікір мен қарым-қатынас жағдайлары ішкі жағдайда бағындыру тәсілдері арқылы бағытталған идеологияның шеңберінде мысалы, Кеңестік жүйедегі «елес негізінде құрылған коммунистік идеология» орын алғандығы тарихтан белгілі. Мәселен, патриоттық тәрбие беру үдерісінде басты рөлде құндылықтар емес, билікті сақтап қалудағы мемлекеттік құрылым ие болса, ал олардың ықпалында білім беру мекемелері, сонымен бірге мектеп жасындағы және олардан ересек жастағы оқушылар мен жастар қозғалысын өз басқаруларында үш ұйым - октябрят, пионер, комсомол болды. Бұл қазіргі Ресейде түрлі қоғамдық және әлеуметтік ортада қалыптасқан ұйымдар мен бірлестіктер арқылы әскери-патриоттық бағытта жалғасын табуда [153,154].

Жастардың азаматтық және патриоттық тәрбиесін қалыптастыру мен түсініктерін бекіту бағытында мемлекеттік құрылымның әлеуметтік ортадағы екінші үлгі /моделі/ «қызығушылық». Бұл демократиялық бағытты ұстанған мемлекеттік құрылым жағдайында жүзеге асырылады. Бұнда қоғамның өзі жастардың саяси әлеуметтену үдерісін жүргізуге ынталы, сол үшін жауапты болып табылады. Аталған нұсқада қоғамдық ұйымдар саяси әлеуметтенудің және жастардың мемлекеттің тұрғылықты азаматы ретінде бірлігіне бағытталған қоғамдық санасының түрлі бағыттарын қалыптастырудың басты ықпал жасаушы өзегі болып табылады. Мемлекет бұл үдерістерге қосалқы түрде тәрбиелеу мен білім беруді, қоғам өміріндегі экономикалық, заңнамалық талаптық-құқықтық ережелер, әлеуметтік өмірде жеке адамдарға жайлы жағдай қалыптастыру арқылы қатысады. Осындай жағдайда қоғамда болатын жалғыз идеология - патриотизм идеологиясы және мемлекеттік құрылымдар жүйесімен басқарылатын әскери-патриоттық тәрбиені жүзеге асыруға болады.

«Қызығушылық» нұсқасы АҚШ-та, Батыс Еуропа елдерінде орын алған және әрбір нақты елдегі қоғамдық құрылымының мазмұнына қарай олардың өзіндік ерекшеліктері де орын алады. АҚШ-ғы патриоттық тәрбие мен идеология бағытындағы жұмыстар түрлі ықпал жасаушы тетіктер арқылы мемлекеттік құрылымдардың тікелей араласуымен іске асады. Осының негізінде патриоттық идеологияның бағдарлы орындалулары арқылы қоғам мүшелері мен жастарды патриоттыққа тәрбиелеу жұмыстары жүйеге қойылған және АҚШ азаматтарының әскери-патриоттық сана, түсініктері тұрақты, көрсеткіш деңгейі жоғары. Ал, Батыс Еуропаның көп елдеріндегі қоғамдық институттардың жастарды саяси әлеуметтендіру үдерісіне қатыстыру жағдайындағы жұмыстарының көрсеткіші төмен. Сондықтан патриоттық

тәрбие бағытындағы идеологиялық күштің ықпал жасау жүйесінің төмен болуы Еуропа елдеріндегі патриоттық сана мен түсініктің қарама-қайшылықта орын алатынын көрсетеді. Яғни, «қызығушылық» үлгі мен нұсқа негізіндегі азаматтардың әскери-патриоттық түсінік, санасын қалыптастыру бағытындағы модельдің екі нұсқасының бірі АҚШ-дағы, екіншісі Батыс Еуропа елдері жайында сипаттамалар бердік. Ал, үшіншісіне – «апат» (стихия) нұсқасын жатқызады. Бұндағы азаматтардың әскери-патриоттық сана, түсінігін қалыптастыру барысы өкінішке орай қалыптастырылмаған, себебі тұрақсыз мемлекеттерде азаматтық қоғам орнамаған. Отанға, қоғамдағы әлеуметтік құндылықтар жайындағы білімдердің бейтараптығы мен жүйесіздіктен, саяси мәдениеттің әсерінен орын алады. Бұл «стихиялық» нобайдағы әскери-патриоттық түсінік қалыптастыру Африка мен Латын Америка және Азия аумағындағы кейбір мемлекеттерде орын алуда. Бұндай мемлекеттердегі түрлі саяси күштердің ықпалынан әлеуметтік ортаның бағыттық-бағдарларының анықталуы қиын және олардың арасындағы қайшылықтар мен ортақ түсінік пен мақсаттың болмауынан, яғни патриоттық идеология жүйесінің жоқтығы бір - біріне қайшы келетін қондырғыларды насихаттайды. Әрбір жеке саяси күштердің қысқа мерзімді әрекеттері азаматтардың саяси санасының барлық бағыттарына уақытша ықпал жасап, қоғамға деген сенім деңгейінің көрсеткіші өте төменгі орынды береді [154,155].

Қазақстанда қалыптасып отырған қоғамдық және әлеуметтік саясатқа қатысты жастардың жеке болмысын тәрбиелеуде азаматтық-патриоттық бағытта тұлғалық дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыру арқылы жүргізілуі дұрыс деп табылады.

Жастардың адамгершілік таным-түсінігін арттыруда оларға толық тәрбие беру арқылы азаматтық болмыс жаратылысын қалыптастырып, өмірде жақсылық жасаушы адам ретінде таныту жайында қазақстандық философтардың бірі Х.Әбішев: «Жақсылықтың ешбір айнымайтын өлшемі – адамдардың әлеммен қатынасында да, өзара қатынастарында да олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, олардың жалпы дүние болуының негіздерін сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, оны былғайтын, оны тәрк ететіннің бәрін де жамандық деп қарау»деген [156].

Қазақстан полиэтносты және поликонфессиялы қоғамдық құрылымы бар мемлекет ретінде патриотизмге, өз жеріне деген сүйіспеншілікке негізделген біртұтас идеология құруға ұмтылады. Мемлекеттегі бірізділікті, тұтастықты және бірлік пен қоғамдық келісімді сақтауды талап ететін айтарлықтай күрделі міндет. Сонымен қатар, қазақстандық мемлекет өмір сүруі қажет қазіргі геосаяси жағдайлар жеке тұлғаның азаматтық бірегейлігі мен патриотизм проблемасы өзекті . Осыған байланысты, мемлекет дамуының қазіргі кезеңінде қалыптастыру және нығайту бойынша белсенді іс-шаралар қабылдануда қазақстандық бірегейлік азаматтық қағидатына негізделген. Елдің барлық негізгі бағдарламалық құжаттарында қоғамдық сананы трансформациялаудың өзекті идеясы алдағы онжылдықтарда қоғамдық сананы қалыптастыру дәйекті және табанды түрде жүргізілуде. Қазақстандық бірегейлік XXI ғасырда

дамудың және әлемнің жетекші елінің қатарына кірудің қажетті шарты ретінде қарастырылған [73,157].

Қазіргі ғылыми зерттеу және әдеби еңбектерде «патриоттық тәрбие», «азаматтық тәрбие» ұғымдарын өзара байланыстырып, біртұтастықта пайдалану кеңінен орын алуда [155,158]. Яғни, «азаматтық тәрбие» мен «патриоттық тәрбие» ұғымдарының өзара біртұтас байланыста болуы заңдылық және олар бірін-бірі толықтырушы болып табылады. Бұндағы ескеретін жайт «патриоттық тәрбие» «азаматтық тәрбиенің» құрамдас бөлігі болып табылады және оның мазмұнын тереңдете түседі. Отанды сүюге, өз халқының өткен тарихы мен салт-дәстүріне құрметпен қарауға, жеке тұлғаның /жастардың/ азаматтық болмыс-бітімінің негізін құрайтын қоғамдық мәнді қасиеттерінің қалыптасуына ықпал жасайды. Патриоттық тәрбие - аға ұрпақ өкілдері мен өскелең ұрпақ арасындағы сабақтастықта жалғасуының тізбектестік заңдылықтарының орын алуына негіз болады және оның басты қызметін атқарады. Бұндағы орын алатын басты нәрсе жастардың жеке тұлға ретінде әлеуметтенуіне ұйытқы болады және оның жеке қабілеттерінің дамуына ықпал жасайды. Патриоттық сезім жастардың болмыс-бітіміндегі қоғамдық саналылығын арттырып, жауапкершілік түсініктерінің беки түсуін құрайды. Бұл азаматтық қоғамдағы әлеуметтік ортада орын алатын саяси-құлықтық және құқықтық мәдениеттің басты құрылымдық құрамалары болып табылады. Қазақстанда зайырлы мемлекеттік қоғамның қалыптасуы жағдайында жеке тұлғаның саяси-құлықтық және құқықтық мәдениетінің басымдық орында болуы - азаматтық және патриоттық тәрбиенің біртұтастық іштей, табиғи заңдылық байланысын көрсетеді. Азаматтық және патриоттық тәрбие түрлері жастардың жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіріп, Отанға сенім, сезім, қызығушылықтарын арттырып, қоғамның даму жолындағы туындайтын талап-сұраныстары мен оларды жүзеге асырудың мүмкіндік жолдарын құруды қажет етеді. Осы тұста азаматтық және патриоттық тәрбие түрлері туралы сөз болғанда, олардың біртұтастық және өзара табиғи байланыс заңдылықта болатындығын дәлелдеуді қажет етпейтін «қағида» ретінде басшылықта ұстау керектігін негіздейді.

Педагогика және психология ғылымдары негізінде түсіндіру - жастар арасындағы қарым-қатынастар мен іс-әрекеттерде азаматтық болмыс- бітімінің негізделуі аға ұрпақ өкілдерінің өнегелік өмір сүру үлгісіне және ұлттық тәлім-тәрбие мұраларына сүйенеді. Олардың ар-намысы, рухани-адамгершілік пен ақыл-ой парасаттылығы, өзінен басқа адамдарға құрметпен қарау және жақсы көріп, жақын тартуы, еңбектерін бағалап, қадірлеу, өзінің жеке бас ар-ұжданын сақтау т.б. адами қасиеттердің шынайы азаматтық болмыстың бейнесіне ие болуға баулу. Мұндай қасиеттердің бүгінгі және ертеңгі жастар бойынан табылу үшін «жеке тұлғаны» заманауи талаптарға үйлесімді қалыптастырудың жолдарын жүзеге асыру керек. Мектептің жоғарғы сынып оқушылары, колледж және жоғары оқу орнының студенттері жеке басындағы азаматтық болмыс-бітімінің дұрыс қалыптасуы олардың танымдық іс-әрекеттерін /оқу, білім игеру, тәрбие, даму, қалыптасу/ жан-жақты жетілдіріп, біртіндеп дамыту арқылы жүргізіледі. Олардың рухани тұлғалық болмысының дамуында азаматтық

қасиеттер өзек болып табылады. Сондықтан адамның өмірдегі орнын, атқаратын міндеті мен қоғам алдындағы жауапкершілігін, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді дұрыс түсініп, еркін араласуын қамтамасыз етуде азаматтық бітім ерекше мәнге ие болады және өзіндік белсенділігін арттырады [159].

Адамдағы психиканың тұтастығын беретін бүкіл саланың қалыптасуы жеке тұлғаның белсенді әрекет пен түрлі қызметінің өркендеуіне мүмкіндік жасайды. Бұл үдерісте біріншіден, тұлғаның жеке іскерлігі мен қабілетін нығайтып жетілдіреді, жаңа дағдыларды меңгереді. Екіншіден, рухани және материалдық құндылықтарды игеріп, сол арқылы жеке қоғамдық, ұлттық және жалпы адамзат мәдениетінің дамуына жеке үлесін қосады. Адам өмірінің осы кезеңін іс-әрекеттің танымдық, еңбек және басқа да қызмет түрлерінің әдіс-тәсілдерін кеңейту және тиімділігі мен ауқымдылығын кеңейту кезеңі деп түсіну керек. Жеке тұлға әлеуетінің мүмкіндігі неғұрлым толық, терең болып әлеует көрсеткіш құрылымдарының өзара байланыстылығы мен жан-жақтылығы үйлесімді болса, болашақта (ересек кезде) оның қызметі соғұрлым мазмұнды, жан-жақты, табысты болады. Оны жүзеге асырудың тәсілдерін соғұрлым серпінді меңгеріп, жаңғырта алады [160].

Қазіргі Қазақстан қоғамының жаңару бағыты, әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында азаматтық қасиеттерін дамыту арқылы олардың патриоттық тәрбиесінің берік болуында шешуші фактор болуы заңдылық. Сондықтан педагогика және психология ғылымында жастардың қарым-қатынасында патриоттық тәрбиені қалыптастыру мен дамытудың тиімді мүмкіндіктерін қарастыру мен жолдарын зерттеу басты көкейкесті мәселеге айналып отыр. Бүгінгі жастардың тұлғалық бейне көрсеткіштерінің бірі «патриоттық тәрбие» болғандықтан, олардың адамзаттық бітім-болмысында құндылық ретінде орын табуы тиіс. Сонда ғана қазақстандық патриотизм қалыптасып, қандай ұлттың өкілі болмасын, әрбір қазақстандықтың «Қазақстан- менің Отаным» деген түсініктері берік қалыптасқан жағдайда ғана, Отанға деген мақтаныш, сана, түсінік, сезімдері дамып, тұрақты бола бастайды [148].

Мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылар және ЖОО-ның білімгерлерінің тәрбиелі, мәдениетті, білікті, парасатты болуына және өз болашағын болжай алуға қабілетті етіп өмірге дайындау - олардың азаматтық дүниетанымын жоғарғы деңгейге көтеріп, қоғамымыздың даму үдерісіндегі адам факторын жандандыру, ұлттық намысын қозғап, патриоттық тәрбиесін заманауи талаптарға үйлесімді қалыптастыру, дамыту ізгілікті жұмыстардың бірі болмақ. Тәрбиенің бұл бағыты әлі де болса шешімін таппаған, күрделі зерттеулерді қажет ететін мәселелердің бірі екендігі шындық. Бұл қоғамдық сананы қалыптастырудағы адамдар арасындағы отансүйгіштік пен патриоттық түсініктің берік болуына негіз болады [161,162].

Қазақстандағы білім беру саясаты мен оның мазмұндық құрылымының әлемдік білім мазмұнына сәйкес ықпалдастықты орнатуы жастар тәрбиесінің мазмұнын өзгеріске түсіріп, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу қажеттілігі басты міндет екендігін көрсетіп отыр. Себебі, жаһандану жағдайында түрлі

жағымсыз деректік-ақпараттық ағымдардың орын алуы - жалпы адамзат қауымының қол жеткізген жетістік, құндылықтарының мазмұны, мағынасы жайында кереғар түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыруда. Бұндай теріс ағымдық пікірлердің орын алып, таралуы жағдайында әрбір халық өздері құрған қоғам мен әлеуметтік құрылымдарының жетістіктерін сақтап және оны одан әрі дамыту барысында мемлекетті құрушы ұлттың тәлім-тәрбиелік мұралары негізінде жастар тәрбиесін дұрыс жолға қоюды қамтамасыз етуі керек. Өмірлік тәжірибеде жүзеге асырудың жаңаша мазмұны мен формаларын айқындауы міндетті болып табылады.

Жастардың қоғамдық санасының қалыптасуы мен даму үдерісін басқару үшін олардың жас және білім алудағы танымдық процесі мен өмір сүру салтының деңгейлік ерекшеліктерін анықтап, жеке тәжірибелері мен әрекеттерін, жақсы қасиеттерінің даму мүмкіндіктері мен перспективаларын мұқият талдап, жүйелі зерттеу олардың тәрбиесіне деген көзқарастың басты шарты болып табылады. Қоғамдық сананы қалыптастыру, патриоттық тәрбиені жүзеге асырудағы зерттеуші ғалымдар мен педагогтардың психологиялық, педагогикалық бақылаулары жастардың жас және жеке ерекшеліктерін, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан тұрмыстық өмір сүру салты мен өмірлік тәжірибелерінің ерекшеліктерін зерттеп тани алады. Сонымен қатар, олардың әрекеттерін басқара отырып оқу-тәрбие процесін жоспарлауға, бағдарлауға мүмкіндік береді. Себебі, оқу-тәрбие үдерісін басқаруда психологиялық, педагогикалық білімсіз бағытты, ғылыми дүниетанымды қалыптастыру арқылы жастарды өмірлік тәжірибеге даярлау, баулу мүмкін еместігі анық [163].

Жастардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда азаматтық көзқарас берік болғанда ғана патриоттық тәрбие орныға түсіп, оның белгілері мен көріністері басым болады. Сондықтан мектептің жоғарғы сынып оқушылары, колледж және жоғары оқу орнының студенттерінің тәрбие жұмыстарының мазмұны осы принципке үйлесімді құрылуы тиіс. Бұл жастардың азаматтық болмысындағы патриоттық түсінік көзқарастарын қалыптастыруда ұлттық мәдениет пен тәлім-тәрбиелік, рухани құнды мұралардың жетістіктерін пайдаланудың педагогикалық шарттарын анықтау қажеттігін тудырады. Жастардың азаматтық, тұлғалық қасиеттеріндегі дүниетанымында патриоттық түсініктің қалыптасуы мен дамуы педагогикалық проблема болып табылады.

Педагогика - адам тәрбиесі жайындағы ғылым болғандықтан, қазіргі қоғамдағы өмірдің жаңа бағыттағы дамуына бетбұрыс алуға негіз болып отыр. Бұл процестердің субъектісі ретінде жеке адамның, әлеуметтік ортаның жауапкершілігін күшейте түседі. Қоғамдық сананы қалыптастыруда жүзеге асырылатын тәрбие жұмысы қызметінің мазмұнын арттырады. Қоғамдық әлеуметтік ортада, мемлекеттік саяси-экономикалық бағытта, әскери-қорғаныс саласында және білім мен тәрбие жұмыстарының тиімділігі мен сапасын арттыру міндеттерін шешуді іске асырады. Қоғамдық сананы қалыптастыру идеалдарының дұрыс бағыттылығы мен оның заңдарын өз мемлекетінің саналы азаматы ретінде сақтап, жүзеге асырушы жауапкершілігіне ие жастарды тәрбиелеуге байланысты. Жастарға рухани-құлықтық және патриоттық тәрбие беру - азаматтық белсенділік әрекеттерін арттыру процестерінің өзегі болып

табылады. Қазақстандық қоғамның жалпы әлемдік аренада орын алуының бірі еліміздің әлеуметтік даму жолының жалпы бағытына сәйкес болу үшін тәрбие идеологиясы қандай мазмұнда болу керектігіне тікелей байланысты болмақ. Сондықтан жастардың болмыс-бітімінде патриотизм, Отанына, туған халқына сүйіспеншілік, мемлекеттік құрылымды қадірлеу, Конституциясы мен заңдарды қатаң сақтап, өз мемлекетінің өкілі ретінде сезім, қуанышына ие боларлық маңызды құнықтарды қалыптастырып, дамытуды бүгіннен бастап жүзеге асыру керек [164,165].

Патриотизмде өз Отанына, отандастарына деген сүйіспеншілік және сый-құрмет, интернационализмде өзге ұлттармен ынтымақтастық және оларға деген сый-сияпат идеясының негізі қаланған. «Өз Отанының игілігі үшін белсенді түрде аянбай қызмет етуге кірiскенде, өз Отанының тарихына, мұрасына, халқының салт-дәстүріне сақ болу және ұқыптылықпен қарау; Отанын, туған жерін сүйе білуге тәрбиелеу; Отанын қорғауға даярлануға, оның ар-намысын және абыройын нығайтуға, өзге елдермен халықтардың өкілдерімен бауырластық және достық қарым-қатынасты орнатуға және әр түрлі ұлттардың салт-дәстүрі мен мәдениетін оқып білуге тәрбиелеу үдерісінде патриоттық тәрбие және халықаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуы іске асады», - деп патриоттық тәрбиенің маңыздылығын көрсетеді [166,167].

Азаматтық және патриотизм жайында жастарға бірыңғай түсінік қалыптастыру және осы бағыттағы сезімдік сана-сенімдерін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мазмұны негізінде тарату мен өмірлік тәжірибеде жүзеге асыру - мемлекеттік құрылым салаларының міндеттері болып табылады. Қазақстанның ұлттық біртұтастық идеясы аясында азаматтық бірегейлік пен патриоттық саналық түсінікті біздің көпұлтты мемлекетіміздің қоғамдық және әлеуметтік құндылықтарының негізінде жүзеге асырып, мемлекет құрушы қазақ ұлтының мәдениеті мен салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы мен тіл, діл және тарихы мен қазақи дүниетанымдық болмыс көрінісі осылардың өзегі ретінде алынып, басшылықта болуы тиімді нәтиже беретіні анық. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттің барлық қоғамдық құрылымдарында, әсіресе, оқу-тәрбие жұмыстарымен айналысатын мекемелерде жастардың азаматтық және патриоттық түсінік, сана-сезімін қалыптастыру мен дамыту үдерісі көптеген қоғамның саяси әлеуметтенуінің кейбір қарама-қайшылықтарын шешу рухани-адамгершілік тұрғысынан жүзеге асырылып келеді.

Дегенмен де, азаматтық және патриоттық тәрбиелерінің жүргізілуіндегі нысандарының, құралдарының, әдіс-тәсілдері мен көрсеткіш өлшемдерінің маңыздылығын ескере отырып, мектептің 10,11-сынып оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледждегі білім алушылар және ЖОО-ның студенттерінің бұл бағыттағы жұмыстарының барысы да өздеріне тән ерекшеліктермен көрініс береді. Азаматтықты және патриотизмді заманауи қоғамдық талаптарға үйлесімді қалыптастыру мен дамытуда негізгі шаралар тәрбиенің басқа бағыттарымен де өзара біте қайнасып жатқан көріністі беруі бұл заңдылық болып табылады. Сондықтан да бұл тәрбиелер жайындағы көзқарас тұтастық тұрғыдан қарастырылып, талдануы керек деп түсінген дұрыс болады.

Азаматтық және патриоттық тәрбиенің басты бағыттарын анықтауда оның идеялық бағытындағы қоғамдық сананы қалыптастыру жүйесіндегі шаралардың қамтуындағы мәселелер:

- мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылар және ЖОО-ның студенттерінің азаматтық және патриоттық тәрбиеге қатысты меңгерген білім қорларын анықтау, талдау т.б. /дүниетанымдық түсінігі, азаматтық және патриоттық сана, түсінігі, болашақта меңгеретін кәсібін білу, анықтау/;

- қоғамдық сана негізін қалыптастыратын гуманитарлық ғылымға бағытталған пәндердің білім мазмұнында азаматтық және патриоттық тәрбие жүйесін беретін бөліктер /Отанды, туған жер мен елді қорғау жайындағы өнегелік ілімімен танысу, азаматтық және патриотизмнің көкейкестілігі бағытындағы ғылыми зерттеушілік жұмыстардың талдауларына ынталылықпен қатысу/;

- 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылар азаматтық бірегейлік пен сәйкестік негізінде патриотизмді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған жалпы гуманитарлық, құқық, т.б. ғылыми ілімдер жүйесімен дүниетанымдық және мәдениет пен құндылықтар жайындағы саналы сезім, түсініктерін бекіту мен сапалы тәрбие беру бағытын өз алдына ерекшелей отырып жүзеге асырудың жолдарын көрсету;

- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында азаматтық бірегейлік пен сәйкестік және патриоттық сана мен түсінік, сезім жайында ғылыми-әдістемлік жұмыстар жүргізіп, оларды өмірлік тәжірибемен ұштастыру;

- 10, 11-сынып оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледждегі білім алушылар азаматтық бірегейлік пен сәйкестік және патриоттық түсінік пен сана қалыптасуына негіз болатын жеке тұлғалардың /ардагер - батырлар, еңбек ері, үлгілі іс иелері, жазушылар, қоғам қайраткерлері т.б./ үлгі- өнеге істері мен кездесулер арқылы білу және ғылыми әрі көпшілік әдеби еңбектермен танысып, мазмұндарын талқылау арқылы ой түйіндеулер жасау;

- 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың азаматтық бірегейлік пен сәйкестік және патриоттық сана мен түсінік, сезімдерін дамытудағы қоғамдық-саяси бағыттағы жиналыстар мен бас қосулар, мұражайлар мен ескерткіштер, әскери жасақтар және саяси-әлеуметтік жетілдіру жұмыстары т.б.;

- азаматтық пен патриоттық тәрбиені біртұтастықта дамытудың ұтымдылығы олардың мазмұндық құрылым беретін құраушылар мен тетіктерінің өзара іштей өте жақындығы мен ұқсастығын да басшылыққа алу қажеттілігі /Отанды дамыту және қорғаудағы үкімет саясатын түсіну деңгейін, 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың сыныпта, сыныптан және мектептен тыс кезеңдерінде, тәжірибеде жастардың осы бағыттағы жеке пәннен алған білімі танымдық және қоғамдық сана қалыптасуы мен дамуындағы жеке белсенділік дәрежелерін зерттеу/ [16,19].

Яғни, патриоттық тәрбие азаматтық бірегейлік пен сәйкестікті қалыптастырудың өзегі және негізгі тірегі болып табылады. Себебі, Отанға деген сүйіспеншілік сезім, түсініктерінің беки түсуімен байланысты болатын

ішкі құбылыстардан кейін туған жер мен ұлттың және жалпы халықтың тағдыры үшін саналы еркін әрекетке берілуі арқылы жеке тұлғаның жауапкершілігін арттыратын іс-әрекет пен қимылдар орын алады. Осыдан патриотизм азаматтық бірегейлік пен сәйкестікті қалыптастырудың негізгі жағдаятының бірі екендігіне көз жеткізіп, азаматтықтың көрінісі болатын түрлі жағымды әрекет жасау мен Отан, туған жер мен елдің пайда-игілігіне асатын түрлі істерді өмірлік тәжірибеде қолданып, жүргізу мен жүзеге асырулар көрініс табады.

Жастардың патриоттық тәрбиесін жүзеге асыру барысында қарастырылатын қағидаттық ұстанымды азаматтық тәрбиеден бөлшектеп қараудың қажеті жоқ. Себебі, азаматтық және патриоттық сана мен түсінік, мәселелері мен олардың тәрбиелік мазмұн мен құрылымдары, құралдары, тетіктері мен әдіс-тәсіл т.б. жиынтықтары бір-бірімен өте жақын болып келетін соншалық, кейде олардың қайсысы қай тәрбиеге жақын және тиімді екенін шатастырып алулар да орын алып жатады. Бірақ патриоттық немесе азаматтық тәрбие мақсаттарын нақты анықтау мен оны тәжірибеде жүзеге асыру барысында олардың мазмұндық бағыт-бағдарлары негізінде айтарлықтай ерекшеліктері көрініс береді және өзіндік маңыздылықтары анықтала бастайды. Міне, осы кезеңде олардың өздеріне тән ерекшеліктерін анық айыруға болады. Азаматтық немесе патриоттық тәрбиеге бағытталған идеологиялық бағыт-бағдардағы қоғамда және әлеуметтік ортада жүргізілетін жұмыстар мен қатынастық әрекеттерден ешбір адам тыс қалмайды, олар әрдайым адам өмірінен бөлінбейтін біртұтастық ағза ретінде орын алады.

Азаматтық және патриоттық тәрбиеге кешенді көзқарастың қалыптасып, адам тәрбиесіне қатысты басшылыққа алынатын қағидаттық ұстанымдар тәрбие жұмысының тәжірибелік жағдайында оның әдістері мен жаңашыл тәсілдеріне тікелей байланысты болатыны анық және осының негізінде тәрбиенің педагогикалық шарттары анықталып, оның маңыздылығын ашатын әрекеттерге мүмкіндік беріледі деуге болады. Себебі кез келген құбылыстық нәрсенің жалпы табиғаттағы қалыпты жағдайдағы құбылыстар мен әрекеттер болсын немесе арнайы бағытталған ғылыми зерттеушілік жағдайдағы құбылыстар мен әрекеттер болсын, міндетті түрде шарттық көрініс, талаптары орын алатыны анық, яғни оларды жүйелеуді қажет етеді.

Біздің таңдап алған «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбына арналған ғылыми зерттеушілік бағыттағы диссертациялық жұмысты теориялық тұрғыдан негіздеулер мен жүйелеу, талдау, мектептің 10,11 - сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылар азаматтық және патриоттық тәрбиеге қатысты меңгерген білімдерін өмірде қолдана алу мүмкіндігіне әдістемелік тұрғыдан бейімдеудегі педагогикалық іс-тәжірибеде машықтандыру мен шыңдау арқылы оқып-үйрену және осы бағытта түсінік пен саналық сезімдерін қалыптастырудың осы уақытқа дейінгі зерттеуші ғалымдардың назарынан тыс қалған кейбір құбылыстар мен әрекеттерді анықтауға мүмкіндік алдық. Қол жеткізген нәтижелерге сүйене отырып, мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылар

азаматтық және патриоттық тәрбиесіне қатысты педагогикалық шарттары ретінде төмендегі мәселелерді тұжырымдадық:

- мектептің 10,11- сынып оқушылары мен колледждегі білім алушыларға оқытылатын оқу пәндерінің мазмұнын, азаматтық және патриоттыққа тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтау және оларды бағдарлы мақсатты түрде қолдануы;

- пән мұғалімі немесе педагог оқытудың қағидаттық ұстанымын іске асырудағы педагогикалық үдерісте 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың азаматтық бірегейлік пен сәйкестігін қалыптастыру арқылы патриоттыққа тәрбиелеудің әдістері мен жаңашыл технологияларын кеңінен пайдалануға әдістемелік даярлығының жоғары болуы;

- мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың азаматтық бірегейлік пен патриоттық тәрбиесін жетілдірудің өзегі ретінде мемлекеттік, әлеуметтік, ұлттық рухани және материалдық құндылықтар жүйесімен қызығушылықта және ерікті-саналы түсініктер бағдарында тәрбиелеуді жүзеге асыру.

- тұлғалық-мотивациялық, танымдық-құндылық, рефлексия – кері байланыс, түзету құрылымдарының өзара бірлігі негізінде қалыптасатын 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың бірегейлік азаматтық және патриоттық тәрбиелердің жеке тұлғалық болмысына біріктірілген байланыстағы болмыстық қасиеттері ретінде қалыптастырып, дамытуда тәрбиенің жаңашыл технологияларын қолдану;

- мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың педагогикалық үдерісінде азаматтық сәйкестік пен бірегейлік болмыс көрінісінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің ұлттық және ұлтаралық және аймақтық ерекшеліктерін басшылыққа алып, халықтық салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптар, тәлім-тәрбиелік мұралық құндылықтар мен ұлттық мәдениет жетістіктерін пайдалануды басшылыққа алу;

- 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың жеке тұлғалық болмысының қалыптасуы және азаматтық субъектілігінің ұстанымында, жан-жақты даму мәтіндік мазмұнында отансүйгіштік сезім, түсінік, саналық еркін тәрбиелеуді іске асыру;

- осы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен патриоттық тәрбие беру мәселелерінің теориялық және ғылыми-әдістемелік жақтарын педагогикалық үдерісте және оның тәжірибесінде қолдану мен жүзеге асыру барысында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мазмұндық құрылымындағы білімі бағыт пен құрылымдық жүйесін басшылыққа алып, 10,11 - сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың оқу-танымдық жұмыстарын іске асыру қажет.

Келтірілген педагогикалық шарттар мазмұндық құрылымын жүзеге асыруда басшылыққа алу мәселелеріне сипаттама беріп кетсек, онда ол төмендегідей көріністерді береді:

- 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың оқу орнында оқытылатын негізгі пәндердің бағыт-бағдарлары азаматтық бірегейлік пен отансүйгіштік патриотизм мүмкіндіктерін анықтау мақсатымен оқу бағдарламаларына, оқу - әдістемелік кешендерге, оқулықтар мен оқу

құралдарының мазмұндық жүйесіне теориялық және әдістемелік талдаулар жасау;

- оқу пәндерінің бөлімдері мен тақырыптық оқу материалдарының мазмұнында азаматтық бірегейлік пен патриоттыққа тәрбиелеу, өмірлік тәжірибеде қолдана алу мүмкіндіктерін ашудағы пайдаланылатын әдістері мен жаңашыл технологияларының жүйесін айқындау;

- 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың азаматтық бірегейлік пен патриоттық тәрбиесін дамытудағы күтілетін нәтижелерін анықтау мен деңгейлік көрсеткіштерін белгілеу және бекіту;

- Қазақстан жастарының азаматтық бірегейлігі мен сәйкестіктерін жүзеге асыру және олардың патриоттық сана-сезім, түсінігін дамытуда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мазмұндық құрылым жүйесін жеке пән сабақтарында, сыныптан және мектептен тыс жұмыстар мен арнайы ұйымдастырылатын тәрбие сабақтарында жүйелі қолдануды іске асыру мен оның тәрбие берудегі теориялық және тәжірибелік мүмкіндіктері кеңінен педагогикалық үдерісте үздіксіз қолданылуы керек.

Жоғарыдағы ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделіп, педагогикалық тәжірибе арқылы жастардың, яғни, 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесінің дамуындағы санлық түсінік пен сезімдерінің берік орнауына негіз боларлық педагогикалық шарттарын анықтап және оның негізделуін ғылыми бағыттағы зерттеу жұмыстары арқылы бекіттік деп ойлаймыз.

## 2.2 «Мәңгілік Ел» идеясы аясында жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың әдіс-тәсілдері

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын идеологиялық құндылық ретінде, оның осы біздің уақытымызға дейінгі даму жолын қарастырып, қазіргі осы кезеңде – жаһандану мен өзгермелі дүниеде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын «мәдени мұралық» құндылық және заманауи Қазақстан қоғамы мен әлеуметтік-саяси дамуының өзегі ретінде орын алу мүмкіндігін анықтауға тырыстық. Бұл зерттеу жұмысын жүргізу барысында жаңашылдық технологияларды басшылыққа алдық. Зерттеудің мақсаты - оқушылардың мәдени мұра туралы түсініктер деңгейін анықтау және жаңашыл технологиялар көмегімен жақсарту жолдарын, бағыттарын және оқушылар мен педагогтердің көзқарас деңгейін бағалау. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясын берік қалыптастыру мен дамытудың бір жолы ретінде мәдени мұраларды, яғни, материалдық және материалдық емес мұраларды мектеп оқушыларына және педагогтерге тереңнен таныстыру арқылы халықтың тарихи өмірінен сыр шерте отырып, білімдерін тереңдету мен азаматтығын оятып, Отанына деген патриоттық сезімдерін арттыру мақсаты көзделеді. Сондай-ақ, бұл зерттеулеріміз өзіндік ерекшелікке ие болып отыр деп айта аламыз. Себебі, бұндағы зерттеу жұмысымыздың барысы мен жүргізу әдістерінде алыс шетелдік зерттеуші ғалымдардың тәжірибелерін басшылыққа алдық.

Мәдени мұра саласындағы білім беруде жаңашыл технологияларды қолдану туралы әдебиеттерді қарау кезінде, зерттеулер негізінен мәдени мұраны қорғауға бағытталған. Ал, кейбір зерттеулер технологияларды мәдени мұра саласындағы білімді біріктіруге арналғандығын байқадық. Олардың зерттеулерінде соңғы жылдары қаркын алған технологиялық әзірлемелердің материалдық емес мәдени мұрасын қалыптастыруға және қорғауға қатысты жаңашыл бағыт-бағдар мен жолдарының болуы туралы айтылды.

2011ж зерттеуші Ж.Гогебакан 7-сынып оқушыларымен мәдени құндылықтарды тану және қорғау бойынша зерттеу жүргізді. Зерттеуші
7-сынып оқушыларының мәдени хабардарлығын қалыптастыру үшін дайындалған оқулықтардың мазмұны мен шынайылығын зерттеді және сәйкесінше қарым-қатынас шкаласын жасады [168].

Р.Кертис пен К.Сеймур 2004ж Луизиана мәдени ресурстардың мазмұнын зерттеп және оқу бағдарламасының стандарттарын бағалады. Сонымен қатар олар практикалық семинарларды жоспарлап, ұйымдастырды. Студенттердің мәдени мұраға қатынасын өлшеу үшін дайындалған мәдени мұраға деген көзқарасы туралы сауалнаманың көмегімен осы тәжірибелік сабақтарға дейін және одан кейінгі студенттердің қарым-қатынасы өлшенді. Зерттеу нәтижесінде осы семинарларға қатысқан студенттердің мәдени ресурстарға оң көзқарасы жоғары екендігі байқалды [169].

2009ж Австриялық зерттеуші М.Р.Грубер «Бұл салалардағы оқу іс-әрекеті өнер және мәдени мұра саласындағы білім беру жұмысында шығармашылық үшін жаңашыл және ашық болуы керек»,- деп атап өтті. Сонымен қатар, зерттеуші өнер және мәдени мұра саласындағы білімге жаңашыл технологияларды қалай біріктіру керектігін анықтады. Зерттеуші онлайн оқыту мүмкіндіктерін дамыту және өнер мен мәдени мұра саласындағы білім беруде жаңашыл технологияларды қолданудың маңыздылығын арттыру қажеттігін атап өтті [170].

М.Корбишли, Д.Хенсон және П.Стоун (2004ж) мәдени мұраны қорғау мен білім беру арасындағы өзара байланыстарға назар аударды. Зерттеу білім беру бағдарламаларының қолдауымен мәдени мұра туралы хабардарлықты арттыру мүмкін болатындығын атап өтті [171].

К.Донмез және Ж.Бурса (2014ж) 6-сынып оқушыларының материалдық мәдени мұраны қабылдауына зерттеу жүргізді. Зерттеу барысында кейбір оқушылар білім алып, мәдени мұраны қабылдап, білімсіз топпен салыстырылды. Зерттеу нәтижесінде білім алған оқушылар мәдени мұраға оң көзқараспен қарамаған оқушылармен салыстырғанда оң екендігі анықталды [172].

Метин Коксу (2021) өз зерттеулерінде әлеуметтік зерттеулер мұғалімдердің мәдени мұра саласындағы білім беру туралы көзқарастарын бағалады. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің түрлі көрнекі материалдарды, сондай-ақ мәдени мұраны оқытудағы сұрақ-жауап сияқты дәстүрлі әдістерді қолданғанын көрсетті. Оқушылардың мәдени мұра саласындағы білімінің жеткіліксіз екенін оқытушылар зерттеуде атап өткен [173].

Бұнда зерттеудің мақсаты - мектеп оқушыларының мәдени мұраны қабылдауын анықтау және жаңашыл технологиялар арқылы жақсартуға болатын мәдени мұра және білім деңгейі туралы оқушылар мен педагогтердің пікірлерін бағалау. Тиісінше, келесі сұрақтарға жауаптар алынды:

1. Мектеп оқушыларының мәдени мұраны анықтау туралы түсінігі қандай?

2. Мектеп оқушыларының мәдени мұра объектілері туралы түсініктері қандай?

3. Педагогтердің мәдени мұра саласындағы білімге деген көзқарастары қандай?

4. Жаңашыл технологиялар арқылы мәдени мұраны оқытуда оқушылардың білім деңгейіне әсері туралы педагогтердің көзқарастары қандай?

5. Жаңашыл технологиялар арқылы мәдени мұра саласындағы білім беруді қамтамасыз ету туралы педагогтердің тәжірибелік ұсыныстары қандай? [174].

Азаматтық және патриоттық тәрбие жүйесін, оның бағыттық қызметі мен мақсаттылық міндеттерін анықтап ұйымдастыру және соңғы нәтижесін бақылауды қамтамасыз ету мемлекет үлесінде болуы тиіс. Арнайы мақсатқа бағытталған тәрбие жұмыстарын жастарға арналған түрлі қозғалыстар, акциялар, бастамалар, шаралар шеңберінде ұйымдастыру арқылы азаматтық және патриоттық сананы қалыптастыру мен дамытуды жүзеге асыру керек. Жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сынып оқушылары мен колледждің білім алушы жастарына бағытталған арнайы бағларламалар жүйесін ұйымдастыру. Біздер, бұл тұста зерттеу жұмысымыздың аясындағы мектептің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастарды жоғары оқу орнындағы студент жастардан бөліп қарастыруды және олармен жүргізетін азаматтық және партиоттық санасын қалыптастыру мен дамытудағы тәрбиелік іс-шаралардың ерекшелігін басшылықта ұстадық. Оның себебі, біріншіден олардың жас ерекшеліктері болса, екіншіден, танымдық негіздегі игеретін білім жүйесі, үшіншіден, олардың әлеуметтену жағдайы мен жеке дүниетанымдық мүмкіндік деңгейлерін ескеру қажет. Сондықтан біз бұл зерттеулік жұмысымызда басымдық орында мектептің жоғарғы сынып оқушылары мен колледж студенттері жайында болады. Ал, жоғары оқу орнының студент-жастарына азаматтық және патриоттық санасын қалыптастыру мен дамыту мәселесі арнайы өз алдына бөлек қарастырылуы қажет деп түсінеміз [175].

Азаматтық және патриоттық тәрбие жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі мен жастардың патриоттық, жоғары жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталатын мақсатта ұйымдастырылған және басқарылатын психологиялық – педагогикалық үрдіс болып табылады.

Азаматтық және патриоттық тәрбие негізін дамытудың мәні мектептің жоғарғы сынып оқушылары мен колледж студенттерінің жеке тұлға ретінде жоғары әлеуметтік ортадағы белсенділігін танытатын және қалыптастыратын идеологиялық бағдар – рухани-адамгершілік, құқықтық-талаптық ережелер мен

саналы еріктілік, ақыл-ой мен дене, еңбек сапаларын тәрбиелеудегі ішкі және сыртқы байланыстарды анықтау және жүйелеу болып табылады.

Жастарды бірегейлікке бейімдеудегі азаматтық және патриоттық тәрбиеде қолданылатын іс-әрекет түрлері жалпы тәрбие бағдарламаларының нақты міндеттері мен мазмұндық құрылымдары мен байланыстығын көрсетеді.

Бүгінгі уақытта республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу мен өзара байланыстық жүйе орын алуда. Бұл педагогика ғылымының білім беру, оқыту теориясы мен тәрбие беру үрдісіндегі елеулі өзгерістерге алып келді: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше ділдің пайда болуы орын алды, яғни, заманауи талаптарға сәйкес жастарды да тәрбиелеу үдерісі жаңаша заңдылыққа ие болды [176,177,178].

Осы негізде тәрбиенің әдістері мен жаңашыл технологиялар өте маңызды деп танылды. Тәрбие теориясы мен әдістемесінің қазіргі жаңашыл технологияларға сүйене отырып, жастардың тұлғалық болмысында қоғамдық сана мен тәртіпті қалыптастыру мақсатында оқушыларға педагогикалық ықпал жасау жолдарын жүзеге асыру қажет. Жалпы тәрбие беру үдерісі және оған қолданылатын әдістер мен технологиялар үздіксіз дамып, түрленіп, жетілдіріліп отыратын үдеріске ие. Егер оқушы болмысындағы мінез-құлық, тәртіп пен әдептілігі /этика/ жайындағы орын алатын әңгіме, қойылған мақсатқа жетудің басты жолы - әдіс болып қолданылса, ол оқушылардың іс-әрекетін іске асырудың тетігі мәнге ие болса, тиімділігін арттыруға демеу көрсететін болса, онда ол технология ретінде көрініс береді. Әдістер және түрлі жаңашыл тәсілдер /технологиялар/ бірін-бірі алмастырып отырады.

Тәрбие берудегі әдістерді қолдану ол педагогтың кәсіби ықпалы деп түсінуге болмайды. Тәрбие және оның түрлері, олардың мазмұндық құрылымы мен мақсаттық бағыт-бағдарына қарай жеке ерекшеленетін табиғатына бағытталған педагог пен оқушылардың бірлескен іс-әрекеттерінің нақты өмірлік тәжірибеде жүзеге асуынан көрініс беретін күрделі құбылыстық әрекетін көрсетеді. Осы жағдайда, тәрбиелеу құралдары, әдістері және оның технологиялары оқушылардың жеке және ұжымдық іс-әрекеттерінің бағыт-бағдарлы жолдары ретінде ұйымдастыру түрлері орын алады. Жастарға тәрбие беруде инновациялық технологияның әдістері мен тәсілдерін жүйелеумен және оны қандай да болмасын тәрбие түріне қарай таңдап алуда басшылыққа алатын мәселе - қоғам, әлеуметтік орта мұраттары мен мүддесіне және тәрбие мақсаттарына үйлесімді болуы бірінші орында тұруы. Педагог тәжірибелік іс-әрекетінде тәрбие әдістері мен оның технологияларын іріктеуінде тәрбиенің мақсаттарын, қағидаттық ұстанымдарын және мазмұндық құрылымын басшылыққа алады. Алдыға педагогикалық міндетін қойып, оны шешуде қандай әдісті және оған негіз болатын технологияны таңдап алуы педагогтің құзырында. Жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мен патриоттық тәрбиесін дамыту кезінде олардың қоғамдық мәнінің нақты сапаларын жетілдіруде педагог әңгіме барысында «құлық ұғымын түсіндіре ме?», жоқ әлде, «көркем шығармалар кейіпкерлері ме?», «мүмкін нақты бір замандас тұлғаның өмірлік үлгі-өнегесінен мысал келтіріп талдай ма?», жоқ әлде

«оқушылардың іс-әрекетінен бастайды ма?» деген сияқты таңдауына байланысты сұраулар қолданылатын жаңашыл технологияларға байланысты болып келеді. Әдіс жақсы, не жаман болмайды, тек оны қолданудағы мүмкіндігін ашатын технологияларды тиімді пайдалануға тәуелділігі бар екендігін естен шығармау керек [134,140,179].

Азаматтық пен патриоттық тәрбиеге бағытталып алынған әдістер мен технологиялар жастардың қоғамдық мәнін қалыптастыру үшін тәрбие үдерісінің мазмұндық құрылымымен бағдарлы мақсатына үйлесімді болуы қажет. Сонда ғана бұл бағыттағы тәрбиенің әдістері оның мәнін, мазмұнын және қағидаттық ұстанымдарын бейнелей отырып, тәрбие барысының бағытына сәйкестендірілген ерекшеліктерімен, заңдылықтарымен үйлесімділікте болады. Мәселен, жастардың мемлекетке, қоғамға, әлеуметтік ортаға, туған елге, жерге, халыққа, ұлтқа және оның рухани-материалдық құндылықтарына деген көзқарасындағы жауапкершіліктің бекуі осы бағытта алған білімдері мен саналық сезім мен дүниетанымдық түсініктерінің қалыптасуы мен дамуының көрсеткіштері әртүрлі заңдылықтар негізінде жүзеге асады. Яғни, бұл тәрбие әдістері мен оның технологияларына байланыстылығын көрсетеді. Тәрбие берудегі анықталған мақсат пен қойылған міндеттерді орындаудағы қамту мазмұны, оларға қолданылатын әдістер мен технологиялар тұрғысынан бағытталған тәрбие бағдарламасының белгілі бір жастағы топты құрайтын тәрбиеленушілерге және тәрбие үдерісін толығымын қамтуды жүзеге асырудағы ауқымдық белгіленген межелік шеңбер төңірегіне топтастырылғандығымен көрініс табады. Кез келген тәрбие әдісі тәрбиеленушілердің /оқушылардың, білімгерлердің, жалпы жастардың, ересек адамдардың т.б./ нақты және бағдарлы басты іс-әрекетіне үйлесімді болғанда ғана оң нәтиже береді. Яғни, тәрбие әдістері мен олардың технологияларын сұрыптап алуда немқұрайлылық болмайды. Себебі, олар өз алдына негізделінген заңдылықтар мен өзара байланыстылықтарға бағынады. Олардың арасында тәрбие мақсаты, мазмұны мен орындалатын міндеттері, таңдап алынған объектісі және қағидаттық ұстанымдар маңызды мәнге ие болады [178,181].

Осыдан келіп, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен өткізудегі тәрбие үдерісіне өзек болатын әдістердің көптүрлілігі мен олардың тәрбие түріне қарай бағыт-бағдарлық мақсатында жіктелулері де орын алатындығы классикалық педагогика ғылымында бұрыннан орын алып келеді.

Педагогикалық үдерістегі білім беру мен тәрбиелеу жұмыстарында орын алатын әдістер мен технологиялар жүйесі күрделі және оқу-тәрбие барысы біртұтастықты құрайтындықтан олардың арасында қарама-қайшылықтар болуы мүмкін. Тәрбие жұмыстарын жүргізуде оны белгілі жас кезеңдеріне байланысты, яғни, тәрбиеленушінің жас және танымдық мүмкіндіктері мен өзіндік тәжірибе мәселелері басшылыққа алынады. Сондықтан әдістер мен қолданылатын технологиялар түрлері де өз алдына жекешеленіп немесе оқшауланып пайдаланылуы жүзеге асырылатыны анық. Бірақ, бұндай жағдайда басқа әдіс түрлері мен технологиялар жүйесі лайықты түрде қосарланып қызмет атқарып, әсерін тигізбесе, онда, бастапқы таңдап алынған

әдістер мен технологиялар жеткілікті жағдайда тәрбие үдерісіне өз ықпалын қоса алмайтыны анық. Тәрбиелеу барысындағы бағыт-бағдарланған мақсаттарға жету үдерісі тежелуге алып келеді. Мысалы, педагог немесе тәрбиеші оқушыларымен жұмыс жасау барысында азаматтық жайында түсінік, сезімдерін қалыптастыру арқылы, саналы жауапкершілік пен белсенділіктерін дамытуда талаптық тәртіп ережелері арқылы және мемлекеттік, ұлттық, халықтық рухани-материалдарына бағытталған рухани-адамгершілік болмысында қоғамдық сананы қалыптастыру мәселелерін жүзеге асыру барысында патриоттық тәрбиеге қатысты әдістер мен технологияларды да қолданады. Мұндағы түсіндіру арқылы тәртіптік ережелерді меңгеру және мемлекет пен қоғам және халық пен ұлтты сақтау мен қорғау, олардың игілігі үшін адал, таза, ерікті түрде қызмет жасау дағды біліктеріне баулиды. Оқушы жастарды азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеу нәтижесіне оларды ынталандыру басты мәселелердің бірі болып табылады. Ынталандыру ретінде оқушы жастарды қолдау, оларды үлгі тұту, өнегелік әрекетін айту, насихаттау немесе келеңсіз іс-әрекеттері үшін ұялту тәсілдерін пайдалану болса, сондай-ақ өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын меңгеруге үйретеді. Бұдан оқушы жастардың өзінің, қоғамның, халық пен ұлттың мүддесі үшін өзіндік пікір мен көзқарасын қалыптастыра отырып, олардың шешім қабылдауға үйрету мен бейімдеуге бағытталған педагогикалық жағдайларда басшылыққа алған тәрбиелеудің сендіру, жаттықтыру, ынталандыру және өзін-өзі тәрбиелеу сияқты түрлі әдістері мен технологияларын қолдануға болатынына көзіміз жетті [182,183].

Оқушы жастардың қоғамдық сананы, көзқарастары мен сенімдерін қалыптастыру мақсатында түсінік, сезім және ерік-жігеріне кешенді түрде ықпал жасау әдістері мен технологиялары енеді. Бұған: баяндау, түсіндіру және көзін жеткізудегі сенімі мен сезімін бекіту, арттыру, әңгіме және пікір білдіру мен сұрақ-жауап, сыныптан тыс, оқу-танымдық, тәлім-тәрбиелік мұралар мазмұнындағы өсиеттер, жеке тұлғалардың өмірлік үлгі-өнегесі т.б. жатады.

Баяндау мен түсіндірудің мәні мемлекеттің, қоғамның, халықтың, ұлттың рухани және материалдық құндылықтарынан білім беру негізінде оқушы жастардың қоршаған ортаға саналы қатынасын, өзінің азаматтық саяси және сауатты танымдық-құлықтық түсінік, сезім, сенімдерін қалыптастыру мен дамытуға ықпал жасау болып табылады. Түсіндірудің мақсаты – түрлі жағдаяттар мен құбылыстар, оқиғалар, әлеуметтік ортада орын алатын түрлі құлықтық әрекеттер, жеке адамның құлықтық көрінісі, азаматтық тұрғыдан мемлекетке, қоғамға, ұлттың рухани және материалдық құндылықтарына деген жауапкершілікпен қарау. Оларды мақтан тұту, қорғау, сақтау, туған жердің, елдің игілігі үшін қызмет жасау мен қамқорлық көрсету бағыт-бағдарындағы көзқарастық түсінік мазмұнын ашу арқылы олардың өзара және адамдар арасындағы қарым-қатынасты тұнық оймен бағалай білуге үйрету, көмектесу мен өмірлік тәжірибеге төселдіру.

Мұнда азаматтық және патриоттық тәрбие қырларының тәрбиеленушілердің болмыстық бітіміне қаншалықты бекігендігін, олардың түсінік, сезім мен саналы қабылдаудағы әрекеттері мен көзқарастарына ықпал жасаудағы педагог немесе тәрбиешінің жеке басының тәртібі мен үлгі өнегесі

және тәрбие барысындағы қолданылған технологиясы «көз жеткізу» болып табылады. Мысалы, әлеуметтік ортада оқушы жастардың өзін қоршаған адамдармен /көшеде, көлік ішінде, отбасында, сыныптас достары мен өзге үлкен және өзінен кішілермен/ тәрбиелі қарым-қатынас жасауда рухани-адамгершілік пен жеке қылықтық тәртіптілігін ұстанса, онда мектептегі педагог немесе тәрбиешілермен де сондай қарым-қатынаста болуы керектігіне көзіміз жетті.

Оқушы жастарды тәрбиелеу барысында қолданылатын тәрбие әдісінің бірі - әңгіме. Әңгіме әдісі оқушы жастардың қоғамдық өмірге, табиғи өмір жаратылысына ақиқаттық пен шындық көзқарасын қалыптастырудағы ғылым салалары мен техника, салауатты өмір салтын ұстанудағы дене шынықтыру және спортпен айналысу, тәртіптік мінез-құлық ережелерін ұстану таным түсініктерін дамытуға қолданылады. Мінез-құлық талаптық ережелері жайында әңгімелерді жүргізу мен өткізуде қол жетерлік тұрғыда оқушы жастарға құлықтық қағидалық ұстаным ережелерін және оның тәжірибедегі мазмұндық мағынасын ашу мен түсіндіру.

Осы негізден қолданылатын әңгімелер олардың мінез-құлықтық көрінісінің үлгі-өнегелік құрылымын ашудағы мақсаттарды қарастырады.
Әңгімеге арқау болатын тақырыптың таңдалуы – тәрбиелік бағытта өмірлік тәжірибемен байланысты жеке адамның қоғам, әлеуметтік орта, Отан, халық, ұлттық рухани және материалдық құндылықтар т.б. мазмұнындағы педагогикалық мағынасы бар мәселені көтере отырып, оқушы жастарды болашақ өмірге даярлау. Тәрбиелік бағыттағы әңгіме негізінде баяндалып немесе түсіндіріліп беретін білімнің жиынтығы арқылы педагогикалық мақсатта қойылған мәселенің түйінін табу. Осы жерде оқушы жастарға ұсынылған әңгіменің басты негізін түсіндіреді, осыдан кейін олар өз бетінше әңгіменің мазмұнына ене отырып ондағы құлықтық, рухани-адамгершілік, саналы жауапкершілік пен қатынастар жайында өзіндік нәтижелерді шығарып, қорытындылап, жинақтауға бағытталған сұрақтар қойып жауаптарын алады. Педагогтер мен тәрбиешілердің міндеті – бағыттау мен кері байланыс жасап, түзету, толықтыру, жетілдіру арқылы өмірмен байланыстыра отырып мазмұнын тереңдету. Әңгіме жүргізудегі басты бағыт-бағдарлық мазмұнын жете түсініп, талдай келе қабылданған мінез-құлықтық ережелер оқушы жастардың жеке әрекеттері мен олардың қарым-қатынас тәртібінде саналық азаматтық түсініктерін дамыту болып табылады.

Оқушы жастарға бағдарланған әңгіме мүмкіндігінше индуктивті жолмен құрастырылғаны дұрыс. Себебі, олардың мінез-құлық мәдениеті жөніндегі нақты қылықтық көріністерінің бейнесін көріп, түсіну және оларды түзетуде ықпал жасап, олардың өз бетімен қорытынды жасауына үйрету мен тәрбиелеу. Сыныптан және мектептен тыс арнайы оқуды ұйымдастырудың мақсаты - мінез-құлықты, ақыл-ойды, азаматтық және патриоттық т.б. бағыттағы оқушы жастардың өзіндік жеке көзқарасты дамытудың құралы ретінде қолданылатын көркем шығармалар мен ғылыми-көпшілік және түрлі әдебиеттерді оқуға баулу. Сыныптан және мектептен тыс оқудың тәрбиелік рөлін арттыру бағытында

педагогтер оқушы жастармен оқылған кітаптардың мазмұнын талдау және талқылауға арнайы ұйымдастырылған әңгіме өткізуі қажет [139,179].

Біздің зерттеуге алып отырған оқушылар бұл кезеңде өздерін ересек ретінде санайды. Бірақ, олардың әлі де болса өмірлік тәжірибелерінің жетіспейтіндігі анық. Дегенмен олар өздерін ересек адамдар қатарына қосып, өзінен үлкен, құрмет тұтатын адамдармен қарым-қатынасқа түсіп оларды өзіндік жеке пікірлерімен санасуын талап-тілек ретінде қойып отырады. Сонымен бірге кей адамдардың үлгі-өнегесін құрмет тұтып, олардың тәжірибесін меңгеруде ұнамды адамның тәртібінің үлгісін дәл қайталауы, өздерін соған ұқсатқысы келетін жағдайлар басымдық орын алып тұрады. Оқушы жастардың еліктеуге бейімділігі және олардың өмір тәжірибесінің жеткіліксіздігі, тәртіп дағдыларының тұрақты болмауы мен кейде шамадан тыс және жүйесіз белсенділік таныту сипаты т.б. көптеген жағдайлармен түсіндіріледі. Олардың еліктеудегі таңдап алу сипаты өзге адамдардың мінез-құлықтарының ашық жақтарына еліктеп, оның шеңберінің ауқымын кеңейтеді. Еліктеуге жағымды мінез-құлықтары мен қылықтарын таңдап алуға негіз болатын бағдарлық саяси-идеялық себептер үлкен ықпал тигізеді және бұл олардың өмірдегі өз орнын анықтауға ниет, ынтасымен байланысты болып келеді.

Дегенмен есте ұстайтын мәселе, олардың еліктеушілігі мен бейімділігі жағымсыз қылықтар мен әдеттерді бойларына сіңіру қаупін де туғызады. Жоғары сынып оқушылары мен колледждегі білім алушы жастар оқу-тәрбие мекемелері бекіткен тәртіп ережелерін бұзушылар арасындағы орын алатын дөрекілік, рақымсыздық, қаталдық, жасанды батырлықтарын баулып әкетеді. Жаратылыс болмысында мұндай жағымсыз сапалары бар оқушы жастар тәртіпсіз, нашар ұйымдасқан сыныптық ұжымдардан шығады және жетекшілік жасайды. Сондықтан педагогтер мен тәрбиешілердің міндеті оқушы жастарды үлгі-өнегеге қарай бағыттап теріс, жағымсыз қылықтардан оқшаулауы қажет. Оқушы жастарға жағымсыз, теріс ықпал жасайтын достарымен араласуға қарсы болу жақсы нәтиже бермейді, керісінше, олармен араласуы және оларға еліктеуі артады. Осы ретте жағымсыз, теріс ықпалдардан оқшаулау үшін жағымды және оңды өнегені үлгі етіп, оқушы жастардың қоғамда, әлеуметтік ортада, мектепте, колледжде олардың бос уақытын өткізетін ортаға орынды ықпал жасау қажет.

Өнеге ретінде мемлекеттегі, қоғамдағы, әлеуметтік ортадағы және өткен тарихтағы жеке тұлғалар мен отбасындағы ата-әжесі, әке-анасы, аға-апалары мен туған-туыстары және мұғалімі болуы мүмкін. Оқу-тәрбие мекемелеріндегі және ескерткіштер мен мұражайдағы есімі халыққа белгілі жеке тұлғалар, ғалымдар, өнер қайраткерлері, батырлар, өз кәсібін жақсы меңгерген еңбек ардагерлер бейнесі оларға ықпал жасайтын үлкен еліктіруші күшке ие. Жеке тұлғалардың халық игілігі үшін жасаған қызметін өнеге ретінде басшылыққа алу оқушы жастарды тәрбиелеудің нақты жүйесіне әсер етеді. Сондай-ақ, үлгі-өнеге ретінде ұсынылған жеке тұлғалардың өмірбаянын оқып, зерттеу, түрлі іс-шараларға қатыстыру, мұралық өсиеттерінің жүзеге асу нәтижелерімен таныстыру, сол арқылы оқушы жастарды қоғамдық іс-әрекеттерге бейімдеп,

баулуда кездесулер ұйымдастыру, үлгі-өнеге арқылы сендіруге қойылған мақсаттық нәтижеге жеткізетіндігі анық [19,184,185].

Қоғамдық тәртіпті қалыптастыруға бағытталған әдістер оқушы жастардың қоғамда, әлеуметтік ортада және адамдармен араласудағы мінез-құлықтары мен қылықтарын тәрбиелей отырып, өмірлік тәжірибемен үйлесімді жасауды жүзеге асырады. Тәрбие – өмірлік тәжірибеде жағымды және дұрыс қылықтарға жаттығу. Жаттығудың мазмұндық мағынасы ол оқушы жастарды қойылған мақсатқа бағдарлай отырып, олар үшін жан-жақты іс-әрекет пен түрлі өнегелік шаралар ұйымдастыру, оқушы жастарды қоғамда қабылданған тәртіп пен ережелерді орындауға үйрету. Жаттығу - түрлі әрекеттер мен қылықтарды арнайы ұйымдастырылған қайталаудан тұрады. Оқушы жастар үшін жаттығу мен үйрену және бейімделу - саналы, жасампаз іс-әрекет болып табылады. Жаттығу арқылы олардың өмірлік тәжірибесінде біліктер мен дағдылар, әдеттер, жаңа білімдер пайда болып орын алады, оқушы жастардың түсінік қабілеттері дамиды, мінез-құлық пен қылықтық тәжірибесінің ауқымы өседі және кеңейеді.

Тәрбиенің міндеті – жеке адамдарда мінез қалыптастыру, ал мінез-құлық пен қылықтар туа біткен /тегі, тұқым қуалаушылық/ бейімділікпен өмір тәжірибеде орын алған сенім, түсініктер мен әдеттерден жасақталады. Әдет - түсінік пен сенімді бейімділікке және ойды өмірлік тәжірибеде жүзеге асыру үдерісі болып табылады. Тәрбиенің негізгі құрамы - әдет және түсінік пен сезімнен тұрса, онда ол берік болады, ал әдет тәрбиеге және оның жүру үдерісіне бағынады. Яғни, бұл адамда болатын тәрбиелік, оқу-танымдық, тәртіптік т.б. мәселеге әдеттенудегі шартты рефлекстің үздіксіз және ұзақ мерзімде орын алатын тізбегімен тікелей байланысты болып келеді [179].

Оқушы жастарға дағдылар мен әдеттерді берік қалыптастыруда педагогтер мен тәрбиешілер жаттығуларды ұйымдастыруда бағыт-бағдарлы негізде ескеретін ережелері:

- азаматтық пен патриоттық тәрбие мазмұнын ашатын сапалардың мәні мен маңызын оқушы жастарға түсіндіру;
- олардың әрекеттерінің түрін айқындап, белгілеу және ол әрекеттерді қысқа және нақты ережемен көрсету;
- тәрбиеге бағытталған талап, міндеттердің орындалуы;
- арнайы уақыт пен кезеңде дағдылар мен әдеттерді қалыптастырып, жүзеге асыру;
- бағытталған әрекеттерге байыптылық пен салмақты көзқарас тұрғысынан келіп, қойылған мақсатқа қол жеткізу. Бұған оқушы жастарды өмірлік тәжірибедегі іс-әрекеттер барысында жаттықтыруды жүзеге асыруда олардың өмір ырғағындағы күн тәртіптерін басшылыққа ала отырып, тапсырма арқылы тәрбие әдістері мен технологиялары пайдаланылады.

Оқу-танымдық және өмірлік тәжірибе іс-әрекет барысында жаттықтырулардың міндеті оқушы жастарды тәртіп қылық шеңберлері мен ережелеріне сәйкес әрекет жасау жағдайына бейімдеу. Сапалы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде жаттықтыру оқушы жастардың өмір сүру ырғағына және олардың өзіндік ырқына үйлесімді орындалатын әрекет түрлері:

бағыт-бағдарлы мақсат қою, анықтап алынған тәрбиеге қатысты білімдер жиынтығын тәжірибелік әрекеттермен ұштастыру, байланыстыру. Бағытталып жасалатын іс-қимылдарды жоспарлау және рет-ретімен орындалуын қарастыру. Оқушы жастардың іс-әрекет шеңберінің аумағын біртіндеп кеңейтіп және олардың қажеттілік тұрғыдан артатын мүддесін қанағаттандыруға, оның қоғамдық, әлеуметтік ортада жағымды орын алатын, пайдалы сипатқа ие болуына ықпал жасалып, әсер етілуі керек.

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мен патриоттық тәрбиені дамыту барысында оқушы жастардың өздеріне жауапкершілікпен келуін және сол сезім, түсініктерді саналы түрде қабылдауға жаттығуларды жиі және үнемі пайдалану қажеттігін негізге алып отырумыз керек.

Өмірлік жағдайда орын алатын түрлі жағдаяттардың ықпалын күшейту оқушы жастардың қоғам мен әлеуметтік ортада өзіндік мәнін, оның әрекетін және жағымды қылықтарын жетілдіру барысында тәрбиенің ынталандыру әдістері пайдаланылады. Ынталандыру – оқу-танымдық және тәжірибеде әрекет етуге тәрбиеленушінің сезімін ояту, итермелеу, ықпал жасау. Педагогтер мен тәрбиешілердің ынталандыруды қолданудағы мақсаты оқушы жастарды болашаққа сеніммен қарап, үміт туғызуы-тәрбиеленушілердің іс-әрекетін жандандырады, жетілдіреді.

Ынталандыру әдісін қолдану барысында оның жұмысы жемісті болуы үшін «жарыс» технологиясын пайдалану ерекше орын алады. Педагогтер мен тәрбиешілер оқушы жастарды ынталандыру мақсатында ұйымдастыратын жарыстарда - қай бағыт бойынша, қандай тәрбиеге басымдық беру қажеттігін анықтайды.

Ынталандыруға бағытталған жарыста орын алатын құбылыстар, шұғыл әрекет жасау жағдайлары, көңілдегі сезім тасқыны, жан-дүниесі аласапыран болып бұрқанған күйге түсуі керек. Қажет болған жағдайда жарыстағы орын алатын шиеленісті шегіне жеткізу керек, сонда ғана әркім өзінің мүмкіндігін ашуға тырысады, ұжымның «Біз» немесе жеке басының «Мен» түсінігіндегі сезім тасқынын туғызады, оқушы жастардың жеке және ұжымдық талабын мойындатып жақсы болуына негіздейді. Сезім тасқынын туғызу технологиясын пайдалану – жауапкершілікті, ұқыптылықты, сезімталдықты және педагогтер мен тәрбиешілердің кәсіби қызметіндегі шеберліктеріне тікелей байланысты болатыны анық.

Зерттеу нысанына алынған оқушы жастардың мінез-құлықтары мен олардың қылықтарына, әрекеттеріне әрдайым түзетулер мен толықтыруларды енгізіп отыру керек. Бұл түзетулер оқу-танымдық, сыныпта, сыныптан және мектептен тыс жағдайда қоғамдық және әлеуметтік тапсырманы орындау барысында жүргізілуі қажет.

Мінез-құлықтарының негізі қалыптасқан оқушы жастардың өзін-өзі тәрбиелеуге жауапкершілікпен және оған қажеттіліктің орын алған жағдайда ғана тәрбие үдерісі жақсы нәтиже береді. Бұл жастағы оқушы жастардың өзін-өзі тәрбиелеу әрекетіне көшуі – олардың өзін-өзі жетілдіруіндегі саналы және бағыт-бағдары бар жоспарлы жұмыстары болып табылады. Яғни, өзін-өзі тәрбиелеуі олардың осы үдеріске даяр болғанда тиімділігін көрсетеді. Ол үшін

бұл жастағы оқушы жастар өздерін қоғамдық мәні бар екенін сезінуі, келешек, болашағы жайында ойлануы, өмірлік тәжірибеде /қоғамда, әлеуметтік ортада, мектепте, сыныптас достарымен және өзге адамдармен қарым-қатынас жасағанда/ жеке бітім болмыстық тұлғасын көрсете білуі қажет. Өзін-өзі тәрбиелеудің қолайлы орны - ұжым талабы мен оның ішкі жағдайына үйлесімді жеке тәртібіне түзетулер енгізуге бейімділігі болғанда ғана іске асады.

Педагогтер мен тәрбиешілер және ата-аналар оқушы жастардың өзін-өзі тәрбиелеуін қадағалап, кеңес беріп, бағыттап өте сақтықпен басқаруы керек. Өзін-өзі тәрбиелеуде жүзеге асырылатын технологиялар:

- жеке міндеттеме алу;
- өзінің әрекеттеріне, қарым-қатынасына, тілдесудегі және жалпы жасаған өз ісіне есеп беру;
- өз ісіне талдау жасау;
- өзін-өзі бақылау, өзіне-өзі баға беру.

Жоғарыда келтірілген теориялық негіздерді қорытындылай келе, тәрбие үдерісіне қолданылатын әдістер мен технологияларды сипаттай келе мектептің жоғары сынып оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледж студент жастарына педагогикалық ықпал жасайтын барлық мүмкіндігін қамту мүмкін еместігіне көз жеткізе отырып, бұндағы басты мәселе педагогтер мен тәрбиешілердің қай бағыттағы тәрбиені басшылыққа алуындағы соған негізделген әдістер мен технологияларды шығармашылықпен қолдануындағы шеберлігіне тәуелді болатындығын негіздейміз. Яғни, педагогика теориясы мен тәжірибесіндегі орын алатын өмір талаптарына жауап беруде тәрбие үдерісін жетілдірудің жолдарын алынған тәрбиенің мазмұны мен құрылымдық жүйесінің өзіндік ерекшелігіне қарай шығармашылықпен қарау болып табылады. Дегенмен басшылыққа ұстанатын мәселе – ең озық және тиімді деген құралдардың өзі тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктеріндегі бұрын қалыптасқан өзіндік таным мен тәрбиелік деңгейін, нақты өмір жағдайын есепке алмай, педагогтердің, тәрбиешілердің, ата-аналардың, үлкен адамдардың тәрбиеленушілерге жасайтын ықпалдық әсерінен бөліп қаралса, онда оң нәтиже бермейтіндігі анық екендігін естен шығармауымыз керек [186].

Біздің зерттеу жұмысымыздағы мектептің жоғары сынып /10-11 сынып/ оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледж білімгерлерінің саяси-идеялық тәрбиесі басым бағытта тұрады десек қателеспейміз. Себебі, оқушы жастардың азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесіне қатысты мәселеде саяси-идеологиялық тәрбиесі өзек болып табылады. Азаматтық бірегейлік пен патриоттыққа тәрбиелеуде оларды қоғам тарихынан бөліп қарауға болмайды. Өйткені, қазіргі жаһандық жағдайда ішкі және сыртқы саясаттың шиеленіскен идеологиялық күрес жағдайлары орын алуда. Оқушы жастардың саяси-идеологиялық тәрбиесіне аса көңіл бөлу қажет және бұны жүзеге асырудағы негізгі міндет мектеп және түрлі типтегі оқу-тәрбие мекемелерінің қызметіне жүктеледі. Саяси-идеологиялық бағытта оқушы жастардың идеялық түсінік, сенімін, саяси санасын, әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі және үздіксіз жүргізу қажет.

Саяси-идеологиялық бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізуде тарихтан келе жатқан ұлттың сақталуы мен даму жайындағы қоғамның бірлігін көрсеткен идеологиялық бағдарлы ұстанымдар мен өткен және қазіргі замандас жеке тұлғалардың азаматтық және патриоттық көрініс беретін басты сапалық қасиеттерін - жоғары идеялық үлгі-өнеге ретінде басшылыққа алған дұрыс. Идеялық білімде ұлттың тарихы, мәдениеті мен рухани және материалдық құндылықтары мен оның дамуына үлес қосушы жеке тұлғалардың игі істерін түсіну және оны жоғары бағалап саналы түрде сенудегі өмірлік тәжірибедегі әрекеттердің жиынтығы деп түсінеміз. Сондықтан оқушы жастардың саяси және әлеуметтік белсенділіктерінің өзегі идеялық сенім мен саналы түсінік екендігіне мән беру керек. Сену мен сендіру, сенім туралы түсініктерді үйреншікті білім деп қарауға болмайды. Идея сену мен сенімдердің қалыптасуы жеке тұлғаның қоғамдық мәні ретінде орын алып, оның ішкі ой елегіндегі таным-түсінік шеңберінің сүзбесінен өткен білім. Жеке тұлғада қалыптасқан түсінік сенімдері оның іс-әрекетінде жетекші орынға ие болып, қоғамда, әлеуметтік ортада және оның тәжірибесінде орын алатын саяси өмірдің бағыт-бағдары мен құбылыстарын бағалаудың негізі болады. Яғни, бұл жерде сенім жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік қатынасқа деген қылықтары мен іс-әрекетінің себебі ретінде көрініс береді. Мемлекеттегі құрылған идеологиялық көзқарасы берік сенімі бар жеке тұлға жеке өмірлік тәжірибесіне және осы бағыттағы жеке білімі мен сенімдерін білікті пайдалана отырып түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға ықпал етеді [148,187].

Идеялық түсінік пен саналы сенімді қалыптастыру - оқушы жастардың ғылыми білімді сапалы меңгеруі және өзі өмір сүріп жатқан қоғамдық құрылымның ішкі, сыртқы саясатын білу мен олардың саяси сауаттылығын талап етеді.

Мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледж білімгерлерінің саяси-идеялық бағыттағы жұмыстарының негізінде азаматтық пен патриоттық тәрбие беру үдерісінде оқу-тәрбие мекемелерінің қоғам саясаты белгілейтін міндеттерді жүзеге асыруы керек:

- қоғам идеологиясындағы идеялық және саяси сауаттылық, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге, құндылықтарға берік сенімдерін қалыптастыру;
- оқушы жастар ұлттың және Отанның даму тарихи жолын, оның саяси бағдарлық құрылысы мен құрылымын, өмір салты жайында ғылыми білімді меңгеруі;
- оқушы жастардың алыс және жақын шетелдік мемлекеттік қоғам құрылым өмірінде орын алып отырған оқиғаларды саяси тұрғыда талдай білуге үйрету;
- өзі тұрып жатқан қоғамның халықаралық сыртқы және ішкі саясатын түсінуге қызығушылығын арттыру, қоғамдық-саяси бағыттағы әрекеттерді талдаудың тұрақты қажеттілігіне үйрету;
- қоғамдық, ұлттық идеологияның бағыт-бағдардағы ұстанымы берік және өз Отанының саналы азаматы мен патриотын бейнелейтін мінез-құлықтық және қылықтық жеке қасиет сапаларды сіңіру мен дамыту;

- оқушы жастардың қоғамдық, әлеуметтік және саяси белсенді іс-әрекетке қажетті азаматтық пен патриоттық тәрбиенің негіздерін жеке болмыстарына дарыту білімдерін меңгерту мен біліктер және дағдыларын жетілдіру [148,187,188].

Яғни, қоғамдық саяси идеологиялық жұмыстар барысында азаматтық бірегейлік пен патриоттық тәрбие үдерістері қоғамдық сана мен түсінік және тәжірибелік іс-әрекеттердің біртұтастықта жүргенде ғана жүзеге асатынына көз жеткіздік. Ал, мемлекеттен, қоғамнан тыс жерде орын алып отырған түрлі оқиғалардан ақпарат пен хабар беріп, түсіндіру мен талдаулар, ол тек қоғамдағы халықаралық бағыттағы мәдени танымдық іс-шаралар ретінде оқушы жастарға білімді беру болып табылады.

Көрсетілген міндеттерден саяси-идеологиялық бағыттағы жұмыстардың мазмұны аясында азаматтық пен патриоттық тәрбиені жүзеге асырылуы мүмкіндіктердің көрінісі болып табылады. Педагогтер мен тәрбиешілер және ата-аналар мен жастар саясатымен айналысатын қоғамдық ұйымдар саяси-идеологиялық бағыттағы жұмыстардың мазмұнын анықтауда қоғамдық мақсаттылық және ұлттық идеялық, бұндағы басымдыққа ие болатын азаматтық пен патриоттық тәрбиенің өмірлік тәжірибемен, қоғамдық құрылыспен байланысы, жас және жеке танымдық ерекшеліктерін есепке алу қағидаттық ұстанымдарын басшылықта ұстауы керек. Себебі, олардың жас және жеке танымдық ерекшеліктерін саяси-идеологиялық бағыттағы жүргізілетін жұмыстарының мазмұны үнемі кеңейіп, тереңдей түсіп, соның негізінде азаматтық пен патриоттық тәрбиенің де дамыту ауқымы кеңейе түседі. Саяси-идеялық бағыттағы жұмыстар негізінде оқушы жастарға азаматтық пен патриоттық тәрбие берудің мазмұны, әдістері мен оның технологиялары жетілдіріліп, түрлене отырып, дамытылады.

Саяси-идеологиялық бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу барысында азаматтық пен патриоттық тәрбие үдерістерін жүзеге асыруда қоғамдық сана, түсінік, сенім, саяси бағдар т.б. ұғымдардың мақсаттарын түсіндіру және Отан жайында білімдерді терең меңгертуге бағытталған арнайы жұмыстар өмірлік тәжірибемен байланыстырыла отырып іске асырылуы қажет. Бұл тұрғыдағы жұмыстарда педагогтер мен тәрбиешілер және жастар саясатымен айналысатын ұйымдар қоғамдық сананы қалыптастыруда бағытталған түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен тәрбиеге қатысты технологиялар мен құралдардың жиынтығын тәрбиенің және жұмыстың мазмұнына қарай оңтайлы қолданады. Бұл құралдар мен әдіс және технологиялар көмегімен оқушы жастардың мемлекеттік ішкі және шетелдік өмір құбылыстарын білуді, қоғамдық-саяси оқиғаларды талдауды, жеке көзқарастарын тұрақты ұстауды меңгертеді. Оқушы жастарға саяси-идеологиялық бағыттағы жұмыстар арқылы азаматтық пен патриоттық тәрбие беру және білім беру мен оқыту, оқу үдерісінде жеке оқу пәндерінің оқу материалдарының мазмұнының мүмкіндігі үлкен. Себебі 10-11 сынып оқушылары мен колледж білімгерлеріне білім берудің бүкіл мазмұны идеялық жүйелілік пен бағыттылық, саяси сауаттылық, қоғамның мүдделері мен

мұраттарын сақтап, қорғайтын жеке тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталу керек екендігін естен шығармайық. Оқушы жастарда Отан және қоғам өмірінің өткен және қазіргі жағдайға байланысты мәселелерінен қажетті білім негізі қалыптасқан. Сондықтан оларда «Менің Отаным -Қазақстан», «Менің бір ғана Отаным бар – ол Қазақстан», «Мен Қазақстандықпын», «Мен қазақ халқының өкілімін», «Біздің Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан» т.б. тақырыпта саяси-идеологиялық бағыттағы білім жиынтығы мен азаматтық және патриоттық тәрбиелердің мазмұндық жүйесі жеке пәндердің мазмұны аясында идеялық бағытта қамтылған, тек оны дамыту қажеттілігін дұрыс іске асыру керек [148,187].

Сыныптан және мектептен тыс оқу-танымдық жұмыстарда оқушы жастардың саяси-идеологиялық бағыттағы таным, түсініктерін арттыру арқылы азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеу жолдары идеология және саяси сенімдерін қалыптастыруға бағытталған міндеттерін басшылыққа алып педагогтер мен тәрбиешілер және жастар саясатымен айналысатын ұйымдарымен бірлесе олардың қоғамның ішкі және сыртқы саясатымен жүйелі таныстырады, қоғамдық сенім мен саяси сауаттылыққа үйретеді. Педагогикалық тәжірибеде жастардың саяси-идеялық бағыт-бағдарға негізделген таным, түсініктері қалыптасуының тізбегі ретінде орын алады. Қоғамдық-идеялық және саяси сауаттылықты арттырудың жолдарының бірі - БАҚ және ондағы саяси ақпарат. Бұл оқушы жастарға саяси оқиғаларды жете түсінуге себеп болады, ішкі және сыртқы халықаралық өмірге қызығушылығын арттырады. Жеке өмірлік тәжірибесі арқылы оларға қоғамдық-саяси тұрғыда баға беруді үйретеді, өзіндік көзқарастардың негізі беки түседі. Саяси ақпараттың азаматтық және патриоттық тәрбиеге ықпалы оның идеялық бағытта дұрыс берілуі мен ақиқаттық пен шындығында, ішкі және сыртқы саяси оқиғаларға қоғамдық тұрғыда әділ баға берілуінде.

Осы негізде оқушы жастарға саяси-идеологиялық бағыттағы жұмыстар арқылы азаматтық пен патриоттық тәрбие жүйесінің дамуына оң ықпалын тигізетіні анық. Отанымыздың даму жолындағы түрлі қиындықтар мен жетістіктерін, ел бірлігін, тарихтағы жеке тұлғалардың соғыс пен бейбіт өмірдегі қаһармандық пен ерлік істерінің үлгісі ретінде қарастыру. Осының негізінде оқушы жастарды өткеннің және қазіргі замандастарымыздың өнегелі істерімен танысып, азаматтық пен патриоттыққа бейімделіп үйренеді. Өнегенің тәрбиелік оқушы жастар үшін еліктеуге бейімдігі мен қабілетіне негізделеді, ал бұл бейімділік әр түрлі кезеңдегі тәрбиеленушілерге бірдей емес. Еліктеу барысында оған көтеріңкі көңіл-күй қатынасы қатты әсер етеді. Үлгі-өнегені қабылдау жағдайының болуы  еліктеуден шындық өмірге көшеді. Оқушы жастарды азаматтық пен патриоттыққа өнегелік технологиясымен тәрбиелеудің психологиялық негізі – оқушы жастардың сезімдері мен көтеріңкі көңіл-күй үндестік-үйлесімділігін өзек етіп алу. Оқушы жастардың еліктеуге бейімділігі, ересектерге сенімі мен үлгі тұтуы, жан-дүниесіндегі көтеріңкі көңіл-күй үндестігі мен үлкендердің үлгі-өнегелерінің үйлесімділігінің бірлігі болу - оларды саяси-идеологиялық бағытта сауаттандырып, азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеуде ерекше мәнге ие болады [19,31,189].

Тәрбиелеу үдерісінде халықтың, қоғамдық құрылымының, Отанның дамуындағы тарихи жолдарда майдангер батырлар мен қоғамның дамуында түрлі салада қызмет жасаған қоғам, мәдениет және көркем әдебиет тұлғаларының өнегелік өмірлерінің үлгісінде азаматтық пен патриоттықтың негіздері берік қаланады.

Оқушы жастарды саяси-идеологиялық бағыттағы жұмыстардың мазмұны арқылы оларды азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеу жолдары мен әдістері және технологиялары әр түрлі орын алады. Себебі сыныптан және мектептен тыс жұмыстарға оларды қатыстыру мен дайындығына, олардың жас және жеке танымдық ерекшеліктеріне, сондай-ақ, педагогтер мен тәрбиешілердің тақырыптық бағытты дұрыс таңдап алуына байланысты болады.

Зерттеу тақырыбына арналған азаматтық және патриоттық тәрбиелерді оқушы жастардың тұлғалық болмысына берік сіңіріп, дамыту мәселесіне қатысты жұмыс түрлері мен әдіс және технологиялары, құралдарын қолданудың жолдары қарастырылды. Дегенмен де осы тұста басшылыққа алынатын тағы бір мәселе – оқушы жастардың әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру басты құрал болып табылатынын естен шығармау керек. Ал, ендігі кезекте осы оқушы жастардың әлеуметтік белсенділіктері жайында қарастырып өтсек, біздер төмендегідей ой-пікірлерімізді білдіреміз.

Мектептің жоғары сынып оқушылары мен арнайы кәсіптік білім беретін колледж білімгерлерінің саяси-идеологиялық бағыттағы жұмыстарын бағдарлы ұйымдастыру мен өткізу барысында олардың идеологиялық түсінік, сенімі мен саяси сауатты саналығын қалыптастыруда олардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, әлеуметтік белсенділіктерімен ұштастырылып, жүзеге асырылуы қажет. Жастардың азаматтық және әлеуметтік белсенділіктерін жеке тұлғаның қоғамдық мәнін беретін сапаларының бірі деп түсінген дұрыс. Себебі ол, жеке тұлғаның қоғам мен түрлі әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттерінің көрінісі мен оның ой және еңбегіне, қоғамға, қоғамдық –саяси әрекеттерге қатынасын береді. Азаматтық пен әлеуметтік жауапкершілік қоғамдық құрылымдағы белсенділік түсінігімен байланысты. Жеке тұлғаның қоғамдық мәнінің сапасы ретінде әлеуметтік ортадағы азаматтық белсенділігінің жоғары көрсеткішке бағытталған мақсат, міндеттік әрекеттермен бірлікте орын алады. Азаматтық пен әлеуметтік белсенділігінің артуы барысында олардың саяси сауаттылығы және саяси түсінік белсенділіктің қалыптасуы негізінде патриоттық тәрбиесінің беки түсетіні анық. Азаматтық және әлеуметтік белсенділік – оқушы жастардың саяси-идеологиялық білімінің берік болуы мен патриоттық тәрбиесінің көрсеткіші ретінде көрініс береді. Әлеуметтік белсенділік арқылы олардың азаматтығын қалыптастыру мен жеке тұлға ретінде қоғамдық мәнінің сапасы деп емес, сондай-ақ оның іс-әрекеттерінің түрі, өзіндік жеке тұлғалық бейнесінің көрінісі деп түсінгеніміз дұрыс. Себебі, азаматтылық бейнесі мен әлеуметтік белсенділіктің қалыптасуы ұзақ мерзімді талап ететін, қиын және күрделі құбылыс ретінде орын алатын үдеріс [190].

Азаматтық бейне мен әлеуметтік белсенділік жеке тұлғаның қоғамдық мәнінің маңызды сапалық қасиеті, оның идеялық көзқарасы және сезімдерімен біртұтас байланыста көрініс береді. Яғни, оқушы жастардың жеке іс-

әрекеттерінің мақсатын жіктейді, оның қоғамдық маңызы бар тапсырманың әлеуметтік мәнін түсінеміз. Олардың іс-әрекетінің нәтижесі жеке тұлғалық болмысындағы азаматтық қатынасындағы әлеуметтік белсенділігінің көрсеткіші және оны орындау жауапкершілігі, белсенділік танытып, көшбасшылықта болып достарына, адамдарға көмек-жәрдем беру, өзіне және өзгелерге талап қоя білуін педагогтер мен тәрбиешілер және жастар саясатымен айналысатын ұйымдар ұдайы басшылыққа алуы қажет.

### 2.3 Студенттердің азаматтық-патриоттық тәрбие жайындағы түсініктерін анықтау және 10,11- сынып оқушылары мен колледж білімгерлеріне арналған «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы

Қазіргі ғаламдық жаһандану жағдайындағы жаңа әлемдік қатынастарда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер – жеке мемлекеттік құрылымдардың дамуының қозғаушы күшіне айналып отырғандығы анық. Әлемдік қауымдастықта жалпы адамзатты сақтап қалу жағдайында ықпалдасу қарым-қатынастық кеңістігін қалыптастыру ортақ мүддеге бағытталған. Бұл жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына берік сіңірген және тұлғаның өзіндік болмыс-бітімін беретін жеке ұлттық сананы сақтап қалуға әрекет жасайтын рухани-адамгершілігі мен азаматтығы, патриоттығы, ақыл-ой парасаттылығында гуманистік түсінігі басым жастарды «тұлға» ретінде тәрбиелеу қажеттігін негіздеп отырмыз. Мәселен, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Бүгінде бүкіл әлемде ұлттық мемлекеттер жас ұрпаққа ашық әлем шарттарында қоғамның дамуындағы сабақтастықты сақтап қалуға мүмкіндік беретін құндылықтардың сенімді жүйесін ұсынуға мүдделілік танытып отыр. ...Жастардың өркендеуі және жаһандануға ұмтылысы шынайы патриоттық сезіммен, өз халқының салт-дәстүрін және мәдениетін құрметтеу, ұлтаралық өзара құрмет және мәдениетаралық өзара қағидаттарымен үйлестірілуі тиіс. Жастардың адамгершілік тұрғыдан қалыптасу және оларды азаматтық сәйкестендіру процестеріне ықпал ету ...» - деп берілген [30].

Жастарды азаматтыққа тәрбиелеу арқылы бүкіладамзаттық құндылықтарды дарыту мен әрбір өскелең ұрпақ өкіліне адамгершілік-руханилық пен өзінің туған еліне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру қазіргі уақыттағы басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл болашақ жастардың адами сапасының қалыптасу дәрежесіне, олардың жан-жақты тәрбиесі мен толық тұлға ретіндегі болмыс бейнесінің дұрыс қалыптасу деңгейіне ықпал жасайды. Сондықтан жастарға берілетін тәрбие түрлері олардың жеке тұлғалық ерекшелігінің қарапайым құрылымының негізі болады. Ал, қабілеттері мен құндылық бағдарларының жан-жақты дамуы жоғары және өнімді қалыптасу деңгейі болып табылады. Яғни, тәрбиелік мәдениеттің жоғарылауының, бүкіладамзаттық құндылықтарды меңгеру арқылы азаматтық-патриоттық көзқарасы тұрақталуының көрсеткіші бола алады. Жастардың жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімдері мен азаматтық және туған

еліне, Отанына деген жоғары түсініктегі көзқарасын қалыптастыру, білімге адами және рухани сипат беру қажет [191].

Қазақстан көпұлтты және түрлі діни сенімдік нанымды ұстанған қоғамдық құрылымы бар мемлекет ретінде патриотизмге, өз жеріне деген сүйіспеншілікке негізделген біртұтас ұлттық идеология құруға ұмтылады. Бұл елдегі бірізділікті, тұтастықты және бірлік пен қоғамдық келісімді сақтауды талап ететін айтарлықтай күрделі міндет. Сонымен қатар, Қазақстанда өмір сүруі қажет қазіргі геосаяси жағдайлар жеке тұлғаның азаматтық бірегейлігі мен патриотизм проблемасын өзекті етеді.

Осыған байланысты, мемлекет дамуының қазіргі кезеңінде қалыптастыру және нығайту бойынша белсенді іс-шаралар қабылдануда және қазақстандық бірегейлік азаматтық қағидатына негізделген. Елдің барлық негізгі бағдарламалық құжаттарында қоғамдық сананы трансформациялаудың өзекті идеясы алдағы онжылдықтарда қоғамдық сананы қалыптастыру дәйекті және табанды түрде жүргізілуде. Қазақстандық бірегейлік XXI ғасырда дамудың және әлемнің жетекші елдерінің қатарына кірудің қажетті шарты ретінде қарастырылуда [157].

Осы ауқымды міндетті іске асыру үшін 2025 жылға дейінгі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар жұмысының басты қағидаттарын, базалық құндылықтары мен магистралдық бағыттарын айқындайтын қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы қабылданып, табысты іске асырылуда [192].

Қазақстанның мемлекеттік идеологиясы барлық азаматтар қатысатын қазақстандық ұлтты қалыптастыруды мақсат етеді. Жаңа тұжырымдама тек қана ұлттық бірегейлікті емес, сонымен қатар этникалық тегін және азаматтық сезімдерін дамытуы керек. 2017 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көрді. Соның негізінде қазіргі уақытта «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – «Мықты және жауапты адамдардың біртұтас ұлтына айналу үшін қоғамдық сананы өзгерту» [62].

Бірінші кезекте, жастарға бағытталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру. Себебі қалыптасқан түсініктерді өзгертуге қарағанда, ұғымдар мен нанымдарды қалыптастыру оңай. Қазақстанда 2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланғаны кездейсоқ емес. Өйткені, жастар кез келген қоғамның инновациялық әлеуетін білдіреді. Сондықтан олардың азаматтық бірегейлігі мен патриотизмі қазіргі мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болып табылады [63].

Кеңес Одағы таратылғаннан кейін қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы дүниеге келді. Бүгінгі жастар ата-анасынан әлеуметтік-саяси құрылым бойынша айтарлықтай ерекшеленеді. Қоршаған орта мен өмірлік бағдарлар және құндылықтар өзгеріске ұшырады. Яғни, бұрын идеал деп саналған көптеген нәрселерден бас тарту таңдандыратын көрініс емес. Өйткені, қазіргі Қазақстан жастарының ең ересегінің өзі де саналы өмірінде социализмді және

оның барлық атрибуттарын көрмеген , керісінше олар ғаламтор дәуірінде өмір сүруде.

Сонымен қатар, жаңашылдыққа ашық және жастарға тән ұтқырлықтың жоғары деңгейі елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани жаңғыруының қайнар көзі бола алады. Осыған байланысты азаматтық бірегейлік туралы негізгі идеологиялар мен идеялардың мазмұны мен тұрақтылығын, оның ұлттық бірегейлікпен үйлесімділігін немесе үйлесімсіздігін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Сондықтан біздің ойымызша, стереотиптердің орнына объективті түрде маңызды зерттеу мен зерделеу жасау жаңа буын өкілдеріне қатысты өзін-өзі, қоғам, мемлекет, олардың ағымдағы мәселелерін саралау елдің және оның болашақ дамуының өзегі екенін түсіну қоғамдық институттар үшін де, жастардың өзі үшін де қажет деп түсіндік.

Жастардың кәсіби білімді меңгеруге және ЖОО-да ғылыммен айналысуға қызығушылықтарын арттырып және оларды осы бағытта тереңдете бейімдеу, олардың ересек өмірге ену ерекшеліктерінің негізі бұрыннан қалыптаса бастағандығы анық. Заманауи талаптарға сәйкес қазіргі жаңа ұрпақ мәселесі әлеуметтану, психология, мәдениеттану, саясаттану, педагогика және басқа ғылымдардың өзара байланысы арқылы қарастырылады. Бүгінгі жастардың өзіндік жас кезеңдері біркелкі немесе әртүрлі, бірақ, мүдделі мақсатта біріккен жастар ерекше құндылық бағдарларын біріктіретін топ ретінде бағаланады. Бұл анықтаманы қолдаушылар да және қолдамайтындар да бар, бірақ бұл ең көп таралған мәселе. Сондықтан біз жас ерекшелігіне сүйендік. Зерттеуге Талдықорған қаласындағы жасы 16-дан - 20 жастағы жастар қатысқан . Зерттеудегі іріктеме жиынтығы облыс орталығы Талдықорған қаласының № 18 Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы орта мектеп, № 19 Мағжан Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептері мен **КЕ АҚ** І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті және «Zhansugurov college» білім алушы жастары. Бұл зерттеуге алынған және көрсетілген аймақ жастарының танымдық, түсінік т.б. жағдайы мен көңіл-күйін білдіреді [73].

Біздің зерттеуімізде Қазақстандағы мемлекеттік идеялар туралы білу, сондай-ақ жастарда азаматтық бірегейлік түсінік және олардың «Мәңгілік Ел» идеясына қатысты қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері қамтылды. Зерттеулер жүргізу кезінде пәнаралық негізде педагогика ғылымының ерекшеліктеріне қарай салыстырмалы /компаративистика/ және теориялық тәсілдер мен парадигмалардың толықтырылу қағидаттық ұстанымдары басшылыққа алынды.

Сауалнама әдісі және жартылай құрылымдалған сұхбат әдісі терең қолданылды. Сауалнамалардағы тапсырмалардың жеке бөлігі азаматтық тақырыптарға, патриоттық түсінік пен сана-сезімдерге және олардың әлеуметтік-саяси белсенділігіне бағытталған. Сауалнамаға қатысушылардың есімдерін құпиялылықта сақтау және жария етпеу мақсатында, тапсырмаларда ақпарат берушілер жайында тікелей нұсқаулар жоқ. Сондай-ақ олардың білім алатын оқу мекемелерінің атаулары немесе жұмыс жасайтын орны жайында да мәліметтер сұралмады.

Мемлекеттегі қоғам құрылысының үдемелі даму үдерісі мен әлеуметтік ортаны өрістету бағытында Қазақстанда ғылыми қауымдастықты «сана», «ұлттық сана» мәселелері көкейкесті болып отыр. Азаматтық бірегейлікті, ең бастысы мемлекеттік-азаматтық бірегейлік пен сәйкестікті қалыптастыру тетіктері мен құралдары және әдістері мен технологиялары жайындағы мәселелердің түйіні табылуға тиісті күйінде қалып және оны терең зерттеулер қажеттілігі туындап отыр. Соңғы он жылдықта елімізде қазақстандық жастар арасында діни ағымдардың таралуының өсуі байқалуда. Бұл Қазақстан қоғамындағы ұлттық болмыс және мәдени құндылықтар сәйкестіктерін жоғалту қаупіне айналып, діни нанымдық ағымдардағы сәйкестендірулер мен бетпе-бет келіп, бұл бағыттық ұстанымдар мемлекеттегі ұлттық және азаматтық бірегейлік мәселесіне қайшы келетін үлкен кедергілер жасауда.

Бұл болашақтағы білім беру мен оқыту және тәрбие бағытындағы көкейкесті мәселені шешуде және сондай-ақ, келешек ұрпақтың өзінің қауымдық тобындағы таным, түсініктен тыс жалпыға ортақ қабылданған ережелер мен түсініктерден басқа, қондырма бірегейлік талаптар жүйесін мойынсұну, табу, өз тобына тән белгілерден айырылып дүбәрә күй кешуі (маргиналдануы) мен әлеуметтік орта немесе көпшілік қолдамайтын саяси немесе діни нанымдарды қабылдаудың (радикалдану) алдын алу керектігі ерекше мәнге ие болып отыр. Сонымен бірге, ұлттық өзіндік сананың күшеюі жалпыұлттық мемлекеттік-азаматтық бірегейлікті табысты қалыптастыру мен нығайту үшін көкейкесті мәселеге де айналып отырғандығы анық. Дегенмен де, әлемдік және халықаралық тәжірибені зерделеу барысында қазіргі әлемде азаматтық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамыту саласында бірыңғай талаптық жүйенің жоқ екені анық. Яғни, жаһандану дәуірінде ұлттық ерекшелікті (ұлттық тіл, мәдениет, құндылықтар мен діл және т.б.) сақтау маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Көпұлтты және түрлі діни сенімдік нанымды ұстанған Қазақстан мемлекетінің азаматтары қандай ұлттық топқа, қандай діни-сенім мен идеялық нанымға сүйенсе де, өздерін осы қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік жасалған. Елімізде болып жатқан оқиғаларға өз қатынастарының бар екендігіне көз жеткіздік. Себебі, жастар белсенді азаматтық ұстанымдарын білдірді. Зерттеумен айналысатын қазіргі зерттеушілер азаматтық бірегейліктің және жеке тұлғаның әлеуметтік сәйкестілігінің құрамдас бөлігі деп пайымдайды. Ал, ұлттық және саяси т.б. мәселелер түрлерін қолданғанда оларға мемлекет құрушы ұлттың (қазақтардың) төңірегіне топтастыруға бағытталған әрекеттерде өзге ұлттар мен ұлыстарға тән ерекшеліктерді сәйкестірулер арқылы бірегейлік негіздегі түсініктер емес, өкінішке орай, оларды бөліп, қарастыру мәселелеріне басымдық мән берілетіні көпшілік жағдайда орын алып отырады. Бұл қауіпті жағдай, өйткені, келешекте түрлі қарама-қайшылықтарға алып келетіні анық.

Азаматтық бірегейліктің мәнін ашуда қолданылатын ұғымдардың көптүрлілігі мен күрделене түсуіне түрлі авторлардың тәжірибелік талдау ұғымдары ретінде де қоғамда, әлеуметтік ортада кең өріс алып келеді. Мысалы, «азаматтық» және «азаматтық сәйкестік», «мемлекеттік және ұлттық

бірегейлік», «ұлттық бірегейлік», сонымен қатар, «ұлт және ұлт сана» және т.б.

Осы мән-мәтінде ұлттық құрылыс үдерісінде «Қазақстандық бірегейлік» деген сөз тіркесін пайдалану, біздің ойымызша, неғұрлым дұрыс және айқын болып көрінеді. Бірқатар еңбектерде мемлекеттік және азаматтық ұқсастықтарды ажырату қажеттілігі баса айтылған, бұл ретте географиялық (аумақтық) аспект және жеке адам мен мемлекеттің тұрақты саяси-құқықтық байланысы ретінде азаматтықты қазіргі заманғы түсіну осы ажыратудың өлшемдері болып табылады. Белгілі ресейлік ғалым В.А. Тишковтың пікірінше, «мемлекеттік сәйкестік», «азаматтық өзін-өзі танудан» гөрі қарапайым және жылдам дамиды [74].

Сондықтан азаматтық бірегейлікті өзара белсенді әрекеттік сапа ретінде түсінуге болады. Бұл адамның кез келген мемлекеттің азаматтары қауымдастығына саяси және құқықтық жататындығын түсінуінің нәтижесі және құндылыққа бағытталған әлеуметтік қызметте көрінеді. Азаматтық және азаматтық сәйкестік ұғымдары саяси теория мен саяси психологияда басты орын алады. Бірқатар американдық зерттеушілердің пікірінше, азаматтық сәйкестіліктің әртүрлі мағыналары бар және оның тұжырымдамасы субъективті, этикалық және саяси аспектілері бар деп жақсы түсініледі. Азаматтық сәйкестікті жаһандану мен иммиграцияға қатысты қазіргі пікірталастарды түсіну үшін азаматтық құрылымдарда қарастырады [81].

Сонымен бірге, азаматтық тәрбие мен білім берудің көкейкесті мәселе ретінде көптеген зерттеушілердің назарында болғанына қарамастан, жастардың, оның ішінде студенттердің бойында азаматтық бірегейлік сезімін қалыптастыру мәселелері іс жүзінде дамымаған. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде студенттің өзін азаматтық қоғаммен, оның талаптық ережелер мен құндылықтарымен байланыстыру қабілетін қалыптастыру міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл жастарға өздерін, өз елінің толыққанды азаматтары ретінде сезінуге, белгілі бір азаматтық қоғамдастыққа жататындығын сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге кез келген қоғамның ұлттық бірегейлігін қалыптастыру кейде ұзақ тарихи уақытты алатын күрделі үдеріс. Бұл тұрғыда білім беру мен тәрбиелеу басқа мәдениеттерге жататын адамдармен «бірге өмір сүруге», әртүрлі көзқарастар мен сенімдерге ие болуға, осы мәдениеттер мен оның жақтаушылары арасында әділ ымыраға келуге үйретеді. Сондықтан жастардың бойында азаматтық бірегейлік сезімін жеке білім беру нысаны ретінде қалыптастыру және нығайту болып табылады.

Азаматтық оқыту бойынша жақында жүргізілген зерттеулер студенттердің азаматтық сәйкестігі олардың кім екендігі туралы түсінік екенін көрсетеді, ұлтқа қатысты олардың өмірлік тәжірибесімен анықталады. Алайда, азаматтыққа тәрбиелеуді оқытудың әлеуметтік ғылымдар бойынша оқу бағдарламасына біріктіруге күш салу, әдетте, бұл ұғымға негізделмейді. Бұл идеяны тексеру үшін орта мектепке арналған АҚШ тарихы курсы немесе пәні оқытылады. Бұл жобада оқытушылар мен зерттеушілер тобы АҚШ тарихының мемлекеттік курсын тиімді азаматтық оқыту және американдық мектеп

оқушыларының азаматтық тұлғасын қалыптастыру мүмкіндігіне қалай айналдыруға болатындығы туралы мәселені қарастырды [76].

Осыған байланысты азаматтық сәйкестілік бірнеше функцияларды атқаратындығын атап өткен жөн. Олардың ішінде адамды белгілі бір қауымдастықпен біріктіретін «Біз» сезімін қалыптастырудан тұратын интегративті функция, әлеуметтік маңызы бар және әлеуметтік бағаланатын қызмет түрлерінде жеке тұлғаның өзін-өзі тану және өзін-өзі тану функциясы, адамның топқа мүшелікке деген аффилиирленген қажеттілігі жүзеге асырылатын қорғаныс функциясы. Бұл адамға қорқынышты жеңуге мүмкіндік береді және алаңдаушылық өзгермелі жағдайларда, осылайша сенімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді [77].

Зерттеу мәселесі бойынша жұмыстарды талдау барысында, ғылымда түсінуге қатысты бірнеше негізгі бағыттар бар екенін көрсетті, атап айтсақ, жеке тұлғаның азаматтық сәйкестігінің мәні мен құрылымы. Зерттеуде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үш аспект бойынша жүреді:

- эмоционалды – құндылық;
- танымдық;
- белсенділік-мінез-құлық.

Көптеген дереккөздерде азаматтық бірегейлік ұғымы адамның белгілі бір мемлекетке, оның әлеуметтік-құқықтық жүйесі мен мәдениетіне жататындығын саналы түрде қабылданады. Өзін белгілі бір дүниетанымның тасымалдаушыларымен өзін-өзі тануында көрінетін негізгі әлеуметтік-мәдени және дүниетанымдық тұлға моральдық ұстанымдары, ойлау және мінез-құлығы бар ретінде анықталады.

Белгілі бір азаматтық қауымдастыққа жататындығын түсіну әрқашан оның сәйкестендіру белгілері, жеке тұлғаның азаматтығы мен қарым-қатынасының сипаты және мемлекеттер, сондай-ақ адамдардың өзара қатынасы туралы идеялармен байланысты. Зерттеу нәтижелері Алматы облысының Талдықорған қаласындағы студент жастардың өкілдері өздерін жатқызатын сәйкестіктердің иерархиялық құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Білім алушыларға сұрақ қойылды: «Сіз бірінші кезекте өзіңізді кім деп санайсыз? (бір жауапты таңдаңыз)». Алынған жауаптарға сәйкес, респонденттерде қазақстандық азаматтық біртектілігі барынша айқын көрінеді.

Қазақстан Республикасы жастардың дүниетанымында ерекше орын алады, 76,2% «Қазақстан Республикасының азаматы» деген жауап нұсқасын таңдады. Сонымен қатар, студенттердің бір бөлігін қоғамда алатын түрлі әлеуметтік мәртебелерден шеттету үрдісі анықталды. Мысалы, респонденттердің 11,5% - ы «жай адам» деп жауап берді, ал шамамен 10% - ы космополиттік көзқарастарды ұстанады және өздерін «әлемнің азаматтары» деп санайды.Терең сұхбат барысында респонденттерге «сіздің түсінігіңізде «азаматтық сәйкестік» нені білдіреді? Алынған жауаптардың көпшілігі студенттердің белгілі бір мемлекетпен сәйкестендірілуін білдірді. Мысалы, университеттің 19 жастағы студенті жауап берді:

«Жастардың азамат болуы туралы түсінігінде барлық қасиеттерге сәйкес болу керек». Азаматтық туралы белгілі бір құқықтарға ие болу мүмкіндігі және

мемлекеттің адамға қатысты міндеттемелері туралы сөйлескендер де болды. Жаппай сауалнамада респонденттерге Қазақстан азаматы болу деген нені білдіреді деген сұрақ қойылды. Берілген тізімнен жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға болады. Алынған деректер азаматтық тиесілілігі, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатындығын білдіреді. Мысалы:

- 78,7% студент жастардың басым бөлігінің мақтаныш мәні;
- 56,8% құрмет және жауапкершілік;
- 26,1% өз еліңді сүю деп жауап берді. Бұл нәтижелер жастардың белгілі бір құқықтары мен міндеттерінің кепілі [73].

Жастардың өзін тек өз мемлекетінің азаматтары ретінде ғана емес, сонымен бірге өз Отанының патриоты ретінде сезінуі ерекше мәнге ие. Белгілі бір мағынада патриотизм мемлекеттіліктің іргетасы, әлеуметтік және мемлекеттік институттардың бүкіл жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің кепілі болып табылады.

Патриотизм - эволюциялық ұғым, әр дәуірде оның әртүрлі әлеуметтік және құндылық мазмұны болған, бірақ ол әрқашан «Отан, Отан, Отан», «Отанға деген махаббат» ұғымдарының ажырамас бөлігі.Белгілі орыс жазушысы және тарихшысы Н. М. Карамзин патриотизм туралы айтқанда, үш элементті бөліп көрсетті [193]. Оның құрамдас бөліктері:

- Отанға, яғни, адамның туып өскен жеріне деген физикалық махаббат;
- азаматтық махаббат, ол адамның қоғаммен құқықтар, бостандықтар мен міндеттер кешенімен әлеуметтік байланысын білдіреді;
- саяси махаббат, яғни адам өз қызметінде Отанның саяси мұраттарын қолдайды және жүзеге асырады [77].

Сонымен қатар, патриотизм адамның өзіне деген сүйіспеншілігін ғана емес, ел туралы білімді, құндылықтар мен сенімдерді, сондай-ақ өз Отанының игілігі үшін әрекет етуге дайын болуды қамтиды. Сондықтан ол азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев 2014 жылғы 18 қаңтардағы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясын жалпыұлттық патриоттық актісі ретінде қабылдауға ұсынды [194].

Жаңа қазақстандық патриотизмнің негізін құрайтын мемлекет, жалпыұлттық құндылықтар тәуелсіздік, ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, жоғары руханилық, индустрияландыру мен инновациялар негізіндегі экономиканың дамуы. Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, сондай-ақ еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мен жалпы әлемдік көкейкесті мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы тұжырымдалды.

Отанына деген сүйіспеншілікті ғана емес, оны дамыту мен өркендетуге бағытталған белгілі бір іс-әрекет және өз Отанын қорғауды да білдіретінін түсінуі қажет. Сауалнамаға қатысқандардың

- 70 % өздерін Қазақстан Республикасының патриоты деп санайтындарын атап өтті;
- 56,8 % өз елінің патриоты болу - оның гүлденуі үшін жұмыс істеу, оның дамуына үлес қосу дегенді білдіреді;

- 37,3 % өз халқы мен елінің тарихы мен мәдениетін білу және құрметтеу (Сурет 4).




Сурет 4 - Сауалнама нәтижелерінің көрінісі

Респонденттердің (студенттердің)

- 27,2 % дәстүрге бағдарланған және сәйкесінше өз халқының «мәдени кодын» жаңғыртуда азаматтың рөлін қарастырады. Жастар тұрғысынан адамның өз елімен байланысы үшін мемлекеттік және қоғамдық үдерістерге қатысуы да маңызды.

- 24,1 % азамат болу «сайлау мен референдумдарда дауыс беру» деп санайды.

- 12,2 % азамат тек дауыс берумен шектелмеуі керек, ол қоғамдық ұйымдар мен партиялардағы қызмет арқылы қоғамдық өмірге және саясатқа тікелей араласуы керек деп санайды (Сурет 5).




Сурет 5 - Сауалнама нәтижелерінің көрінісі

Сұхбат барысында «өз қоғамыңызға, табиғатыңызға, жалпы елімізге пайда әкелу, әділ болу», «Конституцияға сәйкес барлық құқықтарды, оның ішінде сөз бостандығын, әлеуметтік жәрдемақылар мен жеңілдіктер алу құқықтарын пайдалана алатын адам Қазақстанның азаматы болып табылады» деген сияқты мәселелер қозғалды. Зерттеу барысында жастардың Қазақстан үшін бүгінгі көкейкесті мәселелері мен болашаққа қатысты үміттерге деген көзқарасы басты назарда болу керек. Сондай-ақ, елде өмір сүруді жалғастыруға немесе шетелде жақсы өмір іздеуге дайындық зерттелді. Сауалнамаға қатысушыларға төмендегідей деген сұрақтар қойылды:

- Төмендегі қағидаттардың қайсысы қазақстандықтарды өзгертуге көмектеседі?
- Қазақстан табысты дами ала ма?

Жауаптың 5 нұсқасын таңдауға болады. Ең көп пайызды
- әділдік, ақиқатқа ұмтылу – 23,5%;
- жауапкершілік, міндеттілік – 21,5%;
- заңға бағыну – 20,3%;
- жақсы жұмыс істеуге ұмтылу – 17,8%;
- білімділік, мәдениет – 17,1%;
- адалдық, шынайылық - 15,2%;
- бастамашылдық, дербестік - 14% және т. б. нұсқалар алынды (Сурет 6).




Сурет 6 - Төмендегі қағидаттардың қайсысы қазақстандықтарды өзгертуге көмектеседі? Қазақстан табысты дами ала ма?

Ең танымал жауап сыбайлас жемқорлықты жою қажеттілігімен байланысты болды. Кең таралған пікір бойынша, сыбайлас жемқорлық мәселесін шешу, экономиканы, білім беру жүйесін және қоғам өмірінің басқа да салаларын дамыту үшін түйінді фактор болып табылады.

Әр түрлі сұрақтарға жауаптардағы сыбайлас жемқорлық мәселесі туралы айту, бір жағынан, қоршаған ортаның, оның ішінде ата-аналардың әсері туралы сұрағы үлкен мәнге ие болуы мүмкін. Екінші жағынан, жастардың өзі күнделікті өмірінде, мысалы, білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне тап болады. Респонденттер барлық адамдардың дамуы үшін тең жағдай жасау, жұмысқа орналасу үшін қолайлы мүмкіндіктер жасау, экономиканы дамыту, кедейлікті еңсеру туралы жиі айтқан болатын.

Бостандық және либералды дискурсқа байланысты басқа ұғымдар іс жүзінде аталмаған. Жастар қазақстандықтардың қоғамдық санасын жаңғырту үдерісіндегі түйінді идеялар:

- әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету – 26,3%;

- баршаның заң алдында теңдігі, Конституциямен кепілдік берілген адам құқықтарын сақтау – 25,5%;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес – 17,1% және т.б. болуы тиіс деп санайды (Сурет 7).




Сурет 7 - Жастар қазақстандықтардың қоғамдық санасын жаңғырту үдерісіндегі түйінді идеялар

«Бес жылдан кейін елдегі жағдай қалай өзгереді?» деген сұраққа 47,4% «айтарлықтай жақсарады»; 30,7% – «жақсарады»; 15,4% – «ештеңе өзгермейді»; 3,8% – «нашарлайды» деп пікір білдірді (Сурет 8).




Сурет 8 - Бес жылдан кейін елдегі жағдай қалай өзгереді?

Жас азаматтардың басым көпшілігі өз болашағын Қазақстанмен байланыстыратынын сенімді түрде мәлімдеді-75,9%. Мұны олар патриоттық сезімдермен түсіндіреді. «Бұл менің Отаным», «Мен өз елімді жақсы көремін» , сондай-ақ «Өз елінде дауысың бар», «Бәріне қол жеткізуге болады», «Бәрі

адамның өзіне байланысты» . Сонымен бірге респонденттердің бір бөлігі білім алу үшін шетелге шығып, содан кейін Отанына оралып, оның дамуы мен өркендеуіне үлес қосқысы келеді [73].

Осылайша, зерттеу көрсеткендей, азаматтық сәйкестілік студент жастардың әлеуметтік сәйкестілік иерархиясында басым орын алады. Жастардың басым бөлігі өздерінің азаматтық бірегейлігін түсінеді. Олар өздерін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде сезінеді. Өкінішке орай, бұл ЖОО мен колледж студенттерінің басым көпшілігіне тән емес екенін көрсетті. Осы арада космополиттік көзқарастар және қоғам орнатқан әлеуметтік мәртебелерден біршама алыстау байқалады.

ЖОО мен колледжде білім алушылардың «азаматтық» және «азаматтық бірегейлік» ұғымдарын анықтауда біршама қиындықтар анықталды. Өйткені патриотизм, төзімділік (толеранттылық), жеке адамды құрметтеу, әлеуметтік жауапкершілік сияқты азаматтық белгілерін ашатын теорияны білу, бұл ұғымдарды қабылдау мен түсіну үшін жеткіліксіз. Жастарды сәйкестендіруді таңдаудың негізгі себептері: патриотизм, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, қауіпсіздік қажеттілігі, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі. Жастар үшін патриотизм дегеніміз елге пайда әкелу, Отанға деген сүйіспеншілік пен барлық адамдардың заңдарды сақтау мүмкіндігі мен ұлттық сананың негізгі құрылыстарының бірі болып табылады. Сондықтан оған экстремистік көңіл-күй оңай дамиды. Кей кезде патриотизм жөн-жосықсыз алыпсатарлықтың немесе үстірт-идеологиялық түсіндірулердің объектісіне айналады. Бұл тұрғыда патриотизм еліміздің жас ұрпағының азаматтық сезімін тәрбиелеуде басымдыққа айналуға тиіс. Қазір мемлекеттік биліктің алдында патриотизмге, азаматтық және азаматтық бірлікке, адамның құқықтық мәдениетіне негізделген жастарды тәрбиелеу жүйесін құру негізгі міндет болады.

Қазіргі заманғы қазақстандық қоғам үшін әрбір адам өз тарихын есте сақтап, әрбір адамның бақыты елдің табысына байланысты екенін түсініп қана қоймай, өз елін мақтан тұтып, сонымен қатар мемлекетте болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамауы маңызды. Жастар, соның ішінде студенттер мен колледжде білім алушылар белгілі бір түзетулер мен қоғамдық сананың жай-күйін болжауға мүмкіндік беретін топ. Жастардың азаматтық бірегейлігіндегі нақты озық үлгілерді анықтау бойынша сәйкестілік мазмұнының үрдістерін бағалауға болатындықтан ғана емес, сонымен қатар олардың өздері болашақ ұрпақтың өзіндік сана-сезімін қалыптастыруға одан әрі қатысатындықтан да маңызды.

Қазіргі өмірдің талап-тілегіне орай жастарды тәрбиелеуде туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдарын басшылыққа алуды негізгі қағидалық ұстанымдар ретінде түсінуіміз қажет. Себебі «Ұлт тәрбиесі баяғыда сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиісті. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деп қазақ халқының рухани құндылықтарына жататын әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлер мен ырым-тыйымдар, қанатты сөздердің және тәлімдік бағыттағы мазмұндық сипаттарына ерекше мән беру қажеттілігін басшылыққа алу керек [69].

Жүргізілген зерттеуге және оның нәтижелеріне сүйене отырып, зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік мүмкіндігін ашу мен зерттеу жұмысында қойылған болжамның дұрыстығын негіздеу барысында мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледж білімгерлеріне арналған «Ұлттық тәрбие мен таным» бағдарламасын жасап, педагогикалық тәжірибеге енгізу диссертациялық жұмысымыздың мазмұндық құрылымын құндылық жағынан арттырып, ғылыми-әдістемелік деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік беріп, теория мен тәжірибенің бірлігін негіздеп береді деген ойдамыз.

Ұсынылып отырған «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы мектептің 10,11 - сынып оқушылары мен колледж білімгерлеріне азаматтық және азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту бағытына негізделген танымы білімді арнайы жоспарлы тәрбие сағатында және сыныптан, мектептен тыс ұйымдастырылатын оқыту формаларында пайдалануға негізделген. Бағдарламаның мазмұнына енетін білім қорын қамтитын бөлімдер мектептің 10,11 - сынып оқушылары мен колледж білімгерлерінің жас ерекшеліктеріне негізделе отырып, психология және педагогика ғылымдарының талаптарына сәйкес ұсынылды.

## «ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ТАНЫМ» БАҒДАРЛАМАСЫНА ТҮСІНДІРМЕ

Бағдарлама мектептің 10,11- сынып оқушылары мен колледж білімгерлеріне азаматтық бірегейлікті қалыптастыра отырып, патриоттық тәрбиесін дамытуды жүзеге асыруды басшылыққа алады. Бұл бағдарлама негізінде берілетін білім жиынтығы төрт бөлікке топтастырылған:

- мемлекеттік заңды-құқықтық ережелер мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мазмұндық құрылымы және ұлттық саясат;
- азаматтық бірегейлік және «Қазақстандық патриотизм» жайындағы білімі түсініктер;
- ұлттық сана, қоғамдық, әлеуметтік және ұлтаралық қатынас;
- жеке тұлғалардың өнегелік өмір үлгісі, халықтық және ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Бұнда азаматтық және патриоттық тәрбиеге кешенді түрде келу мәселесінде мектептің 10,11 - сынып оқушылары мен колледж білімгерлерінің жас ерекшеліктеріне негізделе келіп, психология және педагогика ғылымдарының талаптарына сүйене отырып, оқу-тәрбие үдерістерінде қолдану мәселесі өмірлік тәжірибемен байланыстырылады. Бағдарламадағы материалдарды түсіндіру мен үлгі-өнегелік тұрғыдан ұсыну арқылы олардың сана-сезім, ішкі жан дүниелеріне әсер ете отырып, ынталандыру мен қызығушылықтарын арттыру арқылы тәрбие түрлерінің бірін-бірі толықтыру, жетілдіру мүмкіндіктері мен атқаратын қызметтерін өзара байланыстыру орын алды. Қазақстанның жаңа бағыттағы ұлттық идея тұрғысындағы идеологиялық рухани-құндылық бағдарлы дамуы жастардың тәрбиесін жан-жақты саралай отырып, тарихи, ұлттық таным мен болмыс, мәдениет пен құндылықтар, тәлімдік мұралар бағыттағы оқу-танымдық мәселесіне кешенділік жүйе

тұрғысынан міндетті деуге болады. Жалпы тәрбие түрлеріне сүйене отырып, оның ішіндегі азаматтық пен патриоттық тәрбие беру жұмыстарын кешенді ұйымдастырудағы технологиялық қатыста сабақтастық пен жүйелілік және біріздiлік қағидаттық ұстанымдарын сақтау арқылы тәрбиелік мәні бар әрекеттердің жүйелілігін қамтамасыз етуді мүмкіндігінше іске асыру керек.

Осы негізден келгенде, мектеп пен колледждің педагогикалық үдерісінде енгізіліп отырған «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мазмұнында азаматтық және патриоттық бағыттағы оқу-танымдық білімді бере отырып тәрбиені жүзеге асырады. Бұл Қазақстандық «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының идеологиялық жүйесін берік ұстанып, дамитын «Менің Отаным – Қазақстан» түсінігіне сеніммен қарайтын, қазақстандық азаматтардың бірегейлігі мен патриотизмін жаңаша қалыптастырып, дамуына үлес қосатын жастарға педагогикалық ықпал жасайды. Сондай-ақ, ізгілік пен адамгершілікке баулитын, руханилық қасиеттері терең, бәсекеге қабілетті, жеке тұлғалық болмысы ұлттық құндылықтармен толыққан, мемлекетке, қоғамға деген идеологиялық саналық сенімі толық бекіген. «Мен Қазақстандықпын» деген түсінікке қуаныш және мақтаныш сезіммен қарап, құрметтей білетін жастар тұлғасын қалыптастыру мен дамытудың танымдық жолдарын ұсынып отырмыз.

**Бағдарламаның мақсаты:** Мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің педагогикалық үдерісіне «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мазмұнында оқушы жастардың азаматтық және патриоттық тәрбиесін дамытуда ұлттық құндылыққа бағдарлаған танымдық білім беру мен тәрбиелеу технологияларын тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін анықтау.

**Бағдарламаның міндеттері мен бағыттары:**

- Ұсынылған бағдарламаның мазмұны аясында оқушы жастардың азаматтық және патриоттық тәрбиесін ұлттық идеология негізінде дамытуда мектептер мен колледждердегі педагогикалық үдерісте (тәрбие сағаты жүйесімен, сыныптан, мектептен тыс тәрбиелік іс-шараларда) қолдану;
- Ұсынылып отырған «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы мектептердің жоғары сынып оқушылары мен колледждердегі білім алушылардың азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесін дамытуға бағытталған курс ретінде қарастыру;
- «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасының мазмұндағы қарастырылатын оқу-танымдық білім жиынтығы тәрбиелік мазмұны мектептердің жоғары сынып оқушылары мен колледждердегі білім алушылардың танымдық қабілетіне негізделген;
- Бағдарламаның мазмұнында ұсынылған білім мектеп пен колледждердегі оқылатын қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің оқу материалдары сәйкес келуі басшылыққа алынды;
- Бағдарлама бойынша мектептердің жоғары сынып оқушылары мен колледждердегі білім алушылардың танымдық және тәрбиелік үдерістерін ұйымдастыруда өзіне қолжетімді және толықтырушы оқу материалдарын кеңінен пайдалануға мүмкіндік жасайды.

## I БӨЛІМ. Мемлекеттік заңды-құқықтық ережелер мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мазмұндық құрылымы және ұлттық саясат

### *1.1 тақырып.* Қазақстан мемлекетінің құрылымдық жүйесі

Зайырлы мемлекеттік жүйе және оның Конституциялық құрылым мазмұны мен қоғамдық құрылымдар, әлеуметтік ортадағы азаматтық құқықтық, заңдық талаптық ережелер және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының идеологиялық мазмұны. Қазақстан Республикасы мемлекетінің мүддесі, Қазақстан азаматтарының ортақ құндылықтары. Өткенді білу арқылы бүгінгі күнді түсіну және болашақты болжауда жеке тұлғалардың өмірлік және азаматтық қағидаттық ұстанымдары. Мемлекеттегі қоғамдық, әлеуметтік-мәдени тәжірибенің мәнін түсіну мен жаһандану жағдайындағы бәсекелестіктің орын алуы. Қазақстанның «Мәңгілік Ел» құруға ұмтылысы, саяси, әлеуметтік-экономикалық егемендікпен қатар рухани тәуелсіздікке қол жеткізуді қамтамасыз етуге ұлттық бірегейлік, дүниетаным, тарих пен мәдениеттің мәнін құрайтын рухани және материалдық құндылықтарды жаңғырту арқылы қазіргі қоғамға тән құқықтық, заңдық талаптық ережелер және тарих тұрғысынан түсініктер қалыптастыру.

### *1.2 тақырып.* «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – Қазақстандық идеология

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының философиялық-әдіснамалық негізі-қазақ халқының, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы адами, әлеуметтік және тарихи тәжірибемен байланыстылығы. Мемлекеттік құрылымның қалыптасуындағы ұлттық идеяның, ұлттық идеологияның және ұлттық саясаттың арақатынасы. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімін дамыту бағыт-бағдарындағы қазақ халқы Қазақстан мемлекетін құрушы ұлты ретінде де, жалпы Қазақстанды мекен еткен халықтар үшін де әлемдік қоғамдастықтың бір бөлігі болып табылатындығы және Қазақстан Республикасының ұлттық мәдени әлемін қалпына келтіру қағидаттық ұстанымы мемлекетіміздің тәуелсіздігі ұлттық «Мәңгілік Ел» идеясы оның этноформаттаушы, азаматтық, патриоттық және жалпыұлттық, зияткерлік және бәсекеге қабілетті ұлтты дамытуға бағдарланатын құрамдас бөліктерінің бірлігі мен өзара байланысы жайындағы білімі түсінігі.

### 1.3 *тақырып.* Қазақ ұлтының және Қазақстан халқының рухани жаңғыруына адамзаттық және патриоттық түсінік пен сезімнің біртұтастығы

«Мәңгілік Ел» ұлттық идея аясында жастарға азаматтық пен патриоттық бағыттағы сезім мен түсінік маңызды болып табылатын Қазақстанның жаһандану жағдайындағы бәсекеге қабілеттілігін рухани болмыс жағынан жетілдіру. Саяси-экономикалық даму мен мәдениет және өнер, ана тілі –

мемлекеттік тіл, салт-дәстүр мен қазақи ұлттық негізінде халықтық түсінік дүниетанымдағы білім жүйесі мен олардың өмірлік тәжірибемен үйлесімділігі. Жастардың жеке тұлғалық болмысын заманауи қоғам құрылысына бейімдеу жайындағы таным, түсініктері мен бағытты саналық көзқарастарын қалыптастыру мен дамытуы.

## II Бөлім. Азаматтық бірегейлік және «Қазақстандық патриотизм» жайындағы біліми түсініктер

### *2.1. тақырып.* Азаматтық және патриоттық түсініктерінің бірлігі

Қазіргі қазақ қоғамының өткен кезеңдегі дәстүрлерден айырмашылығы, құндылықтар жүйесінің толығуы мен жаңаруы және жастар туралы толық айтуға болатын құндылық бағдарларының сипаты. Соңғы жылдар ішінде Қазақстандық жастардың жаңа құндылықтар мен өмірлік ұстанымдарындағы бағыт-бағдарлық жүйесі. Азаматтық бірегейлік және қазақстандық партиотизм жайындағы біліми түсінікке ие болу және саяси талаптық ережелер, құндылықтар мен көзқарастардың белгілі бір жүйесін дамыту арқылы адамның саяси жүйеге енуі, жеке тұлғаға мақсатты бағытталған білім беру әсері, саяси құбылыстар, өзіндік әлеуметтік тәжірибе, басқарусыз-бейтараптық дамып келе жатқан оқиғалар мен факторлар жайында түсініктер беру. Жастардың ерекше сезімталдығы мен жоғары белсенділігіне, азаматтық бірегейлік және патриотизм жайындағы сезім туралы түсініктері.

### *2.2. тақырып.* Жеке тұлғаның азаматтығы және оның құрылымы

Қазақстанда өмірлік тәжірибеге ендірілген «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясындағы жеке тұлға азаматтығы және оның қалыптасуы мен дамуы жайындағы таным және түсініктері. Ұлттық болмыс жаратылысының тарихын, тілін білу, ұлттық мәдени құндылықтар, мемлекеттік құндылықтар, жеке азаматтың зияткерлігі, жауапкершілігі мен ұлтаралық татулыққа бейімділігі, ұлттық бірегейлікті жүзеге асырушы білімі, Отаны жайында және оның даму бағдарындағы ішкі, сыртқы саясатын жетік түсінетін әрі өзіндік көзқарасы бекіген жеке тұлға.

### *2.3. тақырып.* Патриотизм ұғымы және ол жайында таным, түсінік

Жастардың таным, түсінігіндегі патриоттық ұғымының мазмұндық жүйесін қазіргі сана тұрғысынан қалыптастыру мен дамыту. Мемлекеттегі қоғамдық сана нысандарының бірі ретінде тарихи, ұлттық және халықтық түсінік тұрғысынан қоғаммен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отыруы. Патриоттық қасиет, атриоптизм, қазақстандық патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, таным, түсініктер мектепке, үйге, жақынына, туған өлкесіне деген қамқорлық. Патриотизмге оқушы жастарды тәрбиелеу үрдісінде басшылыққа алатын мәселелер: тілді құрметтеу, ұлттық салт-дәстүрді зерделеу,

елдің тарихы мен мәдениетін оқып-зерттеу, ата-бабалар өсиетін орындау, ұлттық рухани-материалдық құндылықтарын сақтау мен қорғау және жер байлығы мен табиғатты қастерлеу.

***2.4. тақырып.*** **Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыз**

Жеке адамның туған жері, табиғат қойнауындағы байлықтар, ұлттың тілі, ділі, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпы, мәдени ескерткіштері, тәлім-тәрбиелік, мұралық құндылықтары мен ұлттың даму тарихындағы жасалған өлкедегі киелі орындары. Оқушы жастардың саналық болмысында жаңғыртулар туғызып, мақтаныш сезімдерін ояту мен жақындық, туысқандық сезімдерді бекіте түсіп, өнегелік үлгі мен ерлік істердің өзегі болуы - патриотизмге тәрбиелеудің негізі. Бұл сезімдік ықпал жасау оқушы жастардың жеке тұлғалық болмысының кемелдену барысында өмірлік тәжірибемен, есеюімен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның әсерімен, мемлекеттік және қоғамдық әлеуметтік институттардың, балабақша, отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, саяси ұйымдар мен қозғалыстар т.б. үздіксіз ықпал жасау күштері.

**III Бөлім. Ұлттық сана, қоғамдық, әлеуметтік және ұлтаралық қатынас**

***3.1. тақырып.*** **Оқушы жастардың қазіргі түсінігіндегі саналық белсенділіктерін арттыру**

Қазіргі уақыттағы жеке адами және ұлттық құндылықтар мен мүдделер, ұлт тарихы, мемлекетішілік, мемлекетаралық және ұлтаралық қатынастардағы өзінің әлеуметтік-ұлттық қауымдастықтар қарым-қатынастар жайында түсінік. Ұлт және ұлттық болмыс пен сананы қалыптастырушы құндылықтар, мәдениет, салт пен дәстүрлер, тіл мен таным және діл. Елжандылық пен азаматтылық. Қоғам және қоғамдық сана туралы түсінік пен әлеуметтік орта мен ұлтаралық қатынас жүйесіндегі ұлттық сана-сезім негізінде әлемдік мәдениеттің құндылықтары мен даму бағыттарының әлеуметтік-ұлттық мәнін білуі, адамзат тарихында қандай нақты рөлі мен басымдыққа ие бола алатындығын, жалпы адамзаттық өркениеттің дамуына ықпалы жайындағы түсініктер.

***3.2. тақырып.*** **Ұлттық сана-сезімді, болмысты жеке тану мен оның қоғамдық құрылымы**

Ұлттық идеология негізінде ұлттық және қоғамдық бейімделу, ұлттық мәдениеттерді сақтау. Танымдық сәйкестік тетігі ретінде бірлікке, тұтастыққа әрекеттесуі, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, тарихи және рухани мәдениеттің құндылықтарының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы. Өзін-өзі бақылау, әрбір жеке тұлғаның жауапкершілігі, теңдік пен әділдік, қайшылық туғызбау. Тұрақтандыру, әлеуметтендіру және құраушылық әрекеттегі ұлттық бірігу.

Мемлекеттегі, қоғамдағы ұлттық қауымдастық пен ұлттық жауапкершілікті сақтау, ата-бабалар дәстүрін құрметтеу, білу, қате әрекеттерден алшақ болу. Жеке адам ретінде өзінің өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілігін түсіну - ұлттық қауымдастыққа бірігуге әсер ететін тарихи жағдайдың маңызды қызметтері жайында білімі түсініктер.

**_3.3. тақырып._ Әлеуметтік орта және қатынас**

Әлеуметтік-тарихи тәжірибеде қазіргі оқушы жастардың жаңа буын екенін көрсету. Қазіргі жастар өз ұлтының, халқының тарихи тәжірибесіне зерделеуде ұлттық дамудың мақсаттары мен міндеттерін жаңаша көзқарастық тұрғыдан түсіну мен айқындау, оның даму болашағын жүйелеу, саяси қатынастарды қалыптастыру. Ұлтқа тән идеологиялық, экономикалық, мәдени бағдарлар қазіргі әлемге сәйкес ұлттық өзін-өзі тануды қалыптастыру жайындағы теориялық және тәжірибелік білімдерді салыстырмалы қолдану арқылы азаматтық бірегейлігі мен патриоттық сезім түсініктерін жаңаша қалыптастыру мен дамыту.

**_3.4. тақырып._ Қазақстандағы ұлтаралық қатынас**

Қазақстан мемлекетін құрушы ұлт –қазақ халқы. Мемлекеттегі тұратын өзге ұлттардың өзін-өзі тануының маңыздылығы - басқа ұлттық, этникалық құрылым өкілдері, қазақстандық әлеуметтік-саяси қоғамдастықтың бөлшегі. Ұлт пен ұлтқа емес, әрбір жеке адамның оған жататындығын түсіну. Жеке ұлттық мәдениет өзінің мәні мен тұтастығына байланысты. Жеке ұлттық құрылым Қазақстан қоғамының маңызды құрамдас бөлігі және оның құндылық бағдарлары өзін-өзі тану, адамның мінез-құлқы мен әлеуметтік ортадағы ұлтаралық қатынастағы азаматтығы мен Отанына деген сүйіспеншілік көрінісіндегі тәрбиесіне байланыстылығы және этномәдениет пен ұлттық сана, бір-бірімен өзара ішкі бірлігі жайындағы білімі түсініктердің жиынтығы. «Мен Қазақстандықпын», «Мен - қазақ халқының өкілімін» түсінігін арттыру.

## IV Бөлім. Жеке тұлғалардың өнегелік өмір үлгісі, халықтық, ұлттық, рухани және материалдық құндылықтар

**_4.1. тақырып._ Түркі дүниесінің Атамекені – қазақ даласы**

Қазақ халқының дәстүрлі ұлттық мәдени мұрасы (VI-VIII ғғ.) Орхон-Енисей ежелгі жазба ескерткіш мұралары. Көшпенділер ғаламды, тарихты, уақытты, кеңістікті, «Адам-қоғам» мен «Адам-табиғат» арақатынасын, материалдық және рухани-адамгершілік құндылықтардың даму сатысындағы өмір идеалын құру әрекеттері. Күлтегін, Тұмар (Томирис), Зарина т.б. ұлы түркі билеушілерінің елін, Отанын өркендету мен дамыту және оны сақтап қалудағы азаматтылық бейнелері мен патриоттық болмыстарының көрінісін суреттеу арқылы ар-намыс, перзенттік борыш пен жауапкершілік, туған халқының үмітін

ақтаудағы тапқырлық пен жаугершілік істерін үлгі-өнеге тұтуға, мақтаныш сезімдерін оятудағы жастарға берілетін тәжірибелік білім.

### *4.2. тақырып.* Ел билеген хандар мен жеке тұлғалар және билердің өнегелік өмірлері мен істері

Қазақ хандары Әбілхайыр хан, Абылай хан, Тәуке хан, Қасым хан, т.б., қазақ билері Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, т.б. және қоғам қайраткерлері Д.А.Қонаев, Н.Ә.Назарбаев қазақ елін сақтап қалу мен қоғамдық құрылым тұрғысынан дамыту жолындағы игі істері мен азаматтық болмыстары және Отанына, туған елі мен жеріне деген патриоттық санлық сезімдері мен түсініктеріндегі үлгі-өнегелік қызметтері мен өмірбаяндары жайындағы білім жиынтығы.

### *4.3. тақырып.* Қазақ ақын-жыраулары мен ағартушы тұлғалардың өнегелік өмірлері мен істері

Ұлы жыраулар Сыпыра, Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз , Қорқыт ата мемлекеттік құрылыс жүйесінің негізіне айналған ұлттық идеяның тарихи нысандарын қазіргі заманғы географиялық ұғынуында қалыптастырып, азаматтылық, бірлік, ұлттың этникалық топтасуы өзегіне айналды.

Қазақ ағартушылары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ш.Құдайбердиев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және педагогтары Ы. Алтынсарин, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов қоғамдық және ағартушылық-педагогикалық қызметтеріндегі қазақ балаларының ұлттық тәрбиесін дамыту арқылы олардың азаматтығы, еліне, туған жеріне сүйіспеншіліктері мен перзенттік борыштарын арттыру арқылы қазақ қоғамының дамуына үлес қосатын саналы ұрпақ дайындауда ұлттық идеясын дамытуға үлес қосқандықтары жайындағы білімі түсініктер бере отырып, ұлттық тәрбие және қазіргі жастардың ұлттық сана-сезімін дамыту.

### *4.4. тақырып.* Қазақ батырларының өнегелік ерлік істері мен өмірі

Елі мен жерін қорғаған тарихтағы қазақ батырлары Наурызбай, Бөгенбай, Қабанбай, Сыпатай, Қойгелді, Ағыбай, Райымбек елдің бірлігі мен өркендеп дамуындағы сыртқы жаулардан қорғаудағы батырлық, ерлік істерінің үлгі-өнегелері мен өмірлері жайында тәрбиелік білім жиынтығын беру. Елді сақтап қалудағы батырлық, ерлік көрсету жеке адамның жан дүниесінің ерекше қасиеті және оны ержүрек тұлға ретінде бүкіл халық мақтанышы. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Б.Момышұлы, Т.Бигельдинов, Қ.Қайсенов, Т.Тоқтаров, Ә.Молдағұлова, М.Маметова т.б. және «Желтоқсан құрбандары» Қ.Рысқұлбеков, Е.Сыпатаев, Л.Асанова, С.Мұхаметжанова мен ер жүрек ұл-қыздарымыздың батырлық әрекеттері, еліміздің тәуелсіздігін сақтап қалудағы жанкешті ерліктері, еліміздің абырой, атақ-даңқын асқақтатқандығы

жайындағы азаматтықтары мен патриоттық келбет көріністерін кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп дәріптеудегі білім жүйесі.

Бағдарламаның әр бөлімінде берілген танымдық білімдерді меңгеруін анықтау барысында азаматтық және патриоттық бағыттағы білім, оқушы жастардың ұлттық рухани құндылықтар жайындағы білім және тәрбиелік қырларының дамуы, ұлттық сана мен азаматтық және патриоттық тәрбиелік қатынас іс-әрекет мүмкіндіктерінің деңгейлік көрсеткіштерін анықтаулар жүзеге асырылады. Бағдарламадағы танымдық білімдерді меңгеруде оқушы жастар жеке оқу іс-әрекеттік қызметіне бағытталған әрекеттерге ие болады. Мектептердің жоғары сынып оқушылары мен колледждердегі білім алушы жастардың білім беру мен оқыту және тәрбиелеу бағытындағы дидактикалық талаптарға сәйкес келеді.

## 2.4 «Мәңгілік Ел» идеясы аясында мектеп оқушылары мен колледждегі білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудағы тәжірибелік-эксперимент жұмыстар

Мектептің 10,11 - сынып және білім алушы жастардың білім беру траекториясын азаматтық және патриоттық тәрбие жүйесімен анықтау арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- білім мен тәрбиенің біртұтастық жүйесін жүзеге асыру;
- білім беру мен оқыту және тәрбиелеуде жеке тұлғаға бағдарлануы үшін жағдай жасау;
- оқушы жастардың осы бағытта білімдерін толықтыруда, дамытуда жеке ізденушіліктегі оқу-танымдық жұмыстарының тиімділігін жасау және арттыру.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында азаматтық және патриоттық тәрбиеге негізделген бағдарлама жүйесіндегі берілетін білім траекториясын білу мен мазмұндық жүйесін меңгеруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қажеттілігін атап өткен жөн.

Мағынасы «Мәңгілік Ел» идеясы аясында мектеп оқушылары мен колледждегі білім алушы жастар субъектіні дамыту және жеке тұлғаның өздігінен дамуы болып табылады. Схемалық түрде, мектептің 10,11-сынып және арнайы кәсіптік колледжде білім алушы жастардың азаматтық және патриоттық тәрбиенің даму моделі ұсынылған элементтердің өзара байланысы түрінде берілді. Сонымен қатар, оқушы жастардың азаматтық және патриоттық қырларын дамытудағы жеке тұлғаға бағытталған нәтижелерінің бірі ретіндегі көрінісін береді.

Азаматтық бірегейлік пен патриоттық тәрбиеге олардың ынта-жігерін арттырудың белгілі бір деңгейі бар. Ол оқудағы жеткілікті деңгейде қалыптасқан білімі мен жеке қасиеттері және өмірлік тәжірибедегі білімі мен жеке тәжірибесі бар мектептің 10,11 - сынып оқушылары және арнайы кәсіптік колледжде білім алушы жастар.

Мектеп пен колледждердегі педагогикалық үдеріс көрінісінің басымдығы субъективті сипатқа ие. Өйткені оның ерекшелігі оқытушылар мен мұғалімдер

құрамының біліктілік деңгейімен және ғылыми-әдістемелік дайындығымен, мектептің және колледждің материалдық базасының жағдайымен және т.б. анықталады. Педагогтер мен тәрбиешілердің әртүрлі оқыту түрлерімен, педагогикалық технологиялар жүйесімен, оқушы жастармен жүзеге асырылатын диалогтік өзара іс-қимылы ретінде түсіндірілетін оқу үдерісінде мемлекеттік, қоғамдық, ұлттық рухани және материалдық құндылықтардың мәні - олардың болашақ өмірінің бағыт-бағдарындағы мазмұндық жүйесімен танылады.

Білім беру үдерістері әрдайым қоғам дамуының жаһандық, ағымдық бағыттағы бағдарының ықпалында болады. Осындай үрдістердің бірі ақпараттық ағындарды үйлестіру мәселесін шешу, жеке білім беру ұйымын, сондай-ақ, бүкіл жүйені басқарудың жеделдігі мен тиімділігін арттыру мақсатында бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін қалыптастыру болып табылады.

Сонымен қатар, білім беруді мәдени, көпфункционалды, әлеуметтік және педагогикалық құбылыс ретінде түсіну керек. Білім беру, бір жағынан, ұлттық бірегейлік пен ұлттық кодты сақтай отырып, мәдениетті ұрпақтан – ұрпаққа кеңінен таратуды, екінші жағынан жаңа формаларды, үлгілерді жасауды және мәдени дәстүрлерді қайта құруды қамтамасыз етеді [62]. Білім беру - бұл күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс, ол қоғам мен мемлекет мүддесі үшін жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының мақсатты тұлғаға бағытталған үздіксіз даму үдерісін жүзеге асыратын әлеуметтік институт.

Қоғамның дамуы - бұл адамдардың бірлескен іс-әрекеттің нәтижесі барысында жеке тұлғаның қалыптасуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы жүреді.

Білім қоғамның әлеуметтік болмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен бірге ол өзінің инвестициялық ресурсы бар экономиканың жеке саласы болуы керек. Ол рухани және материалдық құндылықтарды-мәдениетті сақтауға және көбейтуге қабілетті тұлғаларды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Адамзат мәдениетінің дамуы жеке тұлғаны белгілі бір стандартқа сәйкестендіруді тоқтатады. Ол адамның қызмет ету қабілеттерін кеңейту, оның құзіреттерін дамыту, өмірлік және кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру құралы болып табылады [175].

Оқушы жастарды азаматтыққа тәрбиелеу арқылы бүкіладамзаттық, мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік және жалпы ұлттық рухани әрі материалдық құндылықтарды дарыту мен әрбір өскелең ұрпақ өкіліне адами-ізгілік пен өзінің туған еліне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру қазіргі уақыттағы басты міндеттердің бірі ретінде орын алады. Бұл оқушы жастардың адами сапасының қалыптасу дәрежесіне, олардың жан-жақты тәрбиесі мен толық тұлға ретіндегі болмыс бейнесінің дұрыс қалыптасу деңгейіне ықпал жасайды. Сондықтан оқушы жастарға берілетін тәрбие түрлері олардың жеке тұлғалық ерекшелігінің қарапайым құрылымының негізі болады. Ал, қабілеттері мен құндылық бағдарларының жан-жақты дамуы жоғары және өнімді қалыптасу деңгейі болып табылады. Яғни тәрбиелік мәдениеттің жоғарылауының, бүкіладамзаттық мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік, жалпы ұлттық рухани және материалдық құндылықтарды меңгеру арқылы азаматтық-патриоттық

көзқарасының тұрақталуының көрсеткіші бола алады. Жастардың жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білімдері мен азаматтық және туған еліне, Отанына деген жоғары түсініктегі көзқарасын қалыптастырудың тиімді құралы – берілетін білімге адами және рухани сипат беру болып табылады [191].

Өткен кезеңнің тарихи шындығына мән берсек, патриоттық тәрбиенің өзіндік орны мен мағынасы интернационалдық тәрбие құрылымына енгізіліп, патриоттық тәрбиені бүркемелеу арқылы космополиттік көзқарасқа сәйкес көп жылдар бойы мүмкіндігінше тұмшалаулық орын алып келді. Мәселен, жеке ұлттық салт-дәстүр мен оның даму кезеңіндегі тарихи оқиғалар мен жеке тұлғалардың өз халқына жасаған ізгі істері мен еңбектері (ғылымда, оқу-ағарту жұмысында, бейбіт өмірде, Отан қорғаудағы жауынгерлік-батырлық іс-қимылдары, ұлттық болмыс пен сананы бейнелейтін шығармашылық туындыларды т.б.) елін, туған жерін дамытуға бағытталған іс-шараларының дәріптелуі орынсыз және арнайы ұйымдастырылған жүйе жүзінде түрлі сынға ұшырады. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында, өнер туындыларында, басқа да ғылыми жарияланымдарда жаппай сыналып, негізсіз міндер тағылды. Бұл ұлттың даму жолындағы тарихи кезеңдерде қалыптасқан азаматтық пен патриоттық тәрбиені ұйымдастыру мен өмірде іске асырудағы жинақталған тәжірибені жоққа шығару және Қазақстанның азаматы, патриоты тұлғасын қалыптастыру мен дамыту идеясының маңызын белгілі бір деңгейде төмендету болды. Бұрын кеңестік жүйе құрамында болып, оның ыдырауынан кейін тәуелсіз мемлекеттер достығына айналған өтпелі кезеңде, яғни, XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасырдың басында өз алдына дербес өмір сүре бастаған барлық мемлекеттік құрылымдарда, соның ішінде Қазақстан мемлекетінде де тәрбие теориясы мен тәжірибесі үлкен дағдарысқа ұшырады. Ол құндылықтық, мақсаттылық, мазмұндық, технологиялық, нәтижелілік деңгейлердің барлығында да көрініс тапты. Осы кезде жарық көрген К.Н.Шварцманның «Философия және тәрбие» атты еңбегі батыс елдерінде тәрбие мен оның тәжірибесіне қатысты орын алған мәселелерін қарастыруы - біздің қазіргі XXI ғасырдағы жастарды тәрбиелеудің өзекті мәселесі ретінде көрініс табуда [195].

Бұрын беріліп, қалыптасқан азаматтық-патриоттық және тағы басқа тәрбие жүйесі жарамсыздыққа ұшырап оның мазмұны жаңаша түрленіп, өзіндік сипатқа ие бола бастады. Нарықтық экономика әлемінде жаңаша ойлау шеңберін /ноосфералық/ қалыптастырып, ақыл-ой дәуірі мен этикаға жауап беруге қабілетті сана болмысы орнаған тұлғалардың бүкіладамзаттың қажеттіліктері мен ұлттық тәлім-танымындағы құндылық мұраларын бойына сіңіре отырып, қазіргі қоғамда беделге ие және халықтың пікірін тыңдаушы, ескеруші, назарға алу саясатын насихаттаушылық қалыпты орын ала бастады. Жаңа әлеуметтік және рухани өзгерістерге толы - өндірісте, бизнесте, қоғамдық-саяси және әлеуметтік өмірге бейімделе отырып, бағдарлы қарым-қатынастарда лайықты әрекет жасай алуға жастарды баулу маңызды. Жастар өзінің шежіре /гендік/-табиғатын, ұлттық құндылық бастауларын, өзін құрметтеу және басқаларды сыйлау негіздерін берік ұстануы мен жеке дүниетанымдық әрекет қабілеттерін дамытуда мемлекетімізде орын алған

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы негізінде жаңаша мазмұндағы идеологиялық бағытында даму керектігі жайындағы қажеттілік орын алып отыр.

Еліміздегі қоғамдық күрделі өзгерістерге байланысты тәрбие мен білім беру саласын реформалау, оның ішінде жастарды жаңа жүйедегі әлеуметтік ортаға бейімдеу мен болашақ өмірге қоғамдық сананы жаңғырту тұрғысынан даярлау мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Жаңа ғасырдың білімдік және өркениеттік кеңістігіне ену мүмкіндігін қамтамасыз ету барысында мектеп, колледж, жоғары оқу орнындағы білім және тәрбие мазмұнын реформалаудың жаңа парадигмасы қалыптасты. Мемлекеттік құжаттарда /тұжырымдамаларда, қаулы-қарарлары мен шешімдерде, стратегиялық бағдарламаларда/ тәрбие түрлері мен білім беруді сатылық деңгейлермен жүзеге асырудың жолдары қарастырылып, жалпы педагогикалық үдеріске ендіру мәселелері қолға алынуда.

Осы негізден біз «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, басшылыққа алған «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы жүйесінің міндеттері ретінде төмендегі мәселелерді қарастырамыз:

- бағдарлама негізінде білім беру арқылы мектептің 10,11 - сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің мазмұндық құрылымының бағыт-бағдарын жүйелеу;

- қазіргі мектеп және колледждің педагогикалық үдерісінің тәжірибесінде оқушы жастардың азаматтық түсініктерін қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеудің мүмкіндіктерін ашу;

- оқу-тәрбие үдерісінде 16-18 жастағы жастардың азаматтық қағидаттық ұстанымдарын бекіту арқылы патриоттық сезім, түсініктерін дамытудың педагогикалық жүйесін беру;

- мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастарының азаматтық сана мен сезім, түсініктерін жетілдіру арқылы отансүйгіштік сезімдерін дамытуға бағытталған тәжірибелік мүмкіндіктерін бағдарлама мазмұны арқылы анықтау мен тексеру.

Қазақстанда қалыптасып отырған қоғамдық және әлеуметтік саясатқа қатысты оқушы жастардың жеке болмысын тәрбиелеуде азаматтық-патриоттық бағытта тұлғалық дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыру арқылы жүргізілуі дұрыс деп табылады.

Оқушы жастардың адамгершілік таным-түсінігін арттыруда оларға толық тәрбие беру арқылы азаматтық болмыс жаратылысын қалыптастырып, өмірде жақсылық жасаушы адам ретінде таныту жайында қазақстандық философтардың бірі Х.Әбішев: «Жақсылықтың ешбір айнымайтын өлшемі – адамдардың әлеммен қатынасында да, өзара қатынастарында да олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, олардың жалпы дүние болуының негіздерін сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, оны былғайтын, оны тәрк ететіннің бәрін де жамандық деп қарау» -деп түсінік берген [156].

Қазіргі ғылыми зерттеу және әдеби еңбектерде «Патриоттық тәрбие», «Азаматтық тәрбие» ұғымдарын өзара байланыстырып, біртұтастықта пайдалану кеңінен орын алуда [155,158].

Яғни, «Азаматтық тәрбие» мен «Патриоттық тәрбие» ұғымдарының өзара біртұтас байланыста болуы заңдылық және олар бірін-бірі толықтырушы болып табылады. Бұндағы ескеретін жайт патриоттық тәрбие, азаматтық тәрбиенің құрылымы болып табылады және оның мазмұнын тереңдете түседі. Отанды сүюге, өз халқының өткен тарихы мен салт-дәстүріне құрметпен қарауға, жеке тұлғаның /жастардың/ азаматтық болмыс-бітімінің негізін құрайтын қоғамдық мәнді қасиеттерінің қалыптасуына ықпал жасайды. Патриоттық тәрбие - аға ұрпақ өкілдері мен өскелең ұрпақ арасындағы сабақтастық жалғасудың тізбектестік заңдылықтарының орын алуына негіз болады және оның басты қызметін атқарады. Бұндағы орын алатын басты нәрсе жастардың жеке тұлға ретінде әлеуметтенуіне ұйытқы болады және оның жеке қабілеттерінің дамуына ықпал жасайды. Патриоттық сезім жастардың болмыс-бітіміндегі қоғамдық саналылығын арттырып, жауапкершілік түсініктерінің беки түсуін құрайды. Бұл азаматтық қоғамдағы әлеуметтік ортада орын алатын саяси-құқықтық және құқықтық мәдениеттің басты құрамы болып табылады. Қазақстанда зайырлы мемлекеттік қоғамның қалыптасуы жағдайында жеке тұлғаның саяси-құлықтық және құқықтық мәдениетінің басымдық орында болуы - азаматтық және патриоттық тәрбиенің біртұтастық іштей, табиғи заңдылық байланысын көрсетеді. Азаматтық және патриоттық тәрбие түрлері жастардың жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіріп, Отанға сенімін, сезімін, қызығушылықтарын арттырып, қоғамның даму жолындағы туындайтын талап-сұраныстары мен оларды жүзеге асырудың мүмкіндік жолдарын құруды қажет етеді. Осы тұста азаматтық және патриоттық тәрбие түрлері жайында сөз болғанда, олардың біртұтастық және өзара табиғи байланыс заңдылықта болатындығын дәлелдеуді қажет етпейтін «қағида» ретінде басшылықта ұстау керектігін негіздейді.

Қазақстандық жастарға азаматтық пен патриоттық тәрбие беру мәселесін қолайлы жасаудың шарттары және оны ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан топтастырып, жүйелеу жағын қарастырсақ, онда:

- азаматтық сана, сезім, түсінік пен оқушы жастардың жеке тұлғалық болмысын жетілдіру патриоттық тәрбиені қоғамдық сана тұрғысынан дамыту және ақпараттық тұрғыда қамтамасыз ету, олардың жеке жауапкершіліктерін арттырып, мемлекеттік, ұлттық рухани құндылық ретінде бекіту. Мемлекеттегі қоғамдық құрылым мен жеке тұлғалардың мүдделерін ұштастырып, байланыстыра отырып, азаматтық пен патриоттық идеяларды қайта жаңғырту және жетілдіру. Азаматтық және патриоттық тәрбиені БАҚ арқылы тасымалдау және насихаттау. Мемлекеттің, қоғамның, ұлттың бірлігіне нұқсан келтіретін, патриотизмге қайшы келетін келеңсіз жағдайларды жою. Жекелеген адамдар немесе топтар тарапынан патриоттық идеяларды жоққа шығару пиғылдарына қарсы тұратын жастардың барлық деңгейде азаматтық тәрбиесін қалыптастыру мүмкіндіктерін шығармашылықпен мақсатты түрде, өмірлік тәжірибеде іске асыру;

- азаматтық пен патриоттық тәрбиенің талаптық ережелерінің заңдық-құқықтық негіздегі жүйесін құру. Түрлі типтегі оқу-тәрбие мекемелері мен ұйымдардың ерекшелігіне қарай азаматтық және патриоттық тәрбие жүйесін

жүзеге асыруда олардың әлеуметтік-құқықтық статусын анықтау мен заңды талаптық ережелерінің құрылымдық жүйесін дайындау;

- азаматтық және патриоттық тәрбиенің ғылыми-теориялық және әдістемелік негізін дайындау. Ұлттық-мәдени, материалдық-рухани құндылықтар, тәлім-тәрбиелік мұралар мен әскери-тарихи, рухани-болмыстық, азаматтық, елжандылық, идеологиялық және т.б. құрылымдарды әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бағытында заманауи талаптарға үйлесімділік тұрғысынан енгізу, мазмұнын негіздеу және жетілдіру;

- азаматтық және патриоттық тәрбиені психологиялық, педагогикалық және әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етудің түрлері мен әдістерін дамытып, толықтыру. Қазақстандық қоғамдық құрылымдағы идеология аясында кәсіби қызмет атқаратын педагогтер мен тәрбиеші мамандарын даярлау;

- қазақстандық жастарға азаматтық және патриоттық тәрбие беруде аймақтық бағыттарды жүзеге асырудың модельдерін әзірлеу және өмірлік тәжірибеде қолдану. Жастар саясатына қатысты құрылымдар қалыптастыру арқылы азаматтық-патриоттық бірлестіктер, орталықтар мен ұйымдар өкілдерінің ғылыми-тәжірибелік конференцияларды мемлекеттік мекемелермен және түрлі партия өкілдерімен бірлесе отырып өткізу және тәрбие жұмыстарына қатысты өзара қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ету;

- азаматтық және патриоттық тәрбиені өмірлік тәжірибеде жүзеге асырудағы қаржылық қолдауды қоғамда, әлеуметтік ортада жүйелі түрде жүзеге асыру. Мысалы, «Біз, Мәңгілік Ел - ұрпағы» атаудағы жастардың бірлестік орталығын құру мен мемлекеттік және жеке ұйымдар есебінен қаржыландыру. Осы бағытта мемлекеттік, облыстық, аудандық және т.б. аймақтық жүйеде ғылыми жобаларды жүзеге асыруға қолдау жасау, материалдық көмек беру үшін өндірістік, сауда, коммерциялық және кәсіпкерлік құрылымдарды тарту, ұйымдастыру.

Жастарға азаматтық және патриоттық тәрбие беру жұмысын жүйелі жүргізуде теориялық-зерттеушілік және тәжірибелік тұрғыдағы өзара байланысты міндеттер кешенін жан-жақты, ұзақ мерзім барысында түпкілікті шешу қажеттігін қарастыру. Оқушы жастардың болмыс-бітіміндегі белсенді азаматтық ұстанымын, патриоттық сезім-түсінігі Қазақстанның жаңаша өркендеп, дамуына және әр кезеңде орын алатын қиыншылықтарды жеңудегі міндеттерді шешуіне мүмкіндік береді. Азаматтық және патриоттық сана болмысы берік тәрбиеленген жастар арқылы қоғам өркендету жолында жасампаздық әлеуетке ие болары анық. Бұл жастардың Қазақстанның болашағына деген жауапкершілікті сезінуі, Отанына, еліне, халқына деген сүйіспеншілігінің артуы мен азаматтық борышын түсінуі болып табылады. Қазақ мемлекетінің өткені мен бүгінгі тағылымдары рухында қоғамдық сана мен азаматтық және патриоттық тәрбие беру идеясын көтеріп, жақтаушылар қатары артып, қоғамдық сананың жаңа бетбұрысқа ие болуы күннен-күнге көбейе түсетіні анық.

Қазіргі уақытта «Қазақстандық отансүйгіштік» түсінігіне ерекше мән берілуде. Көп ұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің

тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында [16,19,132,196].

Анатомиялық-физиологиялық ерекшелік тұрғысынан қарағанда, бұл кезеңде тұрақтылық әлі бекімеген, бірақ, өзін ересек адам ретінде санауды бірінші кезекке қоятын уақыт, өмірлік тәжірибесінің аясы толық емес және психологиялық, физиологиялық үдеріс сатысы. Бұл - физикалық жақтан, бойсалмақтың қарқынды дамитын кезеңі. Мінез-құлықтың кейбір сырлары ашылып, қарым-қатынас жүйесінде көрініс беретін түрлі азаматтық немесе үлкен адамдарға тән қасиеттері көрініс тауып, қалыптасады. Ал, колледжде білім алушыларда бұл кезеңде жоғарғы сыныптарда толық көрінбеген өз мақсатына талпыну, табандылық, ұйытқы болу, өз-өзін ұстай білу сынды қасиеттер беки түседі. Азаматтық, отансүйгіштік, туған еліне, жеріне ұлтының рухани тәлімдік мұраларына ықыластары ауады /бағдарлы мақсатқа, өмірге, борыш-міндетке, қайсарлық танытуға, сүйіспеншілік пен адалдыққа т.б. [159].

Бұл жастар тобын өмірге деген бірдей көзқарас тұрғысынан, не болмаса психологиялық бірлесу жағынан өзіндік сипатқа ие әлеуметтік топ қатарына жатқызуға болады. 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушылардың көпшілігінің жастары бірдей немесе шамалас болып келетіндігін де зерттеу барысында есепке алып отырдық. Олардың жас шамаларында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бірақ, белгілі ортақ құндылықтарға ие, «Мен» түсініктері басым және «Өзім де білемін» сеніміне нық сүйенетін, белгілі бір қағидаларымен ерекшеленетін қатынас жүйесін жасаушылар болып табылады.

10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушыларды өзіндік ерекшеліктеріне ие және әлеуметтену үдерісінде өзіндік сипатқа ие топ ретінде тану:

- берілген қоғам мәдениетіне ондағы талаптық ережелерге жақын және әрбір оқушы-жастың мінез-құлқын азаматтық пен патриоттыққа бейімдеу /белгілі жастағы әрбір жыныс өкілін үлгі ете, мінез-құлқын ұсынып, талқылау арқылы/;
- оқушы жастардың ұлттық, дүниетанымдық, аймақтық, әлеуметтік, кәсіптену бағытына қарай сәйкес әрекеттерді меңгеру;
- оқушы жастарда өзіндік сана, өзін-өзі анықтауы мен бекітуді дамыту үшін шарттар тудыру.

Азаматтық және патриоттық тәрбиені жоспарлау нысаналы көзқарас пен қағидаттық ұстаным ережелеріне сүйенеді. Ағымдық және болашақты жоспарлау - азаматтық пен патриоттық тәрбиені күшейтудің тиімді құралы болып табылады. Азаматтық және патриоттық тәрбиеде кешенді көзқарасты жүзеге асыруды жоспарлау, тәрбие ықпалын дұрыс бағдарлауға, барлық құралдарын, бағыттарын, нысандары мен әдістерін ұтымды пайдалануға бағытталғандығына көз жеткізу. Бағытты жоспарлауда азаматтық пен патриоттық тәрбиенің жалпы мазмұны, бағыты және барлық бағыттарының өзара байланысы ғана емес, сонымен қатар олардың нақты өткірлігі мен міндеттерін шешуге тиіс. Осының негізінде тәрбиені жоспарлы түрде жүргізу үшін арнайы бағдарлама жасалуы қажет. Өйткені, бұнда педагог немесе тәрбиеші тәрбиенің барысын тақырыптық жүйемен бере отырып, өзінің

жұмысы мен тәрбие бағытының бағдарын анықтау және жүйелілігіне, бірізділігіне, мазмұндық құрылымының сәйкестігіне қатысты мәселелерді басшылыққа ұстап отыруына мүмкіндік алады.

Сондықтан біз зерттеу жұмысымызда жалпы білім беретін мектептердің 10,11-сынып оқушылары мен колледждің білім алушы жастарына бағытталған арнайы «Ұлттық тәрбие және таным» атты бағдарлама жүйесімен азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту бағытына негізделген таными білімді факультатив, тәрбие сағаты және сыныптан тыс ұйымдастырылатын оқыту түрлерінде пайдалануға негіздедік. Идеялық-тәрбие жұмысының бағытты бағдарламасы ретінде көрініс беретін еңбекте азаматтық және патриоттық тәрбиенің басты бағыттарын анықтаумен қатар, жоспарда негізгі шаралар бөліп көрсетіліп, олар бөлімдер бойынша топтастырылады. Мысалы, идеялық-саяси тәрбиенің кіші жүйесіндегі негізгі шаралар мынадай тарауларды қамтиды:

- мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждердегі білім алушы жастардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбиесін мемлекеттік идеология негізінде дамытуда мектептің, колледждің факультатив сабақтарын /тәрбие сағатының жүйесімен/, сыныптан тыс тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру;
- ұсынылып отырған «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы облыс, аймақтардағы мектептердің жоғары сынып оқушылары мен колледжде білім алушыларды эксперимент ретінде педагогикалық тәжірибеге енгізіп қосымша курсы ретінде қарастыру;
- «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасының мазмұнындағы қарастырылатын танымдық білім жиынтығын мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждердегі білім алушы жастарының азаматтық және патриоттық сана түсініктерін бекіту мұғалімінің шеберлігіне негізделген;
- бағдарламаның мазмұнында қамтылатын танымдық білім мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждердегі оқылатын қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің оқу материалдарымен сабақтаса отырып, басшылыққа алынады;
- бұл бағдарлама бойынша мектептің мұғалімдері мен колледждің оқытушылары білім алушы жастардың танымдық және тәрбиелік үдерістерін ұйымдастыруда өзіне қол жетімді және толықтырушы оқу материалдарын кеңінен пайдалануға мүмкіндік алады.

Берілген білім мазмұны аясында педагогикалық үдерісте оқушы жастардың тәрбиесінде азаматтық және патриоттық сенім түсініктерін олардың бойына сіңіру - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Яғни, оқушы жастарды тәрбиелеу ісін қоғам болып, бірлесіп қолға алу.

Азаматтық пен патриоттық тәрбие жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі оқушы жастардың патриоттық, жоғары азаматтық сезімін қалыптастыруға бағытталатын мақсатты ұйымдастырылған және басқарылатын психологиялық – педагогикалық үдеріс болып табылады. Азаматтық және патриоттық тәрбие негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық – адамгершілік, мінез-құлық пен

қылықтық еріктілік, еңбек және дене сапаларын тәрбиелеудегі ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады. Азаматтық және патриоттық тәрбиеде қолданылатын іс - әрекет түрлері тәрбие үдерісінің нақты мазмұнын анықтайды.

Зерттеу барысында біз «Жастар» ұғымын тікелей «Мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждердегі білім алушы жастар», - деп қарастырамыз. Өйткені, бұл кезеңге енетін жастардың өмірді танудағы ұмтылыстары қарқынды орын алып, өздерін ересек адамдардың қатарына жатқызып, жауапкершілікті сезіне бастайды. Дегенмен өмірлік тәжірибенің жетіспеушілігі салдарынан түрлі қарама-қайшылықтар мен түсінбеушіліктердің туындауынан дүниетанымдық көзқарастарында түрліше түсініктер орын алады. Жастар-қоғамның, халықтың болашағы болғандықтан, елдің дамуымен бірге әлеуметтік өмірдің бар саласымен байланыста болып, олардың қалыптасып, дамуына ықпал жасайды. Мәселен, жастарды оқып зерттеу мәселесінің әдіснамалық қағидасын төмендегідей анықтап берген.

- жастар әлеуметтік-демографиялық ерекше топ түсінігі;
- жастардың әлеуметтік-саяси біртұтастылығы, сол ортадағы тамырлас топ өзгешеліктері, жастардың жалпы белсенділігі, қызығушылық әрекеттері арқылы анықталып, бағдарлама жасалуы;
- жастар мәселесінің үстемдік етер қоғаммен қатынасы, қоғамдағы өзгермелі әлеуметтік саяси, экономикалық базасында ғана олардың шешілу мүмкіндігі;
- жастар қозғалысына нақты тарихи тұрғыда жағдай жасалуы. Олар әрдайым үлкендерді, өткен тарихты өздеріне көшіре салмайды. Олардың әлеуметтік мәселені шешудегі өз тәсілдері, нысандары бар екенін есепке алу қажеттілігін айтады [197].
- мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледждердегі білім алушы жастар – белгілі жас мөлшерімен, өмір тәжірибесімен шектелген, ерекше әлеуметтік мінездемесі, әлеуметтік-психологиялық өзгешелігі бар қоғамның бір бөлігі. Олар белгілі қызығушылықтар, талпыныстар, мінез-құлық, мәдениет дүниетаным деңгейлерімен ерекшеленеді.

16-18 жас кезеңі – әлеуметтік ортадағы адамдармен қатынас шеңберінің кең орын ала бастауымен ерекшеленді. Бұл кезеңде жастардың үлкен адамдармен қарым-қатынастың жаңа деңгейіне ие болуы орын ала бастайды. Себебі, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлік түсінігінде «Ата-ана мен балалар» мәселесі емес, есею түрдегі қарым-қатынастың орнығуы. Осы жастың ерекшелігіне байланысты маңызды педагогикалық мәселе шешілу керек. 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушылардың жас ерекшеліктері бірдей болғанымен де олардың әлеуметтенуі мен ортадағы қарым-қатынас жасау жүйесінде ерекшеліктер орын алады. Сондықтан оларды оқу-зерттеу мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына жұмылдырып, сауалнамалар алып, бақылаулар жүргізілді.

10,11-сынып оқушыларының азаматтық және патриоттық тәрбие жайындағы түсінік қабілеттерін анықтап білу үшін сауалнама ретінде өткізілді.

Сауалнаманың тапсырмалары:

1. «Азамат» және «азаматтық» түсінігінің мазмұнын ашып беріңіз?

2. «Патриотизм» түсінігінің мазмұнын ашып беріңіз?

2. Отанды сүюді – өзіңнің қандай азаматтық қасиеттерің арқылы көрсете аласыз?

3. Отанға, туған ел мен жерге қамқорлық пен қорғау азаматтықтың белгісі дегенді қалай түсінесіз?

4. «Қазақстан Республикасы – Отаным» деген сөздің мазмұнын қалай түсіндіресіз?

5. Шетелде білім алып, маман ретінде жұмыс істеп және сол елдің азаматы болып қалуды қалайсыз ба? /Ия, жоқ, білмеймін/.

6. Өз Отаныңызға өзіңізді тәуелдімін деп түсінесіз бе?

7. Отанымыз келешекте қандай болады деп ойлайсыз?

8. Құрбы, достарыңыздың азаматтық және отансүйгіштік сезім-түсініктерін қалай бағалайсыз? /Өте жоғары, жақсы-орташа, қанағаттанарлық-төмен/

9. Сіздерге азаматтық пен патриоттық бағыттағы қандай іс-шаралардың ұйымдастырылып, өтілгенін керек деп ойлайсыз?

10. Қазақ хандары, ел билеген жеке тұлғалардың ұлтты сақтап, өркендету бағытындағы жұмыстары жайында ой-пікіріңіз?

11. Орта ғасырлардағы қазақ жерін, елін сақтап қалу үшін ерлік жасаған батырларды білесіз бе?

12. Екінші дүниежүзілік /Ұлы Отан соғысы/ соғысқа қатысқан қазақ батырлары жайында не білесіз?

13. ХХ ғасырдың басындағы алаш азаматтары және олардың қазақ ұлтына жасаған игі істері жайында не айта аласыз?

14.Қазақстанның егемендігі үшін желтоқсанда құрбан болған қазақтың ұл- қыздарын білесіз бе?

15. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын қалай түсінесіз және оның өзегі не деп білесіз?

Колледжде білім алушыларының азаматтық ұстанымы мен патриотизм құндылықтары жайындағы сезім-түсініктерін, қатынастарын анықтау үшін сауалнама өткізілді.

Сауалнама тапсырмалары:

1. Сіз Қазақстан мемлекетінің азаматы болғаныңызды мақтан етесіз бе?

2. Отанның дамуы, өркениетті елдердің қатарында болуы сіздің жеке мүддеңізден жоғары және міндетім деп санайсыз ба?

3. Отанға қызмет ету, оның дамуына үлес қосу жеке азаматтық парызым деп санайсыз ба?

4. Ұлттың және Отанның тарихы мен салт-дәстүрін, мәдениетін, құндылықтарын құрметтеу, қастерлеу сіздер үшін қажет пе, жоқ әлде жалпыадамзаттық немесе әлемдік мәдениет пе?

5. Қазақ хандары мен билер және ел билеген жеке тұлғалардың ұлтты сақтау, бірлікті арттыру бағытындағы жұмыстары жайында не білесіз?

6. Өзіңізді қазақ тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін жақсы білемін деп санайсыз ба?

7. Қазақ тілін, ұлттық тарих пен мәдениеті, салт-дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды білудің қазіргі қоғамда қажеттілігі бар ма?

8. Орта ғасырлардағы ұлтты, жерді сақтауда ерлік жасаған қазақ батырларын білесіз бе?

9. Екінші дүниежүзілік /Ұлы Отан соғысы/ соғысқа қатысқан қазақ батырлары жайында не білесіз?

10. Қазақ тілін, ұлттық тарих пен мәдениеті және салт-дәстүрлерді жетік меңгеруге қызығасыз ба, ниетіңіз бар ма?

11. Қазақ тілі, ұлт тарихы мен мәдениеті және салт-дәстүрлер жайында түсінігіңіз қалай?

12. Өзіңізді Отан тағдырына, оның қауіпсіздігіне жауаптымын деп санайсыз ба?

13. Сіздің әрекетіңіздің қазір және болашақта Отанға, қоғамға, ұлтқа пайдасы болады деп ойлайсыз ба?

14. Қазақ даласын «Түркілердің атажұрты» деп неге атайды?

15. Қазақстанның егемендігі үшін желтоқсанда құрбан болған қазақтың ұл- қыздарын білесіз бе?

16. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы жайында түсінігіңіз және не білесіз?

17. Колледждегі кәсіптік білімді, іскерлік пен дағдыларды игеру қоғам үшін қаншама қажет деп түсінесіз?

18. Сіз меңгеретін болашақ кәсіптік мамандық Отанды дамытуға өз ықпалын тигізеді ме?

19. Колледждегі оқудан тыс кезде әлеуметтік ортада қоғам жайында өз азаматтық пікіріңізбен бөлісесіз бе?

20. Колледждегі қоғамдық жұмыстармен шұғылдануыңызға не себеп?

10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушылардың азаматтық және патриоттық мазмұндағы білімдерін анықтау үшін бақылау жұмысы өткізілді.

Бақылау жұмысының тапсырмалары:

1. Қазақстан азаматы және патриоты дегенді қалай түсінесіз?

2. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық бірегейлік қандай көрсеткіштермен көрініс табады?

3. Қазақстан жастарының азаматтық бірегейлігі және патриотизмнің міндеті, қызметі неде деп ойлайсыз?

4. Қазақ тілін қай дәрежеде меңгергенмін деп санайсыз?

5. Қазақ ұлтының салт-дәстүрлерін, мәдениетін, материалдық және рухани құндылықтарын білесіз бе және оған көзқарасыңыз?

6. Қазақстан мемлекетінің рәміздерінің мағынасын талдап, ашып бере аласыз ба?

7. Отанның азаматы және патриоты ретінде оның саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуы үшін өзіңізді қаншалықты жауаптымын деп санайсыз?

8. Қазақстан әлемдік аренада өзіндік орны бар және бәсекеге қабілетті, дамыған ел болуына қандай жеке үлес қоса аласыз?

9. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының аясында азаматтық бірегейлік пен патриоттық сезім дегенді қалай түсіндіресіз?

10. «Желтоқсан төңкерісінің» - Қазақстанның егемендік алуымен байланысы бар ма?

11. «Мәңгілік Ел» идеясы қай кезеңнен бастау алып бүгінгі күнге дейін ұласып келе жатыр?

12. Қазақ елі мен жерін сақтап қалған қазақ хандары мен ел билеген жеке тұлғалар жайында білесіз бе?

13. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ білімпаздары мен оқымыстылары – «Алаш» қайраткерлерінің қазақ ұлтын өркендетуге қосқан үлестері жайында не айтар едіңіз?

14. Қазақстанда туып, оның азаматы болғаныңызды мақтан тұтасыз ба?

15. Өзіңізді Қазақстанның патриотымын деп санайсыз ба?

Зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында біз ұсынған «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы аясында жүргізілген тәжірибе-эксперименттік жұмысқа қатысушылардың жалпы саны – 216 . 10,11- сынып оқушылары – 116, оның ішінде 57 оқушы бақылау тобында, ал 59 оқушы эксперименттік топта болды. Колледждегі білім алушылар саны – 100, оның 50 білім алушы бақылау тобында, 50 білім алушы эксперимент тобында болды.

Жоғарыдағы ұсынылған сауалнама, тапсырма, бақылау және тесттік тапсырмалар бойынша жүргізген зерттеу жұмысымызда азаматтық позицияны ұстану мен патриоттық сана түсініктерінің қалыпты және арнайы бағдарлама жүйесімен ұйымдастырылған іс-шаралар негізінде алынған нәтижелер зерттеу жұмысымыздың дұрыс бағытта екендігін анықтап берді.

Алғашқы кезеңде жүргізілген сауалнамалар мен зерттеудің соңында алынған сауалнама, бақылау және тесттік тапсырмаларды орындау жұмыстарында экспериментке қатысқан 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушылардың азаматтық түсініктері мен отансүйгіштік сезімдерінің қалыптасқандық деңгейлерінде мәнді өзгерістер болғандығын сандық және сапалық талдау мәліметтері көрсетеді.

Зерттеу жұмысының алғашқы кезеңіндегі бақылау тобына 10,11-сыныптардағы 57 оқушының үш құрылым бойынша көрсеткіштері:

1. Тұлғалық –мотивациялық құрылымына А.Пакулина, С.М.Кетьконың зерттеулеріне сәйкес білімдері «жетік» деп - 15% анықталса, зерттеу проблемасы бойынша білімдері «орташа» - 32%, ал - 53% білімдерінің «төмен» екендігі анықталды (Кесте 6).

2. Танымдық-құндылық құрылымына Н.А.Шамелханованың зерттеулеріне сәйкес, жоғары қызығушылық пен ынталылықты 19% көрсетсе, орта ынталылықты 43% көрсетті, енжарлық пен немқұрайлылық танытқандардың пайыздық көрсеткіші 38% болды (Кесте 7).

3.Рефлексия - кері байланыс, түзету құрылымына Ю.В.Рындина және А.В.Карповтың зерттеулеріне сәйкес көрсеткіш деңгейі «жоғары» 13 % , «орта» 39%, «төмен» 48 % берді (Кесте 8).

Зерттеу жұмысының алғашқы кезеңіндегі эксперимент тобына алынған 10,11-сыныптардағы 59 оқушының үш құрылым бойынша көрсеткіштері:

1. Тұлғалық –мотивациялық құрылымына жататын зерттеу тақырыбы бойынша білімдері «жетік» деп 17% анықталса, зерттеу проблемасы бойынша білімдері «орташа» 35%, ал, 48% білімдерінің «төмен» екендігі анықталды (Кесте 6).

2. Танымдық – құндылық құрылымына – жоғары қызығушылық пен ынталылықты 18 % көрсетсе, орта ынталылықты 41% көрсетті, енжарлық пен немқұрайлылық танытқандардың пайыздық көрсеткіші 41% болды (Кесте 7).

3. Рефлексия - кері байланыс, түзету құрылымына көрсеткіш деңгейі «жоғары» 12 % , «орта» 39%, «төмен» 49% берді (Кесте 8).

Кесте 6 – Оқушылардың тұлғалық –мотивациялық құрылымына жататын зерттеу тақырыбы бойынша білімдері:

| Көрсеткіштері | Бақылау тобы | | Эксперименттік топ | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқушылар саны - 57 | Пайыздық көрсеткіші | Оқушылар саны -59 | Пайыздық көрсеткіші |
| Жоғары | 9 | 15% | 10 | 17% |
| Орта | 18 | 32% | 21 | 35% |
| Төмен | 30 | 53% | 28 | 48% |
| **Қорытынды** | **57** | **100 %** | **59** | **100 %** |

Кесте 7 - Оқушылардың танымдық – құндылық құрылымына жататын зерттеу тақырыбы бойынша білімдері

| Көрсеткіштері | Бақылау тобы | | Эксперименттік топ | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқушылар саны -57 | Пайыздық көрсеткіші | Оқушылар саны - 59 | Пайыздық көрсеткіші |
| Жоғары | 11 | 19% | 11 | 18% |
| Орта | 24 | 43% | 24 | 41% |
| Төмен | 22 | 38% | 24 | 41% |
| **Қорытынды** | **57** | **100 %** | **59** | **100 %** |

Кесте 8 - Оқушылардың рефлексия - кері байланыс, түзету құрылымына жататын зерттеу тақырыбы бойынша білімдері

| Көрсеткіштері | Бақылау тобы | | Эксперименттік топ | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқушылар саны -57 | Пайыздық көрсеткіші | Оқушылар саны - 59 | Пайыздық көрсеткіші |
| Жоғары | 7 | 13% | 8 | 12% |
| Орта | 23 | 39% | 23 | 39% |
| Төмен | 27 | 48% | 28 | 49% |
| **Қорытынды** | **57** | **100 %** | **59** | **100 %** |

Колледждегі алғашқы кезеңдегі бақылау тобындағы 50 білім алушының үш құрылым бойынша көрсеткіштері:

1. Тұлғалық –мотивациялық құрылымына жататын зерттеу тақырыбы бойынша білімдері «жетік» деп 21% , зерттеу проблемасы бойынша білімдері «орташа» 38%, ал 41% білімдерінің «төмен» екендігі анықталды (Кесте 9).

2. Танымдық – құндылық құрылымына – жоғары қызығушылық пен ынталылықты 22%, орта ынталылықты 31% көрсетті, енжарлық пен немқұрайлылық танытқандар пайыздық көрсеткіші 47 % болды (Кесте 10).

3. Рефлексия - кері байланыс, түзету құрылымына көрсеткіш деңгейі «жоғары» 20 % , «орта» 35%, «төмен» 45 % көрсетті (Кесте 11).

Колледждегі алғашқы кезеңдегі эксперименттік топтағы 50 білім алушының үш құрылым бойынша көрсеткіштері:

1. Тұлғалық –мотивациялық құрылымына жататын зерттеу тақырыбы бойынша білімдері «жетік» деп 19% , зерттеу проблемасы бойынша білімдері «орташа» 39%, ал, 42% білімдерінің «төмен» екендігі анықталды (Кесте 9).

2. Танымдық – құндылық құрылымына – жоғары қызығушылық пен ынталылықты 21%, орта ынталылықты 34% көрсетті, енжарлық пен немқұрайлылық танытқандардың пайыздық көрсеткіші 45 % болды (Кесте 10).

3.Рефлексия - кері байланыс, түзету құрылымына көрсеткіш деңгейі пайыздық «жоғары» 23 % , «орта» 31%, «төмен» 46 % көрсетті (Кесте 11).

Кесте 9 - Колледждегі білім алушылардың тұлғалық-мотивациялық құрылымына жататын зерттеу тақырыбы бойынша білімдері

| **Көрсеткіштері** | **Бақылау тобы** | | **Эксперименттік топ** | |
|---|---|---|---|---|
| | Білім алушылар саны 50 | Пайыздық көрсеткіші | Білім алушылар саны 50 | Пайыздық көрсеткіші |
| Жоғары | 11 | 21% | 10 | 19% |
| Орта | 19 | 38% | 19 | 39% |
| Төмен | 20 | 41% | 21 | 42% |
| **Қорытынды** | **50** | **100 %** | **50** | **100 %** |

Кесте 10 - Колледждегі білім алушылардың танымдық – құндылық құрылымына жататын зерттеу тақырыбы бойынша білімдері

| **Көрсеткіштері** | **Бақылау тобы** | | **Эксперименттік топ** | |
|---|---|---|---|---|
| | Білім алушылар саны 50 | Пайыздық көрсеткіші | Білім алушылар саны 50 | Пайыздық көрсеткіші |
| Жоғары | 11 | 22% | 10 | 21% |
